



Мазмұны

Қысқаша шолу	1
Жалпы мәлімет	2
Есіктерді құлыптау және құлшын ашу	3
Орындықтар және қауіпсіздік белбеулері	4
Басқару құралдары және бақылау-өлшеу аспаптары	5
Жүрісті бастау және автокөлікті жүргізу	6
Салонда жайлы жағдайлар жасау	7
Күрделі жағдайлардағы іс-әрекеттер	8
Автокөлікке күтім жасау	9
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	10
Техникалық сипаттамалар	11

Басқару құралдары және бақылау-өлшеу аспаптары







AF5107721

1 Салон жабдығы

E00100206846




AF5106548



AF5102827

Қосалқы дөңгелегі бар автокөліктер



Шанақтың сыртқы жабдығы

Датчик* (фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесінің (АНВ), алдыңғы соқтығысудың салдарын жұмсарту жүйесінің (FCM), алдыңғы датчикпен ілесіп соқтығысудың алдын алу жүйесінің (RMS) және қатардан шығу туралы ескерту жүйесінің (LDW)), 5-44-бет
Жанбыр датчигі, 5-52-бет

Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары*, 5-49, 10-23, 10-25-беттер

Электр әйнеккөтергіштер, 3-32-бет

Сыртқы артқы көрініс айналары, 6-9-бет
Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары*, 5-49, 10-23, 10-26-беттер

Отын бағының аузы, 2-3-бет

Алдыңғы әйнектазартқыш, 5-51-бет

Дөңгелек қуыстарының қаптамалары*
Толығырақ ақпарат алу үшін «Автокөліктің габариттік өлшемдері» бөлімін қараңыз, 11-3-бет

Капот, 10-3-бет


Шалғай жарық фаралары,
5-43, 10-23, 10-24-беттер

Күндізгі жүріс жарықтары / габарит жарықтары, 5-43, 10-23, 10-24-беттер

Таяу жарық фаралары,
5-43, 10-23, 10-24-беттер

Алдыңғы бұрылыс көрсеткіштері,
5-49, 10-23, 10-25-беттер

Тұман фаралары*,
5-50, 10-23, 10-26-беттер



AF5105844

Отын таңдау	2-2
Бакқа отын құю	2-3
Қосымша жабдықты орнату	2-4
Электр жүйесіндегі немесе қуат жүйесіндегі жаңғырту/өзгерістер	2-5
Түпнұсқа қосалқы бөлшектер	2-5
Пайдаланылған майларды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулар және оларды кәдеге жарату туралы ақпарат	2-5
Пайдаланылған аккумулятор батареяларын кәдеге жарату туралы ақпарат	2-6
Оқиға туралы деректерді тіркеу	2-6

Отын таңдау

E00200105676

Ұсынылған отын

Этилденбеген бензин (EN 228):
1600 қозғалтқышы бар модификациялар:
октан саны кемінде 95.
2000 қозғалтқышы бар модификациялар:
октан саны кемінде 90,
октан саны кемінде 95.

Егер отын бағы аузының қақпағында «95 + OCTANE» (тек октан саны кемінде 95 отын) деген жазуы бар жапсырма болса, баққа тек октан саны кемінде 95 отын құю керек.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Бензинмен жұмыс істейтін автокөлікке этилденген бензин құю қозғалтқыш пен катализтік бейтараптандырғыштың қатты зақымдалуына әкелуі мүмкін. Этилденген бензинді пайдалануға тыйым салынады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- «95 + OCTANE» (тек октан саны кемінде 95 отын) деген жазуы бар автокөліктер автоматты октан түзеткішпен жабдықталған, алайда егер сапар кезінде автокөлікке ОС 95 немесе одан жоғары этилденбеген бензин құю мүмкін болмаса, зерттеу әдісі бойынша октан саны 90 этилденбеген бензинді соңғы шара ретінде ғана пайдалануға болады. Мұндай жағдайларда қозғалтқышты арнайы реттеу қажет емес. Октан саны 90 этилденбеген бензинді құйған кезде қозғалтқыштың қуаты мен айналу сәті төмендейді.
- Жиі тоқтап, төмен жылдамдықпен қысқа қашықтыққа сапарлар отын жүйесі мен қозғалтқышта шөгінділердің пайда болуына әкелуі мүмкін, бұл қозғалтқышты оталдыру кезінде ақауларға, динамиканың нашарлауына және басқа да жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.
- Сапасы төмен бензинді пайдаланған кезде қозғалтқышты оталдыру кезінде қиындықтар пайда болуы, қозғалтқыштың өшуі, шу және қозғалтқыштың біркелкі жұмыс істемеуі сияқты ақаулар пайда болуы мүмкін. Мұндай ақаулар пайда болса, басқа өндірушінің бензинін / басқа сұрыпты бензинді қолданып көріңіз. Егер қозғалтқыш диагностикасын бақылау шамы қосылса, жүйені тексеру үшін дереу MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Тұтынушыларға арналған ақпараттың графикалық түрде ұсынылуы



E5: құрамында 2,7 %-ға дейін (массасы бойынша) оттегі немесе 5,0 %-ға дейін (көлемі бойынша) этанол бар бензин отыны, мысалы, еуропалық EN 228 стандартына сәйкес келетін этилденбеген бензин.

E10: құрамында 3,7 %-ға дейін (массасы бойынша) оттегі немесе 10,0 %-ға дейін (көлемі бойынша) этанол бар бензин отыны, мысалы, еуропалық EN 228 стандартына сәйкес келетін этилденбеген бензин.

Еуропалық EN 228 стандартына сәйкес E5 (құрамында 5 % этанол бар) және E10 (құрамында 10 % этанол бар) бензиніне бейімделген бензиндік қозғалтқыш.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Этанолдың (этил спиртінің) көлемдік үлесі 10 %-дан асатын бензинді пайдалануға тыйым салынады. Этанол концентрациясы 10 %-дан асатын отынды пайдалану отын жүйесіне, автокөлік қозғалтқышына, қозғалтқыш датчиктеріне, сондай-ақ пайдаланылған газды шығару жүйесіне зақым келтіруі мүмкін.

Бакқа отын құю

E00200204579

⚠ ЕСКЕРТУ

- Отын құйған кезде көлікжайларда және жанармай құю станцияларында әрдайым болатын плакаттарда көрсетілген сақтық шараларын сақтау керек.
- Бензин тез жанғыш және жарылғыш зат болып келеді. Оны пайдаланған кезде күйін қалуыңыз және басқа да ауыр жарақат алуыңыз мүмкін. Автокөлікке отын құю кезінде әрдайым қозғалтқышты өшіріп, жақын жерде от, ұшқын және жанып тұрған темекі көздерінің жоқтығына көз жеткізіңіз. Отынды пайдаланумен орындалатын барлық жұмыстарды үйден тыс, жақсы желдетілетін жерлерде жүргізіңіз.
- Отын бағы аузының қақпағын шешпес бұрын денеңізден статикалық электр зарядын алып тастаңыз, ол үшін автокөліктің немесе жанармай құю бағанының металл бөліктерін ұстаңыз. Денеден жинақталған статикалық электр отын буын тұтатуы мүмкін ұшқын тудыруы ықтимал.
- Отын құю процесін өзіңіз жүргізіңіз (отын бағы аузының қақпағын ашу, отын бағы аузының қақпағын шешіп алу және т.б.). Басқа адамдарға отын бағы аузына жақын тұруға рұқсат етпеңіз. Егер сіз статикалық электр заряды бар адамның көмегіне жүгінсеңіз, отын буы тұтануы мүмкін.
- Отын құйып болғанша отын бағы аузынан алыс кетпеңіз. Егер отынды құйып болмай тұрып, басқа бір нәрсе жасасаңыз (мысалы, орындықта отыру), статикалық электр заряды сіздің денеңізде қайта жиналуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Отын бағы аузының қақпағын ауыстыру қажет болса, тек осы автокөлік моделіне арналған түпнұсқа MITSUBISHI MOTORS қақпағын пайдаланыңыз.

Отын бағының көлемі

Алдыңғы жетекті автокөліктер: 63 л.
Толық жетекті автокөліктер: 60 л.


Отын құю

1. Отын құймай тұрып қозғалтқышты өшіріңіз.
2. Отын бағының аузы автокөліктің артында, сол жағында орналасқан. Жүргізуші орындығының бүйірінде орналасқан тұтқаны пайдаланып, отын бағы аузының қақпағын ашыңыз.



AG0023159

3. Отын бағы аузының қақпағын шешіп алыңыз. Қақпақты сағат тіліне қарсы бағытта баяу бұрап, отын бағының аузын ашыңыз.




AG0022442

- 1 — ашу
- 2 — жабу

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қуат жүйесі қысымға ұшырауы мүмкін болғандықтан, отын бағы аузының қақпағын баяу ашыңыз. Осылайша отын бағында пайда болатын қысым немесе разрядталу атмосфералық қысымға біркелкі тең болады. Егер быжылдаған дыбыс естілсе, қақпақты дыбыс жоғалғанша ашпаңыз. Әйтпесе сізге немесе айналандырағыларға шашырауы мүмкін.

4. Отын құю кезінде отын бағы аузының қақпағының арқанын отын бағы аузының ішкі жағында орналасқан ілмекке іліп қойыңыз.



5. Отын құю пистолетін отын бағы аузының ішіне мүмкіндігінше терең салыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Пистолетті отын бағы аузының саңылауының осінен ауытқытпаңыз.

6. Отын құю пистолетінен отын автоматты түрде құйылып болған кезде отын құюды тоқтату керек.

7. Отын бағы аузының қақпағын жабу үшін сырт еткен дыбыс естілгенше оны сағат тілінің бағытында ақырын бұраңыз, содан кейін отын бағы аузының қақпағын абайлап жабыңыз.

Қосымша жабдықты орнату

E00200302866

MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуды ұсынамыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Сіздің автокөлігіңіз электрондық басқару жүйесін тексеру және қызмет көрсету үшін диагностикалық ағытпамен жабдықталған. Жүйені тексеру және қызмет көрсету үшін диагностикалық құрылғыдан басқа қандай да бір құрылғыны осы ағытпаға қосуға тыйым салынады. Әйтпесе аккумулятор батареясының қуаты таусылуы мүмкін, автокөліктің электрондық компоненттері жұмыс істемеуі немесе басқа күтпеген ақаулар туындауы мүмкін. Сонымен қатар диагностикалық құрылғыдан басқа кез келген құрылғының диагностикалық ағытпасына қосылу нәтижесінде туындаған ақауларға автокөлік өндірушісінің кепілдігі қолданылмайды.

- Керек-жарақтар мен қосымша жабдықтарды орнату автокөлік пайдаланылатын елде қолданылатын нормативтік құжаттарға қатаң сәйкестікте, сондай-ақ нұсқаулықтарға сәйкес және керек-жарақтар мен жабдықтарға ілеспе құжаттамада қамтылған ескертулерді ескере отырып жүргізілуі тиіс.
- Электр жабдықтың компоненттерін дұрыс орнатпау өртке әкелуі мүмкін. Сондықтан осы нұсқаулықтағы «Электр жүйесіндегі немесе қуат жүйесіндегі жаңғырту/өзгерістер» бөлімін оқып шығыңыз.

- Радиоқабылдағышты орнату кезінде қажетті ақпарат алу үшін (жиілігі, қуаты, орнату тәртібі) MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу ұсынылады. Сәйкес емес жиілік, шығыс қуаты және орнату тәртібі басқа электрондық құрылғылардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін, сонымен қатар автокөлікті пайдалану кезінде қауіпсіздік деңгейін төмендетуі мүмкін.
- Көліктің ішінде ұялы телефон мен радиоқабылдағыш сыртқы антеннасыз қосылып тұрған кезде, автокөліктің жұмысында қауіпті ақауларға әкелуі мүмкін электр-магниттік кедергілер пайда болады.
- Автокөліктің техникалық сипаттамаларына сәйкес келмейтін шиналар мен дөңгелек дискілерін пайдалануға тыйым салынады. Дөңгелек дискілері мен шиналардың өлшемі «Техникалық сипаттамалар» тарауында көрсетілген.

Маңызды ақпарат!

Сатылымда әртүрлі өндірушілердің қосымша (опциондық) жабдықтары мен қосалқы бөлшектерінің кең ассортименті бар, сондықтан MITSUBISHI MOTORS компаниясы мен оның ресми дилерлері үшін мұндай қосалқы бөлшектерді қосу немесе орнату автокөлікті қауіпсіз пайдалануға қалай әсер ететінін тексеру мүмкін емес.

Көптеген бөлшектерді пайдалануға ресми түрде рұқсат етіледі, мысалы, general operators permit таңбасы бар (бөлшектерді пайдалануға ресми рұқсат) немесе бөлшектің құрылымы немесе торапты қосу немесе орнату операциясы ресми

мақұлданған. Бірақ тіпті бұл ресми рұқсаттар бөлшектерді орнатудың автокөлікті қауіпсіз пайдалануға әсер етпейтініне кепілдік бола алмайды.

Сондай-ақ MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталықтарында сатылатын және орнатылатын түпнұсқа MITSUBISHI қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарын пайдалану кезінде ғана қауіпсіздіктің барынша мүмкін болатын деңгейі қамтамасыз етілетінін ескеруді сұраймыз. Бұл MITSUBISHI автокөліктерінің құрылымына кез келген өзгеріс енгізуге де қатысты. Бұл MITSUBISHI автокөліктерінің құрылымына кез келген өзгеріс енгізуге де қатысты. Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін автокөліктің құрылымына MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығы мақұлдаған өзгерістерді ғана енгізуге болады.

Электр жүйесіндегі немесе қуат жүйесіндегі жаңғырту/өзгерістер

E00200401642

MITSUBISHI MOTORS CORPORATION пайдалануда қауіпсіз, жоғары сапалы автокөліктер шығарады. Автокөліктің қауіпсіздігі мен жоғары сапасын сақтау үшін орнатылған қосымша жабдықтардың және электр жүйесі мен қуат жүйесіне әсер ететін құрылымға енгізілетін өзгерістердің MITSUBISHI ұсыныстарына сәйкес келуі өте маңызды.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлік шанағымен жанасу немесе дұрыс емес орнату әдістерін пайдалану нәтижесінде сымдар зақымданған жағдайда (балқымалы сақтандырғыштар орнатылмайды және т.б.) электрондық тораптар бүлінуі мүмкін, бұл өртке әкеп соғады немесе қауіпті салдары болуы мүмкін ақаулықтарды туындатады.

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

E00200502158

MITSUBISHI MOTORS автокөліктерінің жоғары сапасы мен сенімділігіне қол жеткізу үшін қолдан келгеннің бәрін жасады. MITSUBISHI MOTORS компаниясының түпнұсқа қосалқы бөлшектерін ғана пайдаланыңыз, олардың құрылымы мен дайындау сапасы MITSUBISHI автокөлігін онтайлы техникалық жай-күйде сақтауға мүмкіндік береді. Түпнұсқа қосалқы бөлшектер GENUINE PARTS белгісімен белгіленген және MITSUBISHI MOTORS компаниясының барлық өкілетті сервис орталықтарында бар.

Пайдаланылған майларды қауіпсіз пайдалану жөніндегі нұсқаулар және оларды кәдеге жарату туралы ақпарат

E00200600155

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Терінің пайдаланылған маймен ұзақ және бірнеше рет жанасуы терінің ауыр ауруларын, соның ішінде дерматит пен қатерлі ісік ауруын тудыруы мүмкін.
- Мүмкіндігінше пайдаланылған майдың терімен жанасуына жол бермеңіз және май тиген жағдайда теріні мұқият шайыңыз.
- Пайдаланылған майларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Қоршаған ортаны қорғау

Заңмен кәріз ағындыларын, су қоймаларын және топырақты ластауға тыйым салынады. Пайдаланылған майды және пайдаланылған май сүзгілерін кәдеге жаратуға арналған жабдықтармен жабдықталған пайдаланылған майды жинау бойынша ресми орталықтардың және автошеберханалардың қызметтерін пайдаланыңыз. Күмән туындаған жағдайда, пайдаланылған майды кәдеге жарату бойынша ұсыныстар алу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

Пайдаланылған аккумулятор батареяларын кәдеге жарату туралы ақпарат

E00201300032



Сіздің автокөлігіңізде аккумулятор батареялары бар. Оларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды.

Пайдаланылған батареяларға дұрыс қызмет көрсету, қалпына келтіру немесе қайта өңдеу үшін оларды еліңізде қолданылатын заңдар мен 2006/66/ЕО директивасына сәйкес тиісті қабылдау пункттеріне тапсыру керек.

Пайдаланылған аккумулятор батареяларын дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз айтарлықтай ресурстарды үнемдеуге ықпал етесіз және дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтірмейсіз.

Оқиға туралы деректерді тіркеу

E00205900153

Автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркегішпен (EDR) жабдықталған.

Оқиғалар туралы деректерді тіркегіштің (EDR) негізгі мақсаты — соқтығысулар мен қауіпсіздік жастығының іске қосылуы немесе жолдағы кедергіге соғылу сияқты оларға теңестірілген жағдайларда автокөлік жүйелерінің жұмысын түсінуге көмектесетін деректерді тіркеу.

Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш (EDR) әдетте 30 секундтан аспайтын қысқа уақыт ішінде динамиканы басқару және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерінің деректерін тіркеуге арналған.

Осы автокөліктің оқиғалар туралы деректерді тіркегіші (EDR) келесі деректерді тіркейді:

- автокөліктің әртүрлі жүйелерінің жұмысы;
- жүргізушінің акселератор және/немесе тежегіш педалін басу дәрежесі;
- автокөліктің жүру жылдамдығы.

Бұл мәліметтер соқтығысу мен жарақат алу жағдайларын жақсы түсінуге көмектеседі.

ЕСКЕРТПЕ

- Деректер белгілі жағдайлар туындаған кезде ғана тіркеледі. Деректер қалыпты қозғалыс жағдайларында тіркелмейді. Жеке деректер де тіркелмейді (мысалы, толық аты-жөні, жынысы, жасы және жол-көлік оқиғасының орны). Сонымен бірге басқа тараптар, мысалы, құқық қорғау органдары оқиғалар туралы деректерді тіркегіштің (EDR) деректерін жол-көлік оқиғасын тергеу процесінде жиналған жеке деректермен қиыстыра алады.

Оқиғалар туралы деректерді тіркегіштегі (EDR) деректерді оқу үшін арнайы жабдық және автокөлікке немесе оқиғалар туралы деректерді тіркегішке (EDR) кіру рұқсаты қажет. Автокөлік өндірушісінен басқа, оқиғалар туралы деректерді тіркегіштегі (EDR) деректерді басқа тараптар да алуы мүмкін, мысалы, арнайы жабдықтары бар және автокөлікке немесе оқиғалар туралы деректерді тіркегішке (EDR) қол жеткізе алатын құқық қорғау органдары.

Есіктерді құлыптау және құлын ашу

Кілттер	3-2
Электрондық иммобилайзер (қозғалтқышты оталдыруды блантайтын айдап өкетуге қарсы жүйе)	3-3
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі *	3-4
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі *	3-8
Есіктер	3-24
Орталық құлып	3-26
Dead Lock жүйесі *	3-27
Артқы есіктердің құлыптарын салон ішінен ашуды блантау	3-29
Жұқсалғыш есігі	3-30
Электр әйнеккөтергіштер	3-32
Күнқағар қалқа *	3-34


Кілттер

E00300104494

3

1-түр

Осы кілттің көмегімен барлық құлыптарды ашуға және құлыптауға болады.




AFA110006

- 1 — есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктің кілті (электрондық иммобилайзерімен)
- 2 — кілт нөмірі бар затбелгі

2-түр

Осы көмекші кілттің көмегімен барлық құлыптарды ашуға және құлыптауға болады.



AG0010793

- 1 — электрондық кілт (электрондық иммобилайзері және есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар модельдер үшін)
- 2 — көмекші кілт
- 3 — кілт нөмірі бар затбелгі

⚠ ЕСКЕРТУ

- Ушақпен ұшу кезінде кілттің түймелерін басуға тыйым салынады. Түймелерін басқан кезде кілт ұшақтың бортық жүйелерінің жұмысына кері әсер етуі мүмкін электр-магнитті толқындар шығарады. Кілтті сөмкеге салып алып жүрген кезде түймелерінің кездейсоқ басылып қалуына жол бермеу қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Кілттің нөмірі затбелгісіне басылған (суретті қараңыз). Кілттің нөмірін жазып алыңыз, осыдан кейін түпнұсқа кілтті жоғалтқан жағдайда телнұсқасына тапсырыс бере алу үшін затбелгіні кілттен ажыратыңыз да, бөлек сақтаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Кілт (көмекші кілтті қоспағанда) кіріктірілген сигнал таратқышы бар электрондық құрылғы болып табылады. Оның зақымдалуына жол бермеу үшін келесі талаптарды орындаңыз:
- Кілтті ұзақ уақыт бойы күннің тікелей түсетін сәулелерінің әсеріне ұшырауы мүмкін орындарда, мысалы, аспаптар тақтасының үстінде қалдырмаңыз.
- Кілтті бөлшектемеңіз және оның құрылымына өзгертулер енгізбеңіз.
- Кілтті майыстырмаңыз және оған күшті соққылар тигізбеңіз.
- Кілтке судың тиюіне жол бермеңіз.
- Кілтті магнитті кілт ұстағыш секілді магнитті заттардан алыс жерде сақтаңыз.
- Кілтті аудиожүйелерден, дербес компьютерлерден, теледидарлардан және магнитті өріс туғызатын басқа да электр құралдардан алыс жерде сақтаңыз.
- Кілтті мобильді телефондар, сымсыз құрылғылар және жоғары жиілікті жабдықтар (медициналық аппаратураны қоса алғанда) секілді электр-магнитті толқын таратуы күшті құрылғылардан алыс жерде сақтаңыз.
- Кілтті ультрадыбыстың және т. с. с. көмегімен тазалауға тыйым салынады.
- Кілтті жоғары температураның немесе ылғалдың әсеріне ұшырауы мүмкін жерлерде қалдырмаңыз.
- Иммобилайзерде тіркелген сәйкестендіру коды кілттің кодымен сәйкес келмесе, қозғалтқыш оталмайды. Кілттерді пайдалану туралы толығырақ мәліметтер «Электрондық иммобилайзер» бөлімінде келтірілген.

Электрондық имобилайзер (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйе)

E00300203805

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Имобилайзер жүйесіне қандай да бір өзгерту және жетілдіру енгізуге тыйым салынады. Мұндай әрекеттердің нәтижесінде имобилайзер істен шығуы мүмкін.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер бойынша ақпарат «Электрондық имобилайзер (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйе)» бөлімінде келтірілген, 3-12-бет.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер


Электрондық имобилайзер автокөлікті айдап әкету ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді. Бұл жүйенің міндеті — бөгде тұлғалар оталдыруға әрекеттеніп жатса, қозғалтқыштың оталуын блоктау. Қозғалтқышты тек имобилайзер жүйесінде «тіркелген» кілттің көмегімен ғана (белгілі жағдайларда) сәтті оталдыруға болады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Төменде келтірілген жағдайларда жүйе тіркелген кілттің кодын оқи алмауы мүмкін:
 - Егер кілт сақинаға немесе басқа да металл не магнитті затқа тиіп тұрса.




- Егер кілт басқа бір кілттің металл бөлігіне тиіп тұрса.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер кілт имобилайзердің басқа кілтіне, соның ішінде басқа автокөліктің кілтіне тиіп немесе оған тікелей жақын жерде тұрса.




Мұндай жағдайда бөтен затты немесе басқа кілтті кілттен алыңыз. Осыдан кейін қозғалтқышты қайта оталдырып көріңіз. Егер қозғалтқыш оталмаса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

- Кілттердің бірін жоғалтып алған жағдайда мүмкіндігінше тездегі MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында кілттің телнұсқасына тапсырыс беріңіз. Кілттің телнұсқасын немесе қосымша кілт алу үшін автокөлікті және барлық кілттерді MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына әкеліп көрсетуі қажет. Барлық кілттерді имобилайзердің электрондық блогында қайтадан тіркеу қажет. Имобилайзерде барлығы 8 кілтке дейін тіркеуге болады.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі*

E00300304829

Қашықтан басқару пульгіндегі түймелерді басу арқылы жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер құлыпталады және бәрінің құлыптары ашылады. Пульг сондай-ақ сыртқы артқы көрініс айналарын басқаруға мүмкіндік береді (сыртқы артқы көрініс айналары электржетекпен жиылатын автокөліктер).



- 1 — LOCK түймесі (құлыптау)
2 — UNLOCK түймесі (құлыпты ашу)
3 — индикатор

Құлыптау

LOCK түймесін (1) басыңыз. Осыдан кейін жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер құлыпталады. Жүксалғыш есігімен бірге есіктерді құлыптаған кезде бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Dead Lock жүйесі бар автокөліктерде LOCK түймесін (1) қатарынан екі рет басу Dead Lock жүйесінің қосылуына алып келеді («Жүйені қосу» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

Құлыпты ашу

UNLOCK түймесін (2) басыңыз. Осыдан кейін жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады. Егер құлыпты ашу кезінде салон жарығының алдыңғы шамының ажыратқышы DOOR күйінде немесе салон жарығының артқы шамының ажыратқышы (күнқағар қалқасы бар модификациялардан өзге) ортаңғы күйде (●) тұрса, салон жарығы шамамен 15 секундқа қосылады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Автокөлік моделіне байланысты габарит жарықтарының шамамен 30 секундқа қосылуын бағдарламалап қоюға болады («Сыпайы жарықтандыру» бөлімін қараңыз, 5-47-бет).

ЕСКЕРТПЕ

- Есік құлыптарын қашықтан басқару пульгі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - Кілт оталдыру жүйесінің құлпында тұр.
 - Жүксалғыш есігін қоса алғанда қандай да бір есік ашық тұр немесе тығыз жабылмаған (тек құлыпты ашу функциясы ғана жұмыс істейді).
- Dead Lock жүйесі бар модификациялардан өзге барлық автокөліктерде есіктердің құлпын ашу функциясын UNLOCK (2) түймесін бір рет басқан кезде тек жүргізуші есігінің ғана құлпы ашылатындай етіп бағдарламалауға болады. Егер есіктер мен жүксалғыш есігінің құлпын ашу функциясы жоғарыда сипатталғандай бапталған болса, онда барлық есіктердің құлпын ашу үшін UNLOCK түймесін қатарынан екі рет басу қажет. «Есіктер мен жүксалғыш есігінің құлпын ашу тәсілін баптау» бөлімін қараңыз, 3-6-бет.
- Түймені әрбір басқан кезде индикатор (3) қосылады.
- Сыртқы артқы көрініс айналарын жию ажыратқышы бар автокөліктерде автокөлікті құлыптағанда және құлпын ашқанда қашықтан басқару пульгінің көмегімен сыртқы артқы көрініс айналарын жиюға және жұмыс күйіне қайтаруға болады. «Сыртқы артқы көрініс айналары» бөлімін қараңыз, 6-9-бет.
- Егер UNLOCK түймесін (2) басқаннан кейін шамамен 30 секундтың ішінде жүксалғыш есігін қоса алғанда бір де бір есік ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде қайта құлыпталып қалады.
- Функцияның жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Есіктердің қайтадан автоматты түрде құлыпталуына дейінгі интервалды өзгерту.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Есіктер мен жүксалғыш есігі құлыпталған сәтте ғана немесе олардың құлпы ашылған сәтте ғана растауды (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы) белгілеу.
- Растау функциясын (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы арқылы есіктердің құлыпталуын және құлпының ашылуын хабарлау) өшіріп қоюға болады.
- Есіктердің құлпын ашуды/есіктерді құлыптауды растау кезіндегі бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау санын өзгертуге болады.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Dead Lock жүйесін қолдану

Dead Lock жүйесімен жабдықталған автокөліктерде оны қосу үшін қашықтан басқару пультін қолдануға болады («Dead Lock жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

Сыртқы артқы көрініс айналарын басқару (сыртқы артқы көрініс айналары электржетекпен жиылатын автокөліктер)

E00310802041

Жию

LOCK түймесін (1) басу арқылы жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктерді құлыптағанда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жиылады.

Жұмыс күйіне қайтару

UNLOCK түймесін (2) басу арқылы жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің құлпын ашқанда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жұмыс күйіне қайтарылады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Сыртқы артқы көрініс айналарын төмендегі жағдайларда жию немесе жұмыс күйіне келтіру мүмкін емес:
 - Кілт оталдыру жүйесінің құлпында тұр.
 - Жүксалғыш есігін қоса алғанда қандай да бір есік ашық тұр немесе тығыз жабылмаған.
- Бұл функцияның баптауларын өзгертуге болады:
 - Оталдыру жүйесінің құлпында тұрған кілтті ON күйіне бұраған және жүргізуші есігін жапқан кезде жұмыс күйіне автоматты қайту.
 - Оталдыру жүйесінің құлпында тұрған кілтті LOCK не ACC күйіне бұраған және жүргізуші есігін ашқан кезде автоматты жиылу.
 - Жылдамдық шамамен 30 км/сағ мәніне жеткен кезде айналардың автоматты түрде жұмыс күйіне қайтуын белгілеу.
 - Айналардың жұмыс күйіне автоматты қайту функциясын өшіру.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

**ЕСКЕРТПЕ**

Тіпті баптаулар жоғарыда сипатталғандай өзгертілген болса да, сыртқы артқы көрініс айналарын төмендегі әрекеттердің көмегімен жиюға немесе жұмыс күйіне қайтаруға болады. Егер автокөлікті құлыптау үшін LOCK түймесін басқаннан кейін 30 секундтың ішінде LOCK түймесін қайтадан қатарынан екі рет бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады. Егер автокөліктің құлпын ашу үшін UNLOCK түймесін басқаннан кейін 30 секундтың ішінде UNLOCK түймесін қайтадан қатарынан екі рет бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жұмыс күйіне қайтып оралады.

- Қашықтан басқару пультінің әрекет ету аймағы шамамен автокөліктен бастап 4 метрді құрайды. Алайда телевизиялық мұнараның, электр станциясының немесе радиостанцияның жанында пульттің әрекет ету радиусы кішіреюі мүмкін.
- Төменде келтірілген проблемалардың бірінің туындауы қашықтан басқару пультінің қуат элементінің отырғанын көрсетуі мүмкін:
 - Көрсетілген жұмыс істеу радиусының шегінде пультті пайдалануға әрекет жасаған кезде есіктер құлыпталмайды немесе құлыптары ашылмайды.
 - Индикаторы (3) әлсіз жанып тұр немесе мүлдем қосылмайды.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады. Егер қуат элементін өз бетінше ауыстырмақшы болсаңыз, «Қашықтан басқару пультіндегі қуат элементін ауыстыру процедурасы» бөлімін қараңыз, 3-6-бет.

- Қашықтан басқару пультін жоғалтқан немесе зақымдап алған жағдайда телнұсқасына тапсырыс беру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша қашықтан басқару пультін алу үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. Бір автокөлікке 8-ге дейін қашықтан басқару пультін жасауға болады.

Есіктер мен жүксалғыш есігінің құлпын ашу тәсілін баптау (Dead Lock жүйесімен жабдықталған автокөліктерден басқа)

E00310301658


Есіктердің құлпын ашудың екі нұсқасының бірін таңдауға болады.

Есіктердің құлпын ашудың әрбір тәсілінде тиісті құлыпты ашу тәсілін білдіру үшін дыбыс сигналы беріледі.


Сигнал	Тәсіл
Бір реттік	UNLOCK түймесін (2) бір рет басқан кезде барлық есіктер мен жүксалғыш есігінің құлпы ашылады (зауыттық баптау).
Екі реттік	UNLOCK түймесін (2) бір рет басқан кезде жүргізуші есігінің ғана құлпы ашылады. UNLOCK түймесін екі рет басқан кезде жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады.

1. Кілтті оталдыру құлпынан алыңыз.
2. Жарық аспаптарының қосқышын AUTO күйіне ауыстырыңыз және жүргізуші есігін ашық қалдырыңыз.
3. Келесі қадамдарды орындаңыз. II–IV қадамдар 8 секундтың ішінде орындалуы тиіс.


I қадам
LOCK түймесін (1) (4–8 секунд) басып тұрыңыз.




II қадам
LOCK түймесін (1) басып тұрып, UNLOCK түймесін (2) басыңыз.



III қадам
UNLOCK түймесін (2) басып тұрып, LOCK түймесін (1) жіберіңіз.



IV қадам
UNLOCK түймесін (2) жіберіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Дыбыс сигналдарының саны ағымдағы баптауды көрсетеді.
- Баптау жүргізу кезінде түймені дұрыс басуға тырысыңыз. Егер түймелерді дұрыс тәртіппен баспасаңыз, баптау кездейсоқ бұзылып кетуі мүмкін.

Қашықтан басқару пультіндегі қуат элементін ауыстыру процедурасы

E00309502484

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қуат элементін жұтуға тыйым салынады.
- Бұл құрылғыға тиын пішініндегі қуат элементі орнатылған. Егер тиын пішінді қуат элементі жұтылатын болса, бұл ішкі мүшелердің ауыр күйіктерге шалдығуына және кісі өліміне алып келуі мүмкін. Жұтылған қуат элементі небәрі 2 сағаттың ішінде ішкі мүшелерді ауыр күйікке шалдықтырған жағдайлар белгілі.
- Жаңа және пайдаланылған қуат элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Егер қашықтан басқару пультінің қақпағы тығыз жабылмайтын болса, мұндай кілтті пайдаланбаңыз және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Егер қуат элементі жұтылды немесе адам денесінің кез келген аймағының ішіне кірді деген күдік туындаса, дереу медициналық көмекке жүгінген жөн.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қуат элементі жарылуы немесе одан өртену қаупі бар сұйықтық не газ ағуы мүмкін төмендегі жағдайлардан сақтаныңыз:
- Түрі сәйкес келмейтін қуат элементін қолданбаңыз. Қуат элементін дәл сондай немесе балама элементке ауыстыру қажет.
- Қуат элементін отқа немесе қызық өртейтін пешке тастауға немесе механикалық жолмен оны бұзуға немесе корпусын кесуге тыйым салынады.
- Қуат элементін өте жоғары температураның немесе өте төмен атмосфералық қысымның әсеріне ұшырауы мүмкін жағдайларда пайдалануға, сақтауға немесе орнатуға тыйым салынады.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер қашықтан басқару пультінің корпусы ашық болса, оған судың, балшықтың және т. с. с. кірмеуін қадағалаңыз. Сондай-ақ кілттің ішкі бөлшектерін ұстамаған жөн.
- Пайдаланылған қуат элементін кәдеге жаратуды қуат элементтерін кәдеге жарату ережелеріне сәйкес жүргізу қажет.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Ауыстыру үшін қуат элементін электр тауарлары дүкенінен сатып алуға болады.
- Қалауыңыз бойынша қуат элементін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында ауыстыртып алуға болады.

1. Қуат элементін ауыстырар алдында жерге қосылған металл заттан ұстап, дененіздегі статикалық электр зарядын шығарып алыңыз.
2. Қашықтан басқару пультінен винтті (А) бұрап алыңыз.




3. Пультті MITSUBISHI логотипін жоғары қаратып қойыңыз, корпусың ұяшығына шүберекпен оралған жалпақ ұшты бұрауышты салыңыз да, онымен қаптық ашыңыз.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- MITSUBISHI логотипінің жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер MITSUBISHI логотипі жоғары қарап тұрмаса, қашықтан басқару пультінің қапқағын шешіп алғаннан кейін түймелері түсіп қалуы мүмкін.

4. Ескі қуат элементін шығарып алыңыз.
5. Жаңа қуат элементін + (В) бетін жоғары қаратып салыңыз.



6. Қашықтан басқару пультінің корпусын тығыз жабыңыз.
7. 2-пункте шешіп алынған винтті (А) бұрап қатырыңыз.
8. Қашықтан басқару пультінің жұмысқа қабілеттілігіне көз жеткізіңіз.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі*


E00305602663

3
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі өзіңізбен бірге электрондық кілтiңіз болған жағдайда жұқсалғыш есiгiн қоса алғанда есiктердi құлыптауға және құлпын ашуға, сондай-ақ қозғалтқышты оталдыруға және жұмыс режимiн өзгертуге мүмкiндiк бередi. Сондай-ақ электрондық кiлттi есiк құлыптарын қашықтан басқару жүйесiнiң қашықтан басқару пультi ретiнде қолдануға болады. «Есiк құлыптарын қашықтан басқару жүйесi» бөлімін қараңыз, 3-20-бет.

Электрондық кiлт әрдайым жүргiзушiде болуы тиiс. Ол жұқсалғыш есiгiн қоса алғанда есiктердiң құлпын ашуға және жабуға, қозғалтқышты оталдыруға және басқа да функцияларды орындауға қажет. Сондықтан автокөліктен түспес бұрын және есiктердi құлыптамас бұрын кiлттiң өзіңiзбен бiрге екенiне көз жеткiзiңiз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Имплантталған жүрек стимуляторы немесе электр дефибриляторы бар тұлғалар сыртқы (А) немесе ішкі (В) таратқыштардың жанында тұрмауы тиіс. Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінде қолданылатын радиотолқындар имплантталатын жүрек стимуляторының немесе электр дефибрилятордың жұмысына кері әсер етуі мүмкін.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Басқа медициналық электр құралдарды (имплантталмаған жүрек стимуляторлары немесе электр дефибриляторлар) қолданған жағдайда бұл құрылғылардың өндірушілерінен радиотолқындардың олардың жұмысына қалай әсер ететінін анықтап алыңыз. Радиотолқындар медициналық электр құралдардың жұмысына әсер етуі мүмкін.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің функцияларын төмендегідей жолмен өзгертуге болады (оны жай ғана есiк құлыптарын қашықтан басқару жүйесi ретiнде пайдалануға болады):

- Жұқсалғыш есiгiн қоса алғанда тек есiктердi құлыптауға/құлпын ашуға болады.
- Тек қозғалтқышты ғана оталдыруға болады.

- Автокөлікті қашықтан басқару жүйесін өшіріп қоюға болады.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінде өте әлсіз электр-магнитті толқындар қолданылады. Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі келесі жағдайларда дұрыс жұмыс істемеуі немесе тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін:
 - Күшті электр-магнитті толқын тарату көздерінің, мысалы, электр станциясының, телевизиялық мұнараның, радиостанцияның немесе әуежайдың жанында орналасқан жағдайда.
 - Егер электрондық кiлт байланыс құрылғысының, мысалы, мобильді немесе радиотелефонның немесе электрондық құрылғының, мысалы, дербес компьютердің жанында орналасқан болса.
 - Егер электрондық кiлт металл затқа тиіп тұрса немесе металл затпен жабылып тұрса.
 - Егер жақын жерде есiк құлыптарын қашықтан басқару жүйесiнiң басқа пультi қолданылып жатса.
 - Егер электрондық кiлттiң қуат элементi әлсiз зарядталған болса.
 - Егер электрондық кiлт күшті радиотолқындар тарату немесе кедергілер аймағында тұрса. Бұл жағдайларда көмекші кiлттi пайдаланыңыз. «Автокөлікті электрондық кiлттi қолданбастан пайдалану» бөлімін қараңыз, 3-20-бет.

ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық кілт таратқыштың сигналдарын үнемі қабылдап отыратындықтан, оның қуат элементі кілттің қолданылып жатқанына не жатпағанына қарамастан тұрақты түрде разрядталады. Қуат элементінің қызмет ету мерзімі электрондық кілттің қолданылу қарқындылығына байланысты 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімді құрайды. Қуат элементін ауыстыру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Егер қуат элементін өз бетінше ауыстырмақшы болсаңыз, «Қашықтан басқару пультіндегі қуат элементін ауыстыру процедурасы» бөлімін қараңыз, 3-23-бет.
- Электрондық кілт тұрақты түрде сигналдар қабылдап отыратындықтан, күшті сыртқы радиотолқындар қуат элементі зарядының отыруын тездетуі мүмкін. Электрондық кілтті теледидардың, компьютерлердің және басқа да электрондық құрылғылардың жанында қалдырмаңыз.


Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің әрекет ету аймағы

Е00305702039

Егер электрондық кілт өзіңізбен бірге болса, онда есіктердің құлпын ашу үшін автокөлікке жақындаңыз (әрекет ету аймағына кіріңіз) және жүргізуші есігінің немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы түймені немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK не OPEN түймесін басыңыз; осы кезде Сіздің электрондық кілтiңiздiң сәйкестендiру кодын тексеру жүргiзiледi.

Электрондық кілттің сәйкестендіру коды жүйе жадында тіркелген кодпен сәйкес болған жағдайда ғана жүксалғыш есігін қоса алғанда

есіктердің құлпын ашу және құлыптау, сондай-ақ қозғалтқышты оталдыру және жұмыс режимін өзгерту мүмкін болады.




ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық кілттің қуат элементінің заряды әлсіз болған, сондай-ақ жақын маңайда күшті электр-магнитті толқын тарату көзі немесе кедергілер болған жағдайда жүйенің әрекет ету радиусы кішіреюі, ал оның жұмысы тұрақсыз болуы мүмкін.

Есіктердің немесе жүксалғыш есігінің құлпын ашқан және жапқан кездегі әрекет ету қашықтығы


Е00306200330

Жүйенің әрекет ету қашықтығы жүргізушінің және алдыңғы жолаушының есіктерінің тұтқаларындағы құлыптау/құлыпты ашу түймелерінен, сондай-ақ жүксалғыш есігіндегі LOCK және OPEN түймелерінен шамамен 70 см құрайды.



3

* — алға қозғалу

 — әрекет ету аймағы

ЕСКЕРТПЕ


- Электрондық кілт жүйе тарапынан анықталған жағдайда ғана жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің құлпын ашуға немесе жабуға болады.
- Егер алдыңғы есікке, есіктің әйнегіне немесе жүксалғыш есігіне тым жақын тұрсаңыз, есіктердің құлпын ашу немесе жабу мүмкін болмайды.
- Тіпті электрондық кілт жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің құлыптау/құлыпты ашу түймелерінен немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK не OPEN түймесінен 70 см қашықтықта орналасса да, егер кілт жерден тым биік немесе жерге тым жақын орналасса, жүйе іске қосылмауы мүмкін.
- Егер электрондық кілт жүйенің әрекет ету аймағының шегінде орналасса, онда кез келген адам жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің құлпын аша немесе құлыптай алады. Ол үшін тек жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің құлыптау/құлыпты ашу түймесін немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK не OPEN түймесін басу қажет болады.

Қозғалтқышты оталдыру кезіндегі әрекет ету аймағы және жұмыс режимін өзгерту

E00306300243

3

Жүйенің әрекет ету аймағы салонның ішкі кеңістігімен шектелген.



* — алға қозғалу

 — әрекет ету аймағы

ЕСКЕРТПЕ

- Тіпті электрондық кілт жүйенің әрекет ету аймағында орналасса да, егер электрондық кілт ұсақ-түйектерге арналған бөлімде, мысалы, ұсақ-түйек салатын жәшікте, аспаптар тақтасының үстінгі бөлігінде, есік панельдерінің қалтасында немесе жүксалғышта болса, қозғалтқышты оталдыру және жұмыс режимін өзгерту мүмкін емес болуы ықтимал.
- Тіпті электрондық кілт автокөліктің сыртында, алайда оның есігіне немесе есіктің әйнегіне тым жақын болса, қозғалтқышты оталдыруға болады.

Электрондық кілтті қолдана отырып автокөлікті пайдалану

E00305803183


Есіктерді және жүксалғыш есігін құлыптау

Егер электрондық кілт өзіңізбен бірге болса, жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігіндегі құлыптау/құлыпты ашу түймесін (A) немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін (B) басқан кезде (кілт жүйенің әрекет ету аймағында болуы тиіс) жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер құлыпталады.

Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды. «Есіктер», 3-24-бет, «Орталық құлып», 3-26-бет және «Жүксалғыш есігі», 3-30-бет, бөлімдерін қараңыз.



Жүксалғыш есігіндегі түймелер



ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы артқы көрініс айналарын жиі ажыратқышы бар автокөліктерде автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптаған кезде сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде жиіге болады. «Сыртқы артқы көрініс айналары» бөлімін қараңыз, 6-9-бет.
- Dead Lock жүйесі бар автокөліктерде жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігіндегі құлыптау/құлыпты ашу түймесін (A) немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін (B) қатарынан екі рет басы Dead Lock жүйесінің қосылуына алып келеді («Жүйені қосу» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).
- Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі келесі жағдайларда жұмыс істемейді:
 - Электрондық кілт салон ішінде орналасқан.
 - Жүксалғыш есігін қоса алғанда қандай да бір есік ашық тұр немесе тығыз жабылмаған.
 - OFF режимінен басқа жұмыс режимі таңдалған.

ЕСКЕРТПЕ


- Жұқсалғыш есігіндегі OPEN түймесі (C) автокөліктің құлыпталуын тексеру үшін қолданыла алады. Жұқсалғыш есігіндегі OPEN түймесін автокөлікті құлыптағаннан кейін шамамен 3 секундтың ішінде басыңыз. Егер жұқсалғыш есігіндегі OPEN түймесін автокөлікті құлыптағаннан кейін кемінде 3 секунд бойы басып тұрсаңыз, жұқсалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады.
- Автокөліктің құлыпталуын тексеруге мүмкіндік берілетін уақыт интервалын өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Есіктердің және жұқсалғыш есігінің құлпын ашу


Егер электрондық кілт өзіңізбен бірге болса, жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігіндегі құлыптау/құлыпты ашу түймесін (A) немесе жұқсалғыш есігіндегі OPEN түймесін (B) басқан кезде (кілт жүйенің әрекет ету аймағында болуы тиіс) жұқсалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады. Егер осы кезде салон жарығының алдыңғы шамының ажыратқышы DOOR күйінде немесе салон жарығының артқы шамының ажыратқышы (күнқағар қалқасы бар модификациялардан өзге) ортанғы күйде (●) тұрса, салон жарығы 15 секундқа қосылады. Бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды. Егер жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігіндегі құлыптау/құлыпты ашу түймесін басқаннан кейін шамамен 30 секундтың ішінде жұқсалғыш есігін қоса алғанда бір де бір есік

ашылмаса, есіктер автоматты түрде қайта құлыпталады. «Есіктер», 3-24-бет, «Орталық құлып», 3-26-бет және «Жұқсалғыш есігі», 3-30-бет, бөлімдерін қараңыз.

Жүргізуші және алдыңғы жолаушы есіктеріндегі құлыптау/құлыпты ашу түймелері



Жұқсалғыш есігіндегі OPEN түймесі



ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы артқы көрініс айналарын жиі ажыратқышы бар автокөліктерде автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен автокөліктің құлпын ашу кезінде сыртқы артқы көрініс айналарын автоматты түрде жұмыс күйіне қайтаруға болады. «Сыртқы артқы көрініс айналары» бөлімін қараңыз, 6-9-бет.
- Dead Lock жүйесі жоқ автокөліктерде автокөлікті қашықтан басқару жүйесін жүргізуші есігінің тұтқасындағы құлыпты ашу/құлыптау түймесін басқан кезде тек жүргізуші есігінің ғана құлпы ашылатындай етіп бағдарламалауға болады. Бұл жағдайда барлық есіктердің құлпын ашу үшін жүргізуші есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін қатарынан екі рет басу қажет болады. «Есіктер мен жұқсалғыш есігінің құлпын ашу тәсілін баптау» бөлімін қараңыз, 3-22-бет.
- Егер OFF режимінен басқа жұмыс режимі таңдалған болса, автокөлікті қашықтан басқару жүйесі жұмыс істемейді.
- Жұқсалғыш есігін қоса алғанда есіктер құлыпталғаннан кейін 3 секунд бойы жұқсалғыш есігіндегі OPEN түймесімен олардың құлпы ашылмайды.
- Автокөліктің құлыпталуын тексеруге мүмкіндік берілетін уақыт интервалын өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.
- Құлыпты ашу мен автоматты түрде құлыптау арасындағы уақыт интервалын өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Есіктердің құлыпталуы мен құлпының ашылуын растау

3 Растау келесі жолмен жүзеге асырылады (алайда салонды жарықтандыру шамы тек салон жарығының алдыңғы шамының ажыратқышы DOOR күйінде немесе салон жарығының артқы шамының ажыратқышы (күнқағар қалқасы бар автокөліктерден өзге) ортаңғы (●) күйде орналасқан жағдайда ғана жанатынын ескеру қажет):

Құлыптаған бұрылыс көрсеткіштері бір рет кезде: жыпылықтайды.

Құлыпты салон жарығының шамы шамамен ашқан кезде: 15 секундқа қосылады, бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функцияның баптауларын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Есіктердің құлыпталуын ғана немесе құлпының ашылуын ғана растауды (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы) белгілеу.
 - Растау функциясын (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауын) өшіру.
 - Растау функциясы үшін бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау санын өзгерту.
- Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Dead Lock жүйесін қолдану

Dead Lock жүйесі бар автокөліктерде бұл жүйенің жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігіндегі құлыптау/құлыпты ашу түймесінің немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесінің көмегімен қосылуын баптауға болады («Dead Lock жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

Электрондық иммобилайзер (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйе)

E00306401603

Электрондық иммобилайзер автокөлікті айдап әкету ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді. Бұл жүйенің міндеті — бөгде тұлғалар оталдыруға әрекеттеніп жатса, қозғалтқыштың оталуын блоктау. Қозғалтқышты тек иммобилайзер жүйесінде тіркелген кілттің көмегімен ғана (белгілі жағдайларда) сәтті оталдыруға болады.

Сіздің автокөлігіңізбен бір жиынтықта жеткізілетін барлық кілттер автокөліктің электрондық жүйелерімен жұмыс істеуге бағдарламаланған. «Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесі» бөлімін қараңыз, 3-12-бет.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыш оталмаса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Электрондық кілттердің бірін жоғалтып алған жағдайда мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Кілттің телнұсқасын немесе қосымша қосалқы кілт алу үшін автокөлікті және барлық қалған кілттерді MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына әкеліп көрсетіңіз. Барлық кілттерді иммобилайзердің электрондық блогында қайтадан тіркеу қажет. Иммобилайзерде барлығы 4 кілтке дейін тіркеуге болады.

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесі

E00306501819

Айдап әкетуді болдырмау мақсатында қозғалтқышты тек тіркелген электрондық кілттің көмегімен ғана (қозғалтқыш иммобилайзері функциясы) оталдыруға болады. Егер электрондық кілт өзіңізбен бірге болса, қозғалтқышты оталдыруға болады. «Қозғалтқышты оталдыру» бөлімін қараңыз, 6-13-бет.



AG0024013

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінде қандай да бір ақаулық туындаған жағдайда бақылау шамы (А) қызғылт сары түспен жыпылықтай бастайды. Егер қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесіндегі бақылау шамы қызғылт сары түспен жыпылықтап тұрса, автокөлікті жүргізбеңіз. Бұл жағдайда дереу MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.
- Егер қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесі жатық емес, қиындықпен немесе үзік-үзік басылатын болса, оны пайдаланбаңыз. Бұл жағдайда дереу MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін қолданған кезде оны тірелгенше басыңыз. Егер түйме толық басылмаса, қозғалтқыш оталмауы немесе оның жұмыс режимі өзгермеуі мүмкін. Дұрыс басқан жағдайда қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басылған күйінде ұстап тұру қажет болмайды.
- Электрондық кілттің қуат элементінің заряды отырған немесе электрондық кілт салон ішінде болмаған жағдайда ескерту хабарламасы шығарылады.



KEY NOT DETECTED

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесінің жұмыс режимдері және оның функциялары

OFF (өшірулі)

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесіндегі бақылау шамы өшірулі. CVT бар автокөліктерде OFF жұмыс режимін тек селектор тұтқасы Р (тұрақ) күйінде тұрғанда ғана орнатуға болады.

ACC

Аудио жүйені және басқа да кейбір электр аспаптарын пайдалануға болады. Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесіндегі бақылау шамы қызғылт сары түспен жанып тұр.

ON (қосулы)

Барлық электр аспаптарын пайдалануға болады. Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесіндегі бақылау шамы жасыл түспен жанып тұр. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде бақылау шамы өшеді.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автокөлігіңіз электрондық иммобилайзермен жабдықталған. Оталдыру жүйесінің кілтіндегі транспондер тарататын сәйкестендіру коды иммобилайзер компьютерінің жадында тіркелген кодпен сәйкес болған жағдайда ғана қозғалтқышты оталдыру мүмкін болады. «Электрондық иммобилайзер (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйе)» бөлімін қараңыз, 3-12-бет.

Жұмыс режимін өзгерту

E00312201143

Егер тежегіш педалін (CVT бар автокөліктерде) немесе ілініс педалін (М/Т бар автокөліктерде) баспастан қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін бассаңыз, жұмыс режимін келесі тәртіппен өзгертуге болады: OFF, ACC, ON, OFF.



AG0022644

САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде OFF жұмыс режимін қосыңыз. Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде ON не ACC жұмыс режимін ұзақ уақыт бойы қосылған күйде қалдырсаңыз, бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына және оның салдары ретінде қозғалтқышты оталдыру, рульді блоктау және блоктан шығару мүмкіндігінің жойылуына алып келуі мүмкін.
- Аккумулятор батареясын ағытқан кезде ағымдағы жұмыс режимі жадта сақталады. Аккумулятор батареясын қосқаннан кейін жадта сақталған жұмыс режимі автоматты түрде таңдалады. Жөндеу немесе ауыстыру үшін аккумулятор батареясын ағытпас бұрын OFF жұмыс режимін қосуды ұмытпаңыз. Аккумулятор батареясының қуаты таусылған кезде автокөліктің қандай жұмыс режимінде тұрғанына сенімді болмасаңыз, сақ болыңыз.
- Егер автокөлікті қашықтан басқару жүйесі әрекет ету аймағында электрондық кілтті анықтамаса, жұмыс режимін OFF режимінен ACC не ON режиміне өзгерту мүмкін болмайды. «Қозғалтқышты оталдыру кезіндегі әрекет ету аймағы және жұмыс режимін өзгерту» бөлімін қараңыз, 3-10-бет.
- Егер электрондық кілт салон ішінде орналасса және жұмыс режимі өзгертілмеген болса, электрондық кілттегі қуат элементі отыруы мүмкін. «Ескертудің қосылуы» бөлімін қараңыз, 3-14-бет.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер OFF жұмыс режимі қосылмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:
 1. Селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін OFF жұмыс режимін қосыңыз (CVT бар автокөліктер).
 2. Аккумулятор батареясының төмен қуаты да осының бір себебі болуы мүмкін. Егер осы жағдай орын алса, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі, автокөлікті қашықтан басқару жүйесі және руль бағанының электрлік блокталуы жұмыс істемейді. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

ACC режимінде электр қуатын автоматты түрде өшіру функциясы

E00312301131

Егер ACC жұмыс режимі қосулы тұрса, шамамен 30 минут өткеннен кейін функция автоматты түрде осы режимде жұмыс істей алатын аудиожүйенің және басқа да электр жабдықтарының қуатын өшіреді. Егер ACC жұмыс режимі қосулы тұрған кезде қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін бассаңыз, бұл жабдыкқа электр қуатының берілуі қайтадан қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Функцияның жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Қуатты өшіруге дейінгі уақытты 60 минутқа дейін өзгертуге болады.
 - ACC режимінде қуатты автоматты түрде өшіруді сендіріп қоюға болады.
- Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.
- Электр қуаты автоматты түрде өшірілген жағдайда есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен рульді блоктау және есіктерді құлыптау немесе құлыптарын ашу мүмкін емес.

Ескертуді қосу

E00305900486


Автокөлікті айдап әкетуге немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің кездейсоқ қосылуына жол бермеу үшін дыбыс сигналы қосылады және көпфункционалы дисплейге жүргізушіге ескертетін ақпараттық терезе шығарылады.

Ескерту қосылған кезде міндетті түрде автокөлікті және электрондық кілттің жұмысын тексеріңіз. Ескерту сондай-ақ автокөлікті қашықтан басқару жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда да дисплейге шығарылады. Төмендегі ескерту хабарламаларының бірі пайда болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.




	Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің ақаулығы.
	Электрондық кілттің қуат элементінің отыруы.
	OFF жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін қайтадан қозғалтқышты оталдырыңыз. Егер ескерту өшпесе, бұл электрондық иммобилайзерде (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйеде) ақаулықтың бар екенін білдіреді. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Келесі ескерту хабарламалары әрмен қарай дұрыс әрекеттер жасаған жағдайда өшеді.

- Электрондық кілттің сәйкестендіру коды автокөлікте тіркелген кодқа сәйкес келмейді.


	Сізге басқа автокөліктің басқа коды бар электрондық кілт болуы немесе электрондық кілт жүйесінің әрекет ету аймағынан тыс жерде орналасқан болуы мүмкін.
	«Электрондық кілттің бар-жоғын бақылау жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-15-бет.

- Жұқсалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер тіпті жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін немесе жұқсалғыш есігіндегі LOCK түймесін басқан жағдайда да құлыпталмайды.


	«Электрондық кілттің салон ішінде құлыпталып қалуын болдырмау жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-15-бет.
	«Жабылмаған есіктерді бақылау жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-16-бет.
	«OFF жұмыс режимін қосу қажеттігі туралы ескерту жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-16-бет.

Электрондық кілттің бар-жоғын бақылау жүйесі

E00308000420



Автокөлік бір орында тұрғанда және OFF режимінен өзге жұмыс режимі қосулы тұрғанда автокөліктің есігін ашсаңыз, салон ішінен электрондық кілтті шығарсаңыз және есікті жапсаңыз, дисплейге ескерту шығарылады және мұнымен бір мезгілде төрт реттік зуммер сигналы беріледі.

	ЕСКЕРТПЕ
	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық кілт сыртқа есікті ашпастан ашық тұрған терезе арқылы шығарылған жағдайда электрондық кілттің бар-жоғын бақылау жүйесі жұмыс істемейді. ● Электрондық кілттің бар-жоғын бақылау жүйесінің баптауларын электрондық кілтті есікті ашпастан ашық тұрған терезе арқылы шығарған жағдайда да жұмыс істейтіндей етіп өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады. ● Тіпті электрондық кілт қозғалтқышты оталдыруға арналған жүйенің әрекет ету аймағында болса да, жүйе электрондық кілттің сәйкестендіру кодын, мысалы, электр-магнитті немесе басқа да кедергілердің себебінен жүйеде тіркелген кодпен салыстыра алмайтын жағдайда, ескерту сигналы қосылуы мүмкін.

3

Электрондық кілттің салон ішінде құлыпталып қалуын болдырмау жүйесі

E00308100391



Егер OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда жұқсалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер жабылатын болса және бұл ретте электрондық кілт салон ішінде қалдырылатын болса, онда жұқсалғыш есігін қоса алғанда есіктерді жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлпын ашу

түймесін немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін басу арқылы құлыптауға әрекет жасалған кезде дисплейге ескерту хабарламасы шығарылады және 3 секундқа зуммер сигналы қосылады, ал есіктер құлыпталмайды.

3

ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерді құлыптамас бұрын электрондық кілтті өзіңізбен бірге алғаныңызға көз жеткізіңіз. Тіпті электрондық кілт автокөлік салонында қалдырылса да, есіктерді қашықтан құлыптау радиосигналы мен айналадағы электр-магнитті өрістердің белгілі жағдайларында есіктер құлыпталуы мүмкін.

Жабылмаған есіктерді бақылау жүйесі

E00308200347



CHECK DOORS

Егер OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін басу арқылы құлыптауға әрекет жасасаңыз және бұл ретте есіктердің бірі немесе жүксалғыш есігі тығыз жабылмаған болса, дисплейге ескерту хабарламасы шығарылады және 3 секундқа зуммер сигналы қосылады, ал есіктер құлыпталмайды.

3-16 Есіктерді құлыптау және құлып ашу

OFF жұмыс режимін қосу қажеттігі туралы ескерту жүйесі

E00308301589



Егер OFF жұмыс режимінен басқа жұмыс режимі қосулы тұрғанда жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктерді жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлып ашу түймесін немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін басу арқылы құлыптауға әрекет жасасаңыз, дисплейге ескерту хабарламасы шығарылады және 3 секундқа зуммер сигналы қосылады, ал есіктер мен жүксалғыш есігі құлыпталмайды.

Рульді блоктау

E003068011391

Блоктау

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басқаннан және OFF жұмыс режимін таңдағаннан кейін жүргізуші есігін ашқан кезде руль блокталады.

САҚТАНДЫРУ

- Егер қозғалтқыш қозғалыс кезінде өшіп қалса, автокөлік қауіпсіз жерге тоқтамайынша есіктерді ашпаңыз және қашықтан басқару пультіндегі LOCK түймесін баспаңыз. Олай етпесеңіз, руль блокталып қалуы мүмкін, бұл автокөлікті басқаруды мүмкін емес етеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Руль селектор тұтқасы Р (тұрақ) күйінде тұрған кезде OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда келесі операциялар орындалған жағдайда блокталады:
 - Есіктердің бірінің (жүксалғыш есігінен басқа) ашылуы немесе жабылуы.
 - Жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптау.
- Егер жүргізуші есігі ашық болса, алайда руль блокталмаған болса, ескерту көрсетіледі және зуммер сигналы қосылады.



Блоктан шығару

Рульді блоктан шығару үшін келесі тәсілдерді қолдануға болады:

- ACC жұмыс режимін қосыңыз.
- Қозғалтқышты оталдырыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөліктен шығар кезде міндетті түрде кілтті өзіңізбен бірге алыңыз.
- Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, рульді блоктан шығару үшін ACC жұмыс режимін қосыңыз.
«Апаттық жағдайда сүйреу» бөлімін қараңыз, 8-20-бет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер рульді блоктан шығарудың сәті түспесе, көпфункционалы дисплейдің ақпараттық терезесінде ескерту хабарламасы бар терезе пайда болады. Бұл жағдайда рульді жан-жаққа жеңіл бұра отырып, қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін тағы бір рет басыңыз.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер руль күтпеген жерден блокталып қалса, ескерту хабарламасы көрсетіледі және ішкі зуммер қосылады. OFF жұмыс режимін қосыңыз және электрондық кілттегі блоктау түймесін басыңыз. Осыдан кейін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз. Егер бақылау шамы өшпесе, автокөлігіңізді тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына көрсетіңіз.



- Егер рульдің блокталуы кезінде ақаулық тіркелсе, ескерту хабарламасы көрсетіледі және ішкі зуммер қосылады. Мұндай жағдайда дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жақын жердегі MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



Қозғалтқышты оталдыру және өшіру

E00306901523

Қозғалтқышты оталдыру ережелері

- Қозғалтқышты кез келген жұмыс режимінде оталдыруға болады.
- Егер қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін бірден жіберсеңіз, стартер шамамен 15 секунд бойы айналып тұрады. Стартер әлі айналып тұрған кезде қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін қайта бассаңыз, стартер тоқтайды. Егер қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басылған күйінде ұстап тұрсаңыз, стартер шамамен 30 секунд бойы айналып тұрады. Егер қозғалтқыш оталмаса, сәл күте тұрыңыз, содан кейін қозғалтқышты қайтадан оталдыруға әрекет жасаңыз. Қозғалтқышты стартермен оталдыру әрекеттерін көп рет қайталамаған жөн, себебі бұл стартердің және қозғалтқыш элементтерінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышымен жабық үй-жайларда немесе нашар желдетілетін жерлерде ол жерден шығып кетуге немесе автокөлікті басқа жерге жылжытып қоюға қажетті уақыттан ұзағырақ қалдыруға тыйым салынады. Иіс газының иісі жоқ және ол өмірге қауіпті дәрежеде ұлы.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті сүйреу немесе итеру жолымен қозғалтқышты оталдыруға тырыспаңыз.
- Қозғалтқыш қызбайынша оның жоғары айналымдармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз, автокөлікті жоғары жылдамдықтарға дейін үдетпеңіз.

Қозғалтқышты оталдыру

E00307002137


Қозғалтқышты оталдыру реті:

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Оң аяғыңызбен тежегіш педалін басып ұстаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер біршама уақыттан кейін қозғалтқыш оталмаса, қозғалтқышты оталдыру кезінде тежегіш педалінің қарсы күші ұлғаюы мүмкін. Егер бұл орын алса, тежегіш педалін әдеттегіден көбірек күшпен басыңыз.

4. Ілінісу педалін тірелгенше басыңыз және басылған күйінде ұстап тұрыңыз (M/T бар автокөлікте).
5. M/T бар автокөліктерде бейтарап берілісті (N күйі) қосыңыз.
CVT бар автокөліктерде селектор тұтқасының P (тұрақ) күйіне қойылғанына көз жеткізіңіз.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқышты селектор тұтқасы P (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінде тұрған кезде (CVT бар автокөліктерде) ғана оталдыруға болады. Қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты жетекші дөңгелектер блокталып тұратын селектор тұтқасы P (тұрақ) күйінде тұрған кезде оталдырған жөн.

6. Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз.
7. Барлық бақылау шамдарының тиісінше жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш оталғаннан кейін азын-аулақ шу естілуі мүмкін, ол қозғалтқыш қызғаннан кейін тыйылады.

■ Егер қозғалтқыш оталмаса

Бірнеше рет әрекет еткеннен кейін қозғалтқыштың оталмай қалуына тап болуыңыз мүмкін.

1. Барлық электр энергиясын тұтынушылардың шамдардың, жылытқыш желдеткішінің, артқы әйнек жылытқышының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. CVT бар автокөліктерде тежегіш педалін немесе механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін жүрісінің жартысына дейін басыңыз, содан кейін стартерді қосыңыз. Қозғалтқыш оталғаннан кейін акселератор педалін бірден жіберіңіз.
3. Егер қозғалтқыш бұрынғыша оталмай тұрса, оталдыру біттелеріне бензин құйылып қалған болуы әбден мүмкін. CVT бар автокөліктерде тежегіш педалін немесе механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін тірелгенше басыңыз, содан кейін стартерді қосу үшін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз. Егер 5–6 секунд өткеннен кейін қозғалтқыш оталмаса, стартерді өшіру үшін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз және акселератор педалін жіберіңіз. OFF жұмыс режимін қосыңыз. Бірнеше секунд күте тұрыңыз, содан кейін стартерді қосу үшін тежегіш педалін (CVT) немесе ілінісу педалін (M/T) басып тұрып, қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін қайтадан басыңыз, алайда бұл ретте акселератор педалін баспаңыз. Егер қозғалтқыш оталмаса, жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз. Егер қозғалтқыш қайтадан оталмаса, автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

■ **MIVEC қозғалтқышы бар модификация***

MIVEC қозғалтқышында кіргізу клапандарын басқару режимдерін қозғалыс жағдайларына байланысты төмен және жоғары айналымдар режимдерінде автоматты түрде ауыстырып қосу орын алады. Осылайша қозғалтқыштың оңтайлы жұмыс сипаттамаларына қол жеткізіледі.

Қозғалтқышты өшіру

E00312601121

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тек төтенше жағдайларда ғана қозғалыс кезінде қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін пайдалануға рұқсат етіледі. Егер қозғалыс кезінде қозғалтқыш өшіп қалатын болса, тежегіш күшейткіші өшеді және тежегіштердің тиімділігі төмендейді. Сондай-ақ рульді басқару күшейткіші де жұмыс істемей қалады, сондықтан рульді бұруға көбірек күш жұмсауға тура келеді. Бұл ауыр апатқа алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалыс кезінде шұғыл қажеттіліктен қозғалтқышты өшіргіңіз келсе, қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басып кемінде 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз немесе осы түймені қатарынан кемінде 3 рет тез-тез басып қалыңыз. Қозғалтқыш тоқтатылады, ACC жұмыс режимі қосылады.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Қозғалтқышты селектор тұтқасы Р (тұрақ) күйінде тұрған кезде ғана тоқтату қажет (CVT бар автокөліктерде). Егер қозғалтқышты өшірген кезде селектор тұтқасы Р (тұрақ) күйінен басқа қандай да бір күйде тұратын болса, OFF жұмыс режимінің орнына ACC жұмыс режимі қосылады. Селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырғаннан кейін OFF жұмыс режимін қосыңыз.

1. Автокөлікті тоқтатыңыз.
2. Тежегіш педалін басып тұрып, тұрақ тежегішінің тұтқасын тірелгенше тартыңыз.
3. М/Т бар автокөлікте қозғалтқышты тоқтату үшін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз және бірінші берілісті (өрте тоқтаған жағдайда) немесе артқа жүру берілісін (ылдида тоқтаған жағдайда) қосыңыз. CVT бар автокөлікте селектор тұтқасын Р (ТҰРАҚ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін қозғалтқышты өшіру үшін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз.

Егер электрондық кілт ақаулы болса

E00312501175

Электрондық кілтті ұсақ-түйек жәшігінде орналасқан ұяшыққа салыңыз. Осыдан кейін қозғалтқышты оталдыру және жұмыс режимін өзгерту мүмкін болуы тиіс. Қозғалтқышты оталдырғаннан немесе жұмыс режимін өзгерткеннен кейін электрондық кілтті ұяшықтан шығарып алыңыз.



AG0027173

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Ұяшыққа электрондық кілттен басқа ешқандай затты сұқпаңыз. Бұл оның зақымдалуына немесе дұрыс жұмыс істемеуіне алып келуі мүмкін.
- Электрондық кілтті ұяшыққа салмас бұрын электрондық кілттен бөтен заттар мен көмекші кілтті шешіп алыңыз. Әйтпесе жүйе тіркелген кілттен қолты оқи алмауы мүмкін. Қозғалтқыш оталмауы мүмкін немесе жұмыс режимін өзгерте алмай қаласыз.
- Электрондық кілт суретте көрсетілген бағытта ұяшыққа салынған кезде ұяшық ішінде бекітіледі. Ұяшықтан шығарып алу үшін электрондық кілтті басыңыз.

Электрондық кілтті шығарып алу қажеттігі туралы ескерту

3



Егер электрондық кілт ұяшықта тұрған кезде OFF жұмыс режимі қосылы болса және жүргізуші есігі ашылса, дисплейде тиісті ескерту пайда болады және шамамен 3 секунд бойы кілтті шығарып алу қажеттігі туралы ескертетін зуммер сигналы беріледі.


Электрондық кілтті қолданбастан автокөлікті пайдалану

E00306000123

Көмекші кілт

E00307200278

Көмекші кілт электрондық кілттің ішінде орналасқан. Егер қандай да бір себепке байланысты (мысалы, қуат элементінің отыруына) электрондық кілтті қолдану мүмкін емес болса, жүргізуші есігінің құлпын көмекші кілттің көмегімен ашуға және құлыптауға болады. Көмекші кілтті (A) қолдану үшін бекіткіш түймені (B) көрсеткі бағытына қарай жылжытыңыз және көмекші кілтті электрондық кілттің (C) ішінен шығарып алыңыз.




AG0010823

ЕСКЕРТПЕ

- Көмекші кілтті тек төтенше жағдайларда ғана қолданыңыз. Электрондық кілттің қуат элементі отырған жағдайда электрондық кілтті пайдалану үшін оны мүмкіндігінше тездетіп ауыстырыңыз.
- Көмекші кілтті қолданып болғаннан кейін оны міндетті түрде электрондық кілттің ішіне қайта салып қойыңыз.

Жүргізуші есігін құлыптау және құлпын ашу

Есікті құлыптау үшін көмекші кілтті автокөліктің алдыңғы жағына қарай, құлпын ашу үшін артқы жағына қарай бұраңыз. «Есіктер» бөлімін қараңыз, 3-24-бет.




AG0016694



- 1 — құлыптау
2 — құлпын ашу

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі

E00307702059

Қашықтан басқару пультіндегі түймелерді басу арқылы жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер құлыпталады және бәрінің құлыптары ашылады. Пульт сондай-ақ сыртқы артқы көрініс айналарын басқаруға мүмкіндік береді (сыртқы артқы көрініс айналары электржетекпен жиылатын автокөліктер).



- 1 — LOCK түймесі (құлыптау) 
 2 — UNLOCK түймесі (құлыпты ашу) 
 3 — индикатор

Құлыптау

LOCK түймесін (1) басыңыз. Осыдан кейін жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер құлыпталады. Жүксалғыш есігімен бірге есіктерді құлыптаған кезде бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Dead Lock жүйесі бар автокөліктерде LOCK түймесін (1) қатарынан екі рет басы Dead Lock жүйесінің қосылуына алып келеді («Жүйені қосу» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

Құлыпты ашу

UNLOCK түймесін (2) басыңыз. Осыдан кейін жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлып ашылады. Егер құлыпты ашу кезінде салон жарығының алдыңғы шамының ажыратқышы DOOR күйінде немесе салон жарығының артқы шамының ажыратқышы (күнқағар қалқасы бар модификациялардан өзге) ортаңғы күйде (●) тұрса, салон жарығы шамамен 15 секундқа қосылады, ал бұрылыс көрсеткіштері екі рет жыпылықтайды.

Автокөлік моделіне байланысты габарит жарықтарының шамамен 30 секундқа қосылуын бағдарламалап қоюға болады («Сыпайы жарықтандыру» бөлімін қараңыз, 5-47-бет).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің бірі ашық тұрса, есік құлыптарын қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді (тек құлыпты ашу функциясы ғана жұмыс істейді).
- Dead Lock жүйесі бар модификациялардан өзге барлық автокөліктерде есіктердің құлып ашу функциясын UNLOCK (2) түймесін бір рет басқан кезде тек жүргізуші есігінің ғана құлып ашылатындай етіп бағдарламалауға болады. Бұл жағдайда барлық есіктердің құлып ашу үшін UNLOCK түймесін қатарынан екі рет басы қажет болады. «Есіктер мен жүксалғыш есігінің құлып ашу тәсілін баптау» бөлімін қараңыз, 3-22-бет.
- Түймені әрбір басқан кезде индикатор (3) қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Сыртқы артқы көрініс айналарын жиі ажыратқышы бар автокөліктерде автокөлікті құлыптағанда және құлып ашқанда қашықтан басқару пультінің көмегімен сыртқы артқы көрініс айналарын жиіге және жұмыс күйіне қайтаруға болады. «Сыртқы артқы көрініс айналары» бөлімін қараңыз, 6-9-бет.
 - Егер UNLOCK түймесін (2) басқаннан кейін шамамен 30 секундтың ішінде жүксалғыш есігін қоса алғанда бір де бір есік ашылмайтын болса, есіктер автоматты түрде қайта құлыпталып қалады.
 - Функцияның жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - UNLOCK (2) түймесін басу мен есіктердің автоматты түрде құлыпталуының арасындағы уақыт интервалын өзгертуге болады.
 - Есіктер мен жүксалғыш есігі құлыпталған сәтте ғана немесе олардың құлып ашылған сәтте ғана растауды (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы) белгілеу.
 - Растау функциясын (бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы арқылы есіктердің құлыпталуын және құлыпның ашылуын хабарлау) өшіріп қоюға болады.
 - Есіктердің құлып ашуды/есіктерді құлыптауды растау кезіндегі бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтау санын өзгерту.
- Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Dead Lock жүйесін қолдану

Dead Lock жүйесімен жабдықталған автокөліктерде оны қосу үшін қашықтан басқару пультын қолдануға болады («Dead Lock жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

Сыртқы артқы көрініс айналарын басқару (сыртқы артқы көрініс айналары электржетекпен жиылатын автокөліктер)

E00311201449

■ Жию

LOCK түймесін (1) басу арқылы жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктерді құлыптағанда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жиылады.

■ Жұмыс күйіне қайтару

UNLOCK түймесін (2) басу арқылы жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің құлпын ашқанда сыртқы артқы көрініс айналары автоматты түрде жұмыс күйіне қайтарылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер есіктердің бірі немесе жүксалғыш есігі ашық немесе тығыз жабылмаған болса, сыртқы артқы көрініс айналарын жию немесе жұмыс күйіне келтіру мүмкін емес.
- Бұл функцияның баптауларын төмендегі жолмен өзгертуге болады:

ЕСКЕРТПЕ

- Жүргізуші есігін жапқан және ON жұмыс режимін қосқан кезде жұмыс күйіне автоматты қайту.
OFF немесе ACC жұмыс режимін қосқан және әрмен қарай жүргізуші есігін ашқан кезде автоматты жиылу.
- Жылдамдық шамамен 30 км/сағ мәніне жеткен кезде айналардың автоматты түрде жұмыс күйіне қайтуын белгілеу.
- Айналардың жұмыс күйіне автоматты қайту функциясын өшіру.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Тіпті баптаулар жоғарыда сипатталғандай өзгертілген болса да, сыртқы артқы көрініс айналарын төмендегі әрекеттердің көмегімен жиюға немесе жұмыс күйіне қайтаруға болады.

Егер автокөлікті құлыптау үшін LOCK түймесін басқаннан кейін 30 секундтың ішінде LOCK түймесін қайтадан қатарынан екі рет бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады.

Егер автокөліктің құлпын ашу үшін UNLOCK түймесін басқаннан кейін 30 секундтың ішінде UNLOCK түймесін қайтадан қатарынан екі рет бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жұмыс күйіне қайтып оралады.

- Қашықтан басқару пультінің әрекет ету аймағы шамамен автокөліктен бастап 4 метрді құрайды. Алайда телевизиялық мұнараның, электр станциясының немесе радиостанцияның жанында пультінің әрекет ету радиусы кішіреюі мүмкін.
- Төменде келтірілген проблемалардың бірінің туындауы қуат элементінің отырғанын көрсетуі мүмкін.
- Көрсетілген жұмыс істеу радиусының шегінде пультті пайдалануға әрекет жасаған кезде есіктер құлыпталмайды немесе құлыптары ашылмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Индикаторы (3) әлсіз жанып тұр немесе мүлдем қосылмайды.
Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.
Егер қуат элементін өз бетінше ауыстырмақшы болсаңыз, «Қашықтан басқару пультіңдегі қуат элементін ауыстыру процедурасы» бөлімін қараңыз, 3-23-бет.
- Қашықтан басқару пультің жоғалтқан немесе зақымдап алған жағдайда телнұсқасына тапсырыс беру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Қосымша қашықтан басқару пультіне тапсырыс беру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
Бір автокөлікке 4-ге дейін қашықтан басқару пультің жасауға болады.

Есіктер мен жүксалғыш есігінің құлпын ашу тәсілін баптау (Dead Lock жүйесімен жабдықталған автокөліктерден басқа)





E00310401356

Есіктердің құлпын ашудың екі нұсқасының бірін таңдауға болады.

Есіктердің құлпын ашудың әрбір тәсілінде тиісті құлыпты ашу тәсілін білдіру үшін дыбыс сигналы беріледі.

Сигнал	Тәсіл
Бір реттік	UNLOCK түймесін (2), жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін немесе жүксалғыш есігіндегі OPEN түймесін бір рет басқан кезде жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады (зауыттық баптау).
Екі реттік	UNLOCK түймесін (2) немесе жүргізуші есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін бір рет басқан кезде тек жүргізуші есігінің құлпы ашылады. UNLOCK түймесін немесе жүргізуші есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін екі рет басқан кезде жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады.

1. OFF жұмыс режимін қосыңыз.
2. Жарық аспаптарының қосқышын AUTO күйіне ауыстырыңыз және жүргізуші есігін ашық қалдырыңыз.
3. Келесі қадамдарды орындаңыз. II–IV қадамдар 8 секундтың ішінде орындалуы тиіс.

I қадам LOCK түймесін (1) (4–8 секунд) басып тұрыңыз.	
II қадам LOCK түймесін (1) басып тұрып, UNLOCK түймесін (2) басыңыз.	
III қадам UNLOCK түймесін (2) басып тұрып, LOCK түймесін (1) жіберіңіз.	
IV қадам UNLOCK түймесін (2) жіберіңіз.	

ЕСКЕРТПЕ

- Дыбыс сигналдарының саны ағымдағы баптауды көрсетеді.
- Баптау жүргізу кезінде түймені дұрыс басуға тырысыңыз. Егер түймелерді дұрыс тәртіппен баспасаңыз, баптау кездейсоқ бұзылып кетуі мүмкін.

Қашықтан басқару пультіндегі қуат элементін ауыстыру процедурасы

E00309601257

3

ЕСКЕРТУ

- Қуат элементін жұтуға тыйым салынады.
- Бұл құрылғыға тиын пішініндегі қуат элементі орнатылған. Егер тиын пішінді қуат элементі жұтылатын болса, бұл ішкі мүшелердің ауыр күйіктерге шалдығуына және кісі өліміне алып келуі мүмкін. Жұтылған қуат элементі небәрі 2 сағаттың ішінде ішкі мүшелерді ауыр күйікке шалдықтырған жағдайлар белгілі.
- Жаңа және пайдаланылған қуат элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Егер қашықтан басқару пультінің қақпағы тығыз жабылмайтын болса, мұндай кілтті пайдаланбаңыз және балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Егер қуат элементі жұтылды немесе адам денесінің кез келген аймағының ішіне кірді деген күдік туындаса, дереу медициналық көмекке жүгінген жөн.
- Қуат элементі жарылуы немесе одан өртену қаупі бар сұйықтық не газ ағуы мүмкін төмендегі жағдайлардан сақтаныңыз:
 - Түрі сәйкес келмейтін қуат элементін қолданбаңыз. Қуат элементін дәл сондай немесе балама элементке ауыстыру қажет.
 - Қуат элементін отқа немесе қызық өртейтін пешке тастауға немесе механикалық жолмен оны бұзуға немесе корпусын кесуе тыйым салынады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қуат элементін өте жоғары температураның немесе өте төмен атмосфералық қысымның әсеріне ұшырауы мүмкін жағдайларда пайдалануға, сақтауға немесе орнатуға тыйым салынады.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер қашықтан басқару пультінің корпусы ашық болса, оған судың, балшықтың және т. с. с. кірмеуін қадағалаңыз. Сондай-ақ кілттің ішкі бөлшектерін ұстамаған жөн.
- Пайдаланылған қуат элементін кәдеге жаратуды қуат элементтерін кәдеге жарату ережелеріне сәйкес жүргізу қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Ауыстыру үшін қуат элементін электр тауарлары дүкенінен сатып алуға болады.
- Қалауыңыз бойынша қуат элементін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында ауыстыртып алуға болады.

1. Қуат элементін ауыстырар алдында жерге қосылған металл заттан ұстап, дененіздегі статикалық электр зарядын шығарып алыңыз.
2. Көмекші кілтті электрондық кілттен шығарып алыңыз.
«Көмекші кілт» бөлімін қараңыз, 3-20-бет.
3. Пултті MITSUBISHI логотипін жоғары қаратып қойыңыз, корпустың ұяшығына шүберекпен оралған жалпақ ұшты бұрауышты салыңыз да, онымен қақпақты ашыңыз.




AF0006861

📖 ЕСКЕРТПЕ

- MITSUBISHI логотипінің жоғары қарап тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер MITSUBISHI логотипі жоғары қарап тұрмаса, қақпағын шешіп алғаннан кейін қашықтан басқару пультінің таратқышы түсіп қалуы мүмкін.

4. Ескі қуат элементін шығарып алыңыз.
5. Жаңа қуат элементін + (А) бетін жоғары қаратып салыңыз.



AF0006858

6. Қақпақты тығыз жабыңыз.
7. 2-пункте шешіп алынған көмекші кілтті салыңыз.
8. Қашықтан басқару жүйесінің жұмысқа қабілеттілігіне көз жеткізіңіз.

Есіктер

E00300402060


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Орыннан қозғалмас бұрын барлық есіктердің жабық екеніне көз жеткізіңіз: тығыз жабылмаған есіктермен жүру қауіпті.
- Автокөлік ішінде балаларды қараусыз қалдыруға тыйым салынады.
- Егер кілттері салон ішінде жатқан болса, есіктерді сыртынан құлыптамау қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Кілттің автокөлік салонында құлыпталып қалуына жол бермеу үшін ашық тұрған кезде жүргізушінің есігін жүргізуші есігіндегі құлыпты блоктау түймесімен де, кілтпен де құлыптау мүмкін болмайды.

Есікті кілтпен құлыптау және құлпын ашу



- 1 — құлыптау
2 — құлпын ашу


Есіктерді автокөлік ішінен құлыптау және құлпын ашу



- 1 — құлыптау
2 — құлпын ашу

Есіктерді кілтсіз құлыптау

Алдыңғы жолаушы есігі, артқы есік



Есікті құлыптайтын ішкі түймені (1) «құлыптау» күйіне қойыңыз және есікті жабыңыз (2).

ЕСКЕРТПЕ

- Кілттің көмегімен тек жүргізуші есігін ғана құлыптауға және құлпын ашуға болады. Жұқсалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді құлыптау және құлпын ашу үшін орталық есіктің ажыратқышын, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесін қолданыңыз. «Орталық құлып», 3-26-бет, «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі», 3-4, 3-20-беттер және «Электрондық кілтті қолдана отырып автокөлікті пайдалану», 3-10-бет, бөлімдерін қараңыз.
- Егер автокөлік автокөлікті қашықтан басқару жүйесімен жабдықталған болса, жүргізуші есігін көмекші кілтпен құлыптауға немесе құлпын ашуға болады. «Көмекші кілт» бөлімін қараңыз, 3-20-бет.

Есікті ашу үшін есіктің ішкі жағында орналасқан тұтқаны өзіңізге қарай тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүргізуші есігін есік құлпын блоктайтын ішкі түймені қолданбастан, есіктің ішкі тұтқасын өзіңізге қарай тарту арқылы ашуға болады.
- Егер автокөлік Dead Lock жүйесімен жабдықталған және жүйе іске қосылған болса, түймені «құлыпты ашу» күйіне ауыстыру есік құлпының ашылуына алып келмейді («Dead Lock жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүргізуші есігі ашық тұрса, оның құлпын осы түйменің көмегімен құлыптау мүмкін емес.

OFF жұмыс режимін қосу қажеттігі туралы ескерту жүйесі*

E00310100268

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер



Егер қозғалтқыш өшірулі тұрған және OFF жұмыс режимінен басқа жұмыс режимі орнатылған жағдайда жүргізуші есігі ашық тұрса, зуммер OFF жұмыс режимін қосу қажеттігін ескерте отырып, үзік-үзік сигнал бере бастайды.

Бұл ретте көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы бар терезе пайда болады.

Орталық құлып

E00300801777


ЕСКЕРТПЕ

- Кез келген есікті есіктің ішкі жағында орналасқан құлыптау түймесінің көмегімен құлыптауға және құлын ашуға болады.
- Кілттің көмегімен тек жүргізуші есігін ғана құлыптауға және құлын ашуға болады.
- Егер есіктің құлын бірнеше рет қатарынан ашып-жабатын болсаңыз, жүйені өшіретін кіріктірілген орталық құлыпты қорғау тізбегі іске қосылуы мүмкін. Мұндай жағдайда орталық құлып ажыратқышын қайтадан пайдаланбас бұрын шамамен 1 минут күтіңіз.
- Егер жүргізуші есігі ашық тұрса, оны орталық құлып ажыратқышының көмегімен құлыптау мүмкін емес.

Жұқсалғыш есігін қоса алғанда есіктерді құлыптау және құлын ашу

Орталық құлыптың ажыратқышының көмегімен

Жүргізуші есігіндегі орталық құлыптың ажыратқышының көмегімен жұқсалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді құлыптауға және құлын ашуға болады.



- 1 — құлыптау
2 — құлын ашу

Есіктердің және жұқсалғыш есігінің құлын ашу

E00311301466


Оталдыру жүйесі құлпының немесе қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесінің немесе селектор тұтқасының көмегімен (CVT бар автокөліктер үшін) жұқсалғыш есігін қоса алғанда есіктердің құлын ашу тәсілін таңдауыңызға болады. Бұл функциялар автокөлікті зауыттан жеткізу кезінде өшірілген күйде болады. Бұл функцияларды қосу немесе өшіру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Оталдыру жүйесі құлпының немесе қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесінің көмегімен

Оталдыру жүйесінің құлпын LOCK күйіне бұраған кезде немесе OFF жұмыс режимі қосылған кезде барлық есіктер мен жүксалғыш есігінің құлпы ашылады.

Селектор тұтқасының көмегімен (CVT бар автокөліктер үшін)

Егер оталдыру жүйесінің құлпы ON күйінде тұрса немесе ON жұмыс режимі қосылу болса, селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырған кезде жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктердің құлпы ашылады.



Dead Lockжүйесі*

E00305100130

Dead Lock жүйесі ұрлықтан сақтануға көмектеседі. Егер барлық есіктер мен жүксалғыш есігі есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесімен немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесімен құлыпталған болса, Dead Lock жүйесі есіктердің құлпын блоктау түймесінің көмегімен ішкі жақтан ашуға мүмкіндік бермейді.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлік ішінде адам отырған жағдайда Dead Lock жүйесін іске қосуға тыйым салынады. Dead Lock жүйесі іске қосылған кезде есіктердің құлпын ішкі түймелердің көмегімен ашу мүмкін емес. Егер Dead Lock жүйесі қателікпен іске қосылған болса, есік құлыптарын қашықтан басқару пультіндегі UNLOCK түймесін басу арқылы немесе автокөлікті қашықтан басқару функциясының көмегімен ашыңыз.

Жүйені қосу


E00305201402

1. Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер: кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан алыңыз. Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер: OFF жұмыс режимін қосыңыз.
2. Автокөліктен түсіңіз. Жүксалғыш есігімен бірге барлық есіктерді жабыңыз.

3. Қашықтан басқару пультіндегі LOCK түймесін (A), жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін (B) немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін (C) басу арқылы барлық есіктерді құлыптаңыз. Бұрылыс көрсеткіштері бір рет жыпылықтайды.
4. Бірінші басқаннан кейін 2 секундтың ішінде сол түймені қайта басыңыз. Dead Lock жүйесінің іске қосылғанын көрсетіп, бұрылыс көрсеткіштері үш рет жыпылықтайды.




Жүргізуші және алдыңғы жолаушы есіктерінің тұтқаларындағы құлыптау/құлыпты ашу түймелері*



AFA109194

Жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесі*



AFA129855

ЕСКЕРТПЕ

- Dead Lock жүйесі іске қосылған күйі қашықтан басқару пультінде LOCK түймесін (A) бір рет басу бұрылыс көрсеткіштерінің үш рет жыпылықтауына алып келеді. Осылайша Dead Lock жүйесінің қосылғанына көз жеткізуге болады.


Жүйені өшіру

E00305301517

Төмендегі операциялар орындалған жағдайда есіктердің (жүксалғыш есігін қоса алғанда) құлпы ашылады, ал Dead Lock жүйесі өшіріледі:


- Қашықтан басқару пультінде UNLOCK түймесін (D) басу.
- Электрондық кілт өзіңізбен бірге болған кезде жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін (E) немесе жүксалғыш есігіндегі OPEN түймесін (F) басу.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер




AFA110543

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер




AG0024967

Жүргізуші және алдыңғы жолаушы есіктерінің тұтқаларындағы құлыптау/құлыпты ашу түймелері*



AFA109240

Жүксалғыш есігіндегі OPEN түймесі



AFA129868

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің бір де бірі құлыпты ашқаннан кейін 30 секундтың ішінде ашылмаса (құлыпты ашу үшін жүксалғыш есігіндегі OPEN түймесі қолданылған жағдайларды қоспағанда), жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер автоматты түрде қайтадан құлыпталады және бір мезгілде Dead Lock жүйесі қайтадан іске қосылады.
- Тіпті есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесін немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесін қолдану мүмкін емес жағдайда да жүргізуші есігінің құлпын кілтпен ашуға болады. Егер жүргізуші есігінің құлпын ашу үшін кілт қолданылатын болса, Dead Lock жүйесі тек осы есік үшін ғана өшіріледі. Осыдан кейін қалған есіктердің құлпын ашу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:
 - Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер: оталдыру жүйесінің құлпына салынған кілтті ON не ACC күйіне бұраңыз.
 - Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер: ON не ACC жұмыс режимін қосыңыз.
- Қашықтан басқару пультіндегі UNLOCK түймесін (D) немесе жүргізуші не алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін (E) басу мен есіктердің автоматты түрде құлыпталуының арасындағы уақыт интервалын реттеуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бір мезгілде Dead Lock жүйесін қоса отырып, жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді қашықтан басқару пультіндегі LOCK түймесін (A), жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы есігінің тұтқасындағы құлыптау/құлыпты ашу түймесін (B) немесе жүксалғыш есігіндегі LOCK түймесін (C) бір рет басу арқылы құлыптау мүмкіндігі бар. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Жүйені тексеру

E00305400104

Барлық есіктердің әйнектерін түсіріңіз, содан кейін Dead Lock жүйесін іске қосыңыз («Жүйені қосу» бөлімін қараңыз, 3-27-бет).

Dead Lock жүйесін іске қосқаннан кейін қолыңызды ашық тұрған терезелерден ішке сұғыңыз да, есіктердің құлпын ішкі жағынан құлыптау түймелерімен ашу мүмкін емес екеніне көз жеткізіңіз.


ЕСКЕРТПЕ

- Dead Lock жүйесін қосу бойынша ұсыныстарды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Артқы есіктердің құлыптарын салон ішінен ашуды блоктау

E00300900999

3



- 1 — блоктау
- 2 — блоктан шығару

Бұл жүйе қозғалыс кезінде артқы есіктердің кездейсоқ ашылып кетуін болдырмайды. Егер тұтқа «бloquentалған» күйіне қойылған болса, артқы есіктерді есіктің ішкі жағындағы тұтқаның көмегімен ашу мүмкін емес. Оларды сыртынан ғана ашуға болады. Егер тұтқа «бloquentалған» күйіне ауыстырылған болса, қорғаныс механизмі жұмыс істемейді.

САҚТАНДЫРУ

- Балаларды артқы орындыққа отырғызып тасымалдаған кезде артқы есіктердің іштен ашылуын блоктауға кеңес береміз, себебі есіктің абайсызда ашылып кетуі жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

Жүксалғыш есігі

E00301403077

⚠ ЕСКЕРТУ

- Орыннан қозғалмас бұрын жүксалғыш есігінің тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз. Ашық жүксалғыш есігімен көлік жүргізу қауіпті, себебі бұл кезде салонға пайдаланылған газдардың құрамында болатын СО көміртегі тотығы (ііс газы) кіруі мүмкін. Ііс газының иісі мен түсі болмайды. Онымен тыныстау адамның ес-түсін жоғалтуына, тіпті адам өліміне алып келуі мүмкін.
- Сонымен бірге жүксалғыш есігі қозғалыс кезінде ашылып кетсе, жүк жолға шашылуы және апаттарға алып келуі мүмкін.
- Жүксалғыш адамдарды тасымалдауға арналмаған. Адамдарды жүксалғышта тасымалдауға немесе балаларды жүксалғыш ішінде ойнатуға тыйым салынады. Бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.
- Жүксалғыш есігін ашар немесе жабар кезде айналадағы аймақтың қауіпсіздігіне және автокөліктің артында және үстінде жеткілікті орынның бар екеніне көз жеткізіңіз. Сонымен бірге басыңызды соғып алмау және қолдарыңызды, мойныңызды және т. б. қысып алмау үшін абай болыңыз.
- Егер автокөлік үстіне қар немесе мұз жиналса, жүксалғыш есігін ашпас бұрын оларды тазалап алу қажет. Егер қарын не мұзды тазаламастан жүксалғыш есігін ашатын болсаңыз, есік оның үстіне жиналған қардың немесе мұздың салмағымен күтпеген жерден жабылып қалуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жүксалғыш есігін ашқан кезде есіктің соңына дейін ашылғанына және осы күйде сенімді ұсталып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер жүксалғыш есігін соңына дейін ашпасаңыз, ол ашу бағытына қарсы қозғала бастауы және күшпен тарс жабылуы мүмкін. Егер жүксалғыш есігін тегіс жермен салыстырғанда ашуға қиын болатын көлбеу жерде ашатын болсаңыз да, есік ашыла немесе жабыла бастауы және күшпен сарт жабылуы мүмкін.

⚠ САҚТАНДЫРУ


- Жүкті тиеу және түсіру кезінде түтін шығатын мұржаның жанында тұрмаған жөн. Пайдаланылған ыстық газдар күйдіруі мүмкін.
- Жүксалғыш есігінің зақымдалуына жол бермеу үшін жүкті тиеген және түсірген кезде оның ашылуына ешқандай кедергінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерді орталық құлыптың, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптаған/құлпын ашқан кезде жүксалғыш есігі де құлыпталады/құлпы ашылады.

Жүксалғыш есігін сыртынан ашу

Жүксалғыш есігінің құлпын ашқаннан кейін жүксалғыш есігіндегі OPEN түймесін (А) басып, есікті жоғары қарай тартыңыз.




📖 ЕСКЕРТПЕ

- OPEN түймесін (А) баспастан жүксалғыш есігін жоғары қарай тартып ашу мүмкін емес. Мұндай жағдайда OPEN түймесін тағы бір рет басыңыз және жүксалғыш есігін жоғары қарай тартыңыз.
- Егер аккумулятор батареясының қуаты таусылған немесе ажыратылған болса, жүксалғыш есігін ашу мүмкін емес.


Жүксалғыш есігін салон ішінен ашу

Жүксалғыш есігін салон ішінен ашуға болады. Аккумулятор батареясының қуаты таусылған жағдайлар үшін құлыпты ашу механизмі қарастырылған.

1. Жүксалғыш есігінің ішкі жағындағы қақпақтың (А) ойығына басына мата оралған жалпақ ұшты бұрауышты сұғыңыз, содан кейін жайымен кері қайыра отырып, қақпақты шешіп алыңыз.



2. Жүксалғыш есігінің құлпын ашу үшін тұтқаны (В) жылжытыңыз.




3. Ашу үшін жүксалғыш есігін итеріңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жүксалғыш есігінің құлпын ашу механизмінің қақпағы (А) үнемі жабық тұруы тиіс, себебі қозғалыс кезінде жылжып кеткен заттар абайсызда механизм тұтқасын (В) жылжытып, құлыпты ашып жіберуі мүмкін, бұдан жүксалғыш есігі ашылып кетуі мүмкін.

Жабу

Жүксалғыш есігін жабу үшін тұтқасынан (А) ұстап төмен қарай тартыңыз және есікті толық жаппай тұрып тұтқаны жіберіңіз, осыдан кейін сенімді бекітілуі үшін жүксалғыш есігін сыртынан сәл итеріңіз.




⚠ САҚТАНДЫРУ

- Жүксалғыш есігінің толық жабылуын күтіп, ішкі тұтқадан (А) ұстап тұра бермеңіз. Егер осы кезде есіктің астына қолыңыз не білегіңіз қысылып қалса, ауыр жаракат алуыңыз мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жүксалғыш есігі газды тіреуіштермен (В) ұсталып тұрады.



Олардың бүлінуіне немесе бұрыс жұмыс істеуіне жол бермеу үшін келесі талаптарды сақтаңыз:

ЕСКЕРТПЕ

- Жұқсалғыш есігін жапқан кезде газды тіреуіштерден ұстамаңыз.
- Есікті газды тіреуіштерінен ұстап тартпаңыз және итермеңіз.
- Тіреуіштерге скотч, оқшаулағыш таспалар және т. с. с. жабыстырмаңыз.
- Оларға жіптерді және т. с. с. орамаңыз.
- Газды тіреуіштерге ешқандай затты ілмеңіз.

Электр әйнеккөтергіштер

E00302201948

Әйнеккөтергіштердің электржетегі оталдыру жүйесі қосулы (оталдыру жүйесінің құлпы ON күйінде) тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда ғана жұмыс істейді.

ЕСКЕРТУ

- Әйнеккөтергіштің электржетегін қосар алдында қозғалып жатқан әйнектің басыңызды, қолыңызды, саусақтарыңызды және басқа дене мүшелеріңізді қысып қалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Автокөліктен шыққан кезде, ішінде кілтті қалдырмаңыз.
- Балаларды немесе электр әйнеккөтергіштерді қауіпсіз пайдалануға қабілеті жоқ тұлғаларды автокөлік ішінде қараусыз қалдыруға тыйым салынады.
- Бала абайсызда әйнеккөтергішті қосып қалуы, оның қолы немесе басы әйнекпен қысылып қалуы мүмкін.

Әйнеккөтергіштердің электржетегінің пернелері

E00302303435

Әрбір есіктің электр әйнеккөтергіші тиісті пернені басқан кезде қосылады.



AG0024202

- 1 — жүргізуші есігінің әйнеккөтергіші
- 2 — алдыңғы жолаушы есігінің әйнеккөтергіші
- 3 — артқы сол жақ есіктің әйнеккөтергіші
- 4 — артқы оң жақ есіктің әйнеккөтергіші
- 5 — электр әйнеккөтергіштерді блоктау қосқышы


Жүргізуші жақтағы пернелер

Жүргізуші жақтағы пернелердің көмегімен барлық есіктердің әйнеккөтергіштерін басқаруға болады. Тиісті пернені басу арқылы әйнекті көтеруге немесе түсіруге болады. Әйнекті түсіру үшін пернені басыңыз, ал көтеру үшін жоғары тартыңыз.

Жүргізуші есігінің әйнеккөтергішінің пернесін тірелгенше басқан (немесе тартқан) кезде жүргізуші есігінің әйнегі автоматты түрде толық түсіріледі (көтеріледі). Егер әйнекті аралық күйде тоқтату қажет болса, пернені сәл басыңыз (тартыңыз).

Жолаушылар орындарының жанындағы пернелер

Жолаушылар орындарының жанындағы пернелердің көмегімен жолаушылардың тиісті есіктерінің әйнеккөтергіштерін басқаруға болады. Әйнекті түсіру үшін пернені басыңыз, ал көтеру үшін жоғары тартыңыз.



AG0024231


ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде әйнеккөтергіштерді жиі қосу аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келеді. Әйнеккөтергіштерді тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана пайдаланыңыз.
- Артқы есіктердің әйнектері тек терезе биіктігінің жартысына дейін түсіріледі.

Электр әйнеккөтергіштерді блоктау қосқышы

E00303101032

Бұл қосқыш қолданылған жағдайда жолаушылар өздерінің пернелерінің көмегімен әйнектерді көтере немесе түсіре алмайды, ал жүргізуші жақтағы пернелердің көмегімен тек жүргізуші есігінің әйнегін көтеруге және түсіруге болады. Пернелерді блоктан шығару үшін блоктау қосқышын қайта басыңыз.



- 1 — блокталған
2 — блоктан шығарылған

⚠ ЕСКЕРТУ

- Бала абайсызда әйнеккөтергішті қосып қалуы, оның қолы немесе басы әйнекпен қысылып қалуы мүмкін. Егер автокөлік ішінде бала отырса, әйнеккөтергіштерді блоктау пернесімен блоктап қоюға кеңес береміз.

Таймер

E00302400800

Есіктердің әйнектерін қозғалтқышты өшіргеннен кейін 30 секундтың ішінде көтеруге және түсіруге болады. Алайда жүргізуші есігін немесе алдыңғы жолаушы есігін ашқаннан кейін әйнеккөтергіштер жұмысын тоқтатады.

Жарақат алудан сақтандыру механизмі (тек жүргізуші есігінің әйнегінде ғана)

E00302501895

Егер қозғалып келе жатқан әйнектің арасында қол немесе бас қалып қойса, әйнек автоматты түрде түсіріледі. Осыған қарамастан жүргізуші есігінің әйнегін көтермес бұрын ешбір жолаушының терезеден қолын немесе басын шығарып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Жарақат алудан сақтандыру механизмі іске қосылған соң әйнекті бірнеше секундтан кейін көтеруге болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер аккумулятор батареясы ағытылған немесе әйнеккөтергіш тізбегінің сақтандырғышы ауыстырылған болса, жарақат алудан сақтандыру механизмі өшіріледі. Егер осы кезде әйнектің арасына қолыңыз не басыңыз қысылып қалса, ауыр жарақат алуыңыз мүмкін.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Әйнек жүрісінің ең соңында жарақат алудан сақтандыру механизмі өшіріледі. Бұл әйнекті толық көтеруге мүмкіндік береді. Осы сәтте ерекше сақ болу және терезе саңылауына саусақтарды қоймау қажет.
- Жарақат алудан сақтандыру механизмі перне көтерілген күйде тұрған кезде өшіріледі. Осы сәтте ерекше сақ болу және терезе саңылауына саусақтарды қоймау қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалыс кезінде жүргізуші есігінің әйнегіне соққылар тиетін немесе әйнектің арасына қолдар не бас қысылып қалған кездегіге ұқсас физикалық жүктемелер түсетін болса, жарақат алудан сақтандыру механизмі іске қосылуы мүмкін.
- Егер аккумулятор батареясы ағытылған немесе әйнеккөтергіш тізбегінің сақтандырғышы ауыстырылған болса, жарақат алудан сақтандыру механизмі өшіріледі және есіктің әйнегін автоматты режимде толық түсіру/көтеру мүмкін болмайды. Егер жүргізуші есігінің әйнегі түсірілген болса, әйнек соңына дейін көтерілгенше тиісті қосқышты көп рет көтеріңіз. Содан кейін пернені жіберіңіз, қайтадан көтеріңіз және осы калпында кемінде бір секунд ұстап тұрыңыз, содан кейін жіберіңіз. Осыдан кейін жүргізуші есігінің әйнеккөтергіші калыпты режимде жұмыс істей бастайды.

Күнқағар қалқа*

E00302801407

3

⚠ ЕСКЕРТУ

- Күнқағар қалқаның электржетегін қосар алдында қозғалып жатқан қалқаның басыңызды, қолыңызды, саусақтарыңызды және т. с. с. қысып қалмайтынына көз жеткізіңіз.
- Автокөліктен шыққан кезде, ішінде кілтті қалдырмаңыз.
- Балаларды немесе күнқағар қалқаның электржетегін қауіпсіз пайдалануға қабілеті жоқ тұлғаларды автокөлік ішінде қараусыз қалдыруға тыйым салынады.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде басыңыздың, қолыңыздың, саусақтарыңыздың және т. с. с. күнқағар қалқа ойғының жиектерінің жанында тұрмауын қадағалаңыз. Әйтпесе шұғыл тежелген кезде жарақат алу қаупі бар.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Панорамалық әйнек төбеге ауыр жүк қоймаңыз. Бұл төбе әйнегінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Күнқағар қалқаның ойғына ауыр жүктер ілменіз, жолаушылардың ойықтың шеттерінен ұстап асылып тұруына жол берменіз, күнқағар қалқа ұстағышының ойғына, сондай-ақ төбе мен күнқағар қалқа ойғының арасында кез келген жағында орналасқан өзге бөлшектерге басқа да үлкен күш түсірменіз. Бұл күнқағар қалқаның зақымдалуына алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Күнқағар қалқа толық ашылғаннан немесе жабылғаннан кейін бірден қосқышты жіберіңіз.
- Егер қосқышты басқан кезде күнқағар қалқа қозғала бастамаса, қосқышты жіберіңіз және қалқаның қозғалуына кедергілердің бар-жоғын тексеріңіз. Егер күнқағар қалқаның қозғалуына ешқандай кедергі жоқ болса, қалқаның жетегін тексеруге кенес беріледі.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде күнқағар қалқаның электржетегін ұзақ уақыт бойы пайдалану аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келеді. Күнқағар қалқаның жетегін тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана пайдаланыңыз.
- Автокөлікті ұзақ уақытқа тұраққа қойған кезде күнқағар қалқаны жауып қойыңыз. Егер автокөлікті ыстық ауа райында ашық күнқағар қалқасымен күннің астында қалдырсаңыз, салон іші қатты ысып кетеді.

Күнқағар қалқаның электржетегі оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда ғана жұмыс істейді.



- 1 — ашу
2 — жабу
3 — тоқтату

Күнқағар қалқаны ашу үшін қосқышты (1) бағытында басыңыз.

Егер ажыратқышты (1) бағытында басып, осы күйде ұстап тұрсаңыз, күнқағар қалқа автоматты түрде ашылады. Күнқағар қалқа автоматты қозғалысын бастаған сәтте ажыратқышты жіберіңіз.

Күнқағар қалқаның қозғалысын тоқтату үшін ажыратқышты (1), (2) немесе (3) бағытында басыңыз.

Күнқағар қалқаны жабу үшін қосқышты (2) бағытында басыңыз.

Егер ажыратқышты (2) бағытында басып, осы күйде ұстап тұрсаңыз, күнқағар қалқа автоматты түрде жабылады. Күнқағар қалқа автоматты қозғалысын бастаған сәтте ажыратқышты жіберіңіз.

Күнқағар қалқаның қозғалысын тоқтату үшін ажыратқышты (1), (2) немесе (3) бағытында басыңыз.

Жарақат алудан сақтандыру механизмі

Егер жабылып келе жатқан күнқағар қалқаның арасына қол немесе бас қысылып қалса, қалқа автоматты түрде ашылады.

Осыған қарамастан күнқағар қалқаны ашпас немесе жаппас бұрын оның жанында ешкімнің басы немесе қолы жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Жарақат алудан сақтандыру механизмі іске қосылған соң күнқағар қалқаны бірнеше секундтан кейін жабуға болады.

САҚТАНДЫРУ

- Күнқағар қалқа жүрісінің соңында жарақат алудан сақтандыру функциясы өшеді. Бұл қалқаны толық жабуға мүмкіндік береді. Осы сәтте ерекше сақ болу және саусақтардың саңылауға қойылмауын қадағалау қажет.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалыс кезінде күнқағар қалқаға соққылар тиетін немесе оның арасына қолдар не бас қысылып қалған кездегіге ұқсас физикалық жүктемелер түсетін болса, жарақат алудан сақтандыру механизмі іске қосылуы мүмкін.



Орындықтар және қауіпсіздік белбеулері

Орындықтар	4-2
Орындықтарды реттеу	4-2
Алдыңғы орындықтар	4-3
Артқы орындықтар	4-6
Бассүйегіштер	4-6
Жүксалғыш ауданын ұлғайту	4-7
Қауіпсіздік белбеулері	4-9
Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеуін пайдалануы	4-13
Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тарту және тартылу күшін шектеу жүйесі	4-14
Бала орындықтары	4-15
Қауіпсіздік белбеулерін тексеру	4-23
Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесі (SRS): қауіпсіздік жастықтары	4-24



AG1002300

1 — алдыңғы орындықтар

- Бойлық бағытта реттеу → 4-3-бет.
- Арқалықтың еңкею бұрышын реттеу → 4-3-бет.
- Орындық биіктігін реттеу (тек жүргізуші орындығы) → 4-4-бет.
- Орындық жылытқышы * → 4-5-бет.

2 — артқы орындықтар

- Шынтақтаяныш * → 4-6-бет.

Орындықтарды реттеу

E00400302073

Жүргізуші орындығын өзіңізге ыңғайлы болу үшін, педальдарға, рульге, ауыстырып қосқыштарға және т. б. жету үшін және айналыңың шолу мүмкін болатындай етіп реттеңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде орындық күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл автокөліктің бақылаудан шығып, апаттың орын алуына әкелуі мүмкін. Реттелгеннен кейін, реттеу механизміне әсер етпестен, орындықты алға және артқа жылжытып көріп, оның бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Сапар кезінде барлық жолаушылардың орындықтарда отырғанына және қауіпсіздік белбеулерін тағып отырғанына көз жеткізіңіз. Балаларды тасымалдау үшін әрқашан бала орындығын пайдалану қажет.
- Соқтығысу немесе кенеттен тежеу кезінде адамдар жаракаттанбауы үшін автокөлік қозғалысы кезінде орындықтардың арқалықтары тік күйде болуы керек. Орындық арқалығы еңкейіп тұрған кезде қауіпсіздік белбеуінің қорғаныс әсері айтарлықтай төмендейді. Егер арқалық шалқайып тұрса, жолаушының қауіпсіздік белбеуінің астына кіріп кету қаупі артады, бұл ауыр жаракат алу қаупін арттырады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлік орындықтарының астына қандай да бір затты қоюға тыйым салынады. Бұл орындықтың толықтай бекітілуіне кедергі келтіріп, нәтижесінде жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар бұл орындықтарға немесе автокөлік интерьерінің басқа элементтеріне зақым келтіруі мүмкін.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында орындықтарды ересектер дұрыс реттеуі немесе орындықтарды ересектердің бақылауында реттеу керек.
- Көлік жүргізу кезінде арқа мен орындық арқалығының арасына жастықтар мен басқа да ұқсас заттарды салмаңыз. Бұл соқтығысу болған жағдайда бас сүйегіштердің қорғаныс әсерінің тиімділігін төмендетеді.
- Орындықтарды жылжитқанда, қолдарыңыз бен аяқтарыңызды қысып алмаңыз.

Алдыңғы орындықтар


E00400400142

Бойлық бағытта реттеу

E00400501951

Механикалық реттеу


Орындықты реттеу тұтқасын жоғары қарай тартыңыз және орындықты алға немесе артқа қарай қажетті күйге жылжытыңыз. Орындықты қажетті күйге орнатқаннан кейін, орындықты бекіту үшін тұтқаны жіберіңіз.

**⚠ ЕСКЕРТУ**

- Орындықтың бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны тұтқаны ұстамастан алға және артқа жылжытып көріңіз.

Электржетекті орындық

Орындықтың күйін реттеу үшін қосқышты көрсеткілермен көрсетілген бағытта жылжытыңыз.



- 1 — алға жылжыту
- 2 — артқа жылжыту

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Аккумулятор қуаты таусылмас үшін орындықтардың электржетегін қозғалтқыш қосылып тұрған кезде ғана пайдаланыңыз.

Арқалықтың еңкею бұрышын реттеу

E00400602164

Механикалық реттеу

Арқалықты шалқайту үшін сәл алға қарай еңкейіп, арқалықты бекіту тұтқасын жоғары қарай тартыңыз, содан кейін арқалыққа шалқайып, оны қалаған бұрышқа еңкейтіп, тұтқаны жіберіңіз. Орындық арқалығы осы күйде бекітіледі.




⚠ САҚТАНДЫРУ

- Аркалықтың еңкею механизмі серіппемен жүктелген, ол тұтқа көтеріліп тұрған кезде аркалықты тік күйге қайтаруға тырысады. Аркалықты бекіту тұтқасын көтерген кезде, аркалық тік күйге күрт қайтпауы үшін орындықтың аркалығына сүйеніңіз немесе оны қолыңызбен ұстаңыз.

Электржетекті орындық

Аркалықтың еңкею бұрышын реттеу үшін ажыратқышты көрсеткілермен көрсетілген бағытта жылжытыңыз.



- 1 — аркалықты еңкейту
- 2 — аркалықты шалқайту

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Аккумулятор қуаты таусылмас үшін орындықтардың электржетегін қозғалтқыш қосылып тұрған кезде ғана пайдаланыңыз.

Орындық биіктігін реттеу (тек жүргізуші орындығы)

E00400702279

Механикалық реттеу

Орындықтың биіктігін реттеу үшін тұтқаны көрсеткілермен көрсетілген бағытта жылжытыңыз.




- 1 — көтеру
- 2 — жіберу

Электржетекті орындық


Орындықтың биіктігін реттеу үшін қосқышты көрсеткілермен көрсетілген бағытта жылжытыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Аккумулятор қуаты таусылмас үшін орындықтардың электржетегін қозғалтқыш қосылып тұрған кезде ғана пайдаланыңыз.



1 — жастықтың алдыңғы бөлігін көтеру және түсіру



3 — жастықты толығымен көтеру және түсіру




2 — жастықтың артқы бөлігін көтеру және түсіру

Орындық жылытқышы *

E00401102528

Орындық жылытқышын оталдыру жүйесі қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде ғана қосуға болады. Жылытқышты қосқан кезде бақылау шамы (A) қосылады.



AF3101695

- 1 (HI) — жоғары қуат (орындықтарды тез жылыту үшін)
- 2 — жылытқыш өшірулі
- 3 (LO) — төмен қуат (орындықтардың орташа температурасын ұстап тұру үшін)

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер орындық жылытқышы қажет болмаса, оны өшіріңіз.
- Орындықтарды тез жылыту үшін HI режимін қолдану керек. Орындық қызғаннан кейін қалыпты температураны ұстап тұру үшін LO режимін қосыңыз. Жылытқыш қосылып тұрған кезде орындықтардың температурасы шамалы ауытқуы мүмкін. Бұл жүйеге кіріктірілген термостаттың жұмысы нәтижесінде пайда болады және қаулықтың белгісі емес.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Орындық жылытқышын қолданған кезде кейбір адамдар қатты ыстықты сезінуі немесе аздап күйіп қалуы (терінің қызаруы, күлбіреуі және т. б.) мүмкін:
 - балалар, қарттар, наукастар;
 - терісі сезімтал адамдар;
 - қатты шаршаған адамдар;
 - алкоголь немесе ұйықтататын дәрі-дәрмек (суыққа қарсы және т. б.) ішкен адамдар.
- Орындықтарға ауыр заттарды салмаңыз және оларға инелер, түйреуіштер және басқа да өткір заттарды қадаманыз.
- Жылытқышты қолданған кезде орындыққа жастықтар, көрпелер және жылу оқшаулағыш материалдардан жасалған басқа заттарды салмаңыз: бұл қыздыру элементінің қызып кетуіне әкелуі мүмкін.
- Орындықтарды тазалау үшін бензин, керосин, спирт және өзге де органикалық еріткіштерді пайдалануға тыйым салынады. Олар орындықтардың қаптауышын ғана емес, сонымен қатар қыздыру элементін де зақымдауы мүмкін.
- Орындыққа су мен басқа сұйықтықтар тиген кезде, жылытқышты қоспас бұрын олардың толықтай кебуін күтіңіз.
- Орындық жылытқышы зақымданды деп күдіктенгенде, оны дереу өшіріңіз.

Артқы орындықтар

E00401300412


⚠ ЕСКЕРТУ

- Артқы орындыққа отырғанда, бассүйегіштің биіктігін реттеп, бекітіңіз. Жолға шықпас бұрын бассүйегішті міндетті түрде реттеп алыңыз. Әйтпесе соқтығысқан кезде ауыр жарақат алуға болады.

Шынтақтаяныш *

E00401700650

Шынтақтаянышты пайдалану үшін оны келденеңінен орнатыңыз. Шынтақтаянышты бастапқы күйіне қайтару үшін орындықтың арқалығына қарай тірелгенше итеріп, оны тігінен көтеріңіз.



AG0022921

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Шынтақтаянышқа тұрмаңыз және отырмаңыз. Әйтпесе ол зақымдалуы мүмкін.
- Шынтақтаяныштың жоғарғы жағында артқы орындықтардың жолаушыларына арналған стакан қойғыш бар. «Стакан қойғыш» бөлімін қараңыз, 7-79-бет.

Бассүйегіштер


E00403301439

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер бассүйегіштер орнатылмаған болса, онда апат орын алған жағдайда бұл ауыр жарақатқа немесе тіпті жүргізуші мен жолаушылардың өліміне әкелуі мүмкін. Апат болған жағдайда жарақат алу қаупін азайту үшін жолаушылар отыратын орындықтарда бассүйегіштер дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Арқаныз бен орындық арқалығының арасына жастық немесе басқа ұқсас заттарды салуға тыйым салынады, өйткені бұл бас пен бассүйегіштің арасындағы қашықтықтың артуына байланысты бассүйегіштің қорғаныс әсерінің тиімділігін төмендетеді.


Биіктікті реттеу

Бассүйегіштің биіктігін бассүйегіштің ортасы көз деңгейінде болатындай етіп реттеңіз: бұл күйде апат кезінде жарақат алу ықтималдығы төмендейді. Егер адамның бойы тым ұзын болса және бассүйегіштің ортасын оның көз деңгейіне орнату мүмкін болмаса, бассүйегішті ең жоғары биіктікке орнату керек. Бассүйегішті көтеру үшін оны жоғары қарай тартыңыз. Төмен түсіру үшін биіктікті реттеу түймесін (А) көрсеткімен көрсетілген бағытқа тірелгенше бағырып, төмен басыңыз. Реттелгеннен кейін, бассүйегіштің бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны басыңыз.



Шешіп алу

Бассүйегішті шешіп алу үшін оны биіктікті реттеу түймесін (А) басып көтеріңіз.




Орнату

Бассүйегіштің дұрыс бағытталғанына көз жеткізіңіз, содан кейін оны көрсеткімен көрсетілген бағытта биіктікті реттеу түймесін (А) басып, орындықтың арқалығына салыңыз.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Биіктікті реттеу түймесінің (А) күйін тексеріңіз, түйменің суретте көрсетілгендей дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз және орындық арқалығына бекітілгеніне көз жеткізу үшін бассүйегішті жоғары қарай тартып көріңіз.



Жүксалғыш ауданын ұлғайту

E00403400231



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Әртүрлі орындықтардағы бассүйегіштердің пішіні мен өлшемдері әртүрлі. Бассүйегіштерді орнатқан кезде оларды тиісті орындықтарға орнатыңыз. Бассүйегіштерді қате күйде орнатуға тыйым салынады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде, сондай-ақ автокөлік еңісте тұрған кезде жүксалғышты ұлғайту үшін орындықтарды жиюға тыйым салынады. Бұл жағдайда орындықтар қажет болғаннан да алысқа жылжып, ауыр жарақаттануыңыз мүмкін.
- Орындықтарды жию қажет болса, оларды автокөлік қозғала бастағанға дейін жинаңыз.
- Автокөлік қозғалып келе жатқанда жүксалғышта адамдар болмауы тиіс. Жолкөлік оқиғасы болған жағдайда, орындықтарда отырмайтын және қауіпсіздік белбеулерін тақпайтын жолаушылар ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Сондай-ақ балаларға автокөліктің артқы жағындағы жүксалғышта ойнауға тыйым салынады. Қозғалыс кезінде балалар орындықтарда отырып, қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек.
- Артқы орындықтардың арқалықтарын тік күйге қайтарғаннан кейін олардың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Жүксалғышқа орындық арқалығының деңгейінен жоғары жүк салмаңыз. Жүкті мықтап бекітіңіз. Кенеттен тежеген кезде бекітілмеген заттар жүксалғыштан салонға түсіп, жолаушыларды ауыр жарақаттауы мүмкін.
- Орындықтарды ересектердің жиганына көз жеткізіңіз. Орындықтарды бала жиятын болса, ол жарақат алуы мүмкін.
- Орындықтарды жиган кезде қолдарыңыз бен аяқтарыңызды қысып алмаңыз. Бұның салдары жарақатқа әкелуі мүмкін.

Артқы орындықтардың арқалықтарын алға қарай жию

E004033501675


Орындықтардың арқалықтарын алға қарай жию, жолаушылар салонының бір бөлігі есебінен жүксалғыш көлемін ұлғайтуға болады. Бұл ұзын заттарды тасымалдауға ыңғайлы. Орындықтардың арқалықтары артқы орындықтарды бекіту түймесінің көмегімен жиылады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Артқы орындықтың бөліктері өздігінен жиылып, бүктелуі мүмкін.

Орындықтардың арқалықтарын жию

Артқы орындықты бекіту түймесін (А) басып, орындықтың арқалығын алға жиыңыз.



Орындықтардың арқалықтарын бастапқы күйге қайтару.

1. Егер қауіпсіздік белбеуі бағыттауыштан (В) алынған болса, белбеуді бағыттауыш арқылы өткізіңіз.
2. Орындықтың арқалығын бастапқы күйіне қайтарыңыз және оның бекітілгеніне көз жеткізіңіз.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер белбеуді құлыптан босату мүмкін болмаса, оны қатты тартып, босатыңыз. Осыдан кейін белбеуді баяу тарта бастаңыз.

3. Орындық арқалығы орнында мықтап бекітілгеніне және қауіпсіздік белбеуі бағыттауыш (В) арқылы өтетініне көз жеткізіңіз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер артқы орындықты бекіту түймесінің артқы жағынан қызыл бөлік (С) көрінсе, бұл орындық арқалығының бекітілмегенін білдіреді. Оны бекіту үшін орындық арқалығын сәл алға және артқа тартыңыз.



Қауіпсіздік белбеулері

E00404800636

Жол жүрген кезде қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану апат болған жағдайда жүргізуші мен жолаушыларды қорғаудың ең маңызды шарасы болып табылады.

Алдыңғы орындықтың қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқыштармен жабықталған. Бұл белбеулерді пайдалану ережелері қарапайым қауіпсіздік белбеулерін пайдалану ережелерімен бірдей.

«Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тарту және тартылу күшін шектеу жүйесі» бөлімін қараңыз, 4-14-бет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Белбеудің иық бөлігі тек иық пен кеудеде орналасуы керек. Оны арқаңыздан немесе қолтық астынан өткізбеңіз.
- Бір қауіпсіздік белбеуін тек бір жолаушы тағады. Жолаушы мен оның тізесінде отырған балаға бір қауіпсіздік белбеуін тағу қауіпті.
- Қауіпсіздік белбеуі орындық арқалығы тік күйде болғанда жолаушының барынша қорғанысын қамтамасыз етеді. Арқалық шалқайып тұрған жағдайда жолаушының қауіпсіздік белбеуінің астына сырғу қауіпі артады, әсіресе алдыңғы соққы кезінде жолаушы белбеумен жаракаттануы немесе аспаптар тақтасына немесе орындық арқалығына соғылу салдарынан жарақат алуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеулерін барлық ересек жолаушылар мен бойлары белбеуді дұрыс тағуға мүмкіндік беретін барлық балалар қолдануы керек. Қауіпсіздік белбеуі қауіпсіз тағылмайтын балаларды арнайы бала орындығына отырғызу керек.
- Қауіпсіздік белбеуін таққан соң, оның бұралып қалмағанына көз жеткізіңіз.
- Қауіпсіздік белбеулерінің құрылымына белбеулерді босататын немесе белбеуді тарту механизмімен тартуға кедергі келтіретін өзгерістер мен толықтырулар енгізуге тыйым салынады.
- Көлікпен жүрген кезде, қауіпсіздік белбеуі тағылып тұрса да, баланы қолда немесе тізде ұстауға тыйым салынады. Ересек адамның қолындағы бала соқтығысу кезінде немесе автокөлік кенет тоқтаған жағдайда өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы мүмкін.
- Белбеуді денеге мықтап жанасып тұратындай етіп реттеу керек.
- Белбеудің бел бөлігі әрқашан жамбас деңгейінде орналасуы керек.
- Балаларға қауіпсіздік белбеулерімен ойнауға тыйым салынады. Балалар қауіпсіздік белбеуімен ойнап, оны денелеріне орап алса, қауіпсіздік белбеуімен қатты буынуы мүмкін. Бұл денсаулыққа ауыр зиян келтіруі немесе тұншығу салдарынан өлімге әкелуі мүмкін. Бұл жағдай автокөлік тұрақта тұрса да орын алуы мүмкін. Егер баладан оралып қалған қауіпсіздік белбеуін шешіп алу мүмкін болмаса, қауіпсіздік белбеуін кесу үшін бәкі немесе қайшы сияқты қолайлы құралды қолданыңыз.



4

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулері (инерциялық блоқтау механизмі бар)

E00404902947

Бұндай белбеулердің ұзындығын реттеу қажет емес. Белбеуді таққаннан кейін белбеудің ұзындығы жолаушының қозғалысына байланысты автомагты түрде реттеледі, алайда күрт немесе қатты жұлқынған жағдайда белбеу адам денесін ұстап тұрып бекітіледі.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Белбеудің бекітілгенін тексеру үшін оны күрт алға қарай тартуға болады.


Белбеуді тағу

1. Белбеудің тоғасын ұстап, баяу тартыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер белбеуді құлыптан босату мүмкін болмаса, оны қатты тартып, босатыңыз. Осыдан кейін белбеуді баяу тарта бастаңыз.

2. Белбеу тоғасын сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа салыңыз.




ЕСКЕРТУ

- Белбеудің бел бөлігін ішке қарай көтеруге тыйым салынады. Соктығысу орын алған кезде белбеу құрсақ қуысына қатты қысым келтіріп, жарақат алу қаупін арттырады.
- Қауіпсіздік белбеулерін таққан кезде олардың бұралып қалмағанына көз жеткізіңіз.

3. Белбеу денеге ыңғайлы жанасып тұруы үшін оны сәл тартыңыз.

Белбеуді ағыту

Ілмектің тілін қолыңызбен ұстап тұрып, құлыптағы түймені басыңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Белбеу автоматты түрде тартылатындықтан, белбеу баяу тартылуы үшін ілмек тілін ұстап тұрыңыз. Ілмектің тілін босатқан жағдайда, ол автокөліктің кез келген бөлігіне қатты соғылып, оны зақымдауы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қауіпсіздік белбеуі (A) немесе қауіпсіздік белбеуінің сақинасы (B) кір болса, белбеу әрең тартылуы мүмкін. Егер қауіпсіздік белбеуі немесе қауіпсіздік белбеуінің сақинасы кір болса, оларды сабынды сумен немесе бейтарап жуғыш зат ерітіндісімен тазалаңыз.



Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы және сигнал беру жүйесі

E00409802752

Бақылау шамы




Ескерту хабарламасы



Егер оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON күйіне бұрасаңыз немесе қауіпсіздік белбеуін тақпай ON жұмыс режимін қоссаңыз, бақылау шамы жыпылықтай бастайды және жүргізушіге белбеуді тағу керектігін еске салатын дыбыс сигналы шамамен 6 секундқа қосылады.

Егер қауіпсіздік белбеуін тақпай қозғала бастасаңыз, онда бақылау шамы жыпылықтай бастайды және қауіпсіздік белбеуі тағылғанша дыбыс сигналы үздіксіз қосылып тұрады. Белбеу тағылмаған жағдайда көпфункционалды дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі: FASTEN SEAT BELT.



Алдыңғы орында отырған жолаушы қауіпсіздік белбеуін тақпаған болса, бақылау шамы қосылады. Қауіпсіздік белбеуін таққаннан кейін шам сөнеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер белбеу әлі де тағылмаса, шам мен дыбыс сигналы автокөлік орнынан қозғалған сайын іске қосылады.

Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы*

E00411601327

Алдыңғы жолаушының тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы аспаптар тақтасында орналасқан.

ЕСКЕРТУ

- Бақылау шамын жабатын қосымша жабықты орнатуға немесе жапсырмаларды жабыстыруға тыйым салынады.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер белбеу әлі де тағылмаса, шам мен дыбыс сигналы автокөлік орнынан қозғалған сайын іске қосылады.
- Алдыңғы жолаушы бұл функцияны орындақта жолаушы болған кезде ғана қоса алады.
- Алдыңғы жолаушының орындығында белгілі бір жолмен орналасқан салмағы үлкен жүкті тасымалдаған кезде орындақ көпшігіндегі датчик бақылау шамын және тағылмаған қауіпсіздік белбеуі туралы ескертетін дыбыс сигналын қосуы мүмкін.

Қауіпсіздік белбеуінің реттелетін кронштейні (алдыңғы орындықтар үшін)

E00405000329

Қауіпсіздік белбеулері кронштейндерінің биіктігін реттеуге болады.

Бекіту түймесін (B) басып, белбеу кронштейнін (A) жоғары немесе төмен жылжытуға болады.



ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеуінің кронштейнін белбеу ныққа мықтап жанасып тұратынды, бірақ мойынға тимейтіндей етіп жеткілікті биіктікке орнатыңыз.

2 тоғасы бар үш нүктелі қауіпсіздік белбеулері

Е00414700117

2 тоғасы бар үш нүктелі қауіпсіздік белбеуі артқы орындықтағы ортаңғы орын үшін орнатылады.


4

ЕСКЕРТПЕ

- Белбеудің бекітілгенін тексеру үшін оны күрт алға қарай тартуға болады.

Белбеуді тағу

1. Қауіпсіздік белбеуін баяу тартып, оны бағыттауыштан (А) өткізіңіз.




AG0022963

ЕСКЕРТПЕ

- Егер белбеуді құлыптан босату мүмкін болмаса, оны қатты тартып, босатыңыз. Осыдан кейін белбеуді баяу тарта бастаңыз.


2. Қауіпсіздік белбеуінің бұралмағанына көз жеткізгеннен кейін, ілмектің тілін (В) тіл мен тоғадағы белгілерді (D) біріктіріп, сырт еткен дыбыс естілгенше тоғаға (С) салыңыз.



AG0022976


⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеуін пайдаланған кезде, ілмектің тілі (В) тоғаға (С) мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Бұл талапты сақтамаған жағдайда қорғаныс тиімділігі едәуір төмендеп, апат немесе кенет тежеу кезінде ауыр жаракаттануыңыз мүмкін.




AG0022989

3. Ілмектің тілін (Е) сырт еткен дыбыс естілгенше тоғаға (F) салыңыз.




AG0022992

4. Белбеудің бел бөлігі жамбаста мүмкіндігінше төмен орналасқанына көз жеткізіп, белбеудің бел бөлігінің денеге жанасуын реттеу үшін белбеудің иық бөлігін тартыңыз.




Белбеуді ағыту


1. Ілмектің тілін (E) қолыңызбен ұстап тұрып, тоғадағы (F) түймені басыңыз.




2. Қауіпсіздік белбеуін тоғадан ағыту үшін ілмек тілінің (E) көмегімен тоғадағы (C) түймені (G) басыңыз.



3. Қауіпсіздік белбеуі орамға оралып болғаннан кейін, оны бағыттауыштан (A) шығарып алыңыз.



4. Қауіпсіздік белбеуі орамға толығымен оралып болғаннан кейін, ілмектің (E) тілін жоғарғы ұяға (H), ал ілмектің (B) тілін төменгі ұяға (I) салыңыз.



Жүкті әйелдердің қауіпсіздік белбеуін пайдалануы

E00405600077

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеулерін барлық адамдар, тіпті жүкті әйелдер де тағуы керек. Жүкті әйелдер автокөлікте орнатылған белбеулерді қолдануы керек. Бұл әйел үшін де, оның болашақ баласы үшін де зиян алу қаупін азайтады. Белбеудің бел бөлігін белге емес, жамбасқа мүмкіндігінше тығыз жанастырып, жамбас айналасында бекіту керек. Қосымша сұрақтар немесе күмән туындаған жағдайда дәрігермен кеңесіңіз.

Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тарту және тартылу күшін шектеу жүйесі

E00405700166

Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік белбеулері алдын ала тартқыштармен жабдықталған.

Алдын ала тарту жүйесі

E00405802682

Егер алдыңғы немесе бүйірлік соқтығысу (бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автокөліктерде) кезінде соққы жеткілікті күшті болса және жүргізушінің және/немесе алдыңғы жолаушының жарақат алу қаупі бар болса, ал оталдыру жүйесінің кілті төменде көрсетілген күйлердің бірінде болса немесе төменде көрсетілген жұмыс режимі қосылса, алдын ала тартқыштар қауіпсіздік белбеулерін бірден тартып, олардың әрекет ету тиімділігі артады.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Оталдыру жүйесінің кілті ON не START күйінде тұр.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

ON жұмыс режимі қосұлы.

«ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабдықталған автокөліктерде қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала

тартқыштары жүйе автокөліктің төңкерілуін немесе аударылуын анықтаған жағдайда да іске қосылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының тиімділігі орындықтарды дұрыс реттеуге және қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалануға байланысты.

⚠ САҚТАҢДЫРУ

- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарына немесе еден консолине тікелей жақын жерде дыбыс аппаратурасын орнатқанда немесе жөндеу жұмыстарын жүргізгенде MITSUBISHI MOTORS техникалық құжаттамасын қатаң сақтау керек. Бұл ерекше мәнге ие, өйткені жұмыс кезінде алдын ала тарту жүйесі зақымдалуы мүмкін.
- Егер автокөлікті қайта өңдеуге өткізгіз келсе, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығымен кеңесіңіз. Бұл өте маңызды, өйткені қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының кенет іске қосылуынан жарақат алуыңыз мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары қауіпсіздік белбеулері тағылмаған болса да, қатты алдыңғы немесе бүйірлік соқтығыс (бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған автокөліктерде) кезінде іске қосылады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары бір рет қосылады. Алдын ала тартқыштар іске қосылғаннан кейін, оларды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында ауыстыру ұсынылады.

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы

E00405900243

Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының ақаулығы туралы сигнал беру жүйесі үшін бірдей бақылау шамы қолданылады.

«Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы / ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 4-35-бет.

Қауіпсіздік белбеулерінің тартылу күшін шектеу жүйесі

E00406000299

Соқтығысу орын алғанда, тартылу күшін шектегіштер адам денесіне қысымды азайту үшін қауіпсіздік белбеулеріне түсетін жүктемені тиімді түрде төмендетеді.

Бала орындықтары

E00406403464

Балаларды автокөлікте тасымалдау кезінде баланың жасына және салмағына сәйкес келетін белгілі бір бала орындығын пайдалану қажет. Көптеген елде бұл заңмен талап етіледі.


Балаларды алдыңғы орындықта тасымалдауға қатысты ережелер әртүрлі елдерде әртүрлі болуы мүмкін. Жергілікті заңнаманың талаптарын қатаң сақтау керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Мүмкіндігінше балаларды артқы орындыққа отырғызыңыз. Жол-көлік оқиғаларының статистикасы кез келген жастағы балаларды жақсы қорғау үшін оларды артқы орындыққа отырғызып, тиісті бала орындығын пайдалану керек екенін көрсетеді.
- Баланы қолда ұстап отырмаған жөн: бұл бала орындығын алмастырмайды. Қажетті бала орындығын пайдаланудан бас тарту баланың ауыр жарақатына немесе өліміне әкелуі мүмкін.
- Әр бала орындығы немесе орындық бекіткіші тек бір балаға қолданылуы керек.
- Бала орындығын автокөліктің артқы орындығына орналастырған кезде алдыңғы орындықтың арқалығын бала орындығына тимейтіндей етіп орнатыңыз. Әйтпесе бала кенеттен тежеу немесе соқтығысу кезінде ауыр жарақат алуы мүмкін.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы бар автокөліктерге бала орындықтарын орнатуға қарсы сақтандыру

Суретте көрсетілген заттаңба алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы бар автокөліктерде болады.



AFA109628

⚠ ЕСКЕРТУ

- Өте қауіпті!
Бала орындығын **ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ АЖЫРАТЫЛМАҒАН** алдыңғы орындыққа арқалығын алға қаратып орнатуға **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ**, БАЛА өліп кетуі немесе **АУЫР ЖАРАҚАТ** алуы мүмкін!

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Заттаңбалар автокөліктің модификациясына байланысты басқа жерлерде болуы мүмкін.

Арқалығы алға қаратып орнатылатын бала орындығын артқы орындықтарға орналастыру ұсынылады, ал алдыңғы орындыққа орнатқан кезде алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажырату қажет (ажыратқыш болған жағдайда) («Қауіпсіздік жастығын ажырату» бөлімін қараңыз, 4-28-бет).



AJA102908


⚠ ЕСКЕРТУ

- Жолаушының қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, **АРҚАЛЫҒЫ АЛҒА ҚАРАТЫП ОРНАТЫЛАТЫН БАЛА ОРЫНДЫҒЫН** алдыңғы жолаушының орындығына орналастыруға **БОЛМАЙДЫ**. Қауіпсіздік жастығы қатты күшпен ашылып, салдарынан бала өліп кетуі немесе қатты жарақаттануы мүмкін. Арқалығы алға қаратып орнатылатын бала орындығын автокөліктің артқы орындығына орнату керек.
- **АРҚАЛЫҒЫ АРТҚА ҚАРАТЫП ОРНАТЫЛАТЫН БАЛА ОРЫНДЫҚТАРЫН** автокөліктің артқы орындығына орналастыру ұсынылады; оларды алдыңғы орындыққа орнатқан кезде алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажыратыңыз.

Нәрестелер мен кішкентай балалар

E00406602502

Нәрестелер мен кішкентай балаларды автокөлікте тасымалдау кезінде төменде келтірілген ережелерді сақтаңыз.



Ережелер

- Нәрестелерді тасымалдау кезінде арнайы сөмке-кереуетті пайдалану керек. Бойы қауіпсіздік белбеуін тағуға мүмкіндік бермейтін кішкентай балаларды тасымалдау кезінде бала орындығын пайдалану керек.
- Балаға арналған орындық баланың биіктігі мен салмағына сәйкес келуі керек, сонымен қатар автокөлікті бекіту жүйесіне сәйкес келуі керек. Қауіпсіздікті арттыру үшін **БАЛА ОРЫНДЫҒЫН АВТОКӨЛІКТІҢ АРТҚЫ ОРЫНДЫҒЫНА ОРНАТУ КЕРЕК.**

ЕСКЕРТПЕ

- Бала орындығын сатып алмас бұрын, оның мықтап бекітілетініне көз жеткізу үшін оны автокөліктің артқы орындығына орнатып көріңіз. Кейбір өндірушілер шығаратын бала орындығын орнату қауіпсіздік белбеулері құлыптарының орналасу ерекшеліктеріне немесе автокөлік орындығындағы көпшік пішініне байланысты қиындықтар тудыруы мүмкін. Егер қауіпсіздік белбеуін таққаннан кейін бала орындығын алға немесе бүйірге жылжыту оңай болса, басқа өндірушінің бала орындығын таңдаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Орнату кезінде бала орындығы өндірушісінің нұсқаулығын орындаңыз. Нұсқаулықтың талаптарын орындамау баланың ауыр жарақатына немесе өліміне әкелуі мүмкін.
- Бала орындығын орнатқаннан кейін, оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны бойлық және көлденең бағытта жылжытып көріңіз. Орындық дұрыс бекітілмеген болса, соқтығысу немесе күрт тежеу кезінде бала немесе басқа жолаушылар ауыр жарақаттануы мүмкін.
- Егер бала орындығы пайдаланылмаса, соқтығысу орын алған жағдайда салонда ретсіз қозғалмауы үшін оны қауіпсіздік белбеуімен бекітіңіз немесе автокөліктен алып тастаңыз.

Автокөліктегі орындықтардың пішініне және бала орындығының түріне байланысты бала орындығын автокөлікте келесі екі әдіспен бекітуге болады:

- Бала орындығында ISOFIX бекітпелері болса FАNA, артқы орындықтағы төменгі бекітпелерде (4-17-бетті қараңыз).
- Қауіпсіздік белбеуімен (4-9, 4-22-беттерді қараңыз).

Үлкен балалар

E00406700277

Бала орындығына сыймайтын балаларды автокөліктің артқы орындығында тасымалдап, аралас белдік-нық белбеумен бекіту керек. Белбеудің бел бөлігі жамбас сүйегінің жоғарғы бөлігінен төмен орналасатындай іштің төменгі бөлігіне жанасуы керек. Әйтпегенде соқтығысу кезінде белбеу баланың іш қуысына батып, оны жарақаттауы мүмкін.

ISOFIX бекітпелері бар бала орындықтарын салондағы әртүрлі орындарға орналастыру мүмкіндігі

E00411402771

Салмақ тобы	Өлшем санаты	Бекіту құрылғысы	ISOFIX орындығының автокөлікте орналасуы
			Артқы бүйірлік
Бала сөмке-кереуеті	F	ISO/L1	X
	G	ISO/L2	X
0 10 кг дейін	E	ISO/R1	IL
0+ 13 кг дейін	E	ISO/R1	IL
	—	ISO/R2X	IL
	D	ISO/R2	IL, IL ^{#1}
	C	ISO/R3	IL
I 9–18 кг	—	ISO/R2X	IL
	D	ISO/R2	IL
	C	ISO/R3	IL
	B	ISO/F2	IUF
	B1	ISO/F2X	IUF, IL ^{#2}
	A	ISO/F3	IUF
II және III 15–36 кг			X

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Бала орындығын орнатқан кезде басқұйегішті автокөлік орындығынан шешіп алыңыз.

Кестеде қолданылатын таңбалардың мағынасы

- IUF — осы салмақ санатындағы балаларды тасымалдау кезінде пайдалануға мақұлданған «әмбебап» ISOFIX бала орындығын орнатуға жарамды.
- IL — осы салмақ санатындағы балаларды тасымалдау кезінде пайдалануға мақұлданған «жартылай әмбебап» ISOFIX бала орындығын орнатуға жарамды.
- IL[#] — тізімі төменде келтірілген ISOFIX арнайы бала орындығын орнатуға жарамды (MITSUBISHI түпнұсқа керек-жарақтары).
- X — осы салмақ тобындағы балаларға арналған ISOFIX бала орындығын орнатуға жарамсыз.

IL[#] (каталогтегі түпнұсқа керек-жарақтар туралы ақпарат)

	Түпнұсқа керек-жарақтың нөмірі	Мақұлдау нөмірі UN-R44	Мақұлдау нөмірі UN-R129
IL ^{#1}	MZ315055 (BABY-SAFE i-SIZE), MZ315056 (BABY-SAFE, i-SIZE FLEX BASE НЕГІЗІ БАП)	—	E1-000008
IL ^{#2}	MZ313045 (DUO plus)	E1-04301133	—

САҚТАҢДЫРУ

- BABY-SAFE i-SIZE және i-SIZE FLEX BASE НЕГІЗІ БАП BABY-SAFE орындықтары 40–83 см аралығындағы балаларға арналған.

ЕСКЕРТПЕ

- MITSUBISHI MOTORS алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Бала орындықтарын салондағы әртүрлі орындарға орналастыру мүмкіндігі

E00406803774

Салмақ тобы	Орындықтың орналасуы				
	Алдыңғы жолаушы орындығы		Артқы бүйірлік	Артқы ортаңғы	
	Қауіпсіздік жастығы қосулы	Қауіпсіздік жастығы ажыратулы *1			
0	10 кг дейін	X	X	U	X
0+	13 кг дейін	X	L ^{#1}	U, L ^{#1}	L ^{#1}
I	9–18 кг	X	L ^{#2}	U, L ^{#2}	L ^{#2}
II және III	15–36 кг	X	L ^{#3}	U* ² , L ^{#3}	X

*1 Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы арнайы ажыратқышпен ажыратылған жағдайда.

*2 Бустер-орындық орнатылған жағдайда бассүйегішті шешпеңіз.

САҚТАНДЫРУ

- Бала орындығын орнатқан кезде бассүйегішті автокөлік орындығынан шешіп алыңыз. Бустер-орындық орнатылған жағдайда бассүйегішті шешпеңіз (4-23-бетті қараңыз).

Кестеде қолданылатын таңбалардың мағынасы

- U — осы салмақ тобындағы балаларды тасымалдау үшін пайдалануға мақұлданған «әмбебап» санатындағы орындықтарды орнатуға жарамды.
- L[#] — тізімі төменде келтірілген арнайы бала орындығын орнатуға жарамды (MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа керек-жарақтары).
- X — осы салмақ тобындағы балаларға арналған бала орындығын орнатуға жарамсыз.

L# (каталогтегі түпнұсқа керек-жарақтар туралы ақпарат)

	Түпнұсқа керек-жарақтың нөмірі	Мақұлдау нөмірі UN-R44	Мақұлдау нөмірі UN-R129
L #1	MZ315055 (BABY-SAFE i-SIZE)	—	E1-000008
L #2	MZ313045 (DUO plus)	E1-04301133	—
L #3	MZ315025 (KIDFIX XP)	E1-04301304	—

⚠ САҚТАНДЫРУ

- BABY-SAFE i-SIZE орындығы 40-83 см аралығындағы балаларға арналған.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- 0–10 кг аралығындағы салмақ тобына арналған түпнұсқа MITSUBISHI MOTORS орындықтары шығарылмайды.

MITSUBISHI MOTORS алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.
Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Бустер-орындық

E00406803774

	Орындықтың орналасуы			
	Алдыңғы жолаушы орындығы		Артқы бүйірлік	Артқы ортаңғы
	Қауіпсіздік жастығы қосулы	Қауіпсіздік жастығы ажыратулы *		
Бустер бекіткіші	X	X	B2, B3	X

* Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы арнайы ажыратқышпен ажыратылған жағдайда.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Бала орындығын автокөлік орындығына орнатқан кезде осы орындықтан бассүйегішті шешіп алыңыз.

Кестеде қолданылатын таңбалардың мағынасы


- B2 — ISO/B2 бустерін бекітуге жарамды.
- B3 — ISO/B3 бустерін бекітуге жарамды.
- X — автокөлік орындығы бустерді орнатуға жарамайды.

Бала орындығын төменгі бекітпелерге (ISOFIX бекіту жүйесі) орнату және ұстап тұрушы белбеулерді бекіту

E00406901986


Төменгі бекітпелердің орналасуы

Автокөліктің артқы орындығы ISOFIX бекіту жүйесі бар бала орындығын орнатуға арналған төменгі бекітпелермен жабдықталған.



Ұстап тұрушы белбеулердегі бекіту нүктелерінің орналасуы

Артқы орындықтардың артқы жағында бала орындығын бекітуге арналған 2 бекіту нүктесі бар. Олар бала орындығының ұстап тұрушы белбеулерін артқы орындықтың 2 жеріне бекітуге арналған.




⚠ ЕСКЕРТУ

- Бала орындығының бекітпелері тек дұрыс орнатылған орындықтардың жүктемелеріне арналған. Оларды ересек жолаушылардың қауіпсіздік белбеулерін, жүкті бекіту немесе автокөліктің қосымша жабдығын бекіту үшін пайдалануға тыйым салынады.

ISOFIX бекіту жүйесі бар бала орындықтары

Мұндай бала орындықтары тек төменгі бекіткіштері бар автокөлік орындықтарына орнатуға арналған. Бала орындықтарын төменгі бекіткіштерге орнатыңыз.


Мұндай орындықтарды автокөліктің қауіпсіздік белбеулерімен бекітудің қажеті жоқ.



A — бала орындығының кронштейндері


Орнату

1. Бекіткіштерден бөгде заттарды алып тастаңыз; автокөліктің қауіпсіздік белбеулерін алып тастау керек.
2. Бала орындығын орнату қажет жолаушы орнынан бассүйегішті шешіп алыңыз. «Бассүйегіштер» бөлімін қараңыз, 4-6-бет.
3. Төменгі бекіткіштерге (C) қол жеткізу үшін орындықтың көпшігін (A) арқалығынан (B) аздап шығарыңыз.
4. Бала орындығының кронштейндерін (D) бала орындығы өндірушісінің нұсқаулығына сәйкес төменгі бекіткіштерге (C) салыңыз.



A — автокөлік орындығының көпшігі
B — автокөлік орындығының арқалығы
C — төменгі бекіткіш
D — кронштейн

- Егер бала орындығын орнату үшін ұстап тұрушы белбеуді пайдалану қажет болса, оны 5-тармаққа сәйкес бекітіңіз.
5. Бала орындығындағы ұстап тұрушы бекіту белбеуінің ілмегін (E) бекіту қапсырмасына (F) бекітіңіз және орындықты мықтап бекіту үшін жоғарғы бекіту белбеуін тартыңыз.



AFA108793

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ұстап тұрушы белбеудің ілмегін (E) бекіту қиынға соқса, оны бұрышымен бекіту қапсырмасына бұраңыз.

6. Бала орындығын оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін әртүрлі бағытта жылжытып көріңіз.

Шешіп алу


Бала орындығын өндірушінің нұсқауларына сәйкес шешіп алыңыз.

Бала орындығын үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерінің (инерциялық блоктау механизмі бар) көмегімен бекіту

E00408702073

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеуінің орналасқан жері

Бала орындығын келесі суретте көрсетілгендей үш нүктелі қауіпсіздік белбеуімен бекітуге болады.




Бала орындығын орнату

1. Бала орындығын автокөліктің өзіңіз таңдаған орындығына орнатып, сол орындықтан бассүйегішті шешіп алыңыз. «Бассүйегіштер» бөлімін қараңыз, 4-6-бет.

⚠️ САҚТАНДЫРУ


- Бустер-орындық орнатылған жағдайда бассүйегішті шешпеңіз.



2. Бала орындығын бекіту үшін қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. Белбеу тоғасын құлыпқа орнатқан кезде сырт еткен дыбыс шығуы керек.
3. Арнайы бекіту қысқышын пайдаланып, белбеуді мықтап тартыңыз.
4. Бала орындығын оның мықтап бекітілгеніне көз жеткізу үшін әртүрлі бағытта жылжытып көріңіз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Бала орындығының кейбір түрлерін орнатқанда соқтығысу немесе кенет маневр жасау кезінде жарақаттанбауға көмектесетін арнайы бекіту қысқышын (А) пайдалану қажет. Бекіту қысқышын бала орындығы өндірушісінің нұсқауларына сәйкес орнату және пайдалану қажет. Бала орындығын шешіп алған кезде бекіту қысқышын да шешіп алу қажет.



Қауіпсіздік белбеулерін тексеру

E00406301876


Белбеулердің зақымдалмағанына, тозбағанына, кесілмегеніне және белбеулердің металл бөліктерінде ақаулар жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ақаулар анықталған кезде белбеулерді толығымен ауыстырыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Кез келген соқтығысудан кейін, инерциялық механизмді және бекіту бөлшектерін қоса алғанда, қауіпсіздік белбеулерін қарап шығу керек. Соқтығысудан кейін пайдаланылған қауіпсіздік белбеулерін ауыстыруға кеңес береміз (бұл келесі жағдайларға қолданылмайды: жеңіл соқтығыс, белбеудің қалыпты жұмысы және онда көзге көрінетін зақымдардың болмауы).
- Қауіпсіздік белбеулерінің кез келген торабы мен бөлшегін өз бетіңізше жөндеуге немесе ауыстыруға тырыспаңыз; бұл жұмыстарды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында орындауды ұсынамыз. Бөлшектерді тиісінше жөндемеген немесе ауыстырмаған жағдайда белбеулердің тиімділігі төмендеуі мүмкін, нәтижесінде апат кезінде ауыр жарақаттануыңыз мүмкін.
- Алдын ала тартқыш іске қосылғаннан кейін оны ауыстыру қажет. Алдын ала тартқышты инерциялық катушкамен бірге ауыстыру керек.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Құлыпқа немесе тарту механизмiне бөгде заттарды (пластмасса бөлшектер, қағаз қыстырғыштар, түймелер және т.б.) салмаңыз. Сонымен қатар құрылымға өзгеріс енгізбеңіз, қауіпсіздік белбеуін бөлшектемеңіз немесе өз бетіңізше орнатпаңыз. Әйтпегенде қауіпсіздік белбеуі соқтығысу немесе басқа жағдайда қажетті қорғанысты қамтамасыз ете алмайды.



- Белбеулерді бейтарап жұғыш затты қолданып, жылы сумен жуыңыз. Белбеуді шайып, оны көлеңкеде құрғатыңыз. Ағартқыштарды немесе бояғыштарды қолдануға тыйым салынады, өйткені бұл белбеулердің беріктігіне теріс әсер етуі мүмкін.

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесі (SRS): қауіпсіздік жастықтары

E00407203821

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесіне (SRS) арналған бұл бөлімде жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары, жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы, бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары туралы маңызды ақпарат бар. Қауіпсіздік жастықтары — қауіпсіздік белбеулері ұсынатын негізгі қорғаныс жүйесін толықтыратын элемент. Олар ауырлығы орташа және қатты алдыңғы соқтығысулар кезінде жүргізуші мен алдыңғы жолаушының басы мен кеудесін қорғайды.

Жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы (бар болса) жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі ұсынатын негізгі қорғаныс жүйесін толықтыруға арналған. Бұл жүргізуші аяғының төменгі жағының жылжуын шектейді және белгілі бір ауырлығы орташа және қатты соқтығысу кезінде дененің жалпы қорғанысын жақсартады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (егер олар жинақтамаға кірсе) қауіпсіздік белбеулерін толықтыратын және жүргізуші мен алдыңғы жолаушыны ауырлығы орташа және қатты кейбір бүйірлік соқтығысулар кезінде кеуде және іш қуысының жарақаттарынан қорғайтын құрал болып табылады.

Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары (бар болса) қауіпсіздік белбеулерін толықтыратын және жүргізуші мен жолаушыларды ауырлығы орташа және қатты кейбір бүйірлік соқтығысулар кезінде бас жарақатынан қорғайтын құрал болып табылады.

«ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабдықталған автокөліктерде перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары автокөлік аударылғанда да іске қосылады, себебі перде түріндегі үрлемелі қауіпсіздік жастықтары бүйірлік соқтығысулар кезінде де, автокөлік аударылғанда да адамдардың есік терезелерін толығымен немесе ішінара құлап кету қаупін азайтуға арналған.

Қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін алмастыра АЛМАЙДЫ. Кез келген жол-көлік оқиғасы кезінде адамдардың барынша қорғанысын қамтамасыз ету үшін автокөліктегі барлық адамдар қауіпсіздік белбеулерін тағуы керек.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- «ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесі (бар болса) кез келген қауіпсіздік жастығы ашылғанда немесе автокөлік қатты соқтығысқанда іске қосылуға арналған. «ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесі» бөлімін қараңыз, 8-2-бет.


Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) жұмысы

E00407303734

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесіне (SRS) келесі элементтер кіреді:



- 1 — жүргізушінің қауіпсіздік жастығының модулі
- 2 — алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратылғанын көрсететін бақылау шамы *
- 3 — алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының модулі
- 4 — жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығының модулі *
- 5 — алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы *



- 6 — бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының модульдері *
- 7 — перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының модульдері *

Қауіпсіздік жастықтары оталдыру жүйесінің кілті төменде көрсетілген күйлердің бірінде тұрғанда немесе төменде көрсетілген жұмыс режимі қосылғанда ғана іске қосылады.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Оталдыру жүйесінің кілті ON не START күйінде тұр.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

ON жұмыс режимі қосылуы.

«ЭРА-ГЛОНАСС» апарат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабдықталған автокөліктерде қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы автокөліктің аударылуын тіркеген кезде перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарын іске қосады.

Қауіпсіздік жастықтары толтырылған кезде қатты дыбыс естіліп, аздап түтін мен шап шығады, бірақ бұл зиянсыз және автокөліктің

өртенуіне әкелмейді. Тыныс алу мүшелерінің ауруларынан зардап шегетін адамдар жастықтарды толтыру үшін қолданылатын химиялық заттардан уақытша тітіркенуі мүмкін; жастықтардан газ шыққаннан кейін, егер бұл қауіпсіз болса, терезені ашыңыз. Іске қосылған қауіпсіздік жастықтарындағы ауа өте тез шығады, сол себепті көру мүмкіндігін шектеу қаупі аз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік жастықтары өте тез ашылады. Кейбір жағдайларда ашылатын жастыққа тиген кезде дененізді аздап кесіп, көгертіп алуыңыз және тағы басқалай жарақаттануыңыз мүмкін.

⚠️ ЕСКЕРТУ

• ОРЫНДЫҚҚА ДҰРЫС ОТЫРУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ.


Қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде рульге және алдыңғы панельге өте жақын отырған жүргізуші мен алдыңғы жолаушы өліп кетуі немесе ауыр жарақат алуы мүмкін. Қауіпсіздік жастықтары өте тез және үлкен күшпен ашылады.

Егер жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы дұрыс отырмаса немесе қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тақпаса, қауіпсіздік жастықтары оларды қорғай алмайды және іске қосылған кезде ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар келтіруі мүмкін.

- Орындықтың шетінде отырмаңыз, аяқтарыңызды аспаптар тақтасына тым жақын қоймаңыз, сонымен қатар басыңызды немесе кеуденізді рульге немесе аспаптар тақтасына жақындатпаңыз. Аяқтарыңызды аспаптар тақтасына қоймаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Нәрестелер мен кішкентай балаларды артқы орындыққа, тиісті бала орындығына жайғастырыңыз. Артқы орындық — бұл нәрестелер мен кішкентай балалар үшін ең қауіпсіз орын.



AF0009484

⚠ ЕСКЕРТУ

- Белбеу тақпаған кішкентай балаларды тасымалдауға, олардың аспаптар тақтасына сүйеніп тұруына немесе оларды қолда не тізде ұстауға тыйым салынады. Соқтығысу орын алған жағдайда, соның ішінде қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде олар ауыр жарақат алуы немесе өліп кетуі мүмкін. Олар автокөліктің артқы орындығына, тиісті бала орындығына дұрыс жайғастырылуы керек. Осы нұсқаулықтың «Бала орындықтары» бөлімін қараңыз.



ANA100605

Арқалығы алға қаратып орнатылатын бала орындығын артқы орындықтарға орналастыру ұсынылады, ал алдыңғы орындыққа орнатқан кезде алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажырату қажет (ажыратқыш болған жағдайда) («Қауіпсіздік жастығын ажырату» бөлімін қараңыз, 4-28-бет).



AJA102908


⚠ ЕСКЕРТУ

- Жолаушының қауіпсіздік жастығы ажыратылмаса, **АРҚАЛЫҒЫ АЛҒА ҚАРАТЫП ОРНАТЫЛАТЫН БАЛА ОРЫНДЫҒЫН** алдыңғы жолаушының орындығына орналастыруға **БОЛМАЙДЫ**. Қауіпсіздік жастығы қатты күшпен ашылып, салдарынан бала өліп кетуі немесе қатты жарақаттануы мүмкін. Арқалығы алға қаратып орнатылатын бала орындығын автокөліктің артқы орындығына орнату керек.
- **АРҚАЛЫҒЫ АРТҚА ҚАРАТЫП ОРНАТЫЛАТЫН БАЛА ОРЫНДЫҚТАРЫН** автокөліктің артқы орындығына орналастыру ұсынылады; оларды алдыңғы орындыққа орнатқан кезде алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажыратыңыз. Бұл талантты орындамау баланың өліміне немесе ауыр жарақаттануына әкелуі мүмкін.
- Үлкен балаларды автокөліктің артқы орындығында тасымалдап, қауіпсіздік белбеуін тағу керек, қажет болған жағдайда тиісті бала орындығын пайдалану керек.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы бар автокөліктерге бала орындықтарын орнатуға қарсы сақтандыру

E00408802175

Суретте көрсетілген заттаңба алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы бар автокөліктерде болады.



AFA109628

⚠ ЕСКЕРТУ

- Өте қауіпті!
Бала орындығын **ҚАУІПСІЗДІК ЖАСТЫҒЫ АЖЫРАТЫЛМАҒАН** алдыңғы орындыққа арқалығын алға қаратып орнатуға **ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ, БАЛА** өліп кетуі немесе **АУЫР ЖАРАҚАТ** алуы мүмкін!

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Заттаңбалар автокөліктің модификациясына байланысты басқа жерлерде болуы мүмкін.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы *

E00410100285

Бұл ажыратқыш алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын ажырату үшін қолданылады. Егер сіз алдыңғы жолаушы орындығынан басқа орындықтардың

ешқайсысына бекітілмейтін бала орындығын сатып алсаңыз, оны орнатпас бұрын қауіпсіздік жастығын міндетті түрде арнайы ажыратқышпен ажыратуды ұмытпаңыз («Қауіпсіздік жастығын ажырату» бөлімін қараңыз, 4-28-бет). Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышы ұсақ-түйек жәшігінде орналасқан.




AG0027199

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратылғанын көрсететін бақылау шамы *

E00410201557

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратылғанын көрсететін бақылау шамы аспаптар тақтасында орналасқан.



AFA118305

Бақылау шамы оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қосылып, бірнеше секундтан кейін өшуі тиіс.

Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышын OFF (АЖЫРАТУЛЫ) күйіне орнатқаннан кейін, бақылау шамы жапың, жастықтың ажыратылғанын еске салады. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышын ON (ҚОСУЛЫ) күйіне орнатқаннан кейін, бақылау шамы сөніп, бұл жастықтың қосулы екенін білдіреді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастығының ажыратылғанын көрсететін бақылау шамын жауып тастайтын қосымша жабдықты автокөлікке орнатпаңыз және бақылау шамын жапсырмалармен жаппаңыз. Бұл жағдайда сіз қауіпсіздік жастығының қосылуын және ажыратылуын басқара алмайсыз.

Қауіпсіздік жастығын ажырату

E00412301275

⚠ ЕСКЕРТУ


- Ауыр немесе өлімге әкелетін жарақат алу қаупін азайту үшін:
- Қауіпсіздік жастығының ажыратқышын ауыстырмас бұрын, кілтті міндетті түрде оталдыру жүйесінің құлпынан шығарыңыз. Бұл талапты орындамау қауіпсіздік жастығының кездейсоқ қосылуына әкелуі мүмкін.
- Оталдыру жүйесінің құлпын ON күйінен LOCK күйіне ауыстырғаннан кейін немесе OFF режимін қосқаннан кейін, қауіпсіздік жастығының ажыратқышын қолданар алдында шамамен 60 секунд күтіңіз. Қауіпсіздік жастықтары жүйесі жастықтарды іске қосуға жеткілікті қуат кернеуін біраз уақыт сақтауға арналған.
- Қауіпсіздік жастығын өшіргеннен кейін, қауіпсіздік жастығының ажыратқышынан кілтті міндетті түрде шығарып алуды ұмытпаңыз. Бұл талап орындалмаса, қауіпсіздік жастығының ажыратқышы кездейсоқ қате күйге орнатылуы мүмкін.
- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығын алдыңғы орындыққа бала орындығын орнатар алдында ғана ажыратыңыз және басқа жағдайларда ажыратпаңыз.
- Егер қауіпсіздік жастығын ажыратқыштың көмегімен ажыратқаннан кейін аспаптар тақтасында бақылау шамы жанбаса, алдыңғы жолаушы орындығына бала орындығын орнатпаңыз. Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер қауіпсіздік жастығын ажыратқышпен қосқаннан кейін жастықтың ажыратылғанын білдіретін бақылау шамы жана берсе, алдыңғы жолаушы орындығына ешкімді отырғызбаңыз. Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Қауіпсіздік жастығын ажырату үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Кілтті алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығының ажыратқышына салыңыз да, оны OFF күйіне бұраңыз.
2. Қауіпсіздік жастығының ажыратқышынан кілтті шығарып алыңыз.
3. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON күйіне бұраңыз немесе ON жұмыс режимін қосыңыз. Қауіпсіздік жастығының ажыратылғанын көрсететін бақылау шамы қосылып, сөнбеуі керек.




Енді алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы ажыратулы және осы ажыратқышты пайдаланып қайта қоспайынша жұмыс істей алмайды.

Жүргізуші мен жолаушының алдыңғы қауіпсіздік жастықтары жүйесі

E00407400792

Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы рульдің ортасындағы дөңес қақпақтың астында орналасқан. Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы ұсақ-түйек жәшігінің үстіндегі аспаптар тақтасында орналасқан. Жүргізуші мен алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықта жолаушы болмаса да бір уақытта ашылатындай етіп жасалған.



Жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы*

E00412400022

Жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы рульдің астында орналасқан және жүргізушінің алдыңғы қауіпсіздік жастығымен бір уақытта қосылады.




AF0007190

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығының ашылуы

E00407501644

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары және жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда ҚОСЫЛУҒА АРНАЛҒАН...

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары және жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы ауырлығы орташа және ауыр алдыңғы соқтығысулар кезінде қосылуға арналған. Кейбір типтік жағдайлар суретте көрсетілген.



AG0004684

- 1 — шамамен 25 км/сағ және одан жоғары жылдамдықта қозғалмайтын кедергіге алдынан соғылу
- 2 — көрсеткілер арасындағы сызылған аймақта ауырлығы орташа немесе қатты алдыңғы соқтығыс


Егер соққы энергиясы шамамен 25 км/сағ жылдамдықта деформацияланбайтын қатты кедергімен соқтығысумен салыстырылатын белгілі бір шекті деңгейден асып кетсе, алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы қосылады. Егер соққы энергиясы шекті мәннен аз болса, қауіпсіздік жастықтары қосылмауы мүмкін. Алайда жастықтар іске қосылатын жылдамдық автокөлік деформация немесе қозғалу арқылы энергияны сіңіретін заттармен соқтығысқан кезде едәуір жоғары болады (мысалы, басқа тұрған автокөлікпен, баған немесе қоршау сүйеніштерімен).

Алдыңғы соққы кезінде жүргізуші немесе жолаушы орнынан қозғалып кете алатындықтан, қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану өте маңызды. Қауіпсіздік белбеуі қауіпсіздік жастықтары қосыла бастағанда адамды рульден және аспаптар тактасынан қауіпсіз қашықтықта ұстайды. Қауіпсіздік жастығы ауыр немесе өлімге жетелеуі мүмкін ең үлкен энергиямен қосыла бастайды. Сонымен қатар қауіпсіздік белбеуі соқтығысу кезінде қорғаныстың негізгі құралы болады. Қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғаныс құралы ретінде жасалған. Сондықтан өз қауіпсіздігіңізді және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану қажет.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары және жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда ҚОСЫЛМАУЫ МҮМКІН...

4

Алдыңғы соққылардың кейбір түрлерінде, өйткені автокөлік шанағы жолаушыларды қорғау арқылы соққы энергиясын сіңіре алады (автокөлік шанағының алдыңғы жағы соққы энергиясын сіңіру арқылы қатты деформациялануы мүмкін). Бұл жағдайда алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы автокөлік шанағының деформациялануы мен зақымдалуына қарамастан қосылмауы мүмкін. Кейбір типтік жағдайлар суретте көрсетілген.




- 1 — бағанға, ағашқа немесе өзге де тар затқа соғылу
- 2 — көліктің жүк көлігінің артқы жағына кіруі
- 3 — автокөліктің алдыңғы жағының бұрышпен соғылуы

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы барлық алдыңғы соқтығысуларда қорғанысты қамтамасыз етпейтіндіктен, қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу керек.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары және жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда ҚОСЫЛУҒА АРНАЛМАҒАН...

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы адамды қорғай алмайтын жағдайларда қосылуға арналмаған. Бұндай жағдайлар суретте көрсетілген.




- 1 — ілеспе соқтығысу (автокөліктің артқы бөлігіне тиетін соққы)
- 2 — бүйірлік соққылар
- 3 — автокөліктің бортқа немесе төбеге аударылуы

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы барлық соқтығысуларда қорғанысты қамтамасыз етпейтіндіктен, қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу керек.

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары және жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы келесі жағдайларда ҚОСЫЛУЫ МҮМКІН...

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары мен жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығы автокөліктің төменгі бөлігіне ауырлығы орташа немесе қатты соққы тиген кезде қосылуы мүмкін (шанактың төменгі бөлігі мен жүріс бөлігі зақымданғанда). Кейбір типтік жағдайлар суретте көрсетілген.




- 1 — көтеріңкі бөлу жолағына, қауіпсіздік аралына немесе жиекке кіру
- 2 — автокөліктің терең шұңқырға немесе шүкәнаққа түсуі
- 3 — автокөліктің құлама беткейге түсуі және шанактың төменгі бөлігінің жерге соғылуы

Қауіпсіздік жастықтары суретте көрсетілген және автокөліктегі адамдар өз орындарынан жылжып кетуі мүмкін кейбір күрт соққылар орын алғанда қосылып кетуі мүмкін болғандықтан, қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану өте маңызды. Қауіпсіздік белбеуі қауіпсіздік жастықтары қосыла бастағанда адамды рульден және аспаптар тақтасынан қауіпсіз қашықтықта ұстайды. Қауіпсіздік жастығы ең үлкен энергиямен қосыла бастайды, бұл оған тиген кезде ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар келтіруі мүмкін.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Рульдің дөнес қақпағына қандай да бір затты (әшекейлер, жапсырмалар және т. б.) бекітуге тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы қосылған кезде, олар адамға тиіп, жарақат келтіруі мүмкін.
- Ұсақ-түйек жәшігінің үстіндегі аспаптар тақтасына қандай да бір затты қоюға немесе бекітуге тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы қосылған кезде, олар адамға тиіп, жарақат келтіруі мүмкін.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Алдыңғы әйнекке немесе оның алдына қандай да бір затты бекітуге немесе қоюға тыйым салынады. Олар қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін немесе қауіпсіздік жастықтары қосылған кезде жүргізуші мен жолаушыға тиіп, оларды жарақаттауы мүмкін.
- Оталдыру жүйесінің кілтін қосымша кілттерді немесе керек-жарақтарды (қатты, өткір немесе ауыр заттар) бекітуге тыйым салынады. Бұл заттар жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығының қалыпты толтырылуына бөгет жасауы немесе ол ашылған кезде жарақат келтіруі мүмкін.
- Жүргізуші жақтағы аспаптар тақтасының төменгі бөлігіне қандай да бір затты немесе керек-жарақты бекітуге тыйым салынады. Бұл заттар жүргізушінің тізеге арналған қауіпсіздік жастығының қалыпты толтырылуына бөгет жасауы немесе ол ашылған кезде жарақат келтіруі мүмкін.




⚠ ЕСКЕРТУ

- Қауіпсіздік жастығы мен жүргізушінің немесе алдыңғы жолаушының арасына сөмкелерді, жануарларды немесе қандай да бір затты салуға тыйым салынады. Олар қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін немесе жастықтар ашылған кезде жүргізуші мен жолаушыға тиіп, оларды жарақаттауы мүмкін.
- Қауіпсіздік жастықтары ашылған бойда олардың кейбір бөліктері ыстық болуы мүмкін. Оларға қол тигізбеңіз. Күйіп қалу қаупі бар.
- Қауіпсіздік жастықтары жүйесі бір рет қосылады. Қосылғаннан кейін оларды қайта пайдалануға болмайды. Оларды мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек, ал қауіпсіздік жастықтары жүйесін толықтай MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексеруді ұсынамыз.


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары жүйесі*

E00407600303

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары (A) алдыңғы орындықтардың арқалықтарына орнатылады. Бүйірлік қауіпсіздік жастығы алдыңғы орындықта адам болмаса да, тиісті жағынан бүйірлік соққы кезінде ғана ашылады.



Қауіпсіздік жастықтары орнатылған орындардың арқалықтарына суретте көрсетілген жапсырмалар бекітіледі.




Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары жүйесі*

E00409100559

Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары шанақтың алдыңғы тіректерінде және төбе қаңқасының бүйірлік элементтерінде

орналасқан. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары алдыңғы немесе артқы орындықта адам болмаса да, тиісті жағынан бүйірлік соққы кезінде ғана ашылады.



AA0024028


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының ашылуы

E00407702845

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ҚОСЫЛУҒА АРНАЛҒАН...


Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары салонның ортаңғы бөлігіне ауырлығы орташа немесе қатты бүйірлік соққы тиген кезде қосылуға арналған.

Типтік жағдай суретте көрсетілген.



AA0042831

«ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабдықталған автокөліктерде қауіпсіздік жастықтарын басқару блогы автокөліктің аударылуын тіркеген кезде перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарын іске қосады.




AJA116677


Қауіпсіздік белбеуі соқтығысу кезінде қорғаныстың негізгі құралы болады. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қосымша қорғаныс құралы ретінде жасалған. Сондықтан өз қауіпсіздігіңізді және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік белбеулерін дұрыс пайдалану қажет.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ҚОСЫЛМАУЫ МҮМКІН...

Бүйірлік соққылардың кейбір түрлерінде, өйткені автокөлік шанағы жолаушыларды қорғау арқылы соққы энергиясын сіңіре алады (автокөлік шанағының бүйір жағы соққы күшін сіңіру арқылы қатты деформациялануы мүмкін). Бұл жағдайда бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары автокөлік шанағының деформациялануы мен зақымдалуына қарамастан қосылмауы мүмкін. Сонымен қатар соққы орнына байланысты бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары бір уақытта ашылмауы мүмкін. Кейбір типтік жағдайлар суретте көрсетілген.



- 1 — салоннан тыс жерлерге бүйірлік соққылар
- 2 — автокөліктің, мотоциклдің немесе осыған ұқсас басқа да кіші габаритті көлік құралының бүйіріне соғылу
- 3 — бағанға, ағашқа немесе өзге де тар затқа бүйірінен соғылу




- 4 — сырғымалы бүйірлік соққылар
- 5 — автокөліктің бортка немесе төбеге аударылуы*

* «ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабдықталған автокөліктерде автокөлік бортка немесе төбеге аударылғанда перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қосылады.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары барлық бүйірлік соқтығысуларда қорғанысты қамтамасыз етпейтіндіктен, қауіпсіздік белбеуін міндетті түрде тағу керек.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары және перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары келесі жағдайларда ҚОСЫЛУҒА АРНАЛМАҒАН...

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары адамды қорғай алмайтын жағдайларда қосылуға арналмаған. Бұндай жағдайлар суретте көрсетілген.



- 1 — алдыңғы соқтығысу
- 2 — ілеспе соқтығысу (автокөліктің артқы бөлігіне тиегін соққы)
- 3 — автокөліктің алдыңғы жағынан аударылуы

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары барлық соқтығысуларда қорғанысты қамтамасыз етпейтіндіктен, қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу керек.


⚠ ЕСКЕРТУ

- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін толықтыратын және кейбір бүйірлік соққылар кезінде жүргізуші мен жолаушыны қорғайтын құрал болып табылады. Қауіпсіздік белбеулерін дұрыс таққан жүргізуші мен жолаушылар әйнекке немесе есікке сүйенбей, орындықтардың арқалықтарына сүйеніп тік отыруы керек.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары үлкен күшпен ашылады. Жүргізуші мен жолаушыларға бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде ауыр немесе өлімге жетелейтін жарақаттар келтірілмеуі үшін қолдарын терезеден шығарып, есіктерге сүйенуге кеңес бермейміз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Артқы жолаушыларға алдыңғы орындықтардың арқалықтарына сүйенуге жол бермеңіз, әйтпесе бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде олар жарақаттануы мүмкін. Балаларға ерекше назар аудару керек.
- Алдыңғы орындықтар арқалықтарының жанына немесе олардың алдына қандай да бір затты қоюға тыйым салынады. Ашылған кезде бүйірлік қауіпсіздік жастығы оларға тиіп, жарақаттауы мүмкін. Сонымен қатар олар қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Алдыңғы орындықтардың арқалықтарына заттаңбалар мен өзге де заттарды жабыстыруға тыйым салынады. Олар бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар орындықтарға қап кигізуге және жамылғы жабуға тыйым салынады. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары бар орындықтарға жамылғы жаппаңыз. Олар бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін.
- Микрофонды (А) немесе басқа да құрылғыларды перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймаққа (В) орнатуға тыйым салынады: алдыңғы әйнекке, есік шынысына, алдыңғы және артқы бағандарға, төбенің бүйірлік бөліктеріне және қосалқы тұтқаларға. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары ашылған кезде микрофон мен басқа заттар үлкен күшпен лақтырылуы немесе қауіпсіздік жастықтарының ашылуына кедергі келтіруі мүмкін, бұл өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.



⚠️ ЕСКЕРТУ

- Киім ілмектеріне ілгіштерді, сондай-ақ ауыр және өткір заттарды ілуге тыйым салынады. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қосылған кезде, бұл заттар үлкен күшпен лақтырылады және қауіпсіздік жастықтарының қалыпты ашылуына жол бермейді. Киімді тікелей ілмекке іліңіз (ілгішсіз). Ілмекке ілінген киімнің қалтасында ауыр және өткір заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Алдыңғы жолаушылар орындығына бала орындығын арқалығын алға қаратып қоюға тыйым салынады. Арқалығы артқа қаратып орнатылатын бала орындықтарын автокөліктің артқы орындығына орнатуға кеңес береміз. Арқалығы артқа қаратып орнатылатын бала орындығын автокөліктің алдыңғы орындығына орналастыру қажет болса, алдыңғы орындықты артқа қарай тірелгенше жылжытыңыз және баланың бала орындығында қалып, есікке тимеуін қадағалаңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Бала орындығында бала отырса да, баланың алдыңғы есікке сүйенуіне немесе оған жақын енеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар баланың басын бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары ашылатын аймаққа тигізбеңіз: бұл қауіпті. Осы ережелерді сақтамау баланың ауыр жарақаттануына немесе өліп кетуіне әкелуі мүмкін.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары мен перде түріндегі қауіпсіздік жастықтарының жанында орналасқан бөлшектерді MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында жөндеуге кеңес береміз.

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы / ескерту хабарламасы

E00407803465

Бақылау шамы



Ескерту хабарламасы



Жүйе оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған сайын немесе ON жұмыс режимін қосқан сайын өзін-өзі тексереді. SRS бақылау шамы бірнеше секундқа қосылады, содан кейін өшеді. Бұл ақаулықтың белгісі емес және жүйенің қалыпты жұмысын білдіреді. Егер SRS жүйесінің бір немесе бірнеше торабымен байланысты ақаулық болса, бақылау шамы қосылып, сол күйі қалады. Бұл жағдайда көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. Қауіпсіздік жастықтары мен қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының ақаулығы туралы сигнал беру жүйесі үшін пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы / ескерту хабарламасы пайдаланылады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- «ЭРА-ГЛОНАСС» апарат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабықталған автокөліктерде «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесі қосылған кезде пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы қосылады.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Төменде сипатталған жағдайларда бақылау шамының сигналы пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесі (SRS) және/немесе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары ойдағыдай істемейтінін және соқтығысу кезінде қосылмай қалуы не болмаса соқтығысу орын алмағанда кенеттен қосылуы мүмкін екенін көрсетеді:
- Оталдыру жүйесі қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде, SRS бақылау шамы қосылмайды немесе қосылады және бірнеше секундтан кейін өшпейді.

ЕСКЕРТУ

- SRS бақылау шамы және/немесе ескерту хабарламасы қозғалыс кезінде пайда болады.

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесі мен қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштары соқтығысу кезінде ауыр жарақат немесе өлім қаупін азайтуға арналған. Төменде сипатталған жағдайларды байқасаңыз, тексерту жүргізу үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуыңыз керек.

Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесіне (SRS) техникалық қызмет көрсету

E00407901521

ЕСКЕРТУ

- SRS жүйесіне және оның жанында орналасқан тораптарға техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында жүргізу ұсынылады. SRS жүйесінің тораптары мен бөліктерінде және электржетекте дұрыс орындалмаған жұмыстар қауіпсіздік жастықтарының кенеттен іске қосылуына немесе жүйенің істен шығуына әкелуі мүмкін; мұндай жағдайлардың кез келгені ауыр жарақат келтіруі мүмкін.

ЕСКЕРТУ

- Рульдің қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының және SRS жүйесінің басқа элементтерінің құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Мысалы, рульді ауыстыру, алдыңғы бампер немесе шанақ құрылымын өзгерту SRS жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және жарақаттану себебі болуы мүмкін.
- Автокөлік зақымданған кезде оның жұмысқа жарамдылығына көз жеткізу үшін SRS жүйесін тексеру ұсынылады.
- Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған алдыңғы орындықтардың, шанақтың орталық тіректерінің немесе автокөліктердің орталық консолінің құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады. Бұл SRS жүйесінің жұмысына теріс әсер етуі және жарақаттану себебі болуы мүмкін. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының жанындағы орындықтар қаптауышының, сондай-ақ алдыңғы және артқы тіректер мен төбе қаңқасы элементтері қаптауышының жыртылуы, кесілуі, жарылуы және өзге де зақымдануы анықталған кезде SRS жүйесін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексерту қажет.

ЕСКЕРТПЕ


- Автокөлікті сатқан кезде жаңа көлік несіне автокөлікте пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесі (SRS) бар екенін ескертуді ұмытпаңыз және оған осы пайдалану нұсқаулығының тиісті бөлімін оқып шығуға кеңес беріңіз.
- Автокөлікті өз еліңіздің қолданыстағы заңнамасына сәйкес кәдеге жаратыңыз. Қауіпсіздік жастықтары жүйесін қауіпсіз бөлшектеу үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Басқару құралдары және бақылау-өлшеу аспаптары

Бақылау-өлшеу аспаптары	5-2
Көпфункционалы дисплей	5-3
Бақылау шамдары, ақаулар туралы ескерту шамдары, ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі	5-23
Бақылау шамдары	5-37
Ақаулар туралы ескерту шамдары	5-38
Ақпараттық терезе хабарламалары	5-40
Жарық аспаптарының қосқышы	5-41
Фаралар жарығының түзеткіші	5-48
Бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышы	5-49
Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің қосқышы	5-50
Тұман фаралары мен артқы тұман шамының қосқышы	5-50
Алдыңғы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышы	5-51
Артқы әйнек жылытқышының қосқышы	5-55
Дыбыс сигналының қосқышы	5-56

Бақылау-өлшеу аспаптары

E00500103183




- 1 — тахометр → 5-2-бет
- 2 — көпфункционалды дисплей → 5-3-бет; ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі → 5-24-бет
- 3 — спидометр (км/сағ немесе миля/сағ + км/сағ)
- 4 — аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші → 5-2-бет

Тахометр

E00500301123

Тахометр қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін көрсетеді (айн/мин). Тахометр анағұрлым үнемдірек жүру режимін таңдауға мүмкіндік береді және қозғалтқыштың шектен тыс жоғары айналымдарына (қызыл аймақ) жеткенін ескертеді.



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде тахометр көрсеткісінің қызыл аймаққа (қозғалтқыштың шектен тыс жоғары айналымдары) өтуіне жол бермеңіз.

Аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші

E00519801300

Бұл түймені әрбір басқан сайын дыбыс сигналы беріледі және аспаптар тақтасының көмескі жарығының айқындығы өзгереді.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Жарық аспаптары қосылуы тұрғанда айқындықтың 8 деңгейі және жарық аспаптары өшірілуі тұрғанда айқындықтың 8 деңгейі бар.
- Аспаптар тақтасының көмескі жарығының айқындығы көшедегі жарыққа байланысты автоматты түрде реттеледі.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру жүйесінің кілті LOCK күйіне бұралған немесе OFF жұмыс режимі қосылған кезде көмескі жарық айқындығының орнатылған деңгейі сақталады.
- Егер жарық аспаптары қосылуы тұрғанда түймені 1 секундтан ұзақ басып тұрсаңыз, көмескі жарықтың айқындығы максималды деңгейге өзгереді. Егер түймені қайта басып, 1 секундтан ұзақ ұстап тұрсаңыз, көмескі жарық айқындығының бұған дейінгі деңгейі қалпына келеді.

Бұл функцияны габарит шамдарын қосқан кезде көмескі жарықтың айқындық деңгейінің төмендеуіне байланысты аспаптар тақтасындағы көрсетімдерді оқу қиын болған күшті жарық кезінде пайдалануға кеңес беріледі.

Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен немесе Mitsubishi Connect (SDA) навигациялық байланыс жүйесімен жабықталған автокөліктерде аспаптар тақтасының көмескі жарығының максималды айқындығы таңдалған болса, SDA байланыс жүйесінің және SDA навигациялық байланыс жүйесінің техникалық сипаттамаларына байланысты экран фонының бас суреті мен пернелердің көмескі жарығының жұмысы өзгереді.



- 1 — көмескі жарықтың айқындығы
- 2 — айқындық реттегіші түймесі


Көпфункционалы дисплей

Баптаулар жүргізу үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

Көпфункционалы дисплейде келесі терезелер көрсетіледі: ескерту хабарламаларының терезесі, одометр, бір тәулікте жүрілген жол есептеуші, техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау, салқындату сұйықтығының температурасы, бактағы отын қалдығы, қоршаған орта температурасы, селектор тұтқасының күйі, толық жетектің жұмыс режимі, орташа және дәл қазіргі отын шығыны, жүріс қоры, орташа жылдамдық, аспаптар тақтасының көмескі жарығының айқындығы.

Сондай-ақ хабарламалар тілін және өлшем бірліктерді таңдау мүмкіндігі бар.

5



- 1 — таңбасы (оталдыру жүйесі өшірілі немесе OFF жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-4-бет
- 2 — ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі өшірілі немесе OFF жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-5-бет; ескерту хабарламасы (оталдыру жүйесі өшірілі немесе OFF жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-6-бет
- 3 — жабылмаған есіктердің индикациясы терезесі (оталдыру жүйесі өшірілі немесе OFF жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-7-бет

- 4 — одометр → 5-5-бет
- 5 — жүру режимінің индикациясы терезесі * → 5-8-бет
- 6 — таңбасы (оталдыру жүйесі қосылу немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-8-бет
- 7 — жүріп келе жатқан қатардан шығу туралы ескерту хабарламасы (LDW)*
- 8 — көзден таса аймақтарда кедергілердің болуын ескерту жүйесінің индикациясы терезесі (BSW)*
- 9 — үнемді режим индикаторы * → 5-13-бет

- 10 — ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі қосылу немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-8-бет; ескерту хабарламасы (оталдыру жүйесі қосылу немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда) → 5-12-бет
- 11 — бактағы отын деңгейінің индикациясы терезесі → 5-13-бет
- 12 — сыртқы ауа температурасының индикациясы терезесі → 5-13-бет

- 13 — қозғалтқышты автоматты түрде өшіру және оталдыру жүйесінің (AS&G) индикациясы терезесі *;
қозғалтқышты автоматты түрде өшіру және оталдыру жүйесінің (AS&G) өшірілген күйінің индикациясы терезесі *
- 14 — салқындату сұйықтығы температурасының индикациясы терезесі → 5-9-бет
- 15 — берістерді ауыстыру индикациясы терезесі * → 6-14, 6-19-беттер
- 16 — селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі* → 5-13, 6-17-беттер

5


ЕСКЕРТПЕ

- Отынның және температураның өлшем бірліктерін, хабарламалар тілін және дисплейдің басқа да параметрлерін өзгертуге болады.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
- Дисплейдегі терезелер оталдыру жүйесінің құлпы қай күйде тұрғанына немесе қандай жұмыс режимінің (OFF не ON) таңдалғанына байланысты өзгереді.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-5-бет.
«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-25-бет.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйінен ON күйіне ауыстырғанда немесе жұмыс режимін OFF режимінен ON режиміне өзгерткенде)» бөлімін қараңыз, 5-7-бет.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-8-бет.
«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-28-бет.

Көпфункционалы дисплейді ауыстырып қосу түймесі

E00520002051



Бұл түймені әрбір басқан кезде дыбыс сигналы беріледі және терезелердің ауысуы орын алады: ескерту терезесі, бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші, техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау, орташа және қазіргі сәттегі отын шығыны, жүріс қоры, орташа жылдамдық. Сондай-ақ осы түйменің көмегімен хабарламалар тілін және өлшем бірліктерді таңдау жүзеге асырылады.




таңбасы (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00520101648



Ескерту терезесінен алдыңғы терезеге оралу үшін ауыстырып қосу түймесін басыңыз, осы кезде дисплейде  таңбасы пайда болады.
«Ескерту хабарламасы терезесінен алдыңғы терезеге оралу» бөлімін қараңыз, 5-6-бет.
Бұл таңба сондай-ақ қазіргі сәтте көрсетіліп тұрған ескерту хабарламасынан өзге ескерту хабарламалары бар болған жағдайда көрсетіледі. Ескерту хабарламасының көрсетілу себебі жойылғаннан кейін  таңбасы автоматты түрде өшеді.


ЕСКЕРТПЕ

- Ақпараттық терезеде  таңбасы пайда болған жағдайда ескерту хабарламасы қайтадан көрсетіле алады.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-5-бет.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-8-бет.

Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосұлы тұрғанда)

E00520202297

Ауыстырып қосу түймесін әрбір басып қалған сайын дисплейдегі терезелер келесі тәртіппен ауысады.



AFA129389

*1 Ескерту хабарламасы болмаған жағдайда.

*2 Ескерту хабарламасы болған жағдайда.

- 1 — бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші **A**
- 2 — бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші **B**
- 3 — техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау
- 4 — ескерту хабарламасын қайталап көрсету

Одометр / бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші

E00521202803

Одометр

Одометр автокөліктің жалпы жүрген жолын көрсетеді.

Бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші

Бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші бөлек сапар барысында жүріп өткен қашықтықты көрсетеді.

- A** бір тәулікте жүрілген жол есептеуішін және
- B** бір тәулікті жүрілген жол есептеуішін қолдану үлгісі


Бір мезгілде бір тәулікте жүрілген жолдың екі есептеуішін қолдануға болады: біреуі **A** — ағымдағы сапардың басынан бері жүріп өткен қашықтықты өлшеу үшін, екіншісі **B** — қандай да бір аралық сәттен бері жүріп өткен қашықтықты өлшеу үшін.

Бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші көрсетімдерін нөлдеу

Есептеуіш көрсетімдерін 0-ге түсіру үшін ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. Тек қазір көрсетіліп тұрған көрсетімдер ғана нөлденеді.

Мысал

Егер дисплейде **A** есептеуішінің көрсетімдері көрсетіліп тұрса, онда **A** есептеуішінің көрсетімдері ғана нөлденеді.



AFA129392

5

ЕСКЕРТПЕ

- Ескерту хабарламасы болмаған жағдайда терезелер арасында ауысу келесі реттілікпен жүзеге асырылады: **A** бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші → **B** бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші → техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау → **A** бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші.
- **A** және **B** бір тәулікте жүрілген жол есептеуіштерінің әрқайсысының көрсетімдерінің максималды мәні 9999,9 км құрайды, содан кейін есептеу қайтадан 0,0 км мәнінен басталады.
- Аккумулятор батареясының клеммасы ағытылған кезде **A** және **B** бір тәулікте жүрілген жол есептеуіштерінің екеуінің де көрсетімдері өшіріледі және есептеу 0,0 км мәнінен басталады.

Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау

E00521302295



Дисплейде келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар саны мен жүріп өтетін жол көрсетіледі.

«Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау» бөлімін қараңыз, 5-14-бет.

5


Ескерту хабарламасы (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосұлы тұрғанда)

E00520501798

Дисплейде ескерту хабарламасы (мысалы, қандай да бір еске салу) көрсетілген сәтте оған қосымша зуммердің дыбыс сигналы беріледі. Нұсқаулықтың тиісті бетін оқып шығыңыз және қажетті шараларды қолданыңыз.

Пайда болу себебі жойылғаннан кейін ескерту хабарламасы автоматты түрде жабылады.

«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосұлы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-25-бет.




- 1 — ескерту хабарламасының пайда болуы
2 — себебі жойылды

Ескерту хабарламасы терезесінен алдыңғы терезеге оралу

Ескерту хабарламасының пайда болуына дейін көрсетіліп тұрған терезеге ескертудің пайда болу себебі жойылғанға дейін де қайтып оралуға болады.

Ескерту хабарламасының терезесінен алдыңғы терезеге оралу үшін ауыстырып қосу түймесін басыңыз, осы кезде дисплейде таңбасы (A) пайда болады.



ЕСКЕРТПЕ

- Үстінгі оң жақ бұрышында не таңбасы көрсетіліп тұрған ескерту хабарламасы бар терезеден басқа терезеге ауысуға болады. Ол үшін ауыстырып қосу түймесін келесі тәртіппен басыңыз:



басып қалу.



түймені кемінде 2 секунд басып тұру.

Ескерту хабарламасын қайталап көрсету


Егер дисплейде таңбасы көрсетіліп тұрса, ауыстырып қосу түймесін көп рет басып қалған жағдайда дисплейде ескерту хабарламасы бар терезе қайтадан көрсетіледі.

«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосұлы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-5-бет.

Жабылмаған есіктердің индикациясы терезесі (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00520601601

Бұл терезе есіктердің бірі (немесе жүксалғыш есігі) ашық тұрған немесе тығыз жабылмаған жағдайда көрсетіледі.




AFA129422

- 1 — жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер жабық
- 2 — қандай да бір есік (немесе жүксалғыш есігі) ашық тұр

Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйінен ON күйіне ауыстырғанда немесе жұмыс режимін OFF режимінен ON режиміне өзгерткенде)

E00520702478

Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде дисплей терезелері келесі тәртіппен ауыстырылып қосылады:



AFA129435


- 1 — оталдыру жүйесінің кілтін OFF күйіне бұраған немесе OFF жұмыс режимін қосқан кезде көрсетілетін терезе
- 2 — жүйені тексеру терезесі
- 3 — оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде көрсетілетін терезе

Жүйені тексеру терезесі

Оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде жүйені тексеру терезесі шамамен 4 секунд бойы көрсетіледі. Ақаулықтар болмаған жағдайда дисплейде ақпараттық терезе көрсетіледі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрған кезде).

Ақаулықтар болған жағдайда дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-28-бет.



ЕСКЕРТПЕ

- Жүйені тексеру терезесінде көрсетілетін ақпарат автокөлік жинақтамасына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау

Кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімі жақындағанда оталдыру жүйесін қосқан немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде дисплейде бірнеше секундқа ескерту хабарламасы пайда болады. «Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау» бөлімін қараңыз, 5-14-бет.



Жүру режимінің индикациясы терезесі*

E00520801430



Бұл терезеде толық жетек жүйесінің ағымдағы режимі көрсетіледі.

4WD LOCK режимі таңдалған жағдайда терезеде 4WD LOCK хабарламасы көрсетіледі; 4WD AUTO режимі таңдалған жағдайда терезеде 4WD хабарламасы көрсетіледі.

2WD режимі таңдалғанда терезе бос күйінде қалады. «Жүру режимдерінің ауыстырып қосқышы» бөлімін қараңыз, 6-23-бет.

⚠ таңбасы (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00520901457



Ескерту хабарламасының терезесінен алдыңғы терезеге оралу үшін ауыстырып қосу түймесін басыңыз, осы кезде дисплейде «!» таңбасы пайда болады.

Бұл таңба сондай-ақ қазіргі сәтте көрсетіліп тұрған ескерту хабарламасынан өзге ескерту хабарламалары бар болған жағдайда көрсетіледі.

Ескерту хабарламасының көрсетілу себебі жойылғаннан кейін ⚠ таңбасы автоматты түрде өшеді.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Ақпараттық терезеде ⚠ таңбасы пайда болған жағдайда ескерту хабарламасы қайтадан көрсетіле алады.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-5-бет.
«Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-8-бет.

Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00521102479

Ауыстырып қосу түймесін әрбір басып қалған сайын дисплейдегі терезелер келесі тәртіппен ауысады.




- 1 — бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші **A**
- 2 — бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші **B**
- 3 — техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау
- 4 — жүріс қоры, лездік отын шығыны
- 5 — орташа отын шығыны, лездік отын шығыны
- 6 — орташа жылдамдық, лездік отын шығыны
- 7 — баптаулар терезесі
- 8 — ескерту хабарламасын қайталап көрсету

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде баптаулар терезесі қолжетімсіз (тіпті ауыстырып қосу түймесін басқан жағдайда да). Баптаулар жүргізу үшін автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
- Дисплейде ескерту хабарламасы (мысалы, қандай да бір жүйенің ақаулығы туралы ескерту) көрсетілген сәтте бірден зуммердің дыбыс сигналы беріледі. «Ескерту хабарламасы (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-12-бет.

Одометр / бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші

E00568400150



Жұмыс істеу принципі оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғандағымен бірдей. «Одометр / бір тәулікте жүрілген жол есептеуіші» бөлімін қараңыз, 5-5-бет.

Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау

E00522502500



Дисплейде келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар саны мен жүріп өтетін жол көрсетіледі. «Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау» бөлімін қараңыз, 5-14-бет.

Салқындату сұйықтығы температурасының индикациясы

E00521401808



Дисплейде салқындату сұйықтығының температурасы көрсетіледі. Салқындату сұйықтығының температурасы көтерілгенде таңбасы жыпылықтай бастайды. Автокөліктің қозғалысы кезінде салқындату сұйықтығының температурасын қадағалаңыз.


САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда дисплейде таңбасы жыпылықтай бастайды. Температура көрсеткішінің индикаторы қызыл аймақта тұрады. Автокөлікті тезірек қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қажетті шараларды қолданыңыз. «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз, 8-9-бет.

Жүріс қоры

E00568500122

Дисплейде шамамен алынған жүріс қоры (қалған отынмен жүріп өтуге болатын километрлер саны) көрсетіледі. Егер жүріс қоры 50 км шамасынан аз болса, дисплейде «<-->» таңбасы көрсетіледі. Тезірек отын құйыңыз.



AFA129477

ЕСКЕРТПЕ

- Көрсетіліп тұрған жүріс қоры отын шығыны туралы деректер бойынша есептеледі. Көрсетімдер қозғалыс жағдайларына және көлік жүргізу мәнеріне қарай өзгеруі мүмкін. Жүріс қорының мәні болжалды мән болып табылады.
- Отын құйғаннан кейін жүріс қорының мәні жанарады. Алайда баққа аз отын құйылса, көрсетімдер дәл болмауы мүмкін. Мүмкіндігінше бакты толтырып отын құйыңыз.
- Кейбір жағдайларда тік беткейде тұрақта тұрғанда жүріс қорының мәні өзгеруі мүмкін. Бұл бак ішіндегі отынның ығысуына байланысты орын алады және ақаулық белгісі болып табылмайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Өлшем бірліктерін (километр немесе миля) таңдауға болады.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.


Орташа жылдамдық

E00568600107

Дисплейде көрсетімдерді соңғы нөлдеген сәттен басталған орташа қозғалыс жылдамдығы көрсетіледі.

2 түрлі баптау режимі бар.

Бұл параметрдің баптауларын өзгерту тәртібін «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімінен қараңыз, 5-16-бет.



Қолмен нөлдеу режимі

- Егер орташа жылдамдықты көрсету сәтінде ауыстырып қосу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, бұл параметрдің мәндері нөлденеді.
- Төмендегі операцияларды орындаған жағдайда қолмен істеу режимінен автоматты режимге автоматты түрде ауысу орын алады.
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ACC не LOCK күйінен ON күйіне бұрау.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Жұмыс режимін ACC не OFF режимінен ON режиміне өзгерту.

Нөлдеудің автоматты режиміне ауысу автоматты түрде орын алады. Алайда егер қолмен реттеу режиміне ауыстыру жүргізілген болса, соңғы нөлдеу сәтінен бергі көрсетімдер көрсетіледі.

Автоматты нөлдеу режимі

- Егер орташа жылдамдықты көрсету сәтінде ауыстырып қосу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, бұл параметрдің мәндері нөлденеді.
- Орташа жылдамдық көрсетімдерінің нөлденуі оталдыру жүйесінің кілті төменде көрсетілген күйлердің бірінде тұрғанда немесе төменде көрсетілген жұмыс режимдерінің бірі қосулы тұрғанда автоматты түрде жүзеге асады.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ACC не LOCK күйінде кемінде 4 сағат бойы тұр.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

ACC не OFF жұмыс режимі кемінде 4 сағат бойы қосылып тұр.

ЕСКЕРТПЕ

- Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдық көрсетімдерін қолмен нөлдеу режимінде де, автоматты нөлдеу режимінде де жеке-жеке нөлдеуге болады.
- Егер орташа жылдамдықты есептеу мүмкін болмаса, дисплейде «---» таңбасы көрсетіледі.
- Бұл параметр әдепкі бойынша автоматты нөлдеу режиміне белгіленген.
- Өлшем бірліктерін (км/сағ немесе миля/сағ) таңдауға болады.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
- Аккумулятор батареясы ағытылған жағдайда қолмен нөлдеу режимінде де, автоматты нөлдеу режимінде де жүргізілген баптаулар өшіріледі.


Орташа отын шығыны

E00568700166

Дисплейде көрсетімдерді соңғы нөлдеген сәттен бергі орташа отын шығыны көрсетіледі.

2 түрлі баптау режимі бар.

Бұл параметрдің баптауларын өзгерту тәртібі туралы мәліметтерді «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімінен қараңыз, 5-16-бет.



Лездік отын шығынының көрсеткішіндегі ▼ таңбасы (A) орташа отын шығынын көрсетеді.

Қолмен нөлдеу режимі

- Егер орташа отын шығынын көрсету сәтінде ауыстырып қосу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, бұл параметрдің көрсетімдері нөлденеді.
- Төмендегі операцияларды орындаған жағдайда қолмен істеу режимінен автоматты режимге автоматты түрде ауысу орын алады.
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ACC не LOCK күйінен ON күйіне бұрау.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Жұмыс режимін ACC не OFF режимінен ON режиміне өзгерту.

Нөлдеудің автоматты режиміне ауысу автоматты түрде орын алады. Алайда егер қолмен реттеу режиміне ауыстыру жүргізілген болса, соңғы нөлдеу сәтінен бергі көрсетімдер көрсетіледі.

Автоматты нөлдеу режимі

- Егер орташа отын шығынын көрсету сәтінде ауыстырып қосу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, бұл параметрдің көрсетімдері нөлденеді.
- Орташа отын шығыны көрсетімдерінің нөлденуі оталдыру жүйесінің кілті төменде көрсетілген күйлердің бірінде тұрғанда немесе төменде көрсетілген жұмыс режимдерінің бірі қосулы тұрғанда автоматты түрде жүзеге асады.
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ACC не LOCK күйінде кемінде 4 сағат бойы тұр.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
ACC не OFF жұмыс режимі кемінде 4 сағат бойы қосылып тұр.

ЕСКЕРТПЕ

- Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдық көрсетімдерін қолмен нөлдеу режимінде де, автоматты нөлдеу режимінде де жеке-жеке нөлдеуге болады.
- Егер орташа отын шығынын есептеу мүмкін болмаса, дисплейде «---» таңбасы көрсетіледі.
- Бұл параметр әдепкі бойынша автоматты нөлдеу режиміне белгіленген.

ЕСКЕРТПЕ


- Орташа отын шығыны қозғалыс жағдайларына (жолдың күйі, жүргізу мәнері және т.б.) байланысты. Отын шығынының көрсетіліп тұрған мәні мен шын мәніндегі отын шығынының арасында айырмашылық болуы мүмкін. Отын шығынының мәні болжалды мән болып табылады.
- Аккумулятор батареясы ағытылған жағдайда қолмен нөлдеу режимінде де, автоматты нөлдеу режимінде де жүргізілген баптаулар өшіріледі.
- Өлшем бірліктерін (км/л, миля/галлон (амер. галлон), миля/галлон (ағыл. галлоны), л/100 км) таңдауға болады.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.

5

Лездік отын шығыны

E00568800125

Қозғалыс кезінде лездік отын шығыны көлденең индикатор түрінде көрсетіледі.



Егер лездік отын шығынының мәні орташа отын шығынының мәнінен асып кетсе, лездік отын шығыны ақ түсті көлденең индикатормен көрсетіледі.

Егер лездік отын шығынының мәні орташа отын шығынының мәнінен асып кетсе, мұқият болыңыз, әлдеқайда үнемді режимде жүргізуге болады.

5

ЕСКЕРТПЕ

- Егер лездік отын шығынын есептеу мүмкін болмаса, көлденең индикатор көрсетілмейді.
- Өлшем бірліктерін (км/л, миля/галлон (амер. галлон), миля/галлон (ағыл. галлоны), л/100 км) таңдауға болады.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
- Жасыл түсті көлденең индикаторды өшіріп қоюға болады.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.

Баптаулар терезесі

E00521901340



Қалауыңыз бойынша келесі баптауларды өзгертуге болады: «Хабарламалар тілі», «Температураның өлшем бірліктері», «Отын шығынының өлшем бірліктері» және «Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдық көрсетімдерін нөлдеу әдісі» және басқалары.
Толығырақ ақпаратты «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімінен қараңыз, 5-16-бет.

Ескерту хабарламасы (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00522002127

Ескерту хабарламалары


Дисплейде ескерту хабарламасы (мысалы, қандай да бір жүйенің ақаулығы туралы ескерту) көрсетілген сәтте бірден зуммердің дыбыс сигналы беріледі.


Ескерту хабарламаларының тізімі бар нұсқаулықтың тиісті бетін оқып шығыңыз және қажетті шараларды қолданыңыз.

«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-28-бет. Пайда болу себебі жойылғаннан кейін ескерту хабарламасы автоматты түрде жабылады.

Ескерту хабарламасы терезесінен алдыңғы терезеге оралу



Ескерту хабарламасының пайда болуына дейін көрсетіліп тұрған терезеге ескертудің пайда болу себебі жойылғанға дейін де қайтып оралуға болады.



Ескерту хабарламасының терезесінен алдыңғы терезеге оралу үшін ауыстырып қосу түймесін басыңыз, осы кезде дисплейде  таңбасы (A) пайда болады.





AFA129510


ЕСКЕРТПЕ

● Үстіңгі оң жақ бұрышында  не  таңбасы көрсетіліп тұрған ескерту хабарламасы бар терезеден басқа терезеге ауысуға болады. Ол үшін ауыстырып қосу түймесін келесі тәртіппен басыңыз:

  басып қалу.

  түймені кемінде 2 секунд басып тұру.

Ескерту хабарламасын қайталап көрсету

Егер дисплейде  таңбасы көрсетіліп тұрса, ауыстырып қосу түймесін көп рет басып қалған жағдайда дисплейде ескерту хабарламасы бар терезе қайтадан көрсетіледі.

Басқа ескерту хабарламалары

Ақпараттық дисплейде әрбір жүйенің жұмыс режимі көрсетіледі. Ескерту хабарламаларының тізімін қараңыз. «Басқа ескерту хабарламалары» бөлімін қараңыз, 5-35-бет.

Селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі*

E00532501535



Терезеде селектор тұтқасының күйі көрсетіледі. «Селектор тұтқасының көмегімен CVT басқару» бөлімін қараңыз, 6-16-бет.

Сыртқы ауа температурасының индикациясы терезесі

E00522101596



Терезеде автокөлік сыртындағы ауа температурасы көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Өлшем бірліктерін (°C не °F) таңдауға болады. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосуды немесе ON жұмыс режимі қосуды тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
- Жол жағдайларына байланысты дисплейде көрсетіліп тұрған қоршаған ауа температурасының мәні мен шынайы температура мәнінің арасында айырмашылық болуы мүмкін.

Үнемді режим индикаторы*

E00579500021




Бұл индикатор отын үнемдеп жүргізу мәнеріне жеткен кезде көрсетіледі.

Бактағы отын деңгейінің индикациясы терезесі

E00522202044

Терезеде бактағы отын мөлшері көрсетіледі.



AFA124342

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Отынды таусылғанша жағып пайдаланбаңыз, себебі бұл кезде каталиттік бейтараптандырғыш зақымдалуы мүмкін. Егер дисплейде ескерту хабарламасы пайда болса, мүмкіндігінше тездетіп отын құйыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Отын құйғаннан кейін көрсетімдердің тұрақтануына бірнеше секунд қажет болуы мүмкін.
- Егер отын оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда жүргізілген болса, отын деңгейі дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.


Отын бағы аузы қақпағының орналасқан жерін көрсеткіш

E0052230007


Көрсеткіш (A) отын бағы аузының қақпағы автокөліктің сол жағында орналасқанын көрсетеді.


Бақтағы отын мөлшерінің аз екенін ескерту хабарламасы

E00522402567

Егер бақта шамамен 10 л отын қалса, ақпараттық терезеде бақтағы отын мөлшерінің аз екенін ескерту хабарламасы пайда болады, бұл ретте аз жиілікпен (шамамен секундына 1 рет)  таңбасы (B) жыпылықтай бастайды.

Егер дисплейде ескерту хабарламасы пайда болса, мүмкіндігінше тездетіп отын құйыңыз. Бірнеше секундтан кейін ақпараттық дисплейде алдыңғы терезе қайтадан пайда болады.

Егер бақтағы отын деңгейі төмендей берсе, ақпараттық терезеде бақтағы отын мөлшерінің аз екенін ескерту хабарламасы пайда болады, бұл ретте жоғары жиілікпен (шамамен секундына 2 рет)  таңбасы (B) жыпылықтай бастайды.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- Көлбеу жолдарда немесе бұрылыстарда бақтағы отынның ығысуына байланысты бұл таңба жалған жыпылықтауы мүмкін.


Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау

E00522502513

MITSUBISHI MOTORS ұсыныстарына сәйкес келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі шамамен алынған жүрілетін жолды және уақытты көрсетеді. Кезекті техникалық қызмет көрсетуден өту қажет болған жағдайда дисплейде «---» таңбасы көрсетіледі.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік модификациясына және жинақтамасына байланысты көрсетіліп тұрған келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүрілетін жол мен уақыт және MITSUBISHI MOTORS ұсынған жол мен уақыттың арасында айырмашылық болуы мүмкін. Қосымша келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі жүрілетін жол мен уақыттың параметрлерін өзгертуге болады. Ол үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Тольғырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.



1. Келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар саны мен жүріп өтетін жол.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жүрілетін жол 100 км (100 миль) шамасының еселенген мәнімен, қалған айлар саны 1 айдың еселенген мәнімен көрсетіледі.

2. Терезенің мұндай түрі кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімінің келгенін хабарлайды. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Бұл ретте оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйінен ON күйіне ауыстырған немесе жұмыс режимін OFF режимінен ON режиміне өзгерткен кезде ақпараттық терезеде бірнеше секундқа ескерту хабарламасы пайда болады.





3. Келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған уақыт пен жүрілетін жол MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында техникалық қызмет көрсетуден өткеннен кейін қайтадан қойылады.

Нөлдеу


Нөлдеуді оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда орындауға болады. Көрсеткіштер санақтың басына қойылған кезде дисплейде келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар саны мен жүріп өтетін жол көрсетіледі. Оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқанда ескерту хабарламасы қайтадан көрсетілмейді.

1. Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау индикациясы терезесі ақпараттық терезеде ауыстырып қосу түймесін көп рет қысқа-қысқа басқан кезде көрсетіледі.



2.  таңбасы пайда болып, жыпылықтай бастамайынша ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. Егер шамамен 10 секундтың ішінде бір де бір түйме басылмаса, дисплейде келесі терезе көрсетіледі.

3. Таңба жыпылықтай бастағаннан кейін «---» таңбасының орнына CLEAR жазуы пайда болуы үшін ауыстырып қосу түймесін басыңыз. Дисплейде кезекті техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар саны мен жүріп өтетін жол көрсетіледі.



⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлі иесі техникалық қызмет көрсетудің уақытылы өтуін қамтамасыз етуге міндетті. Уақытылы техникалық қызмет көрсету мен тексерулер автокөліктің дұрыс күйін және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда нөлдеуді орындау мүмкін емес.
- Егер дисплейде «---» көрсетіліп тұрса, белгілі жол мөлшерін жүріп өткеннен және белгіленген уақыт өткеннен кейін параметр нөлденеді және дисплейде келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін қалған айлар саны мен жүріп өтетін жол көрсетіледі.
- Бұл параметр кездейсоқ нөлденетін болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Жабылмаған есіктердің индикациясы терезесі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00522602006

5



Бұл терезе есіктердің бірі (немесе жүксалғыш есігі) ашық тұрған немесе тығыз жабылмаған жағдайда көрсетіледі.

Егер автокөлік жылдамдығы шамамен 8 км/сағ мәнине жетсе және қандай да бір есік ашық немесе тығыз жабылмай тұрса, зуммердің ескертуші сигналы 4 рет беріледі. Бұл жүргізушіге есікті тығыз жабу қажеттігі туралы ескерту.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлік орнынан қозғалмас бұрын жабылмаған есіктер индикациясының өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00522702397


1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Тұрақ тежегішін қосыңыз, М/Т берілістерді ауыстыру тұтқасын бейтарап күйге қойыңыз немесе CVT селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
2. Баптаулар терезесіне өту үшін ауыстырып қосу түймесін бірнеше рет басып қалыңыз. «Ақпараттық терезе (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-8-бет.



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында баптаулар тек тұрақта тұрған кезде ғана орындалады. Қозғалыс кезінде баптаулар терезесі қолжетімсіз (тіпті ауыстырып қосу түймесін басқан жағдайда да).

3. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.



AFA129581

📖 ЕСКЕРТПЕ

- мәзір терезесінен баптаулар терезесіне қайтып оралу үшін ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.
- егер шамамен 15 секундтың ішінде бір де бір операция орындалмаса, дисплейде қайтадан баптаулар терезесі көрсетіледі.

4. Баптауларын өзгерту қажет параметрді таңдаңыз және параметрдің қажетті мәнін белгілеңіз. Әрі қарай баптауларды өзгерту тәртібі толық сипатталған.

«Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдықты нөлдеу режимін таңдау» бөлімін қараңыз, 5-17-бет.

«Отын шығынының өлшем бірліктерін таңдау» бөлімін қараңыз, 5-18-бет.

«Температураның өлшем бірліктерін таңдау» бөлімін қараңыз, 5-18-бет.

«Хабарламалар тілін таңдау» бөлімін қараңыз, 5-19-бет.


«Зуммердің жұмыс режимін таңдау» бөлімін қараңыз, 5-19-бет.

«Демалу қажеттігі туралы ескертудің (REST REMINDER) аралық мерзімін таңдау» бөлімін қараңыз, 5-20-бет.

«Бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысын өзгерту» бөлімін қараңыз, 5-20-бет.

«Лездік отын шығынын көрсету параметрлерін өзгерту» бөлімін қараңыз, 5-21-бет.

«Әдепкі бойынша мәндерді орнату» бөлімін қараңыз, 5-21-бет.



Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдықты нөлдеу режимін таңдау

E00522902490

Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдық көрсетімдерін автоматты түрде немесе қолмен нөлдеу режимін таңдау мүмкіндігі бар.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.
«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы «AVG» (орташа отын шығыны мен орташа жылдамдық параметрлерінің баптаулары) параметрін таңдаңыз.

3. А немесе 1 (автоматты нөлдеу режимі) → М, 2 немесе Р (қолмен нөлдеу режимі) → А немесе 1 (автоматты нөлдеу режимі) рет-ретімен таңдалуы үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.
Нөлдеу режимі өзгертіледі.

Қолмен нөлдеу режимі

- Егер орташа отын шығынын немесе орташа жылдамдықты көрсету сәтінде ауыстырып қосу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, бұл параметрлердің көрсетімдері нөлденеді.
- Төмендегі операцияларды орындаған жағдайда қолмен істеу режимінен автоматты режимге автоматты түрде ауысу орын алады.
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ACC не LOCK күйінен ON күйіне бұрау.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Жұмыс режимін ACC не OFF режимінен ON режиміне өзгерту.

Нөлдеудің автоматты режиміне ауысу автоматты түрде орын алады. Алайда егер қолмен реттеу режиміне ауыстыру жүргізілген болса, соңғы нөлдеу сәтінен бергі көрсетімдер көрсетіледі.

Автоматты нөлдеу режимі

- Егер орташа отын шығынын немесе орташа жылдамдықты көрсету сәтінде ауыстырып қосу түймесін басып ұстап тұрсаңыз, бұл параметрлердің көрсетімдері нөлденеді.
- Орташа отын шығыны және орташа жылдамдық көрсетімдерінің нөлденуі оталдыру жүйесінің кілті төменде көрсетілген күйлердің бірінде тұрғанда немесе төменде көрсетілген жұмыс режимдерінің бірі қосулы тұрғанда автоматты түрде жүзеге асады.
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ACC не LOCK күйінде кемінде 4 сағат бойы тұр.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
ACC не OFF жұмыс режимі кемінде 4 сағат бойы қосылып тұр.

ЕСКЕРТПЕ

- Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдық көрсетімдерін қолмен нөлдеу режимінде де, автоматты нөлдеу режимінде де жеке-жеке нөлдеуге болады.
- Аккумулятор батареясы ағытылған жағдайда қолмен нөлдеу режимінде де, автоматты нөлдеу режимінде де жүргізілген баптаулар өшіріледі.
- Бұл параметр әдепкі бойынша автоматты нөлдеу режиміне белгіленген.


Отын шығынының өлшем бірліктерін таңдау

E00523002007

Отын шығынының өлшем бірліктерін таңдау мүмкіндігі бар. Бұл ретте тиісті түрде қашықтықтың, жылдамдықтың және отын мөлшерінің өлшем бірліктері өзгереді.

5


1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы «AVG UNIT» (отын шығыны параметрлерінің баптаулары) параметрін таңдаңыз.



AFA129608

3. «AVG UNIT» (отын шығынының өлшем бірліктерін таңдау) параметрін таңдау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.

4. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы өлшем бірліктерін келесі тәртіппен таңдаңыз: км/л → л/100 км → миля/галлон (амер. галлон) → миля/галлон (ағыл. галлоны) → RETURN (кері қайту) → км/л.



AFA129611

5. Таңдалған өлшем бірліктерін растау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүріс қорының, орташа отын шығынының, орташа жылдамдықтың және лездік отын шығынының өлшем бірліктері өзгертіледі, алайда спидометрдегі, одометрдегі және бір тәулікте жүрілген жол есептеуіндегі бірліктер өзгеріссіз қалады.
- Аккумулятор батареясының клеммасын ағытқан жағдайда таңдалған өлшем бірліктері өшіріледі де, автоматты түрде л/100 км параметрі қалпына келтіріледі.


Отын шығынының таңдалған өлшем бірліктеріне сәйкес қашықтық және жылдамдық өлшем бірліктері өзгереді.


Отын шығыны	Қашықтық (жүріс қоры)	Қозғалыс жылдамдығы (орташа жылдамдық)
л/100 км	км	км/сағ
миля/галлон (амер. галлон)	миля	миля/сағ
миля/галлон (ағыл. галлоны)	миля	миля/сағ
км/л	км	км/сағ

Температураның өлшем бірліктерін таңдау

E00523102255

Температураның өлшем бірліктерін таңдау мүмкіндігі бар.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы  (температураның өлшем бірліктерін таңдау) параметрін таңдаңыз.



3. °C → °F → °C рет-ретімен тандалуы үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. Температураның өлшем бірліктері өзгертіледі.

ЕСКЕРТПЕ


- Аккумулятор батареясының клеммасы ағытылған жағдайда параметр мәні автоматты түрде °C өлшем бірлігіне орнатылады.


Хабарламалар тілін таңдау


E00523201897

Хабарламалар тілін таңдау мүмкіндігі бар.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.

2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы  (тілді таңдау) параметрін таңдаңыз.



3.  (тілді таңдау) параметрін таңдау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.
4. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы қажетті тілді таңдаңыз.
5. Тандалған тілді растау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.


ЕСКЕРТПЕ


- Аккумулятор батареясы ағытылған жағдайда хабарламалар тілі автоматты түрде ENGLISH (ағылшын) тіліне немесе РУССКИЙ (орыс) тіліне қойылады.
- «---» таңбасын таңдаған жағдайда ескерту хабарламалары көрсетілмейді.

Зуммердің жұмыс режимін таңдау

E00523401886

Дисплейді ауыстырып қосу түймесін және аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші түймесін басқан кезде шығатын зуммерді өшіріп қоюға болады.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы  (зуммердің жұмыс режимін таңдау) параметрін таңдаңыз.



3. ON (зуммер қосулы) → OFF (зуммер өшірулі) → ON (зуммер қосулы) параметрін ретімен таңдау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. Тиісті режим таңдалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Аккумулятор батареясын ажыратқан жағдайда зуммердің жұмыс режимі автоматты түрде ON (зуммер қосулы) күйіне қойылады.
- Дыбыс сигналының тек дисплейді ауыстырып қосу түймесі мен аспаптар тақтасы көмескі жарығының реттегіші түймесін басумен ғана бірге берілуі тоқтатылады. Ескерту хабарламалары мен басқа дыбыс сигналдарын өшіріп қою мүмкін емес.


5

Демалу қажеттігі туралы ескертудің (REST REMINDER) аралық мерзімін таңдау


E00523501959

Демалу қажеттігі туралы ескертудің аралық мерзімін өзгертуге болады.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы ALARM (демалу қажеттігі туралы ескертудің аралық мерзімін таңдау) параметрін таңдаңыз.



3. ALARM (демалу қажеттігі туралы ескертудің аралық мерзімін таңдау) параметрін таңдау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.



4. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы қажетті уақытты таңдаңыз.
5. Таңдалған уақытты растау үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.

ЕСКЕРТПЕ


- Аккумулятор батареясының клеммасы ағытылған жағдайда ескертулердің аралық мерзімі автоматты түрде OFF (өшір.) күйіне орнатылады.
- Оталдыру жүйесін өшіргеннен немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін уақытты есептеу қайтадан басталады.


Бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысын өзгерту

E00529101579


Бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысын өзгертуге болады.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.

2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы  (бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысын таңдау) параметрін таңдаңыз.




3. Дыбысты 1 (1-бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысы) → 2 (2-бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысы) → 1 (1-бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысы) ретімен ауыстырып қосу үшін көпфункционалы дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. Бұл баптау бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысын өзгертуге мүмкіндік береді.



Лездік отын шығынының көрсетілу параметрлерін өзгерту

E00529201509

Лездік отын шығынының көлденең индикаторының баптауын өзгертуге болады.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз. «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосылу немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы  (лездік отын шығынының көрсетілу параметрлерін таңдау) параметрін таңдаңыз.

3. Келесі реттілікпен көлденең индикатор режимін ауыстырып қосу үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін 2 секундтан ұзақ басып тұрыңыз: ON (жасыл түсті көлденең индикатор көрсетіледі) → OFF (жасыл түсті көлденең индикатор көрсетілмейді) → ON (жасыл түсті көлденең индикатор көрсетіледі). Осылайша лездік отын шығынының көлденең индикаторының баптауын өзгертуге болады.


Әдепкі бойынша мәндерді орнату

E00523602348

Барлық параметрлер мен функциялардың баптауларын әдепкі бойынша (зауыттық баптау) орнатуға болады.

1. Баптаулар терезесінен мәзір терезесіне өту үшін дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 2 секунд басып тұрыңыз.

- «Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосылу немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
2. Ауыстырып қосу түймесін басып қалу арқылы RESET (әдепкі бойынша мәндерді орнату) параметрін таңдаңыз.



3. Дисплейді ауыстырып қосу түймесін кемінде 5 секунд басып тұрыңыз, осы кезде зуммердің дыбыс сигналы беріледі және параметрлер мен функциялардың барлық мәндері әдепкі бойынша орнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Әдепкі бойынша келесі параметрлер орнатылады:
 - Орташа отын шығыны мен орташа жылдамдықты нөлдеу режимі: А (автоматты режим).
 - Отын шығынының өлшем бірліктері: л/100 км.
 - Температураның өлшем бірліктері: °C (Цельсий градусы).

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Хабарламалар тілі: ENGLISH (ағылшын) немесе РУССКИЙ (орыс) тілі.
- Дауыстық хабарламалар тілі: А (қосулы).
- Зуммердің жұмыс режимі: ON (зуммер қосулы).
- REST REMINDER функциясы: OFF (өшірулі).
- Бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысы: 1-бұрылыс көрсеткіштерінің қосылу дыбысы.
- Лездік отын шығынының жасыл түсті көлденең индикаторы: ON (қосулы).

5


Бақылау шамдары, ақаулар туралы ескерту шамдары, ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі

E0052370013

Бақылау шамдары және ақаулар туралы ескерту шамдары

E00523803086

5



AF1102526

- | | | |
|---|--|---|
| <p>1 — габарит шамдарының қосылуының бақылау шамы → 5-38-бет</p> <p>2 — фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы → 5-37-бет</p> <p>3 — аккумулятор батареясын зарядтау құрылғысының бақылау шамы → 5-39-бет</p> <p>4 — бұрылыс көрсеткіштерінің / апараттық сигнал беру жүйесінің бақылау шамдары → 5-37-бет</p> <p>5 — тұман фараларының бақылау шамы * → 5-38-бет</p> | <p>6 — артқы тұман шамының бақылау шамы → 5-38-бет</p> <p>7 — алдыңғы жақтан соқтығысу салдарын жұмсарту жүйесінің (FCM) бақылау шамы *; алдыңғы датчигі бар бағыттас соқтығысулардың алдын алу жүйесінің (RMS) бақылау шамы *</p> <p>8 — шина қысымын бақылау жүйесінің бақылау шамы *</p> <p>9 — тежеу жүйесінің бақылау шамы → 5-38-бет</p> | <p>10 — круиз-контрольдың бақылау шамы * → 6-37-бет</p> <p>11 — қауіпсіздік белбеулерінің бақылау шамы → 4-10-бет</p> <p>12 — пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы → 4-35-бет</p> <p>13 — фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесінің (АНВ) бақылау шамы * → 5-44-бет</p> <p>14 — қозғалтқыш диагностикасын бақылау шамы → 5-39-бет</p> |
|---|--|---|

- 15 — динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесінің (ASC) өшірілуін бақылау шамы * → 6-35-бет
- 16 — динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесінің (ASC) бақылау шамы * → 6-35-бет
- 17 — алдыңғы жақтан соқтығысу салдарын жұмсарту жүйесінің (FCM) өшірілуін бақылау шамы *;
алдыңғы датчигі бар бағыттас соқтығысулардың алдын алу жүйесінің (RMS) өшірілуін бақылау шамы *
- 18 — ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі → 5-24-бет
- 19 — тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) бақылау шамы → 6-32-бет

Ақпараттық терезе хабарламаларының тізімі

E00523900233

Дисплейде ескерту хабарламасы (мысалы, қандай да бір ескерту) көрсетілген сәтте бірден зуммердің дыбыс сигналы беріледі. Нұсқаулықтың тиісті бетін оқып шығыңыз және қажетті шараларды қолданыңыз.

Пайда болу себебі жойылғаннан кейін ескерту хабарламасы автоматты түрде жабылады.

«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-25-бет.

«Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-28-бет.



«Басқа ескерту хабарламалары» бөлімін қараңыз, 5-35-бет.

ЕСКЕРТПЕ

- Ескерту хабарламалары мен зуммердің дыбыс сигналы төменде келтірілген жағдайларда қосылуы мүмкін.
Бұл электр кедергілерден немесе күшті электр-магниттік толқын таратудан туындауы мүмкін және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
 - Радиоқабылдағыш, ұшқын шығарып тұрған сымдар немесе радиолокациялық бекет секілді көздерден шығып тұрған күшті электр-магниттік толқындардың болуы.
 - Қалыптан тыс кернеу немесе электр жабдықтардың (түпнұсқа емес жабдықтарды қоса алғанда) жұмысы кезінде статикалық электр разрядының жасалуы.
- Егер ескерту хабарламасы көп рет пайда болса, оның себебін жою үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.







Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда)

E00524003069

Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
 <p>TURN OFF LIGHTS</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Жарықты өшіруді ұмыттыңыз. 	<p>«Жарық аспаптарын (фараларды, тұман шамдарын және т. с. с.) автоматты түрде өшіру функциясы» бөлімін қараңыз, 5-42-бет.</p>
 <p>ALARM ACTIVATING</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Күзеттік сигнал беру жүйесі қосулы. 	



Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
<div data-bbox="156 162 223 199" data-label="Image"></div> <p data-bbox="89 213 288 238">KEY BATTERY LOW</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің ақаулығы. 	<p>«Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-8-бет.</p>
<div data-bbox="156 300 223 337" data-label="Image"></div> <p data-bbox="89 351 288 376">KEY NOT DETECTED</p>		
<div data-bbox="156 440 223 477" data-label="Image"></div> <p data-bbox="126 481 252 525">KEY STILL IN VEHICLE</p>		
<div data-bbox="156 580 223 617" data-label="Image"></div> <p data-bbox="108 631 271 656">CHECK DOORS</p>		
<div data-bbox="156 708 223 745" data-label="Image"></div> <p data-bbox="89 750 288 815">KEYLESS OPERATION SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>		
<div data-bbox="156 865 223 902" data-label="Image"></div> <p data-bbox="89 907 288 955">IMMOBILIZER SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық иммобилайзердегі (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйедегі) ақаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.







5







Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
 <p>KEY NOT DETECTED INSERT KEY INTO KEY SLOT IN GLOVE BOX</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық кілт анықталмады. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық кілтті ұсақ-түйек жәшігінде орналасқан ұяшыққа салыңыз. «Егер электрондық кілт ақаулы болса» бөлімін қараңыз, 3-19-бет.
 <p>REMOVE KEY FROM KEY SLOT IN GLOVE BOX</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық кілтті ұсақ-түйек жәшігінде орналасқан ұяшықтан шығарып алуды ұмыттыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық кілтті ұсақ-түйек жәшігінде орналасқан ұяшықтан шығарып алыңыз.
 <p>PUSH ENGINE SWITCH WHILE TURNING STEERING WHEEL</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Руль блокталған. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз. «Рульді блоктау» бөлімін қараңыз, 3-16-бет.
 <p>SHIFT TO P POSITION</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Қозғалтқыш өшірулі, селектор тұтқасы Р (тұрақ) күйінде тұрған жоқ. 	<ul style="list-style-type: none"> ● CVT бар автокөліктерде OFF жұмыс режимін қосу үшін селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
 <p>STEERING WHEEL UNLOCKED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Руль блоктан шығарылған күйі жүргізуші есігі ашық тұр. 	<ul style="list-style-type: none"> «Рульді блоктау» бөлімін қараңыз, 3-16-бет.
 <p>ELECTRICAL SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электр жабдықтардың ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.






Ескерту хабарламаларының тізімі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)







E00524102496






Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
<div data-bbox="15 296 55 330" style="background-color: black; color: white; padding: 2px 5px; font-weight: bold;">5</div>  <p>LOW WASHER FLUID (қарастырылған болса)</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Әйнекжуғыш бағындағы сұйықтық деңгейі төмен. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Бакқа әйнекжуғыш сұйықтығын құйыңыз. «Әйнекжуғыш сұйықтығы» бөлімін қараңыз, 10-6-бет. «Құйылатын отын мөлшері» бөлімін қараңыз, 11-10-бет.
 <p>POWER STEERING SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Руль күшейткішінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. «Рульдің электр күшейткіші (EPS)» бөлімін қараңыз, 6-33-бет.







Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
 KEY BATTERY LOW	<ul style="list-style-type: none"> ● Автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің ақаулығы. 	«Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-8-бет.
 KEY NOT DETECTED		
 KEY STILL IN VEHICLE		
 CHECK DOORS		
 KEYLESS OPERATION SYSTEM SERVICE REQUIRED		
 BRAKE SYSTEM SERVICE REQUIRED	<ul style="list-style-type: none"> ● Бақтағы тежегіш сұйықтығының төмен деңгейі. ● Тежеу жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Тежеу жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-40-бет.

Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> ● Тежегішті блоктау жүйесінің (ABS) ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Шұғыл тежелуден және жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, қажетті шараларды қолданыңыз. «ABS бақылау шамы / ABS ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 6-32-бет.
	<ul style="list-style-type: none"> ● Шиналардың біріндегі төмен ауа қысымы. 	
	<ul style="list-style-type: none"> ● Шина қысымын бақылау жүйесінің ақаулығы. 	
	<ul style="list-style-type: none"> ● Есіктердің бірі немесе жүксалғыш есігі толық жабылмаған. Ашық тұрған есік көрсетіледі. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Есікті (немесе жүксалғыш есігін) жабыңыз. «Жабылмаған есіктердің индикациясы терезесі (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.
	<ul style="list-style-type: none"> ● Капот ашық. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Капотты жабыңыз. «Капот» бөлімін қараңыз, 10-3-бет.
	<ul style="list-style-type: none"> ● Электрондық иммобилайзердегі (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйедегі) ақаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> ● OFF жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін қайтадан қозғалтқышты оталдырыңыз. Егер көрсетілген операцияны орындағаннан кейін ескерту хабарламасы өшпесе, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
	<ul style="list-style-type: none"> ● Жүргізуші есігі ашық және OFF режимінен басқа жұмыс режимі қосулы тұр. ● OFF режимінен басқа кез келген жұмыс режимі қосулы тұрғанда барлық есіктерді (жүксалғыш есігін қоса алғанда) жабуға әрекет жасалды. 	<ul style="list-style-type: none"> ● OFF жұмыс режимін қосыңыз. «OFF жұмыс режимін қосу қажеттігі туралы ескерту жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-26-бет. ● OFF жұмыс режимін қосыңыз. «OFF жұмыс режимін қосу қажеттігі туралы ескерту жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-16-бет.
 <p>STEERING LOCK SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Рульді блоктау жүйесіндегі ақаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.
 <p>ELECTRICAL SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электр жабдықтардың ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.
 <p>ENGINE OVERHEATING STOP SAFELY</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Қозғалтқыштың қызып кетуі. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қажетті шараларды қолданыңыз. «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімін қараңыз, 8-9-бет.
 <p>TRANSMISSION OVERHEATING SLOW DOWN</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Автоматтық беріліс қорабындағы (CVT) майдың қызып кетуі. 	<p>«Автоматтық 6 сатылы INVECS-III 6CVT (автокөлікті басқарудың интеллектуалдық және инновациялық электрондық жүйесінің үшінші буыны) беріліс қорабы» бөлімін қараңыз, 6-16-бет.</p>



Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
 FASTEN SEAT BELT	<ul style="list-style-type: none"> ● Сіз қауіпсіздік белбеуін тақтастан оталдыру жүйесіндегі кілтті ON күйіне бұрадыңыз немесе ON жұмыс режимін қостыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз. «Жүргізушінің тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің бақылау шамы және сигнал беру жүйесі» бөлімін қараңыз, 4-10-бет.
 FUEL SYSTEM SERVICE REQUIRED	<ul style="list-style-type: none"> ● Қуат жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз.
 RELEASE PARKING BRAKE	<ul style="list-style-type: none"> ● Сіз қосулы тұрған тұрақ тежегішімен жүріп бара жатсыз. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Тұрақ тежегішін өшіріңіз. «Тежеу жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-40-бет.
 LOW OIL PRESSURE	<ul style="list-style-type: none"> ● Қозғалтқышты майлау жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Майлау жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-40-бет.
 CHARGING SYSTEM SERVICE REQUIRED	<ul style="list-style-type: none"> ● Аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-40-бет.
 AIRBAG SYSTEM SERVICE REQUIRED	<ul style="list-style-type: none"> ● SRS жүйесінің немесе қауіпсіздік белбеулерінің алдын ала тартқыштарының ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына мүмкіндігінше тездетіп хабарласуға кеңес береміз. «Пассивті қауіпсіздіктің қосымша құралдары жүйесінің (SRS) бақылау шамы / ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 4-35-бет.

Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
 <p>HEADLAMP LEVELLING SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Фаралар жарығының автоматты түзеткішінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Фаралар жарығының автоматты түзеткіші» бөлімін қараңыз, 5-49-бет.
 <p>ASC SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесінің (ASC) ақаулығы. ● Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйенің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC)» бөлімін қараңыз, 6-34-бет. ● Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе» бөлімін қараңыз, 6-29-бет.
 <p>4WD SYSTEM SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесінің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз. «Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесі» бөлімін қараңыз, 6-23-бет.
 <p>TRANSMISSION SERVICE REQUIRED</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● CVT ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз. «Автоматтық 6 сатылы INVECS-III 6CVT (автокөлікті басқарудың интеллектуалдық және инновациялық электрондық жүйесінің үшінші буыны) беріліс қорабы» бөлімін қараңыз, 6-16-бет.
 <p>4WD SYSTEM OVERHEATING SLOW DOWN</p>	<ul style="list-style-type: none"> ● Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесінің қызып кетуі. 	<p>«Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесі» бөлімін қараңыз, 6-23-бет.</p>

Экран түрі	Себебі	Ұсынылатын жою тәсілі
 REFUEL	<ul style="list-style-type: none"> ● Бақтағы отын мөлшері аз. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Тезірек отын құйыңыз. «Бақтағы отын мөлшерінің аз екенін ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-14-бет.
 POSSIBLE ICY ROADS	<ul style="list-style-type: none"> ● Сыртқы ауа температурасы 3 °C (37 °F) құрайды не одан төмен. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Абай болыңыз, көктайғақ болуы мүмкін. ● Көктайғақ тіпті ескерту берілмеген жағдайда да болуы мүмкін, сондықтан автокөлікті абайлап басқару қажет.
 CAMERA SERVICE REQUIRED	<ul style="list-style-type: none"> ● Датчиктің ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Жүйе ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-46-бет.
 CAMERA TEMPORARILY NOT AVAILABLE	<ul style="list-style-type: none"> ● Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесі (АНВ) датчиктің жоғары немесе төмен температурасына байланысты уақытша қолжетімсіз. 	<ul style="list-style-type: none"> ● Датчик температурасы қалпына келгеннен кейін жүйе жұмысына қайтып оралады. «Жүйе ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-46-бет.
 CAMERA BLOCKED	<ul style="list-style-type: none"> ● Датчикке немесе алдыңғы әйнекке кір-қоқыстың жабысуына байланысты датчик уақытша жұмысқа қабілетсіз. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. 	<p>«Жүйе ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-46-бет.</p>
 AHB SERVICE REQUIRED	<ul style="list-style-type: none"> ● Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесінің (АНВ) ақаулығы. 	<ul style="list-style-type: none"> ● MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Жүйе ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-46-бет.

Басқа ескерту хабарламалары

E00524202745





Экран түрі	Режим	Ескертпе
	<ul style="list-style-type: none"> ● Қозғалтқышты оталдыру кезінде сіз ілінісу педалін баспастан (М/Т бар автокөліктер) қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін бастыңыз. 	<ul style="list-style-type: none"> ● М/Т бар автокөліктерде бейтарап берілісті қосыңыз, ілінісу педалін толық басыңыз және оң аяғыңызбен тежегіш педалін басыңыз. Осыдан кейін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз. «Қозғалтқышты оталдыру және өшіру» бөлімін қараңыз, 3-17-бет.
	<ul style="list-style-type: none"> ● Қозғалтқышты оталдырған кезде селектор тұтқасы Р (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінде тұрған жоқ немесе сіз тежегіш педалін баспастан қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін бастыңыз (CVT бар автокөліктерде). 	<ul style="list-style-type: none"> ● CVT бар автокөліктерде селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және оң аяғыңызбен тежегіш педалін басыңыз. Осыдан кейін қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесін басыңыз. «Қозғалтқышты оталдыру және өшіру» бөлімін қараңыз, 3-17-бет.

5


Ақпараттық дисплейде әрбір жүйенің жұмыс режимі көрсетіледі. Жүйелердің әрқайсысының толық сипаттамасын нұсқаулықтың тиісті бетінен қараңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ**


- Жүйелердің әрқайсысын қолданбас бұрын ақпараттық дисплейде жүйенің жұмыс режимінің өзгергеніне көз жеткізіңіз. Әйтсе де тіпті жүйе іске қосылған болса да, ескерту хабарламасы пайда болғаннан кейін жүйенің жұмыс режимі бірден көрсетілмеуі мүмкін.

Экран түрі	Режим	Ескертпе
 2WD	<ul style="list-style-type: none"> ● «2WD» режимі таңдалған. 	«Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесі» бөлімін қараңыз, 6-23-бет.
 4WD AUTO	<ul style="list-style-type: none"> ● «4WD AUTO» режимі таңдалған. 	
 4WD LOCK	<ul style="list-style-type: none"> ● «4WD LOCK» режимі таңдалған. 	
	<ul style="list-style-type: none"> ● Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC) жұмыс істеп тұр. 	«Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC)» бөлімін қараңыз, 6-34-бет.

Терезенің мұндай түрі кезекті техникалық қызмет көрсету мерзімінің келгенін хабарлайды.

Экран түрі	Әрекеттер
 ROUTINE MAINTENANCE REQUIRED	MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. «Техникалық қызмет көрсету мерзімін бақылау» бөлімін қараңыз, 5-14-бет.

Демалу қажеттігі туралы ескертудің аралық мерзімін өзгертуге болады.

Экран түрі	Әрекеттер
	<p>Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз да, қозғалтқышты өшіріп, тынығып алыңыз.</p> <p>Бұл функцияны алыс сапарларға шыққанда аялдау қажет болатын уақыттың болжалды көрсеткіші ретінде пайдаланған жөн. Еске салудың аралық уақытын таңдауға болады.</p> <p>«Баптауларды өзгерту (оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда)» бөлімін қараңыз, 5-16-бет.</p> <p>Белгілі бір уақыт мезеті өткеннен кейін дисплейде ескерту пайда болады және зуммер сигналы беріледі. Егер аялдамастан қозғалысты жалғастырмақшы болсаңыз, зуммер сигналы демалу қажеттігін ескерте отырып 5 минут сайын беріліп отырады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жаңа мерзімді санаудың басталуы және алдыңғы терезеге кері қайту төмендегі жағдайларда орын алады. Жаңа мерзімнің уақыты өткеннен кейін ескерту хабарламасы қайтадан пайда болады және зуммердің дыбыс сигналы беріледі. • Зуммердің дыбыс сигналы үш рет берілгеннен кейін. • Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз. • Егер ауыстырып қосу түймесі кемінде 2 секунд басылып тұрса.


5

Бақылау шамдары

E00501600100

Бұрылыс көрсеткіштерінің / апаттық сигнал беру жүйесінің бақылау шамдары

E00501700361




Бұл бақылау шамдары келесі жағдайларда жыпылықтайды:

- Егер руль астындағы бұрылыс көрсеткіштерін қосу ауыстырып қосқышы жылжытылған болса. «Бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышы» бөлімін қараңыз, 5-49-бет.

- Апаттық сигнал беру жүйесін қосу түймесі басылған болса. «Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің қосқышы» бөлімін қараңыз, 5-50-бет.
- Егер апаттық сигнал беру жүйесі қозғалыс кезінде шұғыл тежелген жағдайда автоматты түрде қосылса. «Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесі» бөлімін қараңыз, 6-31-бет.

Фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы

E00501800173



Бұл бақылау шамы фаралардың шалғай жарығы қосылған кезде жанады.




ЕСКЕРТПЕ

- Егер жыпылықтау жиілігі ұлғайса (шұғыл тежеу жағдайларын қоспағанда), бұл бұрылыс көрсеткіші шамының күйіп кетуіне немесе бұрылыс көрсеткішінде жанасудың болмауына байланысты болуы мүмкін.

Тұман фараларының бақылау шамы*

E00501900350




Бұл бақылау шамы тұман фаралары қосылған кезде жанады.

5

Артқы тұман шамының бақылау шамы


E00502001326



Бұл бақылау шамы артқы тұман шамы қосылған кезде жанады.

Габарит шамдарының қосылуының бақылау шамы

E00508900173



Бұл бақылау шамы габарит шамдары қосылған кезде жанады.

Ақаулар туралы ескерту шамдары

E00502400147

Тежеу жүйесінің бақылау шамы

E00502502357



Бұл бақылау шамы оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қосылады және бірнеше секундтан кейін өшеді. Орыннан қозғалмас бұрын міндетті түрде бақылау шамының өшкеніне көз жеткізіңіз. Егер оталдыру жүйесінің кілті ON күйінде тұрса немесе ON жұмыс режимі қосылып тұрса, бұл шам келесі жағдайларда қосылады:


- тұрақ тежегіші қосылғанда;
- бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болғанда;
- тежеу күшін үлестіру жүйесі істен шыққан жағдайда.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Төменде келтірілген жағдайларда тежеу жүйесінің тиімділігі төмендеуі немесе шұғыл тежелген жағдайда автокөлік тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін. Сондықтан жоғары жылдамдықпен жүруден және шұғыл тежелуден сақтаныңыз. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертіңіз.
- Тежеу жүйесінің бақылау шамы тұрақ тежегішін қосқан кезде қосылмайды немесе тұрақ тежегішін өшірген кезде өшірілмейді.
- Егер ABS пен тежеу жүйесінің бақылау шамдары бір мезгілде қосылып тұрса. «ABS бақылау шамы / ABS ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 6-32-бет.
- Қозғалыс кезінде тежеу жүйесін бақылау шамы қосылып күйінде қалады.
- Тежегіш әрекетінің тиімділігі төмендеген жағдайда төмендегі ережелерді сақтай отырып, абайлап тұрақ орнына қарай жүру қажет:
- Тежегіш педалін әдеттегіден көбірек күшпен басыңыз. Егер нәтижелі тежелу үшін тежегіш педалінің жүрісі жеткіліксіз болса, оны көбірек күшпен басуды жалғастырыңыз.
- Тежеу жүйесі істен шыққан жағдайда автокөлік жылдамдығын азайту үшін қозғалтқышпен тежеуді қолданыңыз, содан кейін абайлап тұрақ тежегішінің тұтқасын тартыңыз. Стоп-сигналдарды қосу және артта жүріп келе жатқан автокөліктердің жүргізушілеріне ескерту үшін тежегіш педалін басыңыз.

Қозғалтқыш диагностикасын бақылау шамы

E00502603384



Бұл шам пайдаланылған газдардың құрамын және қозғалтқышты немесе CVT басқару жүйелерінің жұмысын бақылайтын борттық өзін-өзі тексеру жүйесінің компоненті болып табылады.

Егер бұл жүйелердің бірінде ақаулық анықталса, осы шам қосылады.

Бұл ретте автокөлік әдетте қозғалуға қабілеттілігін сақтайтындықтан және сүйреу көмегіне жүгіну қажет болмағандықтан кідірместен автокөлікті басқару жүйесін тексеруге кеңес беріледі.

Бұл шам сондай-ақ оталдыру жүйесі қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде қосылады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін өшеді. Егер бақылау шамы қозғалтқышты оталдырғаннан кейін өшпесе, автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексеруге кеңес береміз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ


- Қозғалтқыш диагностикасы шамы қосулы күйде ұзақ жүру пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесінің күрделі зақымдалуына алып келуі мүмкін. Бұл ретте автокөліктің отын үнемділігі мен пайдалану сипаттамалары да нашарлауы мүмкін.
- Егер бұл шам оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қосылмаса, жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.
- Егер шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қосылып тұрса, жоғары жылдамдықпен жүруден сақтану және жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласу қажет. Мұндай жағдайларда автокөліктің акселератор немесе тежегіш педальінің басылуына немесе жіберілуіне реакциясы дұрыс болмауы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Борттық өзін-өзі тексеру жүйесінің жұмысын бақылайтын қозғалтқыштың электрондық басқару блогы әртүрлі ақаулықтар туралы (әсіресе пайдаланылған газдардың құрамын бақылау жүйесінің ақаулықтары туралы) деректерді сақтайды.

Аккумулятор батареясын зарядтау құрылғысының бақылау шамы

E00502701192



Бұл шам оталдыру жүйесі қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде қосылады және қозғалтқышты оталдырғаннан кейін өшеді. Жүйеде ақаулық туындаған жағдайда көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Егер бұл шам қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде қосылса, бұл аккумулятор батареясын зарядтау тізбегінің ақаулығын көрсетеді. Мұндай жағдайда автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтату және жақын жердегі MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.

Ақпараттық терезе хабарламалары

E00524600051

Тежеу жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы

E00524701743



Егер тұрақ тежегішін өшірместен қозғалысты бастап кетсеңіз, осы хабарлама көрсетіледі. Егер тұрақ тежегіші қосулы болса, аспаптар тақтасындағы бақылау шамы қосылады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті қосулы тұрған тұрақ тежегішімен жүргізген жағдайда тежеу механизмдері қызып кетеді, сонымен бірге олардың жұмысының тиімділігі төмендейді және істемей қалу ықтималдығы ұлғаяды. Бұл ескерту пайда болған жағдайда тұрақ тежегішін босатыңыз.



Егер бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен болса, бұл хабарлама аталдыру жүйесін қосқан кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде көрсетіледі.

Сондай-ақ аспаптар тақтасындағы бақылау шамы да қосылады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер осы хабарлама пайда болса және қозғалыс кезінде өшпесе, тежегіш жұмысы тиімділігінің төмендеу қаупі бар. Мұндай жағдайда автокөлікті дереу қауіпсіз жерге тоқтату және жақын жердегі MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.
- Егер дисплейде тежеу жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы көрсетілсе және сонымен бір мезгілде тежеу жүйесі мен ABS бақылау шамдары қосылатын болса, бұл тежеу күшін бөлу жүйесінің істемей қалғанын білдіреді, бұл шұғыл тежеген кезде тұрақтылықты жоғалтуға алып келуі мүмкін. Шұғыл тежелуден және жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жақын жердегі MITSUBISHI MOTORS сервис орталығына хабарласыңыз.
- Тежегіш әрекетінің тиімділігі төмендеген жағдайда төмендегі ережелерді сақтай отырып, абайлап тұрақ орнына қарай жүру қажет:
 - Тежегіш педалін әдеттегіден көбірек күшпен басыңыз. Егер нәтижелі тежелу үшін тежегіш педалінің жүрісі жеткіліксіз болса, оны көбірек күшпен басуды жалғастырыңыз.
 - Тежеу жүйесі істен шыққан жағдайда автокөлік жылдамдығын азайту үшін қозғалтқышпен тежеуді қолданыңыз, содан кейін абайлап тұрақ тежегішінің тұтқасын тартыңыз. Стоп-сигналдарды қосу және артта жүріп келе жатқан автокөліктердің жүргізушілеріне ескерту үшін тежегіш педалін басыңыз.

Аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы

E00524801438



Аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі. Сондай-ақ аспаптар тақтасындағы бақылау шамы да қосылады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер осы хабарлама қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде пайда болса, дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және жүйені тексеріңіз.

Майлау жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы

E00524901530



Майлау жүйесінде ақаулық туындаған жағдайда көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыштағы төмен май деңгейімен немесе оның деңгейі қалыпты болғанда ескерту хабарламасымен автокөлік жүргізу қозғалтқыштың қызып кетуіне және зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- Егер осы хабарлама қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде пайда болса, дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қозғалтқыштағы май деңгейін тексеріңіз.
- Егер қозғалтқыштағы май деңгейі жеткілікті болса, алайда хабарлама пайда болып жатса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жарық аспаптарының қосқышы

E00506005319

Фаралар


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Көлік қозғалысы жолдың кері жағымен жүзеге асырылатын ел аумағына кірген кезде автокөлігіңіздің жарығы қарсы келе жатқан көлік жүргізушілерінің көздерін қарықтырмауы үшін қажетті шаралар қолдану қажет. «Фаралар жарығын жасырғыш» бөлімін қараңыз, 10-28-бет.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда жарық аспаптарын ұзақ уақытқа қосылған күйінде қалдырмаңыз. Бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жаңбыр кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін фаралардың шашыратқыштарының іші булануы мүмкін, бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Фараларды қосқан кезде ылғал жылудың әсерінен буланып кетеді. Алайда фаралардың ішіне су жиналатын болса, фараларды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кенес береміз.

Фаралар ауыстырып қосқыш тұтқасын бұра арқылы қосылады.



AUTO

Оталдыру жүйесі қосылы немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда автокөлік сыртындағы жарық деңгейіне байланысты фаралар, алдыңғы және артқы габарит жарықтары, тіркеу белгісін жарықтандыру шамдары мен аспаптар тақтасының көмескі жарығы автоматты түрде қосылады немесе өшеді. Оталдыру жүйесін өшіргенде немесе LOCK жұмыс режимін қосқанда барлық жарық аспаптары автоматты түрде өшеді.


☸	Алдыңғы және артқы габарит жарықтары, тіркеу белгісін жарықтандыру шамдары, аспаптар тақтасының көмескі жарығы қосылуы.
☸	Фаралар мен қалған жарық аспаптары қосылуы.

Күндізгі жүріс жарықтарын қосу шарттары туралы ақпарат «Күндізгі жүріс жарықтары» бөлімінде келтірілген, 5-43-бет.

5

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер оталдыру жүйесі қосылу тұрғанда фаралар автоматты түрде өшірілсе, тұман фаралары (бар болса) мен артқы тұман шамдары да өшеді. Фаралар келесі жолы автоматты түрде қосылған кезде тұман фаралары қосылады, ал артқы тұман шамдары өшірілген күйінде қалады. Қажет болса, жарық аспаптары қосқышының көмегімен артқы тұман шамын қосыңыз.
- Жарық датчигінің (A) бетін жаппаңыз және оны әйнектерді тазалауға арналған құралмен тазаламаңыз.




ЕСКЕРТПЕ

- Егер ауыстырып қосқыш AUTO күйінде тұрғанда жарык аспаптары қосылмаса немесе өшірілмесе, оларды қолмен қосыңыз (немесе өшіріңіз). Автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кенес береміз.

5


Жарык аспаптарын (фараларды, тұман шамдарын және т. с. с.) автоматты түрде өшіру функциясы

- Егер төменде көрсетілген операция жарык аспаптарының қосқышы  күйінде тұрған кезде орындалса, жүргізуші есігін ашқанда жарык аспаптары автоматты түрде өшеді. **Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** Оталдыру жүйесінің құлпында тұрған кілтті LOCK не ACC күйіне бұрау немесе кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарып алу. **Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** OFF немесе ACC жұмыс режимін қосу.


Егер қозғалтқыш кәдімгі кілтпен оталдырылса

- Егер кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарсаңыз және жүргізушінің есігін ашсаңыз, жүргізушіге жарык аспаптарын қосу қажеттігін ескертетін зуммердің жоғары жиілікті үзік сигналы беріледі.



Егер қозғалтқыш электрондық кілттің көмегімен оталдырылса

- Егер OFF жұмыс режимін қоссаңыз және жүргізушінің есігін ашсаңыз, жүргізушіге жарык аспаптарын қосу қажеттігін ескертетін зуммердің жоғары жиілікті үзік сигналы беріледі.
- Егер төменде көрсетілген операция жарык аспаптарының қосқышы  күйінде тұрған кезде орындалса, жүргізуші есігін жапқанда жарык аспаптары шамамен 3 минут бойы жанып тұрады, содан кейін автоматты түрде өшеді. **Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** Оталдыру жүйесінің құлпында тұрған кілтті LOCK не ACC күйіне бұрау немесе кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарып алу. **Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** OFF немесе ACC жұмыс режимін қосу.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жарык қосқышы  күйінде тұрса, жарык аспаптарын автоматты түрде өшіру функциясы жұмыс істемейді.
- Жарык аспаптарын автоматты түрде өшіру функциясын өшіріп қоюға болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.

Егер жарықты қосулы күйінде қалдыру керек болса

1. Төмендегі жағдайларда жарык аспаптарының қосқышын AUTO күйіне ауыстырыңыз: **Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** Оталдыру жүйесінің кілті LOCK не ACC күйінде тұр. **Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** OFF немесе ACC жұмыс режимі қосулы.
2. Жарык аспаптарының қосқышын қайтадан  не  күйіне келтіру арқылы жарык аспаптарын қосыңыз, осыдан кейін жарык аспаптары қосылған күйінде қалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыш кәдімгі кілтпен оталдырылса, онда кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарғаннан және жүргізуші есігін ашқаннан кейін жарык аспаптарын өшіру қажеттігі туралы ескертетін зуммердің жоғары жиілікті үзік сигналы беріледі. Сондай-ақ көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. Зуммер келесі жағдайларда өшеді:
 - Жарык аспаптарының қосқышын AUTO күйіне бұраған кезде.
 - Жүргізуші есігі жабылған кезде.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыш электрондық кілтпен оталдырылса, онда жүргізуші есігін ашқаннан немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін жарық аспаптарын өшіру қажеттігі туралы ескертетін зуммердің жоғары жиілікті үзік сигналы беріледі.

Сондай-ақ көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады.

Зуммер келесі жағдайларда өшеді:

- Жарық аспаптарының қосқышын AUTO күйіне бұраған кезде.
- Жүргізуші есігі жабылған кезде.

Жарық қосулы екенін ескерту зуммері

E00506100559

Егер қозғалтқыш кәдімгі кілтпен оталдырылса

Егер оталдыру жүйесінің кілті LOCK не ACC күйінде тұрғанда немесе оталдыру жүйесінің құлпынан шығарылғанда және қандай да бір жарық аспабы қосулы тұрғанда жүргізуші есігін ашсаңыз, жүргізушіге қосулы тұрған жарық туралы ескерту үшін зуммер дыбысы естіледі.

Егер қозғалтқыш электрондық кілттің көмегімен оталдырылса

Егер ACC не OFF режимі қосулы тұрғанда және қандай да бір жарық аспабы қосулы тұрғанда жүргізуші есігін ашсаңыз, жүргізушіге қосулы тұрған жарық туралы ескерту үшін зуммер дыбысы естіледі.

Екі жағдайда да жарық аспаптарын автоматты түрде өшіру функциясы іске қосылғанда, жарық қосқышы өшірілгенде немесе есік жабылғанда зуммер сигналы автоматты түрде өшеді.

Күндізгі жүріс жарықтары

E00530601646

Күндізгі жүріс жарықтары қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда және жарық аспаптарының қосқышы AUTO күйінде тұрғанда, артқы шамдар өшірілуі тұрғанда қосылады.


ЕСКЕРТПЕ

- Жарық қосқышы AUTO күйінде тұрған кезде жарық қосқышы ☞☞ не ☞☞ күйінде тұрса немесе сыртқы жарық аспаптары қосулы болса, күндізгі жүріс жарықтары габарит жарықтар режиміне ауысады.

Фаралардың шалғай және таяу жарығының ауыстырып қосқышы

E00506200329

Егер жарық аспаптарының қосқышы ☞☞ күйінде тұрса, шалғай жарықтан таяу жарыққа (және керісінше) ауыстырып қосу тұтқаны (1) күйіне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады. Шалғай жарықты қосқан кезде сондай-ақ аспаптар тактасындағы фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы да қосылады.



5

AA0061218

Фаралардың шалғай жарығын жыпылықтату

E00506301532

Фаралардың шалғай жарығы тұтқаны (2) күйіне ауыстырған кезде (бекітілмеген күй) қосылады және тұтқаны жіберген кезде өшеді.

Шалғай жарықты қосқан кезде сондай-ақ аспаптар тактасындағы фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы да қосылады.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер фараларды шалғай жарық қосылған күйінде өшірсеңіз, кейін жарық ауыстырып қосқышын ☞☞ күйіне қайтарған кезде фаралар автоматты түрде таяу жарыққа ауыстырылады.

Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесі (АНВ)*

E00538200247

Датчик (А), мысалы, алда жүріп бара жатқан автокөлік шамдарынан, қарсы келе жатқан автокөліктің фараларынан немесе көше шамдарынан шыққан жарық көзін анықтаған кезде жүйе фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде өшіреді.



AJA114790


⚠ ЕСКЕРТУ

- Белгілі жағдайларда фаралар шалғай жарықтан таяу жарыққа ауыстырылып қосылмауы мүмкін. Жүйенің жұмысына шектен тыс сенім артуға болмайды. Жол жағдайларына байланысты фаралардың жарығын (шалғай жарықтан таяу жарыққа) қолмен ауыстырып қосу жүргізушіге жүктелген міндет болып табылады. «Фаралардың шалғай және таяу жарығының ауыстырып қосқышы» бөлімін қараңыз, 5-43-бет.

АНВ жүйесін қалай пайдалануға болады?


E00551500218

1. Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жарық аспаптарының қосқышын немесе AUTO күйіне бұраңыз.
2. АНВ жүйесінің қосқышын басыңыз.



AJA114888

АНВ жүйесі іске қосылады және бақылау шамы жаңады. Егер АНВ жүйесінің қосқышын қайтадан бассаңыз, АНВ жүйесі белсенді емес күйге ауысады және АНВ жүйесінің бақылау шамы өшеді.



AFA112879

📖 ЕСКЕРТПЕ

- АНВ жүйесі жарық аспаптарының қосқышы AUTO күйінде тұрғанда фаралар жарығы қосылып тұрған кезде ғана жұмыс істейді.
- Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесі жұмыс істеп тұрған жағдайдың өзінде руль астындағы тұтқаның көмегімен фаралардың шалғай жарығын қолмен қосудың және өшіруіңізге болады. «Фаралардың шалғай және таяу жарығының ауыстырып қосқышы» бөлімін қараңыз, 5-43-бет. Егер фаралардың жарығы ауыстырып қосу тұтқасымен қолмен ауыстырып қосылатын болса, фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесінің индикаторы өшеді, бұл АНВ жүйесінің өшірілгенін білдіреді. «Қолмен ауыстырып қосу» бөлімін қараңыз, 5-45-бет.
- Егер ауыстырып қосу тұтқасын өзіңізге қарай сәл тартсаңыз (фаралардың шалғай жарығын жыпылықтату), фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесі өшпейді.

■ Қолмен ауыстырып қосу

Таяу жарыққа ауыстырып қосу

1. Бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз.
2. АНВ жүйесінің бақылау шамы өшеді.
3. Егер АНВ жүйесінің қосқышын қайта бассаңыз, АНВ жүйесі іске қосылады.

Шалғай жарыққа ауыстырып қосу

1. Бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз.
2. Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесінің бақылау шамы өшеді, ал фаралардың шалғай жарығының бақылау шамы қосылады.
3. Егер АНВ жүйесінің қосқышын қайта бассаңыз, АНВ жүйесі іске қосылады.

Фаралар жарығын автоматты түрде ауыстырып қосу шарттары

E00551600150

Фаралардың шалғай жарығының қосылуы төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда жүзеге асады:

- Автокөлік жылдамдығы 40 км/сағ шамасынан жоғары.
- Автокөліктің алдыңғы жағы қараңғы.
- Алда бағыттас және қарсы келе жатқан автокөліктер жоқ немесе олардың сыртқы жарық аспаптары өшірілген.

Фаралардың таяу жарығының қосылуы төменде келтірілген шарттардың бәрі сақталған жағдайда жүзеге асады:

- Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан төмен.
- Автокөліктің алдыңғы жағы жарық.
- Бағыттас немесе қарсы келе жатқан автокөліктің сыртқы жарық аспаптары қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Фаралардың шалғай жарығы келесі жағдайларда таяу жарыққа ауыстырылмауы мүмкін:
 - Қарсы келе жатқан немесе бағыттас автокөлік белгілі жағдайларға, мысалы, ұзын бұрылыс жолға, өрге көтерілуге, жабық жол теліміне, жол белгілеріне, жол бойындағы ағаштарға және т. с. с. байланысты көрінбейді.
 - Автокөлік көрінісі нашар бұрылыста кенеттен пайда болған қарсы келе жатқан автокөліктің жанынан өтті.
 - Басқа автокөлік сіздің автокөлігіңіздің қозғалысына көлденең шығып келеді.
- Егер шағылыстырғыш бет (мысалы, көше шамының, жол белгісінің, көрсеткіштің немесе тактайшаның беті) жарықты шағылыстырса, фаралардың таяу жарығы қосылған күйінде қалуы (немесе фаралар шалғай жарықтан таяу жарыққа ауыстырылуы) мүмкін.
- Төменде келтірілген жағдайлардың кез келгені фаралар жарығының ауыстырылып қосылу уақытына әсер етуі мүмкін:
 - Фаралар жарығы мен бағыттас немесе қарсы келе жатқан автокөлік шамдарының айқындығы.
 - Бағыттас немесе қарсы келе жатқан автокөліктің жылжуы немесе қозғалу бағыты.

ЕСКЕРТПЕ

- Бағыттас немесе қарсы келе жатқан автокөліктің фаралары тек бір жағынан ғана жанып тұр.
- Қарсы келе жатқан немесе бағыттас көлік құралы — мотоцикл.
- Жол жағдайлары (еңістер, бұрылыстар және жол телімінің профілі).
- Салондағы жолаушылар саны және жүксалғышқа тиелген жүк.
- Фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесі қоршаған жағдайларды алдағы автокөліктің жарық көзін табу жолымен анықтайды. Сондықтан фаралар жарығының автоматты түрде ауыстырылуы қолайсыз сәтте орындалып жатқанын сезінуіңіз мүмкін.
- Жүйе жеңіл көлік құралдарын, мысалы, велосипедтерді анықтамайды.
- Жүйе автокөлік сыртындағы қоршаған ортаның жарықтандыру деңгейін дұрыс анықтамауы мүмкін. Бұл басқа қозғалыс қатысушыларының көздерін қарықтыруға немесе мүмкін болатын жерде таяу жарықтың шалғай жарыққа ауыстырылып қосылмауына алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайларда фаралар жарығын қолмен ауыстырып қосу қажет.
 - Қолайсыз ауа райы жағдайлары (нөсер жауын, тұман, қар немесе құмды дауыл).
 - Алдыңғы әйнек ластанған немесе буланған.
 - Алдыңғы әйнек жарылған немесе сынған.
 - Датчик деформацияланған немесе ластанған.
- Автокөлік жанында фаралар немесе шамдар жарығына ұқсас жарық көзі қосылып тұр.
- Қарсы келе жатқан немесе бағыттас автокөлік сыртқы жарық аспаптары өшірілген күйі қозғалып бара жатыр немесе олар ластанған және түсі оңып кеткен немесе фаралардың жарығы дұрыс реттелмеген.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлік айналасы кенеттен және ұзақ уақытқа қараңғы немесе жарық болып кетті.
- Автокөлік тегіс емес жолмен жүріп келеді.
- Автокөлік ирелең жолмен жүріп келеді.
- Жарық шағылыстыратын беті бар объект, мысалы, тақтайша немесе айна автокөліктің алдында орналасқан.
- Алда жүріп бара жатқан автокөлік шамдарының жарығы немесе қарсы келе жатқан автокөлік фараларының жарығы басқа жарықтандыру көздерінің жарығымен қосылып кеткен кезде.
- Алдағы автокөліктің артқы бөлігі (мысалы, жақ көлігінің будкасы) жарықты күшті шағылыстырады.
- Автокөлігіңіздің фаралары зақымдалған немесе ластанған.
- Дөңгелегінің желі шығып кеткеніне немесе жүктерді сүйреуіне байланысты автокөлігіңіз бір жағына қисайып тұр.
- Ескерту хабарламасы пайда болған жағдайда («Жүйе ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 5-46-бет).
- Жүйе дұрыс жұмыс істеуі үшін төменде келтірілген шарттарды орындаңыз:
 - Датчикті бөлшектеуге тырыспаңыз.
 - Алдыңғы әйнектегі датчикті жапсырмалармен жаппаңыз.
 - Автокөлікке шектен тыс жүк тиеуге тыйым салынады.
 - Автокөлік құрылымына өзгерістер енгізуге тыйым салынады.
 - Алдыңғы әйнекті ауыстырған жағдайда тек MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа қосалқы бөлшектерін ғана пайдаланыңыз.

Жүйе ақаулығы туралы ескерту хабарламасы

E00551700177

Жүйеде ақаулық туындаған жағдайда ақаулық түріне байланысты төмендегі ескерту хабарламалары пайда болуы мүмкін.

■ Ақаулыққа байланысты АНВ жүйесінің өшуі

Жүйеде ақаулық анықталған жағдайда фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесі өшеді және келесі ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Егер оталдыру жүйесін өшіргеннен немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан және содан кейін оталдыру жүйесін қосқаннан немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін ескерту хабарламасы әлі көрсетіліп тұрса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

АНВ жүйесінде ақаулық болған жағдайда



Датчикте ақаулық болған жағдайда



ЕСКЕРТПЕ


- Егер автокөлік тікелей түсетін күн сәулелерінің астында тұрған кезде датчик немесе оның айналасындағы кеңістік шектен тыс температураларға дейін қызатын болса, дисплейде АНВ SERVICE REQUIRED (АНВ жүйесіне техникалық қызмет көрсету қажет) ескерту хабарламасы көрсетілуі мүмкін. Егер датчиктің немесе оның айналасындағы кеңістіктің температурасы қалыпты мәндерге қайтып келгеннен кейін ескерту хабарламасы әлі көрсетіліп тұрса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

■ Датчиктің тым жоғары немесе төмен температурасы

Егер жүйе датчиктің тым жоғары немесе тым төмен температурасына байланысты уақытша жұмысқа қабілетсіз болса, дисплейде төменде келтірілген ескерту хабарламасы көрсетіледі.

Датчик температурасы қалпына келгеннен кейін жүйе жұмысына қайтып оралады.

Егер біршама уақыттан кейін ескерту хабарламасы өшпесе, АНВ жүйесі ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



■ Лас алдыңғы әйнек

Егер фаралардың шалғай жарығын автоматты түрде басқару жүйесінің жұмыс сипаттамаларының төмендеуі анықталса, ескерту хабарламасы көрсетіледі. Бұл келесі жағдайларда орын алуы мүмкін:

- Алдыңғы әйнектегі датчик аймағына бөтен заттар, мысалы, балшық, қар немесе мұз жабысқан.
- Күрделі ауа райы жағдайларында (мысалы, жаңбыр, қар, құмды дауыл және т. с. с. кезінде).
- Алда жүріп бара жатқан немесе қарсы келе жатқан автокөлік су, езілген қар немесе балшық шашып жатыр.

Датчиктің бастапқы жұмысқа қабілеттілігі қалпына келтірілген кезде АНВ жүйесі өзінің жұмысын қайта жалғастырады.


Егер біршама уақыт өткеннен кейін де ескерту хабарламасы көрсетіліп тұра берсе, датчик ақаулы болуы мүмкін Датчикті тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



«Сыпайы жарықтандыру»*

E00528902434

Жарық аспаптарының қосқышы AUTO күйінде тұрса, бұл функция қашықтан басқару пультіндегі UNLOCK түймесін (А) басқаннан кейін габарит жарықтарын шамамен 30 секундқа қосады. «Сыпайы жарықтандыру» автокөліктің айналасы қараңғы болған жағдайда ғана қосылады.




АНА113784

ЕСКЕРТПЕ

- «Сыпайы жарықтандыру» жұмыс істеп тұрған кезде оны өшіру үшін төменде келтірілген әрекеттердің бірін жасаңыз:

ЕСКЕРТПЕ

- Қашықтан басқару пультінде LOCK түймесін (В) басыңыз.



АНЗ101476

- Жарық аспаптарының қосқышын не күйіне бұраңыз.
 - Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON күйіне бұраңыз немесе ON жұмыс режимін қосыңыз.
 - Функциялардың жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Фараларды таяу жарықты қосуға баптауға болады.
 - Сыпайы жарықтандыру жүйесін өшіріп қоюға болады.
- Тольғырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.


«Үйге дейін шығарып салу» функциясы

E00529002126

Бұл функция оталдыру жүйесіндегі кілтті LOCK күйіне бұрағаннан немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін фаралардың таяу жарығын шамамен 30 секундқа қосады.

1. Жарық аспаптарының қосқышын AUTO күйіне бұраңыз.

2. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз. Егер қозғалтқышты оталдыру үшін кілт қолданылған болса, оны оталдыру жүйесінің құлпынан шығарыңыз.
3. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұрағаннан немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін 60 секундтың ішінде бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз.



4. Шамамен 30 секундқа фаралардың таяу жарығы қосылады. Фаралар сөнген соң оталдыру жүйесінің құлпын LOCK күйіне бұрағаннан немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін 60 секундтың ішінде бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тарту арқылы таяу жарықты тағы 30 секундқа қосып қоюға болады.
- Оталдыру жүйесіндегі кілтті LOCK күйіне бұрағаннан немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін 60 секунд өткен кезде фаралардың таяу жарығын қосу үшін 1-қадамдағы әрекеттерді қайталаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- «Үйге дейін шығарып салу» функциясы жұмыс істеп тұрған кезде оны өшіру үшін төменде келтірілген әрекеттердің бірін жасаңыз:
- Бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышын өзіңізге қарай тартыңыз.
- Жарық аспаптарының қосқышын не күйіне бұраңыз.
- Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON күйіне бұраңыз немесе ON жұмыс режимін қосыңыз.
- Функцияның жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
- Фаралардың қосылу уақытын өзгертуге болады.
- «Үйге дейін шығарып салу» функциясын өшіріп қоюға болады.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Фаралар жарығының түзеткіші


E00517400031

Фаралар жарығының түзеткішін реттегіш*

E00517502427

Автокөлікке жүк тиелу дәрежесіне байланысты фаралар жарығының түсу бұрышы өзгереді. Фаралар жарығының түзеткіші фаралар жарығы (таяу жарық қосылып тұрғанда) қарсы келе жатқан автокөлік жүргізушілерінің көздерін қарықтырмауы үшін жарық шоғының бағытын реттеуге қолданылады.

Реттегішті тиісті күйге қойыңыз (келесі кестені қараңыз).



САҚТАНДЫРУ

- Әрдайым фаралардың жарығын қозғалысты бастамас бұрын реттеп алыңыз. Қозғалыс кезінде реттеуге әрекеттенбеңіз, себебі бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Автокөліктің жүктемесі	Реттегіш күйі	
	Алдыңғы жетекті автокөліктер	Толық жетекті автокөліктер
		0
		0

Автокөліктің жүктемесі	Реттегіш күйі	
	Алдыңғы жетекті автокөліктер	Толық жетекті автокөліктер
	1	
	2	1
	2	

● — 1 адам

▨ — жүксалғышқа толтыра жүк тиелген

Алдыңғы жетекті автокөліктер

Реттегіш күйі 0 — тек жүргізуші / жүргізуші + алдыңғы орындықтағы жолаушы

Реттегіш күйі 1 — 5 адам (жүргізушімен бірге)

Реттегіш күйі 2 — 5 адам (жүргізушімен бірге) + толтыра жүк тиелген жүксалғыш / жүргізуші + толтыра жүк тиелген жүксалғыш

Толық жетекті автокөліктер

Реттегіш күйі 0 — тек жүргізуші / жүргізуші + алдыңғы орындықтағы жолаушы

Реттегіш күйі 1 — 5 адам (жүргізушімен бірге) / 5 адам (жүргізушімен бірге) + толтыра жүк тиелген жүксалғыш

Реттегіш күйі 2 — жүргізуші + толтыра жүк тиелген жүксалғыш

Фаралар жарығының автоматты түзеткіші*

E00517601753

Түзеткіштің көмегімен автокөліктегі жолаушылардың санына және тиелген жүктің болуына байланысты фаралар жарығының бағытын автоматты түрде реттеу орындалады. Оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда және автокөлік тоқтап тұрғанда фаралар жарығының түсу бұрышын автоматты түрде реттеу орындалады.

Фаралар жарығының автоматты түзеткішінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы



Фаралар жарығының автоматты түзеткішінде ақаулық болған жағдайда көпфункционалды дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады.


⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Бұл хабарламаның пайда болуы жүйенің ықтимал ақаулығын білдіреді; автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

5

Бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышы

E00506501592



1 — бұрылу сигналы

Кәдімгі бұрылу әрекетін жасамас бұрын тұтқаны (1) күйіне (бекітілген күй) келтіріңіз. Бұрылыс аяқталғаннан кейін тұтқа автоматты түрде бастапқы күйіне оралады.

2 — басқа қатарға ауысу сигналы

Басқа қозғалыс жолағына ауысу кезінде тұтқаны (2) күйіне (бекітілмеген күй) сәл ғана иіңіз. Бұрылыс көрсеткіштері мен бақылау шамы тұтқа осы күйде ұсталып тұрған кезде жыпылықтап тұрады. Егер тұтқаны (2) күйіне сәл исеңіз және қайта жіберсеңіз, бұрылыс көрсеткіші мен аспаптар тақтасындағы бақылау шамы 3 рет жыпылықтайды.

5

ЕСКЕРТПЕ

- Егер бақылау шамы тым жиі жыпылықтаса, бұрылыс көрсеткішіндегі шам күйіп кеткен болуы мүмкін. Автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.
- Келесі функцияларды қосу мүмкіндігі бар:
 - Тіпті оталдыру жүйесінің кілті ACC күйінде тұрса да немесе ACC жұмыс режимі қосылу болса да тұтқаны жылжыту кезінде бұрылыс көрсеткіштерінің жыпылықтауы.
 - Қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде бұрылыс көрсеткіштерінің үш рет жыпылықтауы функциясын өшіру.
 - Бұрылыс көрсеткіштері 3 рет жыпылықтауы үшін тұтқаны ұстап тұру қажет уақыт мезетін баптауға болады.


Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.

Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің қосқышы

E00506600860

Қандай да бір ақаулықтың салдарынан автокөлікті жолда тоқтату қажет болған жағдайда апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз. Апаттық сигнал беру жүйесінің түймесі оталдыру жүйесінің құлпындағы кілттің күйіне немесе қосулы тұрған жұмыс режиміне тәуелсіз әрқашан жұмыс істейді.

Апаттық сигнал беру жүйесін қосу үшін түймесін басыңыз. Осы кезде бұрылыс көрсеткіштерінің барлық шамдары синхронды түрде жыпылықтай бастайды. Шамдарды өшіру үшін түймені қайта басыңыз.



AG0023393

ЕСКЕРТПЕ

- Егер апаттық жарық сигналын беру жүйесі түймені басу арқылы қосылған болса, шұғыл тежелген кездегі сигнал беру функциясы жұмыс істемейді. «Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесі» бөлімін қараңыз, 6-31-бет.


Тұман фаралары мен артқы тұман шамының қосқышы

E00506700034

Тұман фараларының қосқышы *

E00508300702

Тұман фараларын тек фаралардың таяу жарығымен немесе габарит жарықтарымен бірге қосуға болады. Тұман фараларын қосу үшін тұтқаны ON бағытына қарай бір рет бұраныз. Осы кезде аспаптар тақтасындағы бақылау шамы қосылады. Тұман фараларын өшіру үшін тұтқаны OFF бағытына қарай бұраныз. Жіберген кезде тұтқа автоматты түрде бастап күйіне оралады.



AG0004596

ЕСКЕРТПЕ

- Фараларды немесе габарит жарықтарын өшірген кезде автоматты түрде тұман фаралары да өшеді. Тұман фараларын қайтадан қосу үшін тұтқаны фаралар немесе габарит жарықтары қосұлы тұрғанда ON бағытына қарай бұраңыз.
- Тұман фараларын тек тұман жағдайында ғана қосу қажет, олай болмаған жағдайда шектен тыс айқын жарық қарсы келе жатқан автокөлік жүргізушілерінің көздерін қарықтырады.

Артқы тұман шамының қосқышы

E00508400572

Артқы тұман шамын тек фаралар немесе тұман фаралары (бар болса) қосұлы тұрғанда ғана қосуға болады.

Артқы тұман шамын қосқан кезде аспаптар тақтасындағы бақылау шамы қосылады.


Тұман фаралары жоқ модификация

Артқы тұман шамын қосу үшін тұтқаны ON бағытына қарай бір рет бұраңыз. Артқы тұман шамын өшіру үшін тұтқаны OFF бағытына қарай бір рет бұраңыз. Жіберген кезде тұтқа автоматты түрде бастап күйіне оралады.

Тұман фаралары бар модификация

Тұман фараларын қосу үшін тұтқаны ON бағытына қарай бір рет бұраңыз. Артқы тұман шамын қосу үшін тұтқаны ON бағытына қарай тағы бір рет бұраңыз. Артқы тұман шамын өшіру үшін тұтқаны OFF бағытына қарай бір рет бұраңыз. Тұман фараларын өшіру үшін тұтқаны OFF бағытына қарай тағы бір рет

бұраңыз. Жіберген кезде тұтқа автоматты түрде бастап күйіне оралады.



ЕСКЕРТПЕ

- Фаралар мен тұман фараларын (бар болса) өшірген кезде артқы тұман шамы автоматты түрде өшеді.
- Артқы тұман шамын қайтадан қосу үшін фаралар қосұлы тұрған күйі (тұман фаралары жоқ автокөліктер) тұтқаны ON бағытына қарай тағы бір рет бұраңыз.
- Артқы тұман шамын қайтадан қосу үшін тұтқаны фаралар қосұлы тұрғанда (тұман фаралары бар автокөлік) ON бағытына қарай екі рет бұраңыз.

Алдыңғы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыштың ауыстырып қосқышы

E00507101218

САҚТАНДЫРУ

- Суық ауа райында жуғышты пайдаланған жағдайда әйнекке бүркілген жуу сұйықтығы қатып қалуы және көріністі нашарлатуы мүмкін. Жуғышты пайдаланар алдында әйнек жылытқышын немесе ылғалды кетіретін ауа үрлеу режимін қосу арқылы әйнекті жылытып алыңыз.

5


Алдыңғы әйнектазартқыш

E00516902280

ЕСКЕРТПЕ

- Егер алдыңғы әйнектазартқыш қосұлы тұрғанда берілістерді ауыстыру тұтқасы немесе селектор тұтқасы артқа жүру күйінде тұрса, артқа қарай көріністі қамтамасыз ету үшін артқы әйнектазартқыш автоматты түрде бірнеше сурту қимылын жасайды. «Артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыш» бөлімін қараңыз, 5-54-бет.

Алдыңғы әйнектазартқыш оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосұлы тұрғанда қосылады. Егер шетқалар алдыңғы немесе артқы әйнекке қатып жабысып қалған болса, мұзы еріп, шетқалар босамайынша әйнектазартқыштарды қоспаңыз. Әйтпесе әйнектазартқыштың электр қозғалтқышы зақымдалуы мүмкін.



MIST — әйнектегі ылғалды кетіру
 Әйнектазартқыштың бір рет іске қосылуы.

OFF — өшірулі

AUTO — әйнектазартқыштарды автоматты түрде басқару; жаңбыр датчигі
 Әйнектазартқыштың іске қосылу жиілігі алдыңғы әйнектегі ылғалдың мөлшеріне байланысты автоматты түрде таңдалады.

LO — төмен жиілік

HI — жоғары жиілік


Жаңбыр датчигі

Жаңбыр датчигі оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ON күйінде тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда ғана жұмыс істейді.

Егер алдыңғы әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұрса, жаңбыр датчигі (A) жауын-шашын (жаңбыр, қар және т. с. с., сондай-ақ шаң-тозан) мөлшерін

анықтайды және әйнектазартқыш автоматты түрде қосылады және өшіріледі.

Құрғақ ауа райында лас алдыңғы әйнектің бетіндегі әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышының OFF күйінде тұруын қадағалаңыз. Бұл жағдайда алдыңғы әйнектазартқыштың қосылуы алдыңғы әйнек бетінде сызаттардың пайда болуына және әйнектазартқыш щеткалардың зақымдалуына алып келеді.



САҚТАНДЫРУ

- Егер ON жұмыс режимі қосылу тұрғанда әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұрса, әйнектазартқыш төменде келтірілген жағдайларда қосылып кетуі мүмкін. Қолдарыңыз әйнектазартқыш щеткалардың астында қалып қойған жағдайда жарақат алу және әйнектазартқыштың істен шығу қаупі бар. Жаңбыр датчигін әрекетсіз күйге көшіру үшін оталдыру жүйесінің құлпындағы кілттің LOCK күйінде тұрғанына немесе OFF жұмыс режимінің қосылу тұрғанына көз жеткізіңіз немесе әйнектазартқыш ауыстырып қосқышын OFF күйіне қойыңыз.

- Алдыңғы әйнекті сыртқы жағынан сүрткенде жаңбыр датчигінің үстінгі жағына тиген кезде.

САҚТАНДЫРУ

- Алдыңғы әйнекті сыртқы жағынан жаңбыр датчигіне қарсы бөлігін шүберекпен сүрткенде.
- Автоматты жуу орнында.
- Алдыңғы әйнекке сокқы тигенде.
- Жаңбыр датчигіне сокқы тигенде немесе ол шайқалғанда.

ЕСКЕРТПЕ

- Әйнектазартқыштың резеңке щеткаларын сақтау мақсатында тіпті әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO күйінде тұрса да, автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде және сыртқы ауа температурасы шамамен 0 °C немесе одан төмен болған кезде оның іске қосылуы істемейді.

- Алдыңғы әйнектегі жаңбыр датчигін жапсырмалармен жаппаңыз. Сонымен бірге алдыңғы әйнекке су жұқпайтын жабын жақпаңыз. Жаңбыр датчигі түсіп жатқан жауын-шашын мөлшерін анықтай алмай қалады және тазартқыш қалыпты қызмет етуін тоқтатады.

- Төмендегі жағдайлар жаңбыр датчигінің ақаулығын көрсетуі мүмкін:

- Әйнектазартқыш жауын-шашын мөлшеріне қарамастан тұрақты интервалмен жұмыс істейді.
- Жаңбыр жауып тұр, алайда әйнектазартқыш жұмыс істемей тұр.


Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жаңбыр датчигіне қарсы алдыңғы әйнектің бетіне жәндіктер немесе бөтен заттар тисе немесе алдыңғы әйнекке мұз қатса, әйнектазартқыш автоматты түрде қосылуы мүмкін. Егер әйнектазартқыш шетқалар алдыңғы әйнекке жабысқан заттарды кетіре алмаса, әйнектазартқыш автоматты түрде тоқтайды. Оны қайтадан қосу үшін тұтқаны LO не HI күйіне келтіріңіз. Сонымен бірге әйнектазартқыш тікелей түскен ыстық күн сәулелерінің астында немесе электр-магниттік толқындардың әсерінен автоматты түрде қосылуы мүмкін. Әйнектазартқышты өшіру үшін тұтқаны OFF күйіне жылжытыңыз.
- Алдыңғы әйнекті ауыстырғанда немесе жаңбыр датчигінің айналасындағы әйнекті арқаулағанда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығының кеңесін алыңыз.

Жаңбыр датчигінің сезімталдығын баптау

Егер әйнектазартқыш ауыстырып қосқышы AUTO («жаңбыр датчигі») күйінде тұрса, жаңбыр датчигінің сезімталдығын (B) тұтқасын бұрау арқылы реттеуге болады.



«+» — сезімталдықты көбейту


«-» — сезімталдықты азайту

ЕСКЕРТПЕ

- Келесі функцияларды қосу мүмкіндігі бар:
 - Әйнектазартқыш жұмысының автоматты режимінің (іске қосылу жиілігі жауын-шашын мөлшеріне байланысты) орнына үзік режимді (іске қосылу жиілігі автокөлік жылдамдығына байланысты) қосуға болады.
 - Әйнектазартқыш жұмысының автоматты режимінің (іске қосылу жиілігі жауын-шашын мөлшеріне байланысты) орнына үзік режимді (автокөлік жылдамдығына байланысты іске қосылу жиілігін есептемегенде) қосуға болады.
- Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.


Әйнектегі ылғалды кетіру

Әйнектазартқыш бір рет іске қосылуы үшін ауыстырып қосқышты көрсетілген бағытта жылжытыңыз да, жіберіңіз. Бұл режим тұманда немесе ұсақ жаңбырдың астында көлік жүргізген кезде қолайлы. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ACC не ON күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылып тұрғанда әйнектазартқыштың бір рет іске қосылуы ауыстырып қосқышты MIST күйіне жылжытып, қайта жіберген кезде жүзеге асады. Ауыстырып қосқыш MIST күйінде ұсталып тұрған кезде әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрады.




Оталдыру жүйесі қосылуы немесе ON жұмыс режимі қосылуы тұрғанда ауыстырып қосқышты AUTO күйіне ауыстыраңыз және (C) тұтқасын «+» бағытына қарай бұрасаңыз, әйнектазартқыш бір рет іске қосылады.

5



AG0000064



AG0009285

Алдыңғы әйнекжуғыш

E00507202913

Алдыңғы әйнекжуғыш оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылуы тұрғанда жұмыс істейді.

Алдыңғы әйнекке жуу сұйықтығын бүрку үшін ауыстырып қосқышты өзіңізге қарай тартыңыз.

Егер әйнектазартқыштар қосылмай тұрғанда немесе үзік режимде істеп тұрғанда ауыстырып қосқышты өзіңізге қарай тартсаңыз, әйнектазартқыштар автоматты түрде бірнеше жұмыс циклін жасайды.

6 секунд өткеннен кейін әйнектазартқыш тағы бір жұмыс циклін жасайды.

Егер ауыстырып қосқышты өзіңізге қарай тартып, бірден жіберсеңіз, жуу сұйықтығы әйнек бетіне бірнеше рет бүркіледі, ал әйнектазартқыш бірнеше жұмыс циклін жасайды (автоматты жуғыш функциясы). 6 секунд өткеннен кейін әйнектазартқыш тағы бір жұмыс циклін жасайды. Егер кез келген жолмен руль астындағы ауыстырып қосқышты қозғайтын болсаңыз, автоматты әйнекжуғыш функциясы жұмыс істеуін тоқтатады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Сұық ауа райында жуғышты пайдаланған жағдайда әйнекке бүркілген жуу сұйықтығы қатып қалуы және көріністі нашарлатуы мүмкін. Жуғышты пайдаланар алдында әйнек жылытқышын немесе ылғалды кетіретін ауа үрлеу режимін қосу арқылы әйнекті жылытып алыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автоматты жуғыш функциясының және әйнектазартқыштардың шамамен 6 секундтан кейінгі қайтадан іске қосылуын басқаратын функцияның зауыттық баптауы нақты автокөлікке байланысты.
- Функциялардың жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Алдыңғы әйнекке жуу сұйықтығын бүрку сәтіндегі әйнектазартқыштың іске қосылуын өшіру.
 - Автоматты жуғыш функциясын қосу немесе өшіру.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- 6 секундтан кейін әйнектазартқыштың тағы бір рет іске қосылу функциясын қосу немесе өшіру.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.

Артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғыш

E00507301340

Артқы әйнектазартқыш пен әйнекжуғышты оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылуы тұрғанда қосуға болады.



AA0064046

INT — бірнеше секунд бойы әйнектазартқыш үздіксіз, содан кейін шамамен 8 секундтық интервалмен үзік режимде жұмыс істейді

OFF — өшірулі



— тұтқаны кез келген бағытта соңына дейін бұраған кезде артқы әйнекке жуу сұйықтығы бүркіледі; бұл ретте әйнектазартқыш жуу сұйықтығын бұрку кезінде автоматты түрде бірнеше жүріс жасай отырып қосылады.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер алдыңғы әйнектазартқыш немесе артқы әйнектазартқыш қосулы тұрғанда (автоматты режим) берілістерді ауыстыру тұтқасы немесе селектор тұтқасы арқа жүру берілісі қосылған күйде тұрса, артқы әйнектазартқыш автоматты түрде бірнеше сұрту қимылын жасайды. Егер ауыстырып қосқыш OFF күйінде тұрса, автоматты түрде іске қосылудан кейін артқы әйнектазартқыш өшеді. Егер ауыстырып қосқыш INT күйінде тұрса, әйнектазартқыш үзік режимде істеуін жалғастырады. Артқы әйнектазартқыш қосулы және ауыстырып қосқыш INT күйінде тұрғанда берілістерді ауыстыру тұтқасы немесе селектор тұтқасы арқа жүру берілісі қосылған күйде тұрса ғана артқы әйнектазартқыштың автоматты түрде іске қосылуын баптауға болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.
- Егер ауыстырып қосқыш OFF күйінде тұрса, артқы әйнектазартқыштың үздіксіз жұмыс режимін (үздіксіз жұмыс режимі) қосу үшін оны екі рет тез INT күйіне жылжытыңыз. Артқы әйнектазартқыштың үздіксіз жұмысын өшіру үшін ауыстырып қосқышты OFF күйіне бұраңыз.
- Әйнектазартқыштың іске қосылу жиілігін өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.

Алдыңғы әйнектазартқыш пен әйнекжуғышты пайдалану кезіндегі сақтық шаралары


E00507601444

- Егер әйнектазартқыштың жұмысына әйнек бетіндегі мұз, балшық және т. с. с. кедергі келтіріп тұрса, электр қозғалтқышты қызып кетуден қорғау үшін әйнектазартқыш уақытша жұмысын тоқтатуы мүмкін. Мұндай жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін әйнектазартқыштың жұмысына кедергі жасап тұрған мұзды немесе басқа заттарды кетіріңіз. Әйнектазартқышты қолданар алдында оның жұмысқа қабілеттілігіне көз жеткізіңіз, себебі ол тек электр қозғалтқыш суығаннан кейін ғана қалпына келеді.
- Әйнек құрғақ болса, әйнектазартқышты қоспаңыз. Бұл әйнек бетінде сызаттардың пайда болуына немесе шеткалардың мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.
- Суық ауа райында әйнектазартқышты қоспас бұрын шеткалардың әйнекке қатып жабысып қалмағанына көз жеткізіңіз. Шеткалары әйнекке қатып жабысып қалған әйнектазартқышты қосқан жағдайда электр қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.
- Әйнекжуғышты ұзақ уақытқа (20 секундтан ұзақ) қоспаңыз. Әйнекжуғыш сұйықтықтығына арналған бақ бос болса, әйнекжуғышты қоспаңыз. Әйтпесе электр қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.

Артқы әйнек жылытқышының қосқышы

E00507903021

Артқы әйнек жылытқышын тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана қосуға болады. Жылытқышты қосу үшін түймені басыңыз. Шамамен 20 минуттан кейін жылытқыш автоматты түрде өшеді. Жылытқышты бұрынырақ өшіру үшін түймені қайта басыңыз. Артқы әйнек жылытқышын қосқан кезде бақылау шамы (A) қосылады.




AFA128627


ЕСКЕРТПЕ

- Артқы әйнек жылытқышын қосқан кезде сыртқы шалғай көрініс айналарының жылытқышы да қосылады. «Сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы» бөлімін қараңыз, 6-11-бет.
- Артқы әйнек жылытқышы әйнек бетіндегі қарды ерітуге емес, тек конденсатты кетіруге ғана арналған. Жылытқышты қоспас бұрын әйнек бетіндегі қарды тазалап алыңыз.
- Артқы әйнектің ішкі бетін тазалауға жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз және оны жылытқыштың өткізгіштерінің бойымен абайлап жүргізіңіз. Өткізгіштерді зақымдамау үшін бұны абайлап жасаңыз.
- Қандай да бір заттың артқы әйнектің ішкі бетіне жанасуына жол бермеңіз, себебі мұндайда жылытқыштың өткізгіштерін зақымдап немесе үзіп алу қаупі бар.

Дыбыс сигналының қосқышы

E00508000682

Дыбыс сигналын беру үшін рульдегі  белгісін басыңыз.



Жүрісті бастау және автокөлікті жүргізу

Отын үнемдеп жүргізу	6-2
Алкоголь, дәрі-дәрмектер және автокөлік жүргізу	6-3
Қауіпсіз жүргізу тәсілдері	6-3
Автокөлікті сынап жүргізу	6-4
Тұрақ тежегіші	6-4
Автокөлікті тұраққа қою	6-6
Руль бағанын шығысы мен еңкею бұрышы бойынша реттеу	6-7
Ішкі артқы көрініс айнасы	6-7
Сыртқы артқы көрініс айналары	6-9
Оталдыру жүйесінің құлпы	6-11
Рульді блоктау	6-12
Қозғалтқышты оталдыру және өшіру	6-13
Механикалық беріліс қорабы *	6-14
Автоматтық 6 сатылы INVECS-III 6CVT (автокөлікті басқарудың интеллектуалдық және инновациялық электрондық жүйесінің үшінші буыны) беріліс қорабы *	6-16
Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесі *	6-23
Толық жетек жүйесінің қолданылуы	6-25
Ауыр жағдайларда пайдаланғаннан кейін автокөлікті тексеру және техникалық қызмет көрсету	6-27
Толық жетекті автокөлікті пайдалану ережелері	6-27
Тежеу	6-28
Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе*	6-29
Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе	6-30
Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесі *	6-31
Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)	6-31
Рульдің электр күшейткіші (EPS)	6-33
Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC) *	6-34
Круз-контроль*	6-37
Артқы көрініс бейнекамерасы *	6-41
Жүктерді тасымалдау	6-43
Тіркеме сүйреу	6-45

Отын үнемдеп жүргізу

E00600102624

Автокөліктің пайдалану барысындағы отын тұтыну үнемділігін қамтамасыз ету үшін кейбір техникалық талаптарды орындау қажет. Қозғалтқыштың дұрыс реттелуі төмен отын шығының сөзсіз шарты болып табылады. Автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту және пайдалану барысындағы максималды үнемділігіне қол жеткізу үшін автокөлікке жүйелі түрде MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында кестеге сәйкес техникалық қызмет көрсету өткізіп отыруға кеңес беріледі. Отын үнемділігіне, пайдаланылған газдардың уыттылығы мен автокөлік шуының деңгейіне жеке көлік жүргізу мәнері, сондай-ақ пайдалану жағдайлары елеулі ықпал етеді. Тежеу механизмдерінің, шиналар мен қозғалтқыштың тозуын, сондай-ақ қоршаған ортаға зиянды әсерді барынша төмендету үшін төменде келтірілген ережелерді орындау қажет.

Жылдамдықты үдету және тежеу

Автокөлікті жол жағдайларына сәйкес жүргізіңіз және күрт орыннан қозғалудан, жылдамдықты үдетуден және тежелулерден бас тартыңыз, себебі мұндай жүргізу мәнерінде отын шығыны артады.

Берілістерді ауыстырып қосу

Берілістерді қозғалыс жылдамдығы мен қозғалтқыштың айналымдары қосылатын беріліске сәйкес болған сәтте ғана ауыстырыңыз. Қозғалыс кезінде міндетті түрде берілген жағдайларда мүмкін болатын ең жоғарғы берілісті таңдаңыз.

4WD режимін таңдау (толық жетекті автокөліктер үшін)

Кәдімгі жолдармен және жоғары жылдамдықты автомагистральдармен қозғалғанда максималды отын үнемділігін қамтамасыз ету үшін жүру режимдерінің ауыстырып қосқышы 2WD күйінде тұруы тиіс.

Қаладағы қозғалыс

Орыннан жиі қозғалып, жиі аялдаған жағдайда орташа отын шығыны артады. Мүмкіндігінше көлік қозғалысы азырақ бағдарларды таңдаңыз. Тығыз көлік легінде қозғалған кезде қозғалтқыштың иінді білігінің жоғары айналу жиілігімен төмен берілістерде қозғалудан сақтаныңыз.

Қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеуі

Тіпті бос жүріспен жұмыс істеп тұрса да, қозғалтқыш отын шығындайды. Ұзақ уақыт бойы бос жүріспен жұмыс істетіп қоймау үшін

мүмкіндігінше қозғалтқышты өшіріп қоюға тырысыңыз.

Қозғалыс жылдамдығы

Қозғалыс жылдамдығы жоғары болған сайын отын шығыны да көбірек. Максималды жылдамдықпен қозғалудан бас тартыңыз. Тіпті акселератор педальін сәл азырақ басқанның өзінде айтарлықтай отын мөлшерін үнемдеуге болады.

Шиналардағы ауа қысымы

Шиналардағы ауа қысымын үнемі тексеріп тұрыңыз. Шиналардағы ауа қысымы төмен болған жағдайда тербелуге қарсы кедергі ұлғаяды және отын шығыны артады. Сонымен бірге шиналардағы ауа қысымы төмен болған жағдайда шиналардың тозуы күшейеді және автокөліктің бағыт тұрақтылығы нашарлайды.

Жүктерді тасымалдау

Жүксалғышқа артық нәрселерді салып тасымалдамаған жөн. Бұл әсіресе жиі орыннан қозғалулар мен аялдаулар міндетті түрде болатын қала ішіндегі қозғалыс кезінде маңызды. Мұндай жағдайларда автокөлік салмағының ұлғаюы отын шығынын елеулі түрде арттырады. Аса қажет болмаса, жүкті төбеге салып тасымалдамауға тырысыңыз, себебі бұл автокөліктің аэродинамикалық кедергісін ұлғайтады және отын шығыны артады.

Салқын күйде оталдыру

Салқын күйде оталдырған жағдайда қозғалтқыш көбірек отын тұтынады.

Сонымен бірге ыстық қозғалтқышты қыздыру кезінде де отын орынсыз шығындалады. Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін мүмкіндігінше тезірек, алайда қозғалтқыш жеткілікті деңгейге дейін қызуынан ерте емес қозғалысты бастаңыз.

Кондиционер

Кондиционерді қолданған жағдайда отын шығыны ұлғаяды.

Алкоголь, дәрі-дәрмектер және автокөлік жүргізу

E00600200070

Мас күйде автокөлік жүргізу жол-көлік оқиғаларының ең көп таралған себептерінің бірі болып табылады.

Тіпті қанның құрамындағы алкоголь заңда рұқсат етілген деңгейден анағұрлым төмен болса да, жүргізушінің автокөлікті басқару қабілеті айтарлықтай төмендейді. Мас күйде рульді басқармаңыз. Сау жүргізуші қызметтерін пайдаланыңыз, такси шақырыңыз, досыңызға қоңырау шалыңыз немесе қоғамдық көлікті пайдаланыңыз. Кофе немесе салқын душ масаю дәрежесін төмендетпейді.

Сонымен бірге кейбір дәрі-дәрмектер де жүргізушінің зейініне, санасының айқындығына және реакциясының уақытына кері әсер етеді. Қандай да бір медициналық

әсерімен рульді басқармас бұрын дәрігермен немесе фармацевтпен кеңесіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- **МАС КҮЙДЕ РУЛЬДІ БАСҚАРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.** Сезініп қабылдау дәлдігі төмендейді, реакциялар баяулайды, ойлау қабілетінің дұрыстығы азаяды.

Қауіпсіз жүргізу тәсілдері

E00600300446

Абсолютті жүргізу қауіпсіздігі мен жарақаттардан қорғанысты қамтамасыз ету мүмкін емес. Әйтсе де негізгі жайттарға ерекше көңіл бөлуге кеңес беріледі:


Қауіпсіздік белбеулері

Қозғалысты бастамас бұрын қауіпсіздік белбеуін тағу және барлық жолаушылардың таққанына көз жеткізу қажет.

Еден кілемшелері

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің осы моделіне арналған еден кілемшелерін қолданыңыз, оларды педальдарды басуға келергі келтірмейтіндей етіп орналастырыңыз. Кілемшелер еденнің үстінде қозғалмауы үшін оларды сенімді етіп бекіту қажет. Еден кілемшелерін педальдардың немесе бір-бірінің үстіне қоймаңыз, себебі бұл педальдарды басуға келергі келтіруі және апатқа алып келуі мүмкін.



AA0064482

Автокөлікпен балаларды тасымалдау

- Салон ішінде балалар отырса, автокөліктен шығар кезде кілтті оталдыру жүйесінің құлпында қалдыруға тыйым салынады. Балалар автокөліктің басқару құралдарымен ойнауы және бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.

Автокөлікті сынап жүргізу

- Апат жағдайында балаларды барынша қорғау үшін оларға қауіпсіздік белбеулерін тағыңыз немесе автокөлік пайдаланылып отырған аймақта қолданылатын жол қозғалысы ережелеріне сәйкес арнайы бала орындықтарына отырғызыңыз.
- Балалардың жүксалғыш ішінде ойнауына жол бермеңіз. Автокөлік жүрген кезде бұл өте қауіпті.

Жүк тиеу

Автокөлікке жүк тиеу кезінде заттардың артқы орындықтардың арқалықтарынан биік орналаспауын қадағалаңыз. Бұл тек көру мүмкіндігінің нашарлауымен ғана емес, шұғыл тежелген кезде заттардың салонға қарай құлап кету мүмкіндігімен де қауіпті.

Автокөлікті сынап жүргізу

E00600404663

Жаңа автокөліктің алғашқы 1000 км жол жүруі кезінде автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға, сондай-ақ алдағы уақытта төмен отын шығыны мен жақсы пайдалану көрсеткіштерін қамтамасыз етуге көмектесетін келесі ережелерді сақтауға кенес беріледі:

- Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін шектен тыс арттырудан сақтаныңыз.
- Шұғыл орыннан қозғалудан, жылдамдықты үдетуден, тежелуден және ұзақ уақыт бойы жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз.
- Ұсынылатын мәндері төменде келтірілген шекті жылдамдықтан асырмаңыз. Жол қозғалысы ережелерінде белгіленген жылдамдық шектеулерін естен шығармаңыз.

- Автокөлікке шектен тыс жүк тиемеңіз.
- Автокөлікті сынап жүргізу кезінде тіркеме сүйреуден бас тартыңыз.

M/T бар автокөліктер

Берілісті ауыстыру сәті	Шекті жылдамдығы	
	1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2000 қозғалтқышы бар модификациялар
1-беріліс	30 км/сағ	35 км/сағ
2-беріліс	60 км/сағ	70 км/сағ
3-беріліс	90 км/сағ	100 км/сағ
4-беріліс	120 км/сағ	125 км/сағ
5-беріліс	120 км/сағ	125 км/сағ

CVT бар автокөліктер


Берілісті ауыстыру сәті	Шекті жылдамдығы	
D режимі (қозғалыс)		
Қолмен басқару режимінде	1-күй	30 км/сағ
	2-күй	50 км/сағ
	3-күй	70 км/сағ
	4-күй	90 км/сағ
	5-күй	120 км/сағ
	6-күй	120 км/сағ

Тұрақ тежегіші

E00600503104

Автокөлікті тұрақ тежегішіне қою үшін оны толықтай тоқтатыңыз және автокөлікті тұрған орнында ұстап тұру үшін тұрақ тежегішінің тұтқасын тартыңыз.

Тұрақ тежегішін қосу



AA0001018


1 — тежегіш педалін басып тұрыңыз, содан кейін тұтқаның ұшындағы түймені басап тұрған тұтқаны тірелгенше жоғары қарай тартыңыз

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Тұрақ тежегішін қоспай тұрып тежегіш педалін қатты басыңыз: тұтқаны автокөлік толық тоқтап тұрған кезде ғана тартуға болады. Егер жүріп бара жатқан автокөлікте тұрақ тежегішінің тұтқасын тартсаңыз, бұл артық деңгелектердің блокталуына және автокөліктің бүйірге сырғуына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге бұл тұрақ тежегішінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Тежегіш педалін жібергеннен кейін тұрақ тежегіші автокөлікті тұрған орнында ұстап тұруы үшін тұтқаны жеткілікті күшпен тартыңыз.
- Егер тежегіш педалін жіберген кезде тұрақ тежегіші автокөлікті тұрған орнында ұстап тұрмаса, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертіңіз.

Тұрақ тежегішін ажырату

- 1 — тежегіш педалін басып тұрыңыз, содан кейін тұтқаны сәл жоғары көтеріңіз
- 2 — тұтқаның ұшындағы түймені басыңыз
- 3 — тұтқаны толығымен түсіріңіз

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалысты бастар алдында тұрақ тежегішінің толық ажыратылғанына, сондай-ақ тежеу жүйесінің бақылау шамының өшіп тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер тұрақ тежегішін толық ажыратпастан қозғалысты бастасаңыз, көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. Автокөлікті қосулы тұрған тұрақ тежегішімен жүргізген жағдайда тежеу механизмдері қызып кетеді, сонымен бірге олардың жұмысының тиімділігі төмендейді және істемей қалу ықтималдығы ұлғаяды.

Бақылау шамы



Ескерту хабарламасы



- Егер тұрақ тежегіші өшірулі тұрғанда тежеу жүйесінің бақылау шамы өшпесе, бұл тежеу жүйесінде ықтимал ақаулықтың бар екенін білдіреді. Автокөлікті мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертіңіз. «Тежеу жүйесінің бақылау шамы» бөлімін қараңыз, 5-38-бет.

Автокөлікті тұраққа қою

E00600602892

Автокөлікті тұраққа қойған жағдайда оны алдымен толық тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін қосыңыз және М/Т бар автокөлікте бірінші берілісті (өрге қаратып қойғанда) немесе артқа жүру (ылдифа қаратып қойғанда) берілісін қосыңыз немесе CVT селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

6

Еңісте тұраққа қою

Автокөліктің сырғып жүріп кетуін болдырмау үшін төменде көрсетілген әрекеттерді орындау қажет.

Ылдида тұраққа қою

Дөңгелекті жиектасқа қарай бұрыңыз және дөңгелек жиектасқа тимейінше автокөліктің алға жылжуына мүмкіндік беріңіз.

Егер автокөлік М/Т-мен жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін артқа жүру берілісін қосыңыз.

Егер автокөлік CVT-мен жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

Қажет болса, дөңгелектердің астына тежегіш тоспасын қойыңыз.

Өрде тұраққа қою

Дөңгелекті жиектастан сыртқа қарай бұрыңыз және дөңгелек жиектасқа тимейінше автокөліктің артқа жылжуына мүмкіндік беріңіз.

Егер автокөлік М/Т-мен жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз, содан кейін 1-берілісті қосыңыз.

Егер автокөлік CVT-мен жабдықталған болса, тұрақ тежегішін қосыңыз және селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.

Қажет болса, дөңгелектердің астына тежегіш тоспасын қойыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөлік CVT-мен жабдықталған болса, оны ылдифа қаратып тоқтатқан кезде селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырмас бұрын міндетті түрде тұрақ тежегішін қосыңыз. Егер тұрақ тежегішін қоспастан селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырсаңыз, селектор тұтқасын бұл күйден шығару қиын болуы мүмкін, бұған айтарлықтай күш салу қажет болады.

Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен тұраққа қою

Тынығу (ұйықтау) кезінде қозғалтқышты тіпті аз уақытқа да жұмыс істетіп қалдыруға тыйым салынады. Сондай-ақ жабық немесе нашар желдетілетін үй-жайдың ішінде қозғалтқышты жұмыс істетіп қалдырмаңыз.

ЕСКЕРТУ

- Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен тұраққа қойған жағдайда берілістерді ауыстыру тұтқасының (М/Т бар автокөліктерде) немесе селектор тұтқасының (CVT бар автокөліктерде) кездейсоқ ауыстырылуының немесе пайдаланылған уытты газдардың салон ішіне жиналып қалуының салдарынан адамдарға ауыр жарақат келтіру қаупі бар.

Тұрақ орны

ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті құрғақ шөп секілді жеңіл тұтанатын материалдар автокөліктің түтін шығару жүйесінің ыстық бөлшектеріне жанасуы мүмкін жерлерге тоқтатпаңыз, себебі бұл өртке алып келуі мүмкін.

Рульді ұзақ уақыт бойы шеткі күйде ұстап тұруға тыйым салынады

Бұл жағдайда рульді әрмен қарай бұру үшін көбірек күш қажет болады.

«Рульдің электр күшейткіші (EPS)» бөлімін қараңыз, 6-33-бет.

Автокөліктен түскен кезде


Автокөліктен түскен кезде міндетті түрде кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан алыңыз және жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктерді құлыптаңыз.

Автокөлікті әрдайым жақсы жарықтандырылған жерге тоқтатуға тырысыңыз.

Руль бағанын шығысы мен еңкею бұрышы бойынша реттеу

E00600700512

1. Рульді ұстап тұрып, руль бағанын бекіту тұтқасын босатыңыз.
2. Рульді қажетті күйге келтіріңіз.
3. Руль бағанын бекіту тұтқасын тірелгенше жоғары тарту арқылы руль бағанын бекітіңіз.



AG0022660

- A — блокталған
B — блоктан шығарылған


⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде рульдің күйін реттеуге тыйым салынады.

Ішкі артқы көрініс айнасы

E00600801998

Артқы жақтың жақсы көрінісін қамтамасыз ету үшін артқы көрініс айнасын орындықтардың күйі реттелгеннен кейін ғана реттеңіз.



AF4101025


⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде артқы көрініс айнасының күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл қауіпті. Айнаның күйін міндетті түрде қозғалысты бастамай тұрып реттеп алу қажет.

Ішкі артқы көрініс айнасын артқы әйнек арқылы барынша көру мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей етіп реттеп алыңыз.

Артқы көрініс айнасының тік жазықтықтағы күйін реттеу

Күйін реттеу кезінде айнаны жоғары немесе төмен қарай бұруға болады.




AA0022369

6

Артқы көрініс айнасының күйін реттеу


Күйін реттеу кезінде айнаны жоғары, төмен және солға, оңға қарай бұруға болады.



Фаралардың жарығын шағылыстыруға жол бермеу

1-түр


Артқы жақта жүріп келе жатқан автокөліктердің фараларының көздерді қарықтыруын болдырмау үшін ішкі артқы көрініс айнасының астыңғы жиегіндегі тұтқаның (А) көмегімен айнаның бұрылу бұрышын өзгертуге болады.



- 1 — қалыпты күй
- 2 — көздерді қарықтыруға жол бермеу үшін айнаның бұрылу бұрышы өзгертілген

2-түр

Арттағы көлік құралының фараларының жарығы тым айқын болса, көздерді қарықтыруға жол бермеу үшін артқы көрініс айнасының шағылыстыру коэффициенті автоматты түрде өзгереді.




Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде айнаның шағылыстыру коэффициенті автоматты түрде өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

- Айнаға қандай да бір зат ілмеу, сондай-ақ датчикке (1) эйнектерді тазалауға арналған аэрозоль бүркімеу қажет, себебі бұл датчиктің сезімталдығын төмендетуі мүмкін.

3-түр

Арттағы көлік құралының фараларының жарығы тым айқын болса, көздерді қарықтыруға жол бермеу үшін артқы көрініс айнасының шағылыстыру коэффициенті автоматты түрде өзгереді.



Әдеттегі жағдайларда автоматты режимді қолданған жөн. Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде бақылау шамы (1) қосылады және айнаның шағылыстыру коэффициенті автоматты түрде өзгереді.

ЕСКЕРТПЕ

- Айнаға қандай да бір зат ілмеу, сондай-ақ датчикке (3) әйнектерді тазалауға арналған аэрозоль бүркімеу қажет, себебі бұл оның сезімталдығын төмендетуі мүмкін.
- Егер автоматты режимді өшіргіңіз келсе, ажыратқышты (2) басыңыз, сонда индикатор (1) өшеді.
Автоматты жұмыс режиміне қайтып оралу үшін ажыратқышты қайтадан басыңыз немесе төменде көрсетілген әрекеттерді орындаңыз.
Есік құлпытарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK не ACC күйінен ON күйіне бұраңыз.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Алдын ала OFF жұмыс режимін қосып алып, ON жұмыс режимін қосыңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналары

E00600900628

Сыртқы артқы көрініс айналарының күйін реттеу

E00601000642

Сыртқы артқы көрініс айналарының күйін оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрғанда реттеуге болады.


ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде артқы көрініс айналарының күйін реттеуге тыйым салынады. Бұл қауіпті.
Айналардың күйін міндетті түрде қозғалысты бастамай тұрып реттеп алу қажет.
- Автокөлік беті дөңес айналармен жабдықталған.
Әдеттегі беті тегіс айнамен салыстырғанда дөңес айнада шағылысқан заттар өлшемі бойынша кішірек және алысырақ болып көрінеді.
Басқа қозғалыс жолағына ауысқан кезде артта жүріп келе жатқан автокөліктерге дейінгі арақашықтықты осы айналардың көмегімен бағалауға тырыспаңыз.

1. Ауыстырып қосқышты (A) күйін реттеу қажет болатын айнаның жағына қарай қойыңыз.



Сыртқы артқы көрініс айналарын жиятын электржетегі бар автокөліктер



AG3003473

- L — сол жақтағы сыртқы айнаны реттеу
R — оң жақтағы сыртқы айнаны реттеу

2. Сыртқа айнаның күйін реттеу үшін ажыратқышты (B) солға, оңға, төмен немесе жоғары басыңыз.

- 1 — жоғары
- 2 — төмен
- 3 — оңға
- 4 — солға

3. Ауыстырып қосқышты (A) ортаңғы күйге қойыңыз (*).

Сыртқы артқы көрініс айналарын жию және жұмыс күйіне қайтару

E00601102621


Тар жерлерде тоқтаған кезде зақымдап алмау үшін сыртқы артқы көрініс айналарын жиюға (есіктердің әйнектеріне қарай бұруға) болады.

САҚТАНДЫРУ

- Айналар жиылған күйде көлік жүргізуге тыйым салынады.
Сыртқы айнадан қамтамасыз етілетін артқы жақты көру мүмкіндігінің болмауы апатқа алып келуі мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жиятын электржетегі жоқ автокөліктер

Сыртқы артқы көрініс айнасын жию үшін айнаның корпусын автокөліктің артқы жағына қарай итеріп қайырыңыз. Артқы көрініс айнасын жұмыс күйіне қайырып ашу үшін айна корпусын автокөліктің алдыңғы жағына қарай тартыңыз.




Сыртқы артқы көрініс айналарын жиятын электржетегі бар автокөліктер

Сыртқы артқы көрініс айналарын арнайы түйменің көмегімен жию және жұмыс күйіне қайтару

Айнаны жию үшін оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрғанда түймені басыңыз.

Айнаны жұмыс күйіне қайтару үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

Егер кілтті LOCK күйіне қайтарсаңыз немесе OFF жұмыс режимін қоссаңыз, айналарды шамамен 30 секундқа дейінгі уақыт ішінде жиюға немесе жұмыс күйіне қайтаруға болады.



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Айналарды қолмен жиюға және жұмыс күйіне қайтаруға болады. Алайда айналарды түймені басу арқылы жиған болсаңыз, онда оларды қалыпты күйге қайтаруды да қолмен емес, түймені басу арқылы орындау қажет. Олай етпеген жағдайда айналар орнына бекітілмеуі мүмкін. Нәтижесінде айна қарсы ауа ағынының немесе дірілдің әсерімен бұрылып кетуі және нәтижесінде артқы жақты көру мүмкіндігі бұзылуы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалып жатқан айнаға қолдарыңызды қысып алмау үшін абай болыңыз.
- Егер айнаны қолмен жиған болсаңыз немесе ол адамға немесе қандай да бір затқа соғылып қайырылған болса, онда ол түйменің көмегімен жұмыс күйіне қайтарылмауы мүмкін. Мұндай жағдайда айнаны толық жию үшін түймені басыңыз, содан кейін жұмыс күйіне қайтару үшін түймені қайта басыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер айналарға мұз қатып қалған болса және жию механизмі жұмыс істемей тұрса, түймені бірнеше рет басуға тырыспаңыз, себебі бұл электр қозғалтқыштың және электр тізбегінің басқа элементтерінің күйіп кетуіне алып келуі мүмкін.

Сыртқы артқы көрініс айналарын арнайы түйменің көмегімен жию және жұмыс күйіне қайтару

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Айналардың автоматты жиылуын және жұмыс күйіне қайтарылуын қашықтан басқару пультінің көмегімен есіктердің құлыпталуымен және сәйкесінше құлпының ашылуымен бірге белгілеуге болады.

«Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» бөлімін қараңыз, 3-4-бет.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Айналардың автоматты жиылуын және жұмыс күйіне қайтарылуын қашықтан басқару пультінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесі функциясының көмегімен есіктердің құлыпталуымен және сәйкесінше құлпының ашылуымен бірге белгілеуге болады.

«Электрондық кілтті қолдана отырып автокөлікті пайдалану» (3-10-бет) және «Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі» (3-20-бет) бөлімдерін қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бұл функцияның баптауларын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Төмендегі операция орындалған кезде айналардың автоматты түрде жұмыс күйіне қайтуын белгілеу:
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
Оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне бұрау.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
ON жұмыс режимін қосу.
 - Оталдыру жүйесінің құлпын LOCK не ACC күйіне бұрағаннан немесе OFF не ACC жұмыс режимін қосқаннан кейін жүргізуші есігі ашылған кезде айналардың автоматты жиылуын белгілеу.
 - Жылдамдық шамамен 30 км/сағ мәніне жеткен кезде айналардың автоматты түрде жұмыс күйіне қайтуын белгілеу.
 - Айналардың жұмыс күйіне автоматты қайту функциясын өшіру.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Тіпті баптаулар жоғарыда сипатталғандай өзгертілген болса да, сыртқы артқы көрініс айналарын төмендегі әрекеттердің көмегімен жиюға немесе жұмыс күйіне қайтаруға болады.

Егер автокөлікті құлыптау үшін қашықтан басқару пультіндегі LOCK түймесін басқаннан кейін 30 секунд ішінде LOCK түймесін қайтадан қатарынан екі рет бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жиылады.

Егер автокөліктің құлпын ашу үшін қашықтан басқару пультіндегі UNLOCK түймесін басқаннан кейін 30 секунд ішінде UNLOCK түймесін қайтадан қатарынан екі рет бассаңыз, сыртқы артқы көрініс айналары жұмыс күйіне қайтып оралады.


Сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы

E00601201957

Сыртқы артқы көрініс айналарының бетіндегі ылғалды немесе мұзды кетіру үшін артқы әйнек жылытқышының қосқышын басыңыз.

Артқы әйнек жылытқышын қосқан кезде бақылау шамы (A) қосылады.

Шамамен 20 минуттан кейін жылытқыш автоматты түрде өшеді.



AFA128627

Оталдыру жүйесінің құлпы

E00601401845

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер бойынша ақпарат «Қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесі» бөлімінде келтірілген, 3-12-бет.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер



AG0004466

LOCK күйі

Қозғалтқыш жұмыс істемейді, руль блокталған. Кілтті тек осы күйде ғана салуға және шығаруға алуға болады.

ACC күйі

Қозғалтқыш жұмыс істемейді, әйтсе де аудиожүйені және басқа да кейбір электр аспаптарды пайдалануға болады.

ON күйі

Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр / оталдыру жүйесі қосулы, автокөліктің барлық электр аспаптарын пайдалануға болады.

START күйі

Стартер қосылады. Қозғалтқыш оталғаннан кейін кілтті жіберіңіз, сонда ол автоматты түрде ON күйіне қайтып оралады.

ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автокөлігіңіз электрондық иммобилайзермен жабдықталған. Электронды кілттегі транспондер тарататын сәйкестендіру коды иммобилайзер компьютерінің жадында тіркелген кодпен сәйкес болған жағдайда ғана қозғалтқышты оталдыру мүмкін болады. «Электрондық иммобилайзер (қозғалтқышты оталдыруды блоктайтын айдап әкетуге қарсы жүйе)» бөлімін қараңыз, 3-3-бет.

Оталдыру жүйесі құлпының ACC күйінде электр қуатын автоматты түрде өшіру функциясы

E00620300224

Егер оталдыру жүйесінің құлпы ACC күйінде тұрса, шамамен 30 минут өткеннен кейін функция автоматты түрде оталдыру жүйесі құлпының осы күйінде жұмыс істей алатын аудиожүйенің және басқа да электр жабдықтардың қуатын өшіреді. Оталдыру жүйесінің кілтті ACC күйінен басқа күйге бұралғаннан кейін электр қуаты қайтадан қосылады.


ЕСКЕРТПЕ

- Функциялардың жұмысын төмендегі жолмен өзгертуге болады:
 - Қуатты өшіруге дейінгі уақытты 60 минутқа дейін өзгертуге болады.
 - ACC режимінде қуатты автоматты түрде өшіруді сендіріп қоюға болады. Тольғырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Оталдыру жүйесінің кілтін шығарып алу

E00620401684

1. CVT бар автокөліктерде селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз.
2. Кілтті ACC күйіне бұраңыз, оны басыңыз және LOCK күйіне бұраңыз. Осыдан кейін кілтті шығарып алыңыз.



AG0023449

САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарып алуға тыйым салынады. Мұндайда руль блокталып қалады, бұл көлікті басқару мүмкіндігінен айырылуға алып келеді.
- Егер қозғалыс кезінде қозғалтқыш өшіп қалатын болса, тежегіш күшейткіші өшеді және тежегіштердің тиімділігі төмендейді. Сондай-ақ рульді басқару күшейткіші де жұмыс істемей қалады, сондықтан рульді бұруға көбірек күш жұмсауға тура келеді.
- Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрмаса, оталдыру жүйесінің кілтін ұзақ уақытқа ON күйінде қалдырмаңыз, себебі бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келуі мүмкін.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті START күйіне бұрауға тыйым салынады. Бұл стартердің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Рульді блоктау

E00601500676

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер бойынша ақпарат «Рульді блоктау» бөлімінде келтірілген, 3-16-бет.


Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Блоктау

Оталдыру жүйесі құлпының LOCK күйінде кілтті шығарып алыңыз. Блокталғанша рульді бұраңыз.

Блоктан шығару

Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салыңыз да, ACC күйіне бұраңыз, рульді оңға-солға сәл бұраңыз.



AG0023452

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөліктен шыққан кезде кілтті оталдыру жүйесінің құлпында қалдырмаңыз. Кейбір елдердің жол қозғалысы ережелерінде автокөлікті оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтпен тұрақта қалдыруға тыйым салынады.

Қозғалтқышты оталдыру және өшіру

E00620601598

Қозғалтқышты оталдыру ережелері

- Стартерді ұзақ уақытқа (10 секундтан артық) қоспаңыз, себебі бұл аккумулятор батареясының отыруына немесе стартердің, сондай-ақ қозғалтқыштың және түгін шығару жүйесінің элементтерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Егер қозғалтқыш оталмаса, оталдыру жүйесінің кілтін LOCK күйіне қайтарыңыз, бірнеше секунд күте тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз. Қозғалтқышты стартермен оталдыру әрекеттерін көп рет қайталамаған жөн, себебі бұл стартердің және қозғалтқыш элементтерінің істен шығуына алып келуі мүмкін.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті жұмыс істеп тұрған қозғалтқышымен жабық үй-жайларда немесе нашар желдетілетін жерлерде ол жерден шығып кетуге немесе автокөлікті басқа жерге жылжытып қоюға қажетті уақыттан ұзағырақ қалдыруға тыйым салынады. Иіс газының иісі жоқ және ол өмірге қауіпті дәрежеде улы.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті сүйреу немесе итеру жолымен қозғалтқышты оталдыруға тырыспаңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш қызбайынша оның жоғары айналымдармен жұмыс істеуіне жол бермеңіз, автокөлікті жоғары жылдамдықтарға дейін үдетпеңіз.
- Стартердің зақымдалуына жол бермеу үшін қозғалтқыш оталғаннан кейін кілтті бірден жіберіңіз.

Қозғалтқышты оталдыру

E00620702147

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер бойынша ақпарат «Қозғалтқышты оталдыру және өшіру» бөлімінде келтірілген, 3-17-бет.


Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Қозғалтқышты оталдыру реті:

1. Кілтті оталдыру жүйесінің құлпына салыңыз, қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
2. Тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Оң аяғыңызбен тежегіш педалін басып ұстаңыз.
4. Ілінісу педалін тірелгенше басыңыз (М/Т бар автокөлікте).
5. М/Т бар автокөліктерде бейтарап берілісті (N күйі) қосыңыз.
CVT бар автокөліктерде селектор тұтқасының Р (тұрақ) күйіне қойылғанына көз жеткізіңіз.

М/Т бар автокөліктер

CVT бар автокөліктер



AFA117571

6

ЕСКЕРТПЕ

● CVT бар автокөліктерде стартер тек селектор тұтқасы P (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйіне қойылған болса ғана жұмыс істей бастайды.

Қауіпсіздік мақсатында қозғалтқышты режимдерді ауыстыру тұтқасын P (тұрақ) күйіне қойып оталдыруға кеңес беріледі, себебі бұл күйде автокөліктің дөңгелектері блокталып тұрады.

6. Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраңыз. Қозғалтқышты оталдырмас бұрын барлық қажетті бақылау шамдарының қосылғанына көз жеткізіңіз.

7. Оталдыру жүйесінің құлпын START күйіне бұраңыз, бұл ретте акселератор педалін баспаңыз, қозғалтқыш оталған сәтте кілтті жіберіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

● Қозғалтқыш оталғаннан кейін азын-аулақ шу естілуі мүмкін, ол қозғалтқыш қызғаннан кейін тыйылады.

Егер қозғалтқыш оталмаса

Бірнеше рет әрекет еткеннен кейін қозғалтқыштың оталмай қалуына тап болуыңыз мүмкін.

1. Барлық электр энергиясын тұтынушылардың: шамдардың, жылытқыш желдеткішінің, артқы әйнек жылытқышының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
2. CVT бар автокөліктерде тежегіш педалін немесе механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін жүрісінің жартысына дейін басыңыз, содан кейін стартерді қосыңыз. Қозғалтқыш оталғаннан кейін акселератор педалін бірден жіберіңіз.
3. Егер қозғалтқыш бұрынғыша оталмай тұрса, оталдыру бітелелеріне бензин құйылып қалған болуы әбден мүмкін. CVT бар автокөліктерде тежегіш педалін немесе М/Т бар автокөліктерде ілінісу педалін басып тұрып, акселератор педалін тірелгенше басыңыз, содан кейін стартермен 5–6 секунд бойы иінді білікті айналдырыңыз. Оталдыру жүйесінің құлпын LOCK күйіне бұраңыз және акселератор педалін жіберіңіз. Бірнеше секунд күте тұрыңыз, содан кейін CVT бар автокөліктерде тежегіш педалін немесе М/Т бар автокөліктерде ілінісу педалін басып тұрып, стартерді 5–6 секундқа қайта қосыңыз, алайда бұл кезде акселератор педалін баспаңыз. Қозғалтқыш оталғаннан кейін бірден оталдыру жүйесінің кілтін жіберіңіз. Егер қозғалтқыш оталмаса, жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз. Егер қозғалтқыш қайтадан оталмаса, автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.


MIVEC қозғалтқышы бар модификация*

MIVEC қозғалтқышында кіргізу клапандарын басқару режимдерін қозғалыс жағдайларына байланысты төмен және жоғары айналымдар режимдерінде автоматты түрде ауыстырып қосу орын алады. Осылайша қозғалтқыштың оңтайлы жұмыс сипаттамаларына қол жеткізіледі.

Механикалық беріліс қорабы*

E00602002627

Берілістерді ауыстыру схемасы берілістерді ауыстыру тұтқасында көрсетілген. Берілістерді ауыстырып қосу кезінде ілінісу педалін тірелгенше басыңыз. Орыннан қозғалу үшін ілінісу педалін тірелгенше басыңыз және жайлап бірінші берілісті немесе артқа жүру берілісін қосыңыз. Содан кейін жайлап акселератор педалін баса отырып ілінісу педалін баяу жіберіңіз.



AA0115573



⚠️ САҚТАНДЫРУ


- Автокөлік алға жүріп бара жатқан кезде артқа жүру берілісін қосуға тыйым салынады. Бұл беріліс қорабының істен шығуына алып келуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде аяғыңызды ілінісу педалінің үстінде ұстамағаныңыз жөн, себебі бұл ілінісудің мерзімінен бұрын тозуына немесе зақымдалуына алып келеді.
- Бейтарап берілісте еркін жүріспен қозғалуға тыйым салынады.
- Берілістерді ауыстыру тұтқасын шынтақтаяныш ретінде қолдануға тыйым салынады, себебі бұл берілістерді ауыстыру ашаларының мерзімінен бұрын тозуына алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Суық ауа райында беріліс қорабындағы май қызғанша берілістерді ауыстырып қосу қиын болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Егер бірінші беріліс қиын қосылатын болса, ілінісу педалін жіберіңіз де, қайтадан басыңыз; осыдан кейін беріліс жеңіл қосылуы тиіс.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Берілістерді ауыстырып қосу индикаторы (бар болса) автокөлікті оңтайлы отын шығынымен үнемдеп жүргізу үшін берілістерді қай кезде ауыстыру ұсынылатынын көрсетеді. Егер жоғарырақ беріліске ауыстыру ұсынылса,  таңбасы көрсетіледі, ал  таңбасы төменірек беріліске ауыстыру ұсынылатын кезде көрсетіледі.



Берілістерді ауыстыру тұтқасын R (артқы жүріс) күйіне қою

E00615401370

Артқа жүру берілісіне (R күйі) ауыстыру үшін берілістерді ауыстыру тұтқасын 5-берілістен N (бейтарап беріліс) күйіне жылжытыңыз, содан кейін артқа жүру берілісін (R күйі) қосыңыз.

Берілістердің әрқайсысындағы максималды қозғалыс жылдамдығы

E00610803230

Жоғары жылдамдық кезінде ең төмен берілістерге ауыстырудан сақтаныңыз, себебі мұндайда қозғалтқыш тым жоғары айналымдармен жұмыс істей бастайды (тахометр көрсеткісі қызыл аймаққа өтеді), бұл қозғалтқыш пен трансмиссияның зақымдалуына алып келеді.

Берілісті ауыстыру сәгі	Шекті жылдамдығы	
	1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2000 қозғалтқышы бар модификациялар
1-беріліс	45 км/сағ	50 км/сағ
2-беріліс	90 км/сағ	105 км/сағ
3-беріліс	135 км/сағ	155 км/сағ
4-беріліс	180 км/сағ	190 км/сағ

Максималды отын үнемділігін қамтамасыз ету үшін қозғалыс жылдамдығы мүмкіндік берсе, бесінші берілісті қосыңыз.

Автоматтық 6 сатылы INVECS-III 6CVT (автокөлікті басқарудың интеллектуалдық және инновациялық электрондық жүйесінің үшінші буыны) беріліс қорабы*

E00602101432


Сатысыз вариатор жол қозғалысы жағдайларына және жол төсемі күйіне байланысты автоматты және үздіксіз түрде беріліс қатынасын өзгертіп отырады. Бұл жатық қозғалысты және отын үнемділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Егер автокөлігіңіз руль астындағы ауыстырып қосқыштармен жабдықталған болса, беріліс қорабындағы берілістерді қолмен жоғары және төмен ауыстырып қоса аласыз. «Қолмен ауыстырып қосу режимі» бөлімін қараңыз, 6-19-бет.

Селектор тұтқасының көмегімен CVT басқару


E00602201550

CVT сатысыз вариаторында беріліс санын таңдау автокөліктің қозғалыс жылдамдығына және акселератор педалінің күйіне байланысты автоматты түрде жүзеге асырылады.




AA0111878

Руль астындағы ауыстырып қосқыштары жоқ автокөліктер




AFA130086

Руль астындағы ауыстырып қосқыштары бар автокөліктер (1-түр)



AFA130099

Руль астындағы ауыстырып қосқыштары бар автокөліктер (2-түр)



AF3102894



Тежегіш педалін басыңыз да, селектор тұтқасын ойықтың бойымен жылжытыңыз.



Селектор тұтқасын ойықтың бойымен жылжытыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Селектор тұтқасын Р (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінен шығарған кезде міндетті түрде тежегіш педалін басыңыз. Бұл кезде акселератор педалін басуға болмайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Селектор тұтқасын дұрыс күйге қою үшін оны жылжытыңыз және біршама уақыт қажетті күйде ұстап тұрыңыз. Селектор тұтқасын жылжытқаннан кейін селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесінде оның дұрыс күйінің көрсетіліп тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Егер селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйінен ауыстырған кезде тежегіш педалі басылмаса, ауыстырып қосуды блоктау құрылғысы қосылады.



Егер селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйінен шығару мүмкін болмаса

E00629001638

Егер тежегіш педалі басылған күйде және оталдыру жүйесінің құлпы ON күйінде тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосуды тұрғанда селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйінен кез келген басқа күйге ауыстыру мүмкін болмаса, аккумулятор батареясының қуаты таусылған немесе ауыстырып қосуды блоктау құрылғысы ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз.

Автокөлікті жылжыту үшін селекторды төмендегідей жолмен ауыстырыңыз:

1. Тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. Жұмыс істеп тұрған болса, қозғалтқышты өшіріңіз.
3. Ұшына шүберек оралған жалпақ ұшты бұрауышты қақпақтың ойығына (А) сұғыңыз. Шешіп алу үшін қақпақты көрсетілген бағытта астынан іліп алыңыз.




6

CVT селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі

E00602301825

Оталдыру жүйесін қосқанда немесе ON жұмыс режимі қосылғанда көпфункционалы дисплейде CVT селектор тұтқасының күйі көрсетіледі.



4. Оң аяғыңызбен тежегіш педалін басыңыз.
5. Жалпақ ұшы бар бұрауышты ауыстырып қосуды блоктау құрылғысын блоктан шығару саңылауына (В) сұғыңыз. Жалпақ ұшты бұрауышты төмен қарай баса отырып, селектор тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырыңыз.

CVT селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі жыпылықтап тұрса

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөліктің абайсызда жылжып кетуіне жол бермеу үшін оң аяғыңызбен тежегіш педалін басып тұрыңыз және А/Т селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі жыпылықтап тұрған кезде акселератор педалін баспаңыз.

Қоршаған ауа температурасы төмен болса, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден көпфункционалы дисплейдегі А/Т селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі селектор тұтқасының D (қозғалыс), Ds (төмендетілген берілістерге және спорттық жүру режиміне ауыстырып қосу), L (төмендетілген беріліс), M (қолмен реттеу режимі) немесе R (артқы жүріс) күйінде жыпылықтап тұруы мүмкін. Бұл беріліс қорабының қыздырылуына біршама уақыт қажет екенін білдіреді.

Индикация жыпылықтап тұрған кезде селектор тұтқасының D, Ds, L, M немесе R күйінде тұрғанына қарамастан автокөлік орнынан қозғала алмайды, себебі қажетті температураға дейін қызбайынша беріліс қорабы ажыратылған күйде тұрады.

Егер А/Т селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі жыпылықтап тұрса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Оң аяғыңызбен тежегіш педалін басыңыз және селектор тұтқасын бірнеше секундқа N (бейтарап беріліс) күйіне қойыңыз.

2. Тежегіш педалін әрмен қарай басып тұрып селектор тұтқасын D (қозғалыс), Ds (төмендетілген берілістерге және спорттық жүру режиміне ауыстырып қосу), L (төмендетілген беріліс), M (қолмен реттеу режимі) немесе R (артқы жүріс) күйіне ауыстырыңыз. Егер А/Т селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесінің жыпылықтауы тоқтаса, беріліс қорабының қыздырылуы аяқталды және ол енді қалыпты режимде жұмыс істеп тұр.
3. Егер А/Т селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі әрмен қарай жыпылықтап тұрса, жоғарыда сипатталған I және 2-қадамдарды қайталаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- А/Т селектор тұтқасы күйінің индикациясы терезесі жыпылықтап тұрған кезде үздіксіз зуммер сигналы беріліп тұрады.

Селектор тұтқасының күйлері

E00602401709

P — ТҰРАҚ

Бұл күйде беріліс қорабы автокөліктің қозғалу мүмкіндігіне жол бермей блокталады. Бұл ретте қозғалтқышты оталдыруға болады.

R — АРТҚЫ ЖҮРІС

Артқы жүріспен қозғалуға арналған күй.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Беріліс қорабын зақымдап алудан сақтану үшін қозғалыс кезінде селектор тұтқасын P (тұрақ) немесе R (артқы жүріс) күйіне ауыстыруға тыйым салынады.

N — БЕЙТАРАП БЕРІЛІС

Бұл күйде барлық берілістер өшіріледі. Ол M/Т тұтқасының бейтарап күйіне сәйкес келеді. Қозғалыс барысында ұзағырақ уақытқа аялдаған кезде (мысалы, кептелісте) селектор тұтқасын осы күйге ауыстыру қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалыс кезінде селектор тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстыруға тыйым салынады. Режимдерді ауыстырып қосу тұтқасын абайсызда P (тұрақ) немесе R (артқы жүріс) күйіне ауыстырып алған жағдайда күрделі апат орын алуы немесе қозғалтқышпен тежелу мүмкіндігі жоғалуы ықтимал.
- Еңісте тұраққа қойылған жағдайда қозғалтқышты селектор тұтқасы N (бейтарап беріліс) күйінде емес, P (тұрақ) күйінде тұрғанда оталдыру қажет.
- Тұтқаны N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырғанда немесе тұтқаны осы күйден шығарғанда артқа жылжып кетуден сақтану үшін үнемі аяғыңызбен тежегіш педалін басып ұстаңыз.

D — ҚОЗҒАЛЫС

Бұл күй кәдімгі алға қозғалу үшін қолданылады. Сатысыз вариатор жол қозғалысы жағдайларына және жол төсемі күйіне байланысты автоматты және үздіксіз түрде беріліс қатынасын өзгертіп отырады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Беріліс қорабын зақымдап алудан сақтану үшін қозғалыс кезінде селектор тұтқасын D (қозғалыс) күйіне немесе R (артқы жүріс) күйіне ауыстыруға тыйым салынады.

Ds — ТӨМЕНДЕТІЛГЕН БЕРІЛІСТЕРГЕ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ ЖҮРУ РЕЖИМІНЕ АУЫСТЫРЫП ҚОСУ *

Бұл режим қозғалтқышпен тежелу үшін немесе руль астындағы ауыстырып қосқыштары жоқ автокөліктерде белсенді спорттық жүргізу стилі үшін қолданылады.

L — ТӨМЕНДЕТІЛГЕН БЕРІЛІС *

Бұл күй тік өрге қарай қозғалғанда жоғарырақ қуатты қамтамасыз етеді және тік ылдига қарай қозғалғанда қозғалтқышпен тежелуге мүмкіндік береді (руль астындағы ауыстырып қосқыштары жоқ автокөліктерде және руль астындағы ауыстырып қосқыштары бар автокөліктерде (1-түр)).

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Бұл күйді қозғалтқышпен максималды тежелу үшін қолдануға болады. Абай болыңыз, L (төмендетілген беріліс) күйіне тым тез ауыстырмаңыз. Қозғалтқышпен тежелуді шұғыл бастаған жағдайда шиналар тайғанау бастауы мүмкін. Бұл күйді қолданған жағдайда жол жағдайларын және автокөліктің қозғалыс жылдамдығын ескеріңіз.

M — ҚОЛМЕН РЕТТЕУ РЕЖИМІ *

Бұл режимді таңдаған жағдайда берілістерді қолмен ауыстырып қосуға болады (руль астындағы ауыстырып қосқыштары бар автокөліктерде (2-түр)).

Қолмен ауыстырып қосу режимі (руль астындағы ауыстырып қосқыштары бар автокөліктер)


E00602501641

Берілістерді қолмен ауыстырып қосу режимін келесі жолмен таңдауға болады:

- Автокөлік тоқтап тұрған немесе жүріп бара жатқан кезде режимдерді ауыстыру тұтқасы D (қозғалыс) күйінде тұрған жағдайда руль астындағы ауыстырып қосқыштардың бірін өзіңізге қарай тартыңыз.
- Селектор тұтқасын M (қолмен реттеу режимі) күйіне ауыстырыңыз.

Берілістерді қолмен ауыстырып қосу режимінде руль астындағы ауыстырып қосқыштардың көмегімен берілістерді тез ауыстырып қосуға болады.

Механикалық беріліс қорабымен салыстырғанда қолмен ауыстырып қосу режимінде берілістерді акселератор педалі басылған күйде ауыстырып қосуға болады.



AG3001668

+ (жоғарырақ беріліске ауыстырып қосу)

Селектор тұтқасын жылжыту жоғарырақ беріліске ауыстырып қосады.

- (төменірек беріліске ауыстырып қосу)

Селектор тұтқасын жылжыту төменірек беріліске ауыстырып қосады.

D (қозғалыс) режиміне қайтып оралу үшін селектор тұтқасы D (қозғалыс) күйінде тұрған кезде + (жоғарырақ беріліске ауыстырып қосу) ауыстырып қосқышын басыңыз және оны кемінде 2 секунд бойы ұстап тұрыңыз.

D (қозғалыс) режиміне қайтып оралу үшін селектор тұтқасы M (қолмен реттеу режимі) күйінде тұрған кезде селектор тұтқасын D (қозғалыс) күйіне ауыстырыңыз.

D (қозғалыс) күйіне ауыстырған жағдайда дисплейде селектор тұтқасының D (қозғалыс) күйі көрсетіледі.

6

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қолмен басқару режимінде жүргізуші тахометр көрсеткісінің қызыл аймаққа өтуіне жол бермей, жол жағдайларына байланысты жоғарырақ берілістерге өз бетінше ауыстырып қосуы тиіс.
- Берілістер руль астындағы ауыстырып қосқыштарды рет-ретімен жылжыту арқылы ауыстырылады.
- Руль астындағы сол жақ және оң жақ ауыстырып қосқыштарды бірге баспаңыз. Олай етсеңіз, беріліс дұрыс ауыстырылып қосылмауы мүмкін.


📖 ЕСКЕРТПЕ


- Егер қолмен ауыстырып қосу режимінде қозғалтқыштың айналымдары тахометр көрсеткісі шкаланың қызыл түсті аймағына өтетіндей дәрежеде жоғарыласа, автоматты түрде жоғарырақ беріліске ауыстырып қосу орын алуы мүмкін.
- Қолмен басқару режимінде алға жүрудің тек 6 берілісін ғана қосуға болады. Артқа жүру немесе автокөлікті тұраққа қою үшін селектор тұтқасын R (артқы жүріс) немесе P (тұрақ) күйіне ауыстыру қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің жетекші дөңгелектеріндегі жоғары тарту күшін қолдап ұстау үшін беріліс қорабы автокөліктің белгілі қозғалыс жылдамдығында тіпті руль астындағы ауыстырып қосқыштың «+» (жоғарырақ беріліске ауыстырып қосу) жағын басқан жағдайда да жоғарырақ беріліске ауыстыруға жол бермеуі мүмкін. Сонымен қатар ол қозғалтқыштың рұқсат етілетін айналымдарынан асырмау үшін руль астындағы ауыстырып қосқыштардың «-» (төменірек беріліске ауыстырып қосу) жағын басқан жағдайда да төменірек беріліске ауыстыруға жол бермеуі мүмкін. Мұндай жағдайда жүргізушіге төменірек беріліске ауыстырып қосудың мүмкін еместігі туралы ескертетін зуммер сигналы қосылады.
- Автокөліктің жылдамдығы төмендеген кезде қолмен басқару режимінде төменірек беріліске ауысу автоматты түрде жүзеге асырылады. Автокөлік тоқтатылғаннан кейін автоматты түрде 1-беріліс қосылады.
- Сондай-ақ автокөлік тоқтаған сәтте D (қозғалыс) жүру режимі автоматты түрде қайтарылады. Егер селектор тұтқасы M (қолмен реттеу режимі) күйінде тұрса, тіпті автокөлік тоқтаса да жүру режимі автоматты түрде D (қозғалыс) күйіне қайтып оралмайды.
- Егер селектор тұтқасы L (төмендетілген беріліс) күйінде тұрса, тіпті руль астындағы ауыстырып қосқышты бассаңыз да, берілістерді қолмен ауыстырып қосу режимі таңдала алмайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Селектор тұтқасы D (қозғалыс) күйінде тұрған және берілістерді қолмен ауыстырып қосу режимі таңдалған немесе селектор тұтқасы M (қолмен реттеу режимі) күйінде тұрған кезде отын үнемділігін қамтамасыз ету үшін берілістерді ауыстыру индикаторы (бар болса) ұсынылатын ауыстырып қосу сәттерін көрсетеді. Егер жоғарырақ беріліске ауыстырып қосу ұсынылса, индикаторда  белгісі көрсетіледі.



Қолмен реттеу режимінің индикациясы терезесі

E00612201609

Көпфункционалы дисплейде қолмен басқару режимінде қазір қосулы тұрған беріліс көрсетіледі.



CVT қорабында ақаулық пайда болған жағдайда

E00602301838




не



Ескерту хабарламасы пайда болған жағдайда

ЕСКЕРТПЕ

- Егер селектор тұтқасы М (қолмен реттеу режимі) күйінде тұрған кезде көпфункционалы дисплейде қазіргі қосулы тұрған беріліс жыпылықтап тұрса, руль астындағы ауыстырып қосқыштар ақаулы болуы мүмкін. Бұл жағдайда қозғалысты жалғастыру үшін селектор тұтқасын D (қозғалыс) күйіне ауыстырыңыз. Автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



Көпфункционалы дисплейде не ескерту таңбасы көрсетіледі, беріліс қорабында ақаулық туындаған болуы мүмкін.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- CVT қорабында ақаулық пайда болған жағдайда қозғалыс кезінде көпфункционалы дисплейде не ескерту таңбасы пайда болады. Мұндай жағдайда келесі әрекеттерді орындаңыз:

Егер ескерту таңбасы пайда болса

CVT қорабындағы май қызып кеткен. Қозғалтқышты басқару жүйесі CVT қорабындағы майды салқындату функциясын қосуы мүмкін, бұл ретте қозғалтқыштың айналымдары мен автокөлік жылдамдығы төмендейді.

- Қозғалыс жылдамдығын азайтыңыз.
- Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне қойыңыз және қозғалтқышты суыту үшін оны өшірместен капотты ашып қойыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

ескерту таңбасының өшуін күтіңіз. Өшкен кезде қозғалысты жалғастыруға болады. Егер ескерту хабарламасы өшпесе немесе жиі пайда болатын болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Егер ескерту таңбасы пайда болса

Қорғаныс құрылғысының іске қосылуына алып келіп жатқан CVT-дің қандай да бір элементі ақаулы болуы мүмкін. Автокөлікті кідірместен MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

6

CVT басқару

E00602601714

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған және тоқтап тұрған автокөлікте жүру режимін қоспас бұрын автокөлікті орыннан қозғалуын болдырмау үшін тежегіш педалін тірелгенше басыңыз. CVT қосылғаннан кейін, әсіресе қозғалтқыштың айналымдары жоғары болғанда, мысалы, бос жүрістің жоғары айналымдарында немесе кондиционер қосулы тұрғанда, автокөлік бірден қозғалысын бастайды; тежегіш педалін тек қозғалысқа дайын болған кезде ғана жіберу керек.
- Тежегіш педалін тек оң аяғыңызбен ғана басу қажет. Егер тежегіш педалін сол аяғыңызбен бассаңыз, бұл төтенше жағдайда тез әрекет етуге кедергі келтіруі мүмкін.
- Автокөліктің орыннан күрт қозғалуын болдырмау үшін селектор тұтқасын Р (тұрақ) немесе N (бейтарап беріліс) күйінен ауыстырған кезде қозғалтқыштың айналымдарын жоғарылатпаңыз.

САҚТАНДЫРУ

- Бір аяғыңызбен тежегіш педалін басып тұрып, екінші аяғыңызбен акселератор педалін басуға кеңес берілмейді: бұл желу тімділігінің төмендеуіне және тежегіш қыспақтарының мерзімінен бұрын тозуына алып келеді.
- Селектор тұтқасын жол қозғалысы жағдайларына сәйкес келетін тиісті күйге қойыңыз. Селектор тұтқасы D (қозғалыс), Ds (төмендетілген берілістерге және спорттық жүру режиміне ауыстырып қосу), L (төмендетілген беріліс) немесе M (қолмен реттеу режимі) күйінде тұрғанда өрде артқы жүріспен еркін қозғалуға, сондай-ақ селектор тұтқасы R (артқы жүріс) күйінде тұрғанда алдыңғы жүріспен еркін қозғалуға жол берілмейді. Бұл жағдайда қозғалтқыш өшіп қалуы мүмкін және тежегіш педалін басуға және рульді бұруға көбірек күш жұмсауға тура келеді, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Егер автокөлік қозғалысыз тұрса, тежегіш педалін басып тұрып қозғалтқыштың айналымдарын жоғарылатпаған жөн. Бұл CVT-дің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге селектор тұтқасы D (қозғалыс) күйіне қойылған кезде акселератор және тежегіш педалін бірге басқан жағдайда қозғалтқыштың айналымдары тұтқаның N (бейтарап беріліс) күйінде дәл сондай әрекеттерді жасаған кезде қол жеткізетін мәннен төмен болуы мүмкін.

Басып озу кезінде автокөліктің жылдамдығын үдету

E00602700109

D (қозғалыс) режимінде тез жылдамдықты үдету үшін (мысалы, басқа автокөліктен басып озған кезде) акселератор педалін тірелгенше басыңыз. Осы кезде CVT автоматты түрде төменірек берілісті қосады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолмен басқару режимінде акселератор педалін тірелгенше басқан кезде төменірек беріліске ауыстырып қосу орын алмайды.

Өрге көтерілу/ылдифа түсу

E00603000112

ӨРГЕ КӨТЕРІЛУ

Беріліс қорабы тіпті акселератор педалі жіберілген жағдайда да жоғарырақ беріліске орынсыз ауыстырып қосудың алдын алады және жатық қозғалысты қамтамасыз етеді.

ЫЛДИҒА ТҮСУ

Қозғалтқышпен қарқынды желуді қамтамасыз ету үшін қозғалыс жағдайларына байланысты беріліс қорабы автоматты түрде төменірек беріліске ауысып қосылады. Бұл жұмыстық тежеу жүйесінің азырақ қолданылуына ықпал етуі мүмкін.

Аялдамалар

E00602801208

Қысқа аялдамалар уақытында, мысалы, бағдаршамдарда автокөлікті тежегіш педалінің көмегімен орнында ұстап тұрып, берілісті қосулы күйінде қалдыруға болады. Жұмыс істеп тұрған қозғалтқышпен ұзағырақ уақытқа аялдаған кезде автокөлікті жұмыс тежегішімен қозғалысыз күйде ұстап тұрып, селектор тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстыру, содан кейін тұрақ тежегішін қосу қажет.

САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті өрде акселератор педалін басу арқылы ұстап тұруға тыйым салынады; бұны жұмыс немесе тұрақ тежегішінің көмегімен орындау қажет.

Автокөлікті тұраққа қою

E00602900039

Автокөлікті тұраққа қою үшін оны толық тоқтатыңыз, тұрақ тежегішін соңына дейін қосыңыз, содан кейін селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз. Автокөліктен шығар кезде міндетті түрде қозғалтқышты өшіріңіз және кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан алыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті ылдифа қаратып тоқтатқан кезде селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырмас бұрын міндетті түрде тұрақ тежегішін қосыңыз. Егер тұрақ тежегішін қоспастан селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырсаңыз, селектор тұтқасын бұл күйден шығару қиын болуы мүмкін, бұған айтарлықтай күш салу қажет болады.

Егер CVT берілістері ауыстырылып қосылмаса

E00603101208

Егер берілістер ауыстырылмаса немесе автокөлік өрге қарай көтерілгенде қажетті жылдамдықты үдетпейтін болса, CVT қорабында сақтандырғыш құрылғының іске қосылуына түрткі болатын ақаулық бар болуы мүмкін. Автокөлікті кідірместен MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесі*

E00604901577

Электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесінде жол жағдайларына байланысты ауыстырып қосу түймесін басу арқылы таңдауға болатын үш жұмыс режимі қарастырылған.

Келесі жүру режимдері бар:

Жүру режимі	Сипаттамасы
2WD	Қатты жабыны бар жолдармен және құрғақ топырақ жолдармен отынды үнемдеп жүру режимі. Жетек күші алдыңғы дөңгелектерге беріледі.

Жүру режимі	Сипаттамасы
4WD AUTO	Әдепкі бойынша режим. Бұл режимде айналдыру моменті барлық дөңгелекке беріле алады, ал оның бөлінуі жол жағдайына байланысты автоматты түрде реттеледі.
4WD LOCK	Режим төмен ілінісу коэффициенті бар жол бетімен, мысалы, тайғанақ, қар басқан жолдармен немесе құмның үстімен жүруге арналған. Айналдыру моментінің елеулі бөлігі артқы дөңгелектерге беріледі, бұл автокөлікке кез келген берілісте жеткілікті қуатты дамыта отырып, тайғанақ жол телімдерінен өтуге мүмкіндік береді.

Толық жетек режимдерінде қозғалу жүргізушінің ерекше дағдыларының болуын талап етеді.


«Толық жетек жүйесінің қолданылуы» бөлімін (6-25-бет) мұқият оқып шығыңыз және қауіпсіз жүргізу мәнерін ұстаныңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде 4WD AUTO жүру режимі таңдалады. Кейбір модельдерде таңдалған жүру режимі тіпті оталдыру жүйесін өшіргеннен немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін де сақталады.

Жүру режимдерінің ауыстырып қосқышы


Режимді таңдау оталдыру жүйесі немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда ауыстырып қосу түймесін басу арқылы орындалады.



Жүру режимдерінің ауыстырып қосқышын басу арқылы төмендегі тәртіппен жүру режимдерін ретімен таңдауға болады: 2WD, 4WD AUTO және 4WD LOCK.

Жүру режимін ауыстыру кезінде жана режим бір сәтке ағымдағы көрсетілімді үзе отырып көпфункционалы дисплейдің ақпарат терезесінде көрсетіледі.

Бірнеше секундтан кейін ақпарат терезесі жабылады және дисплей бұған дейінгі индикацияға қайтып оралады.

Жүру режимі	Ескерту хабарламасы
2WD	
4WD AUTO	
4WD LOCK	

6

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Алдыңғы дөңгелектер бос тайғанап тұрғанда (мысалы, қарда) жүру режимін ауыстырып қосуға тыйым салынады. Қосқан жағдайда автокөлік алдын ала болжанбаған бағытта жұлқып қалуы мүмкін.
- Қатты жабыны бар құрғақ жолдарда 4WD LOCK режимінде қозғалу отын шығынының ұлғаюына және шу мен діріл деңгейінің артуына алып келеді.
- Егер дөңгелектер бос тайғанап жатса, 2WD режимінде қозғалуға кеңес берілмейді. Бұдан трансмиссия тораптары мен агрегаттары қызып кетуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Тіпті оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұрамас бұрын немесе OFF жұмыс режимін қоспас бұрын 4WD AUTO режимінен басқа режим таңдалған болса да, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ON күйіне бұрағанда немесе ON жұмыс режимін қосқанда 4WD AUTO режимі орнатылады. Алайда кейбір нұсқалар үшін таңдалған жүру режимі тіпті оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті OFF күйіне бұрағаннан кейін немесе OFF жұмыс режимін қосқаннан кейін де сақталады.
- Жүру режимін тұрақта тұрған кезде де, қозғалыс кезінде де ауыстырып қосуға болады.

Жүру режимінің индикациясы терезесі



Индикация терезесі оталдыру жүйесін қосқан кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде пайда болады, содан кейін ол қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірнеше секунд бойы көрсетіледі.


Жүру режимі	Жүру режимінің индикаторы	
	4WD индикаторы	LOCK индикаторы
2WD	Өшірулі	Өшірулі
4WD AUTO	Қосулы	Өшірулі
4WD LOCK	Қосулы	Қосулы

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер таңдалған жүру режимінің индикаторы жыпылықтап тұрса, бұл трансмиссия агрегаттарын қорғау мақсатында автоматты түрде алдыңғы жетекке ауыстырып қосудың орын алғанын білдіреді. Бұл ретте ауыстырып қосқыштың көмегімен жүру режимдерін таңдау мүмкін емес. Көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы бар терезе пайда болады. Бұл жағдайда жылдамдықты азайту, хабарламаның өшуін күту, содан кейін бұрынғы режимде қозғалысты жалғастыру қажет.



- Егер көпфункционалы дисплейдің ақпарат терезесіне ескерту хабарламасы шығарылса, электронды түрде басқарылатын толық жетек жүйесінде ақаулық туындаған және қорғаныс құрылғы іске қосылған. Жүйені тексеру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.



- Өлшемдері бірдей, бір типті және бір өндірушінің, тозу дәрежелері бірдей шиналарды орнату қажет. Өлшемдері, типі, моделі немесе тозу дәрежесі әртүрлі шиналарды орнату толық жетек жүйесінің қорғаныс құрылғысының іске қосылуына алып келуі мүмкін, мұның нәтижесінде 4WD AUTO режимі қосылады және 4WD немесе LOCK индикаторлары кезек-кезек жыпылықтай бастайды.

Толық жетек жүйесінің қолданылуы

E0006602588

Автокөлік көбіне қатты жабыны бар жолдарда пайдалануға арналған.

Әйтсе де оның бірегей толық жетек жүйесі қажет болған жағдайда топырақ жолдармен жүруге, туристік тұрақ орындарына жақындап баруға, пикниктерге және сол сияқты орындарға шығуға мүмкіндік береді.

Бұл жүйе автокөліктің қатты жабыны бар құрғақ жолдарда басқарылуын жақсартып қана қоймай, сырғанақ, дымқыл, қар және балшық басқан жолдармен жүргенде ілінісуді арттырады.

Алайда ол ауыр жолсыз жерлермен жүруге, сондай-ақ ауыр жағдайларда тіркемені немесе басқа автокөлікті сүйреуге арналмаған.

Толық жетек жүйесі тік өрге қарай көтерілгенде жеткілікті тарту күшін және тік ылдидан түскен кезде тиімді тежелуді қамтамасыз ете алмауы мүмкін екенін есте сақтау маңызды. Тік еңістермен жүруден бас тартуға тырысыңыз.

Сонымен бірге құмның және балшықтың үстімен жүрген кезде, су өткелдерінен өткенде өте сақ болу қажет, себебі кейбір жағдайларда жер бетімен ілінісу жеткіліксіз болуы мүмкін.

Автокөліктің дөңгелектері балшыққа, құмға немесе қарға батып қалуы мүмкін жерлермен жүруден сақтаныңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Толық жетекті автокөліктер мүмкіндіктерінің бағасын асырмаңыз. Тіпті олардың да өту мүмкіндігі мен басқарылуын сақтау қабілетінің және жолмен ілінісуінің шектері болады. Көлік жүргізу кезіндегі абайсыздық апатқа алып келуі мүмкін. Автокөлікті жол жағдайларын ескере отырып ұқыптылықпен жүргізу қажет.
- Жолсыз жерде автокөлікті дұрыс басқармаған жағдайда апатқа ұшырау, соның ішінде автокөліктің аударылу қаупі бар, мұның нәтижесінде жүргізуші мен жолаушылар ауыр немесе өмірге қауіпті жарақаттар алып қалуы мүмкін.
- Пайдалану нұсқаулығында келтірілген барлық ережелер мен нұсқауларды орындаңыз.
- Берілген қозғалыс жағдайларында жол берілетін жылдамдықты таңдаңыз және одан асырмаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Өтуі қиын жолдармен жүргенде автокөлікке үлкен жүктемелер түседі. Асфальт жолдан түсер алдында кезекті техникалық қызмет көрсетудің уақытылы өткізілгеніне және автокөліктің тексерілгеніне көз жеткізіңіз. Шиналардың күйіне ерекше назар аударыңыз, шиналардағы қысымды тексеріңіз.
- MITSUBISHI MOTORS автокөлікті бұрыс немесе ұқыпсыз пайдаланудың салдарынан туындаған зақымдар немесе жарақаттар үшін жауапкершілік көтермейді. Автокөлікті басқарудың барлық тәсілдері жүргізушінің және жол қозғалысының басқа қатысушыларының біліктілігіне байланысты. Ұсынылатын басқару тәсілдерінен кез келген ауытқуды олар өз жауапкершіліктерімен жүзеге асырады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Толық жетекті автокөліктің тежеу ізінің бір осінде ғана жетегі бар автокөліктің тежеу ізінен ешқандай дерлік айырмашылығының жоқ екенін есте ұстаныңыз. Қар басқан, сырғанақ немесе балшық жолмен жүрген кезде алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін жеткілікті арақашықтықты ұстаныңыз.
- Орындықта тік күйге барынша жақын қалыпта отыруға тырысыңыз; орындықты рульмен және педальдармен әрекет жасау ыңғайлы болатындай етіп реттеп алыңыз. Міндетті түрде қауіпсіздік белбеуін тағыңыз.
- Жолсыз жермен немесе балшықты жолмен жүргеннен кейін автокөліктің барлық тораптарын тексеріңіз және оны мұқият жуыңыз. «Ауыр жағдайларда пайдаланғаннан кейін автокөлікті тексеру және техникалық қызмет көрсету» бөлімін және «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қатты жабыны бар құрғақ жолда 4WD LOCK режимінде қозғалу отын шығынының ұлғаюына және шу мен діріл деңгейінің артуына алып келеді.

Шұғыл бұрылыстардан өту

4WD LOCK режимі қосылу тұрғанда төмен жылдамдықпен шұғыл бұрылыстардан өткен кезде рульмен жасалған әрекеттерге автокөліктің реакциясы әдеттегіден біршама өзгеше болуы мүмкін: осы сәтте тежегіш педалі басылып тұрғандай сезім туындайды. Бұл құбылыс «шұғыл бұрылыстардағы жеңіл тежелу» деп аталады; ол автокөлік

дөңгелектерінің бұрылыс ортасынан әртүрлі қашықтықта орналасуынан туындайды. Бұл құбылыс дәл осы толық жетекті автокөліктерге тән. Мұндай жағдайда бұрылу радиусын ұлғайту немесе 2WD не 4WD AUTO режиміне ауыстырып қосу қажет.

Қар немесе мұз басқан жолмен жүру

Жолдың күйіне байланысты 4WD AUTO немесе 4WD LOCK режимін қосыңыз, содан кейін орыннан жатық жүріспен қозғалу үшін жайлап акселератор педалін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қысқы шиналарды орнатуға кеңес беріледі.
- Қауіпсіз арақашықтықты сақтаңыз, шұғыл тежелуден сақтаныңыз, қозғалтқышпен тежеліңіз (төменірек беріліске ауыстырып қосу арқылы).

САҚТАНДЫРУ


- Шұғыл тежелуден, жылдамдықты үдетуден және бұрылыстардан сақтаныңыз. Автокөлік бүйірге қарай сырғуы және басқару мүмкіндігі жоғалуы ықтимал.

Құм және балшық жермен жүру

4WD LOCK режимін қосыңыз, содан кейін орыннан жатық жүріспен қозғалу үшін жайлап акселератор педалін басыңыз. Мүмкіндігінше акселератор педалін бір күйде ұстаңыз, төмен жылдамдықпен қозғалыңыз.

САҚТАНДЫРУ

- Құмның үстінде жылдамдықты үдетуге тырыспаңыз, автокөлікті басқару кезінде аса мұқият болыңыз. Мұндай жағдайларда қозғалтқыш пен трансмиссияға қалыпты жолмен салыстырғанда көбірек жүктеме түседі, сондықтан ұқыпсыз жүргізу апатқа алып келуі мүмкін.

- Егер көпфункционалы дисплейде  салқындату сұйықтығы температурасының индикациясы терезесі пайда болса немесе автокөліктің қозғалыс кезінде қозғалтқыштың қуаты күрт төмендеп кетсе, кідірместен автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Толығырақ ақпарат «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімінде келтірілген, 8-9-бет. Қажетті шараларды қолданыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Батып қалған автокөлікті шығаруға әрекет жасаған кезде оның айналасында адамдардың және қандай да бір заттың болмауын қадағалаңыз. Тербеген кезде автокөлік алға не артқа күрт жүріп кетуі мүмкін, бұл адамдардың жарақат алуына және заттардың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Шұғыл тежелуден, жылдамдықты үдетуден және бұрылыстардан сақтаныңыз; мұндай әрекеттердің нәтижесінде автокөлік батып қалуы мүмкін.
- Егер автокөлік құмда немесе батпақта батып қалса, оны көп жағдайда тербеу арқылы шығаруға болады. Бір мезгілде акселератор педалін сәл баса отырып, селектор тұтқасын D (қозғалыс) және R (артқы жүріс) күйлерінің арасында ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Ауыр жағдайларда пайдалану автокөлік шанағының коррозиясын тудыруы мүмкін; мұндай пайдаланудан кейін мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті жуыңыз.

Тік еңістерде жоғары/төмен қарай қозғалу

Автокөліктің тарту күші немесе ілінісуі тік беткейге көтерілу үшін жеткіліксіз болуы, ал тік ылдига қарай түсу кезінде қозғалтқышпен тежелу тиімсіз болуы мүмкін. Тіпті толық жетекті автокөлікпен де тік еңістермен жүруден бас тартыңыз.

Сулы кедергілерден өту

E00618901132

Су деңгейі жоғары су басқан жолдармен жүргенде немесе суды кешіп өткенде су қозғалтқышқа кіруі мүмкін, бұл оның күрделі зақымдалуына алып келеді. Кешіп өтетін судың немесе су басқан жолдың максималды мүмкін тереңдігіне көп факторлар әсер етеді, оларды алдын ала анықтау мүмкін емес, сондықтан жүргізуші су басқан жолмен жүру немесе суды кешіп өту мүмкіндігі туралы шешімді өз жауапкершілігімен қабылдайды. Электр жабдық компоненттеріне су тиген жағдайда автокөлік істен шығуы мүмкін және әрмен қарай қозғалу мүмкін емес болады, сондықтан аса қажеттілік болмаса, суды кешіп өтпеуге тырысыңыз. Егер бұл амалсыз жағдай болса, онда келесі жолмен әрекет етіңіз:

Сулы кедергіден өтер алдында судың тереңдігін және түбінің күйін тексеріңіз. Толқын тудырмау және суды шашыратпау үшін жайлап козғалыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Тереңдігі дөңгелектердің күшкертерін, белдіктердің редукторларын немесе түтін шығару құбырын жауып қалатындай үлкен сулы кедергілерден өтуге тыйым салынады. Сулы кедергіден өту барысында CVT селектор тұтқасының күйін өзгертуге тыйым салынады. Сулы кедергілерден жиі өту автокөліктің қызмет ету мерзімін қысқартады. Бұл жағдайда автокөлікті дайындау, тексеру және жөндеу бойынша тиісті шараларды қолдануға кеңес беріледі.
- Судан шыққаннан кейін тежеу жүйесінің қалыпты жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін тежегішті басып көріңіз. Егер тежеу механизмі бөлшектерінің беті су болса және олардың әрекет ету тиімділігі төмендеген болса, төмен жылдамдықпен қозғала отырып және тежегіш педалін сәл баса отырып оларды кептіріп алыңыз. Автокөліктің барлық тораптары мен жүйелерін мұқият тексеріңіз.

Ауыр жағдайларда пайдаланғаннан кейін автокөлікті тексеру және техникалық қызмет көрсету

E00606700338

Автокөлікті ауыр жағдайларда пайдаланғаннан кейін міндетті түрде төмендегі техникалық қызмет көрсету бойынша операцияларды орындаңыз:

- Автокөліктің тастарға соғылудың нәтижесінде зақымданған жерлерінің, ұсас тастардың тиюінен сызаттарының және т. с. с. болмауына көз жеткізіңіз.
- Автокөлікті мұқият жуып шығыңыз. Жуғаннан кейін тежеу механизмдерін кептіру үшін тежегіш педалін сәл баса отырып, төмен жылдамдықпен біраз жол жүру керек. Егер осыдан кейін де тежегіштер жеткілікті деңгейде тиімді жұмыс істемесе, оларды мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына тексертуге кеңес беріледі.
- Радиатор ұяларынан жәндіктерді, құрғақ шөпті және т. с. с. алып тастаңыз.
- Сулы кедергіден өткеннен кейін козғалтқыштағы, беріліс қорабындағы және дифференциалдағы майдың күйін тексеріңіз. Егер судың кіруінің салдарынан майдың сүтке ұқсас немесе лайлы реңкі болса, оны ауыстыру қажет.
- Автокөліктің салонын тексеру қажет. Судың кіргені байқалса, кілемшени және басқа да су болған бөлшектерді кептіріңіз.
- Фаралардың ішіне су кірген болса, оны төгуге кеңес беріледі.

Толық жетекті автокөлікті пайдалану ережелері

E00606802085

Шиналар мен дөңгелек дискілері

Айналыру моменті барлық төрт дөңгелекке берілетіндіктен толық жетекті автокөліктің сипаттамалары елеулі дәрежеде шиналардың күйіне байланысты болады.

Шиналарға ерекше көңіл бөліңіз.

- Дөңгелектерге ұсынылған өлшемдегі шиналар орнату қажет. «Шиналар мен дөңгелек дискілері» бөлімін қараңыз, 11-9-бет.
- Барлық төрт шина мен дискі бір маркалы және бір өлшемді болуы тиіс. Егер бір шинаны немесе дискіні ауыстыратын болсаңыз, қалғандарының бәрін де ауыстыру қажет.
- Алдыңғы және артқы дөңгелектердің шиналарының тозуында айтарлықтай айырмашылық болған жағдайда алдыңғы және артқы дөңгелектердің орындарын ауыстыру қажет.


Шиналардың тозу дәрежесінің арасындағы елеулі айырмашылық автокөліктің пайдаланушылық көрсеткіштерін нашарлатады. «Дөңгелектерді алмастырып салу» бөлімін қараңыз, 10-12-бет.

- Шиналардағы ауа қысымын үнемі тексеріп тұрыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Өлшемдері бірдей, бір типті және бір өндірушінің, тозу дәрежелері бірдей шиналарды орнату қажет. Олай етпеген жағдайда дифференциалдағы майдың температурасы жоғарылайды, бұл трансмиссияның ақаулығына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге трансмиссияда майдың жылыстауына, бөлшектердің қарысып қалуына және басқа да күрделі ақауларға алып келуі мүмкін жоғары жүктемелер туындайды.

Сүйреу



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Толық жетекті автокөліктерді ішінара тиеу әдісімен (алдыңғы немесе артқы дөңгелектер жол бетінде қалағын) сүйреуге тыйым салынады (А және В суреттері). Бұл трансмиссия агрегаттарының зақымдалуына немесе сүйреу кезінде тұрақтылықты жоғалтуға алып келуі мүмкін. Толық жетекті автокөлікті сүйреу қажет болса, оны С не D суреттерінде көрсетілген тәсілмен орынданыз.
- Тіпті 2WD режимі қосылу болса да, толық жетекті автокөлікті алдыңғы не артқы дөңгелектері асылған күйде сүйреуге тыйым салынады.

Толық жетекті автокөлікті домкратпен көтеру

⚠ ЕСКЕРТУ

- Домкратпен көтеріліп тұрған автокөліктің қозғалтқышын стартермен айналдыруға тыйым салынады. Бұл кезде жерде тұрған дөңгелек айналып кетуі мүмкін, нәтижесінде автокөлік домкраттан тайып кетеді.

Тежеу

E00607001784

Қозғалыс қауіпсіздігі айтарлықтай дәрежеде тежеу жүйесінің әрбір торабы мен бөлшегінің күйіне байланысты. Автокөлікті сервис кітапшасында көрсетілген уақыт аралығымен жүйелі түрде MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертіп отыруға кеңес беріледі.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Шұғыл тежеулерді болдырмауға тырысыңыз; сонымен бірге қозғалыс кезінде аяқты тежегіш педальінің үстінде ұстауға тыйым салынады. Бұл тежегіштердің қызып кетуіне және тиімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Тежеу жүйесі

Жұмыстық тежеу жүйесінің гидрожетегінде екі контур бар. Автокөлік тежегіш күшейткішімен жабдықталған. Бұл бір контур ақаулы болған

жағдайда автокөлікті екінші контурдың көмегімен тоқтатуға мүмкіндік береді. Егер қандай да бір себепке байланысты автокөлікте күшейткіш жұмыс істемей қалса, тежеу жүйесі өзінің жұмысқа қабілеттілігін сақтайды. Бұл жағдайда тежегіш педальінің жүрісі тиімді тежелу үшін жеткіліксіз болса немесе педаль қиын басылса, оны көбірек күшпен басуды жалғастырыңыз; автокөлікті тоқтатыңыз және тежеу жүйесін кідірместен жақын жердегі MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында жөндетіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышты автокөліктің қозғалыс кезінде өшіруге тыйым салынады. Қозғалтқыш өшірілген жағдайда тежегіш күшейткіші жұмыс істемей қалады және тежеу қиындайды.
- Күшейткіш жұмыс істемей қалғанда немесе тежегіштердің гидрожетегінде ақаулық болғанда кідірместен MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Ескерту хабарламасы

Тежеу жүйесінің бақылау шамының қосылуы жүйедегі ақаулықтың белгісі болып табылады. Жүйеде ақаулық туындаған жағдайда көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. «Тежеу жүйесінің бақылау шамы» (5-38-бет) және «Тежеу жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» (5-40-бет) бөлімдерін қараңыз.

Ылғал тежеу механизмдері

Орыннан қозғалғаннан кейін, әсіресе тежеу механизмдері ылғал болса, тежегіштердің қалыпты жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізу үшін бірден шағын жылдамдықпен тежегіштердің жұмысын тексеріңіз.

Нөсер жаңбырда жол жүргеннен, терең шалшық судан өткеннен немесе автокөлікті жуғаннан кейін тежегіш дискілерінде тежегіштердің қалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіретін ылғал үлдір пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда шағын жылдамдықпен жүріп келе жатып, тежегіш педалін сәл басу арқылы тежеу механизмдерін кептіріп алыңыз.

Ылдиға қарай қозғалғанда

Тік ылдиға қарай қозғалған кезде тежегіштердің қызып кетуін болдырмау үшін төменірек берілістерді қоса отырып қозғалтқышпен тежелуді қолдану қажет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлік еденіне тежегіш педалінің жанына қандай да бір зат қоюға тыйым салынады; еден кілемшесінің педалдың астына кіріп кетпеуін қадағалаңыз; бұл қауіпті жағдайда тежегіш педалін толық басуға кедергі болуы мүмкін. Тежегішті кез келген сәтте кедергісіз басуға болатынына көз жеткізіңіз. Кілемшенің өз орнына сенімді бекітілгенін көз жеткізіңіз.

Тежегіш қыспақтары

- Мүмкіндігінше шұғыл тежелу әрекеттерін болдырмаңыз. Жаңа тежегіш қыспақтары ауыстырғаннан кейін алғашқы 200 км ішінде жұмыс қалпына дейін үйкеледі.
- Дискілі тежегіштер тежегіш қыспақтары шекті тозу дәрежесіне жеткен кезде қырнаған металл дыбысын шығаратын арнайы ескертуші құрылғымен жабдықталған. Мұндай дыбысты естісеңіз, тежегіш қыспақтарын ауыстырыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер тежегіш қыспақтары тозған болса, автокөлікті тоқтату қиындайды және жол-көлік оқиғасының қаупі ұлғаяды.

Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе*

E00628000155

Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе автокөліктің артқа қарай сырғып кетуіне жол бермей, тік өрде орыннан қозғалу процесін жеңілдетеді. Жүйе аяғыңызды тежегіш педалінен акселератор педаліне ауыстыру кезінде 2 секунд бойы тежеу күшін сақтап тұрады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөліктің төмен қарай жылжып кетуін болдырмау үшін өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйеге шектен тыс иек артпаңыз. Белгілі жағдайларда тіпті өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе жұмыс істеп тұрса да, тежегіш педалі жеткілікті күшпен басылмаса, автокөлікке көп жүк артылған болса немесе жол сырғанақ болса немесе тік беткейлі болса, автокөлік артқа қарай жылжып кетуі мүмкін.
- Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе автокөлікті еністе 2 секундтан ұзақ ұстап тұруға арналмаған.
- Өрге қарай көтерілген кезде өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйені басылған тежегіш педалінің орнына автокөлікті қозғалысыз ұстап тұру үшін пайдаланбаңыз. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйенің жұмысы кезінде келесі операцияны орындамаңыз. **Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** Отадыру жүйесінің құлпын LOCK не ACC күйіне бұрау. **Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер** OFF немесе ACC жұмыс режимін қосу. Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе жұмысын тоқтатуы мүмкін, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Жүйені қосу

E00628101616

1. Тежегіш педалін басып, автокөлікті толық тоқтатыңыз.
2. M/T бар автокөлікте 1-берілісті қосыңыз. CVT бар автокөлікте селектор тұтқасын D (қозғалыс) күйіне ауыстырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Өрге көтерілгенде артқа қарай жүрген кезде артқа жүру берілісін қосыңыз.

3. Тежегіш педалін жіберіңіз, сонда өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе автокөлікті шамамен 2 секунд бойы ұстап тұру үшін тежеу күшін қолдап ұстайтын болады.
4. Акселератор педалін басыңыз, автокөлік қозғалысын бастаған сәтте өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе біртіндеп тежеу күшін азайтады.

ЕСКЕРТПЕ

- Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе төменде келтірілген шарттар сақталған жағдайда жұмыс істейді.
 - Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр. Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе қозғалтқышты оталдыру кезінде және одан кейін бірден қосылмайды.
 - М/Т бар автокөліктерде тұтқа келесі күйлерге қойылған:
 - **Өрге қарай алдыңғы жүріспен орыннан қозғалғанда** Берілістерді ауыстыру тұтқасы R күйінен басқа кез келген күйде. Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе тіпті тұтқа N күйіне қойылған жағдайда да жұмыс істейді.
 - **Өрге қарай артқы жүріспен орыннан қозғалғанда** Берілістерді ауыстыру тұтқасы R (артқы жүріс) күйінде тұр. Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе тұтқа N күйіне қойылған жағдайда жұмыс істемейді.

ЕСКЕРТПЕ

- CVT бар автокөліктерде селектор тұтқасы P немесе N күйінен басқа кез келген күйде.
- Автокөлік толық тоқтатылған және тежегіш педалі басылған.
- Тұрақ тежегіші өшірілі.
- Егер тежегіш педалін жіберер алдында акселератор педалі басылған болса, өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе іске қосылмайды.
- Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе сондай-ақ артқы жүріспен ылдифа қарай орыннан қозғалған кезде де жұмыс істейді.

Ескерту хабарламалары

E00628201776

Егер жүйеде ақаулық пайда болса, дисплейде келесі индикаторлар мен ескерту хабарламалары қосылады:



Ескерту хабарламасы



САҚТАНДЫРУ

- Бұл хабарламаның пайда болуы жүйеде ықтимал ақаулықтың бар екенін білдіреді. Орыннан абайлап қозғалыңыз.

САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Қозғалтқышты қайтадан оталдырыңыз және ескерту хабарламасының өшкеніне көз жеткізіңіз, бұл өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйенің қайтадан жұмыс істеп тұрғанын білдіреді. Егер хабарлама көрсетіліп тұрса немесе жүйелі түрде пайда болып жатса, автокөлікті тоқтатпай-ақ қоюға болады, алайда мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі.

Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе

E00627001588

Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе шұғыл тежеу кезінде тежегіш педалін қатты баса алмайтын жүргізушілерге арналған, ол тежеу механизмдеріндегі қысымды ұлғайтады.

Егер тежегіш педалі шұғыл басылған болса, тежегіштер әдеттегіден көбірек күшпен іске қосылады.

САҚТАНДЫРУ

- Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе жүйенің мүмкіндіктерінен асып кететін тежеу күшін дамытуға арналмаған. Өрдайым алда жүріп бара жатқан автокөліктерге дейін қауіпсіз арақашықтықты ұстанаңыз және шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйенің шектен тыс шараларына иек артып қалмаңыз.

ESKERTPE

- Егер шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе іске қосылса, ол тіпті тежегіш педалі қатты басылмаса да елеулі тежеу күшін дамытады. Жүйенің жұмысын тоқтату үшін аяғыңызды тежегіш педалінен алыңыз.
- Шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе тіпті педаль шұғыл басылмаса да, тежегіш педалін қатты басқан кезде іске қосылуы мүмкін (ASC динамикалық бағыт тұрақтылығы жүйесімен жабдықталған автокөліктерден өзге).
- Егер шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе қозғалыс кезінде іске қосылса, тежегіш педалінің жұмсарып қалғанын және жүйе жұмысының шуымен бір тактте шағын жылжу әрекеттерін жасап жатқанын немесе автокөлік шанағының және рульдің дірілдеуін сезесіз. Бұл шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйенің қалыпты жұмысын білдіреді және ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Тежегіш педалін басуды жалғастырыңыз.
- Қозғалыссыз тұрған автокөлікте тежегіш педалі шұғыл немесе толық басылған кезде жүйе жұмысының шуын естуіңізге болады. Бұл ақаулықтың белгісі емес, шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе штаттық режимде жұмыс істеп тұр.
- Егер ABS бақылау шамы қосылып тұрса / ABS жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы немесе тек ASC жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы ғана пайда болса, шұғыл тежеу кезіндегі көмекші жүйе жұмыс істемейді (ASC динамикалық бағыт тұрақтылығы жүйесімен жабдықталған автокөліктер).

Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесі*

E00626001190

Бұл функция артта жүріп келе жатқан автокөліктерге шұғыл тежеу туралы ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін тез автоматты түрде қосудың есебінен арттан келіп соғылу қаупін төмендетеді. Апаттық сигнал беру жүйесі қосылған кезде барлық бұрылыс көрсеткіштері, сондай-ақ аспаптар тақтасындағы бұрылыс көрсеткіштерінің бақылау шамдары жиі жыпылықтайды.

SAQTANDYRU

- Егер ABS немесе ASC жүйесі ақаулығының бақылау шамы жанып тұрса, шұғыл тежеу кезіндегі сигнал беру жүйесі іске қосылмайды. «ABS бақылау шамы / ABS ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 6-32-бет.
- «ASC жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы» бөлімін қараңыз, 6-36-бет.

ESKERTPE

- **Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесінің іске қосылу шарттары**
Жүйе төменде келтірілген шарттар сақталған жағдайда іске қосылады:
 - Автокөліктің қозғалыс жылдамдығы 55 км/сағ құрайды не одан жоғары.
 - Тежегіш педалі басылған және жүйе шұғыл тежелуді автокөліктің баяулауы бойынша және ABS жүйесінің жұмыс істеу шарттары бойынша анықтайды.

ESKERTPE

Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесін өшіру шарттары
Жүйе төменде келтірілген шарттар сақталған жағдайда өшіріледі.

- Тежегіш педалі жіберілген.
- Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің қосқышы басылған.
- Жүйе автокөліктің баяулауы және ABS жүйесінің жұмыс істеу шарттары бойынша тежеудің шұғыл емес екенін анықтайды.

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)

E00607101046

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) тежеу кезінде дөңгелектердің блокталуын болдырмауға көмектеседі және осылайша бағыт тұрақтылығын сақтайды және басқару мүмкіндігі мен оңтайлы тежеу күшін қамтамасыз етеді.

Автокөлікті басқару ерекшеліктері

- Қозғалыс кезінде алда жүріп бара жатқан автокөлікпен қауіпсіз арақашықтықты сақтап отыру қажет. Тіпті автокөлік ABS жүйесімен жабдықталған болса да, келесі жағдайларда артығымен қауіпсіз арақашықтықты ұстаныңыз:
 - Қиыршық тасты немесе қар басқан жолдармен жүру.
 - Орнатылған сыргытпайтын шынжырлармен жүру.
 - Жабыны тегіс емес жолдармен жүру.

- ABS жұмысы тежегіш педалі шұғыл басылатын жағдайлармен шектелмейді. Жүйе сондай-ақ кәріз жүйесінің люктерін, жол төсеміндегі болат пластиналарды, жол төсемі биіктігінің сағи тәрізді ауытқуларын, жол белгісі сызықтарын басып өткен кезде және төмен ілінісу коэффициенті бар жерлермен жүрген кезде дөңгелектердің блокталуын болдырмайды.
- ABS жүйесі іске қосылған кезде тежегіш педалінің бүлкілдеген қозғалысы, сондай-ақ автокөлік шанағы мен рульдің дірілі сезіледі. Сондай-ақ педаль басуға қарсыласқандай сезім туындауы мүмкін. **Бұл жағдайда жай ғана тежегіш педалін қатты басыңыз. Педальді үзін-үзін басаңыз, бұл тежелу тиімділігін төмендетеді.**
- Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін және автокөлік орнынан қозғалғаннан кейін бірден мотор бөлімінен жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқыштың дыбысы естілуі мүмкін. Егер осы сәтте тежегіш педалін бассаңыз, бүлкілі сезіледі. Бұл құбылыстар ABS жүйесінің өзін-өзі тексеруінен пайда болады және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- ABS жүйесі автокөлік жылдамдығы шамамен 10 км/сағ мәнінен асқан кезде қолданыла алады. ABS жүйесі автокөлік жылдамдығы шамамен 5 км/сағ мәнінен төмендегенде өшеді.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- ABS жүйесі жол-көлік оқиғасының алдын ала алмайды. ABS жүйесінің болуы жүргізушіні автокөлікті ұқыпмен және барлық сақтық шараларын орындай отырып жүргізу міндетінен босатпайды.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- ABS жүйесінің жұмысындағы ақаулықтардың алдын алу үшін барлық 4 дөңгелекке типі мен өлшемдері бірдей шиналар орнату қажет.
- Автокөлікке басқа өндірушілердің өздігінен блокталатын дифференциалдарын орнатуға тыйым салынады. Оларды орнатқан жағдайда ABS жүйесінде шалыс істеулер байқалуы мүмкін.

ABS бақылау шамы / ABS ақаулығы туралы ескерту хабарламасы

E00607202839

Бақылау шамы



Ескерту хабарламасы



ABS жүйесінде ақаулық болған жағдайда ABS бақылау шамы қосылады, ал көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады. Қалыпты жағдайларда ABS бақылау шамы оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған кезде немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде ғана қосылады және бірнеше секундтан кейін өшеді.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Төменде келтірілген жағдайларда ABS жүйесі жұмыс істемейді, тек жұмыстық тежеу жүйесі ғана жұмыс істеуін жалғастырады (ABS жүйесі істен шыққанда жұмыстық тежеу жүйесі қалыпты жұмыс істейді). Мұндай жағдайда мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті тексертуге кеңес беріледі.
- Оталдыру жүйесі қосылған кезде немесе ON жұмыс режимі қосылған кезде, ABS бақылау шамы қосылмайды немесе қосылады да, өшпей қалады.
- Бақылау шамы автокөліктің қозғалысы кезінде қосылады.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде дисплейде ескерту хабарламасы пайда болады.

Егер қозғалыс кезінде бақылау шамы қосылса / ескерту хабарламасы пайда болса

E00607302612


Егер тек ABS бақылау шамы ғана қосылып тұрса / ABS ақаулығы туралы ескерту хабарламасы пайда болса

Шұғыл тежелуден және жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Қозғалтқышты өшіріңіз, оны қайтадан оталдырыңыз және қозғалысты бастағаннан кейін бірнеше минут өткенде шамның сенуін не сөнбеуін тексеріңіз. Егер ол өшсе, ақаулықтың жоқ екенін білдіреді.

Алайда шам өшпесе немесе қозғалыс кезінде қайтадан қосылса, тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Егер ABS пен тежеу жүйесінің бақылау шамдары бір мезгілде қосылып тұрса / ABS және тежеу жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламалары пайда болса

Бақылау шамы



Ескерту хабарламасы



ABS және тежеу күшін үлестіру жүйесі ақаулы, сондықтан шұғыл тежелу автокөліктің бағыт тұрақтылығын жоғалтуына алып келуі мүмкін. Шұғыл тежелуден және жоғары жылдамдықпен жүруден сақтаныңыз. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- ABS және тежеу жүйесінің бақылау шамдары бірге қосылады, осы кезде көпфункционалы дисплейде кезек-кезек ескерту хабарламалары көрсетіледі.

Қар немесе мұз басқан жолмен жүргеннен кейін

E00618800150

Қар немесе мұз басқан жолмен жүргеннен кейін дөңгелек аркаларына жиналған қарды және мұзды кетіріңіз. Осы орайда ABS жүйесімен жабдықталған автокөліктің әрбір дөңгелегінде болатын дөңгелектің айналу жиілігінің датчиктерін (A) және сымдарды зақымдап алмау үшін абай болыңыз.



AG0022804

6

Рульдің электр күшейткіші (EPS)

E00629201542

Руль күшейткішін тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана қолдануға болады. Ол рульді бұруға қажет болатын күшті азайтады. Күшейткіші бар рульді басқару күшейткіш істен шыққан жағдайда қарапайым механикалық құрылғы секілді жұмыс істейді. Егер қандай да бір себеппен руль күшейткіші жұмыс істемей қалса, автокөлікті басқару мүмкіндігін сақтап қаласыз. Күшейткіш жұмыс істемей тұрса, бұны ұлғайған кедергі күші және рульдің еркін жүрісі бойынша сезесіз. Бұл жағдайда автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышты автокөліктің қозғалысы кезінде өшіруге тыйым салынады. Қозғалтқышты тоқтатқаннан кейін рульді бұру өте қиындайды, бұл жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Рульді оңға және солға тірелгенше жиі бұрған кезде (мысалы, тұрақ орнында маневр жасаған кезде) руль күшейткішінің қызып кетуінің алдын алатын қорғаныс функциясы іске қосылуы мүмкін. Бұл функция қосылғаннан кейін рульді бұру біртіндеп қиындай береді. Бұл жағдайда біршама уақыт бойы рульді тым жиі бұруды тоқтата тұрыңыз. Салқындағаннан кейін жүйе қайтадан қалыпты режимде жұмыс істейді.
- Фаралары қосулы қозғалысыз тұрған автокөліктің рулін бұрған кезде фаралардың жарығы көмескіленуі мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Фаралар жарығының қалыпты айқындығы аз уақыт өткеннен кейін қалпына келеді.

Рульдің электр күшейткішінің ескерту хабарламасы



Жүйеде ақаулық болған жағдайда көпфункционалы дисплейде ескерту хабарламасы көрсетіледі.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса, автокөлікті тексерту үшін мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет. Рульді бұру қиындауы мүмкін.

Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC)*

E00616700331

Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі автокөліктің бағыт тұрақтылығын және дөңгелектердің жолмен ілінісуін қолдай отырып, тежегішті блоктау жүйесін, бос айналудан сақтау жүйесін және бағыт тұрақтылығы жүйесін басқарады. Осы бөлімді оқи отырып тежегішті блоктау жүйесіне, динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесіне және бос айналудан сақтау жүйесіне арналған бөлімдердегі мәліметтерді де ескеріңіз:

Тежегішті блоктау жүйесі (ABS) → 6-31-бет.

Бос айналудан сақтау жүйесі → 6-35-бет.

Бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі → 6-35-бет.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- ASC жүйесінің мүмкіндіктерін асыра бағаламаңыз. ASC қозғалып келе жатқан автокөлік бағынатын физика заңдарының шегінен асып кете алмайтынын ескеру қажет. Бұл жүйенің де, қалған барлық жүйелердің де әрекетінің белгілі бір шектеуі бар және кез келген жағдайда бірдей дөңгелектердің жолмен ілінісуін және автокөліктің бағыт тұрақтылығын сақтауын қамтамасыз ете алмайды. Көлік жүргізу кезіндегі абайсыздық апатқа алып келуі мүмкін. Автокөлікті сақтықпен және зейін салып жүргізу жүргізушінің міндеттеріне жатады. Бұл оның автокөлік қозғалысының қарбаластығын, жол және ауа райы жағдайларын бағалауы тиіс екенін білдіреді.
- Міндетті түрде барлық 4 дөңгелекке типі мен өлшемдері бірдей шиналар орнатыңыз. Олай істемеген жағдайда ASC жүйесінде шалыс істеулер байқалуы мүмкін.
- Автокөлікке басқа өндірушілердің өздігінен блокталатын дифференциалдарын орнатуға тыйым салынады. Оларды орнатқан жағдайда ASC жүйесінде шалыс істеулер байқалуы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Төменде келтірілген жағдайларда мотор бөлімінен электр қозғалтқыштың дыбысы естілуі мүмкін. Ол ASC жүйесінің өзін-өзі тексеруі кезінде пайда болады. Осы сәтте тежегіш педалінің бүлкілдеп тұрғаны және басуға қарсы кедергісінің пайда болуы сезілуі мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде қозғалыс қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден басталған болса.

ЕСКЕРТПЕ

- ASC жүйесі іске қосылған жағдайда шанақтың дірілі сезілуі немесе мотор бөлімінен өткір дауыс естілуі мүмкін. Бұл жүйенің қалыпты жұмысын білдіреді және ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Егер ABS жүйесінің бақылау шамы қосылса, бұл ASC жүйесінің жұмыс істемей тұрғанын білдіреді.

Бос айналудан сақтау жүйесі

E00619000087

Бос айналудан сақтау жүйесі сырғанақ жолда орыннан қозғалуға көмектесе отырып, дөңгелектердің бос тайғанауын болдырмайды. Ол сондай-ақ акселератор педалін басқан кезде жеткілікті тарту күшін және автокөліктің басқарылуын қамтамасыз етеді.

САҚТАНДЫРУ

- Қар немесе мұз басқан жолдармен жүрген кезде міндетті түрде қысқы шиналар орнатып алыңыз және автокөлікті орташа жылдамдықпен жүргізіңіз.

Бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі

E00619100017

Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC) сырғанақ жолда және шұғыл маневрлер жасаған кезде автокөліктің басқарылу мүмкіндігін сақтауға арналған. Ол қозғалтқыштың айналдыру моментін реттейді және әрбір дөңгелектегі тежеу механизмдерінің жұмысын жеке басқарады.



ЕСКЕРТПЕ


- Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі автокөлік жылдамдығы 15 км/сағ шамасынан асқан кезде жұмыс істей бастайды.

ASC OFF ажыратқышы

E00619201956

Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC) оталдыру жүйесін қосқанда (ON) немесе ON жұмыс режимін қосқанда автоматты түрде қосылады. Бұл жүйені ASC OFF ажыратқышын кемінде 3 секунд бойы басып тұру арқылы өшіруге болады.

ASC жүйесі өшкен кезде  индикаторы қосылады. Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесін қайтадан қосу үшін ASC OFF ажыратқышын тағы бір рет басыңыз.  индикаторы өшеді.



AFA118770

САҚТАНДЫРУ

- Қауіпсіздік мақсатында ASC OFF ажыратқышын тек тоқтап тұрған автокөлікте қолдану қажет.
- Қалыпты жағдайда қозғалған кезде ASC жүйесі қосулы тұруы керек.

ЕСКЕРТПЕ

- Балшықпен, құммен немесе борпылдақ қардың үстімен жүрген кезде акселератор педалін басқанда қозғалтқыштың айналымдары ұлғаймауы мүмкін. Мұндай жағдайда ASC жүйесі ASC OFF ажыратқышының көмегімен уақытша өшіріп қою қиын жол телімдерінен өтуді жеңілдетеді алады.
- ASC OFF ажыратқышын басқан кезде динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі де, бос айналудан сақтау жүйесі де өшеді.
- Егер ASC жүйесін өшіргеннен кейін ASC OFF ажыратқышын басуды жалғастырсаңыз, жаңылысып басудан қорғау функциясы іске қосылады және ASC жүйесі қайтадан қосылады.

ASC жүйесі күйінің индикациясы терезесі немесе ASC OFF ескерту хабарламасы

E00619302013






— ASC жүйесі күйінің индикациясы терезесі / ASC бақылау шамы
Индикация терезесі / бақылау шамы
ASC жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде жыпылықтайды.




— ASC OFF индикаторы

Бұл индикатор динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесін ASC OFF ажыратқышының көмегімен өшірген жағдайда қосылады.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер  индикация терезесі / бақылау шамы жыпылықтап тұрса, бұл ASC жүйесінің қосылғанын білдіреді, өз кезегінде бұл жолдың сырғанақ екенін және автокөлік дөңгелектерінің бос тайғанап бастағанын көрсетеді. Мұндай жағдайда акселератор педалін жіберіп, жылдамдықты төмендету қажет.
- Сырғанақ жолда тежегіштерді ұзақ уақыт қосудың нәтижесінде тежеу жүйесіндегі температура көтеріледі, дисплейде  индикаторы жыпылықтай бастайды. Тежеу жүйесінің қызып кетуін болдырмау үшін бос айнарудан сақтау жүйесінің жұмысы уақытша тоқтатылады. Қозғалтқышты басқару және тежеу жүйесі кәдімгі режимде жұмыс істеуін жалғастырады. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Тежеу механизмдері суыған кезде  индикаторы өшеді, ал бос айнарудан сақтау жүйесі жұмысын қайта жалғастырады.

📖 ЕСКЕРТПЕ

-  индикаторы қозғалтқышты оталдыру кезінде дисплейде пайда болуы мүмкін. Бұл қозғалтқышты оталдыру сәтінде аккумулятор батареясы кернеуінің аз уақытқа төмендеуін білдіреді. Егер индикация терезесі қозғалтқышты оталдырғаннан кейін бірден өшетін болса, бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікке шағын қосалқы дөңгелек орнатқаннан кейін оның ілінісу коэффициенті қалған шиналармен салыстырғанда төменірек болуы мүмкін, мұның салдарынан дисплейде  индикация терезесі / бақылау шамы жыпылықтай бастауы мүмкін.

ASC жүйесінің ақаулығы туралы ескерту хабарламасы

E00619402043

Егер жүйеде ақаулық пайда болса, дисплейде келесі индикаторлар мен ескерту хабарламалары қосылады:



— ASC индикаторы



— ASC OFF индикаторы

Ескерту хабарламасы



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Жүйеде ақаулық болуы мүмкін. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Қозғалтқышты қайта оталдырыңыз және ескерту хабарламасы мен индикатордың өшкен-өшпегенін тексеріңіз. Егер ескерту хабарламасы мен бақылау шамы көрсетілмей тұрса, ақаулық жоқ. Егер ескерту хабарламасы мен бақылау шамы өшпесе немесе жиі пайда болатын болса, онда қозғалысты жалғастыруға болады, алайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Сүйреу

E00624400050

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер автокөлікті сүйреу кезінде тек алдыңғы немесе тек артқы дөңгелектері көтеріп асылған болса, оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне ауыстыруға және ON жұмыс режимін қосуға тыйым салынады. Оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда ASC жүйесі іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді. Дұрыс сүйреу тәсілі автокөліктің жетегі мен беріліс қорабының түріне байланысты екенін ескеру қажет. Толығырақ ақпарат алу үшін «Сүйреу» бөлімін қараңыз, 8-19-бет.

Круиз-контроль*

E00609101138


Круиз-контроль — бұл берілген жылдамдықты автоматты түрде қолдап ұстау жүйесі. Круиз-контрольды шамамен 40 км/сағ және одан жоғары жылдамдықта пайдалануға болады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Егер тұрақты жылдамдықпен жүру қажет болмаса, қауіпсіздік мақсатында круиз-контрольды өшіріп қойыңыз.
- Қозғалыс жағдайлары тұрақты жылдамдықты ұстап отыруға мүмкіндік бермейтін болса, мысалы, тығыз көлік легінде, ирелең, мұз басқан, қар басқан, ылғал немесе сырғанақ жолдарда, сондай-ақ тік ылдиларда круиз-контрольды пайдаланбауға кеңес беріледі.
- Механикалық беріліс қорабы бар автокөліктерде берілген жылдамдықпен қозғалу кезінде ілінісу педалін басаптан бейтарап берілісті (N күйі) қоспаңыз. Қозғалтқыш айналымдары ұлғайып кетеді және қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Круиз-контроль өрге көтерілгенде немесе ылдига түскенде тұрақты жылдамдықты сақтап отыра алмауы мүмкін.
- Тік өрге көтерілгенде қозғалыс жылдамдығы төмендеуі мүмкін. Берілген жылдамдықты қолдап ұстау үшін акселератор педалін басуға болады.
- Тік ылдидан түскен кезде жылдамдық берілген мәннен асып кетуі мүмкін. Жылдамдықты реттеу үшін тежегіш педалін басып отыру қажет болуы мүмкін. Мұның нәтижесінде круиз-контроль жүйесі өшеді.

Круиз-контрольды басқару түймелері

AA0110608

A — круиз-контрольды қосу және өшіру түймесі

Круиз-контрольды қосу және өшіру үшін қолданылады.

B — SET – түймесі

Берілген жылдамдық мәнін азайту, сондай-ақ тұрақты қозғалыс жылдамдығын белгілеу үшін қолданылады.

C — RES + түймесі

Берілген жылдамдық мәнін көбейту, сондай-ақ қозғалыс жылдамдығының бастапқы мәніне қайтып оралу үшін қолданылады.

D — CANCEL түймесі

Тұрақты жылдамдықпен жүру режимін өшіру үшін қолданылады.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Круиз-контроль түймелерін пайдаланған кезде қателеспеуге тырысыңыз. Екі не одан көп түймені бірге басқан кезде круиз-контроль жүйесі автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.

Круиз-контрольды қосу


E00609302821

1. Оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрған кезде круиз-контрольды қосу үшін круиз-контрольды қосу және өшіру түймесін (A) басыңыз. Осы кезде аспаптар тақтасындағы CRUISE бақылау шамы қосылады.



AF3001362

2. Қажетті жылдамдықпен қозғалып келе жатып CRUISE бақылау шамы қосулы тұрғанда SET – түймесін (B) басыңыз. Автокөлік берілген жылдамдықпен қозғалатын болады.



ЕСКЕРТПЕ

- Тұрақты қозғалыс жылдамдығы SET – түймесін жіберген сәтте беріледі.

Берілген қозғалыс жылдамдығын арттыру


E00609400697

Қозғалыс жылдамдығын екі түрлі тәсілмен арттыруға болады.

RES + түймесін басу арқылы

Берілген жылдамдықпен қозғалып келе жатып RES + түймесін (C) басып тұрыңыз; қозғалыс жылдамдығы біртіндеп ұлғаяды.

Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде түймені жіберіңіз. Жадқа жаңа қозғалыс жылдамдығы енгізіледі.




Жылдамдықты сәл көбейту үшін RES + басыңыз және 1 секундқа жетпейтін уақыт ішінде жіберіңіз.

RES + түймесін әрбір басқан сайын жылдамдық шамамен 1,6 км/сағ мәніне көбейіп отырады.

Акселератор педалінің көмегімен

Берілген жылдамдықпен қозғалып келе жатып акселератор педалін басыңыз және қозғалыс жылдамдығын қажетті мәнге дейін арттырыңыз; содан кейін жүйенің жадына жаңа жылдамдық мәнін енгізу үшін SET – түймесін (B) басып қалыңыз.



Берілген қозғалыс жылдамдығын азайту


E00609500614

Қозғалыс жылдамдығын екі түрлі тәсілмен азайтуға болады.

SET – түймесін басу арқылы

Берілген жылдамдықпен қозғалып келе жатып SET – түймесін (B) басып тұрыңыз; қозғалыс жылдамдығы біртіндеп азаяды.

Қажетті жылдамдыққа жеткен кезде түймені жіберіңіз. Жадқа жаңа қозғалыс жылдамдығы енгізіледі.



Жылдамдықты уақытша ұлғайту немесе азайту

E00609600211

Жылдамдықты уақытша ұлғайту



Қалыпты режимдегі сияқты акселератор педалін басыңыз. Акселератор педалін жібергеннен кейін қозғалыс жылдамдығы бұған дейін белгіленген деңгейге қайтып оралады.

Жылдамдықты сәл азайту үшін SET – басыңыз және 1 секундқа жетпейтін уақыт ішінде жіберіңіз.

SET – түймесін әрбір басқан сайын жылдамдық шамамен 1,6 км/сағ мәніне азайып отырады.


Тежегіш педалінің көмегімен

Берілген жылдамдықпен жүріп келе жатып тежегіш педалін басыңыз да (осы кезде круз-контроль өшеді), жылдамдықты қажетті мәнге дейін азайтыңыз және SET – түймесінің (B) көмегімен жаңа берілген жылдамдықты белгілеңіз.



Жылдамдықты уақытша азайту

Жылдамдықты азайту үшін тежегіш педалін басыңыз. Бұған дейінгі қозғалыс жылдамдығына қайтып оралу үшін RES + түймесін (C) басыңыз. «Берілген қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіру» бөлімін қараңыз, 6-40-бет.



6

Круз-контрольды өшіру

E00609702926


Круз-контрольды келесі жолмен өшіруге болады:

- Круз-контрольды қосу және өшіру түймесін (A) басыңыз (круз-контроль өшеді).
- CANCEL түймесін (D) басыңыз.
- Тежегіш педалін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір жағдайларда круз-контроль өшіп қалуы мүмкін. Егер бұл жағдай орын алса, «Круз-контрольды қосу» бөлімін (6-37-бет) қараңыз және жылдамдықты белгілеу рәсімін қайталаңыз.



Круз-контроль келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:

- Ілінісу педалін басқан кезде (М/Т бар автокөліктерде).
- Өрге көтерілген кезде және т.с.с. жағдайларда жылдамдық белгіленген мәннен 15 км/сағ шамасынан көп төмендегенде.
- 40 км/сағ шамасынан төмен қозғалыс жылдамдығында.
- Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC) (бар болса) қосылғанда. «Динамикалық бағыт тұрақтылығын сақтау жүйесі (ASC)» бөлімін қараңыз, 6-34-бет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- CVT-мен жабдықталған автокөліктерде круз-контроль селектор тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырған кезде өшетініне қарамастан, қозғалыс кезінде селектор тұтқасын бұл күйге ауыстыруға тыйым салынады. Бұл кезде қозғалтқышпен тежелу мүмкін емес болады және бұл ауыр апатқа алып келуі мүмкін.

Сонымен бірге круз-контроль келесі жағдайда өшеді:

- Егер қозғалтқыштың айналымдары тахометр көрсеткісі шкаланың қызыл аймағына өтіп кететіндей дәрежеде ұлғайса.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер круз-контроль жоғарыда сипатталғандардан өзге жағдайларда автоматты түрде өшетін болса, жүйеде ақаулық туындаған болуы мүмкін. Круз-контрольды круз-контрольды қосу және өшіру түймесінің көмегімен өшіріңіз, содан кейін автокөлікті тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Берілген қозғалыс жылдамдығын қалпына келтіру

E00609800675

Егер круз-контроль «Круз-контрольды өшіру» бөлімінде (6-39-бет) сипатталған тәсілдердің бірімен өшірілген болса, берілген қозғалыс жылдамдығын 40 км/сағ шамасынан төмен емес жылдамдықпен жүріп келе жатып RES+ түймесін (C) басу арқылы қалпына келтіруге болады.



Алайда төмендегі шарттардың бірі орындалған жағдайда берілген қозғалыс жылдамдығын осы түйменің көмегімен қалпына келтіру мүмкін болмайды. Келесі жағдайларда жаңа жылдамдықты енгізу қажет болады:

- Круз-контрольды қосу және өшіру түймесі басылған.
- Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер Оталдыру жүйесіндегі кілт LOCK не ACC күйіне қойылған. Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер OFF немесе ACC жұмыс режимі қосұлы.
- CRUISE бақылау шамы өшкен.

Артқы көрініс бейнекамерасы *

E00618402844

Артқы көрініс бейнекамерасы автокөліктің артында орналасқан аймақтың кескінін Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесі дисплейіне немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің навигация жүйесі дисплейіне береді.

⚠ САҚТАНДЫРУ


- Артқы көрініс бейнекамерасы жүргізушіге автокөліктің артындағы кедергілерді анықтауға мүмкіндік беретін көмекші жүйе болып табылады. Бейнекамераның бақылау қашықтығы шектеулі, сондықтан оған шектен тыс иек артпаған жөн. Автокөлікті артқы көрініс бейнекамерасымен жабдықталмаған жағдайдағыдай сақтықпен басқару қажет.
- Автокөлік айналасындағы аймақты қарап отырыңыз. Тек артқы көрініс бейнекамерасына ғана сеніп қалмаңыз.

Артқы көрініс бейнекамерасының шолу диапазоны

Артқы көрініс бейнекамерасының шолу диапазоны суретте көрсетілген аймақтармен шектелген. Бейнекамера автокөліктің екі қапталындағы аймақты, бампердің астыңғы бөлігін және т. с. с. көрсетпейді. Артқы жүріспен қозғалу кезінде жағдайды сондай-ақ көзбен бақылаңыз.


Артқы көрініс бейнекамерасының орналасуы

Артқы көрініс бейнекамерасы (А) жүксалғыш есігіне есіктің тұтқасының жанына кіріктірілген.




AFA128614

Артқы көрініс бейнекамерасының шолу диапазоны



AG0022891



AFA128744

6

Артқы көрініс бейнекамерасын пайдалану жолы

Егер оталдыру жүйесі қосулы немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда берілістерді ауыстыру тұтқасы немесе селектор тұтқасы артқа жүру берілісінің күйіне (R күйі) қойылса, автокөліктің артындағы аймақ автоматты түрде Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесіндегі навигация жүйесінің дисплейінде көрсетіледі. Егер берілістерді ауыстыру тұтқасын немесе селектор тұтқасын кез келген басқа күйге ауыстырсаңыз, дисплей ақпарат көрсетудің әдеттегі режиміне қайтып оралады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Артқы көрініс бейнекамерасының объективінде ерекше линза бар, осы линзаға байланысты экрандағы объектілер шын мәніндегіден алысырақ немесе жақынырақ болып көрінуі мүмкін.


ЕСКЕРТПЕ

- Бейнекамера объективінде ерекше линза болғандықтан тұрақ орнындағы белгі сызықтары мен дисплейдегі белгі сызықтары параллель емес сияқты көрінуі мүмкін.
- Келесі жағдайларда дисплейдегі кескінді ажырату қиын болуы мүмкін (бұл бейнекамераның дұрыс жұмыс істемейтінінің белгісі емес):
 - Нашар жарықтандырылу (түнгі уақыт).
 - Күн сәулесі немесе автокөлік фараларының жарығы тікелей бейнекамера объективіне түсіп тұр.
- Егер қызып тұрған бейнекамера жанбырдың астында немесе көлік жуу орнында сумен салқындатылатын болса, объектив линзасы булануы мүмкін. Бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды.
- Ластанған объектив арқылы заттар толық көрінбейді. Объективке су тамшылары, қар, балшық немесе май тиген жағдайда линзаның бетін сызып алмауға тырысып, сүртiп алыңыз.
- Төмендегі сақтық шараларын сақтаңыз, олай етпеген жағдайда камера істен шығуы мүмкін:
 - Камераға соққы тигізбеніз.
 - Камераға балауызы бар қоспаларды жақпаңыз.
 - Бейнекамераға атқылаған ыстық су ағынын бағыттамаңыз.
 - Бейнекамераны бөлшектемеңіз.

Бейнекамерадан келіп түскен кескіннің үстіне қойылатын сызықтар

Бейнекамерадан келіп түскен кескіннің үстіне қойылатын сызықтар және артқы бампердің үстіңгі жағы (A) дисплейде көрсетіледі.

- Қызыл сызық (B) шамамен автокөлік бамперінің артында 50 см қашықтықта орналасады.
- Екі жасыл сызық (C) автокөліктің екі қапталында шамамен 20 см қашықтықта орналасады.
- Қысқа көлденең сызықтар (1–3) артқы бамперге дейінгі қашықтықты көрсетеді.




- 1 — артқы бампердің артқы жиегінің аймағында (бар болса)
 2 — шамамен 100 см
 3 — шамамен 200 см

ЕСКЕРТПЕ

- Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің навигация жүйесімен жабдықталған автокөліктерде дисплейдегі хабарламалар тілін өзгертуге болады. Толығырақ ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер автокөлік жолаушылардың немесе жүктің біркелкі емес орналасуына байланысты немесе еніс жолда бір жағына қарай ауып тұрса, артқы көрініс бейнекамерасы кескінінің үстіне қойылатын сызықтар нақты қашықтыққа тура сәйкес келмеуі мүмкін. Қашықтықты және автокөліктің енін көрсету үшін кескінінің үстіне қойылатын сызықтар дәл көрсетеді. Келесі жағдайларда дисплейде көрсетілетін объектілер шын мәніндегіден алысырақ болып көрінуі мүмкін:
 - Автокөліктің артқы бөлігі автокөлікте жолаушылардың немесе жүктің болуына байланысты қатты төмен түсіп тұрса.



A — объектілердің шынайы орналасуы

B — экранда көрсетілетін объектілер

- Автокөлік артында өр болған жағдайда.




A — объектілердің шынайы орналасуы

📖 ЕСКЕРТПЕ

В — экранда көрсетілетін объектілер

- Қашықтықты және автокөліктің енін көрсету үшін кескіннің үстіне қойылатын сызықтар тек тегіс көлденең бетте ғана қашықтықты дәл көрсетеді деп қарастырылады. Мұның нәтижесінде экранда проекцияланатын объектіге дейінгі көрсетіліп тұрған қашықтық пен бұл объектіге дейінгі шынайы қашықтық арасында айырмашылық болуы мүмкін. Оларды кедергілерге дейінгі қашықтықты бағалау үшін бағдар ретінде қолданбаңыз.

Мысал: экранда С және А нүктелеріне қарағанда В нүктесі автокөлікке жақынырақ болып көрсетіледі. Шын мәнінде А және В нүктелері автокөліктен бірдей қашықтықта, ал С нүктесі А және В нүктелерінен алысырақ орналасқан.



AFZ101177

Жүктерді тасымалдау

E00609902973

Жүктерді тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Жүкті (жолжүкті) орындық аркалығының деңгейінен биігірек етіп орналастыруға тыйым салынады. Автокөлік жүрген кезде орнынан жылжып кетпеуі үшін жүкті сенімді етіп бекітіңіз. Артқы жақтың көрінісіне кедергі жасау немесе шұғыл тежелген кезде жүктің салон ішіне қарай ығысып кетуі күрделі апараттарға және ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Ауыр жүкті (жолжүкті) автокөліктің алдыңғы бөлігіне орналастырған жөн. Автокөліктің артқы бөлігінде ауыр жүк болған жағдайда басқару мүмкіндігі нашарлауы мүмкін.

Жүктерді жоғарғы жүксалғышта тасымалдау

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікке орнатуға сәйкес келетін жоғарғы жүксалғышты қолданыңыз. Автокөліктің төбесінің өзіне жүк салып тасымалдамаңыз. Жоғарғы жүксалғышты орнатқан кезде өндірушінің нұсқаулығын сақтаңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Жоғарғы жүксалғышты орнатқан және шешіп алған кезде, сондай-ақ жүкті тиеген және түсірген кезде қандай да бір нүктеге шектен тыс салмақ түсірмеңіз. Күштің түсірілу сипаты мен орнына байланысты бұл автокөлік төбесінде майысқан жерлердің пайда болуына алып келуі мүмкін.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- MITSUBISHI түпнұсқа жоғарғы жүксалғышын пайдалануға кенес беріледі, оның кронштейндерінің арнайы пішіні болады. Тольғырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Жоғарғы жүксалғышты орнатуға арналған кронштейндер *


1-түр

Жоғарғы жүксалғышты орнату үшін кронштейндерді (А) пайдаланыңыз. Кронштейндер (А) әрбір қақпақтың (В) астында орналасқан.



■ Жоғарғы жүксалғышты бекіту


Қақпақтарды (B) шешіп алу үшін оларды автокөліктің алдына қаратып ысырыңыз.



■ Қақпақтарды орнату


1. Өрбір қақпақтың ілмегін (C) төбедегі тиісті саңылауларға (D) орнатыңыз.

2. Қақпақтарды (B) орнату үшін оларды автокөліктің артына қаратып ысырыңыз.



2-түр

Жоғарғы жүксалғышты орнату үшін кронштейндерді (A) пайдаланыңыз. Кронштейндер (A) төбе ойғығының әрбір молдингінің (B) астында орналасқан.



Жүкті жоғарғы жүксалғышта тасымалдау кезіндегі сақтық шаралары

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Жүк салмағының төбеге түсірілетін рұқсат етілген жүктемеден аспайтынына көз жеткізіңіз. Төбеге түсірілетін рұқсат етілген жүктемеден асыру автокөлікті зақымдауы мүмкін. Төбеге түсірілетін жүктеме — бұл төбедегі жүктің максималды рұқсат етілген салмағы (жүксалғыш салмағы мен оның үстіндегі жүктің салмағы). Жүктеме бойынша деректер «Төбеде тасымалданатын жүктің максималды салмағы» жолында келтірілген, 11-6-бет.
- Жүкті автокөліктің төбесіне салып тасымалдаған кезде төмен жылдамдықпен қозғалыңыз және шұғыл тежелу және бұрылу секілді шұғыл маневрлер жасаудан сақтаныңыз. Сонымен бірге жүкті жүксалғышқа біркелкі орналасағындай етіп тиеу қажет. Ең ауыр заттарды астына орналастыру қажет. Ені жүксалғыштың енінен асатын заттарды тасымалдауға тыйым салынады. Төбедегі қосымша жүк автокөліктің ауырлық орталығының биіктігін арттырады және оның басқарылуына әсер етеді. Басқарудағы қателіктер және шұғыл маневрлер басқару мүмкіндігін жоғалтуға және жол-көлік оқиғасына алып келуі мүмкін.
- Жүрісті бастар алдында, сондай-ақ шағын қашықтықты жүріп өткеннен кейін жүктің жүксалғышқа сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Жол жүру кезінде мезгіл-мезгілімен жүктің сенімді бекітілуін тексеріп отырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жоғарғы жүксалғыш қолданылмайтын болса, оны шешіп қойыңыз. Бұл аэродинамикалық шуды тьяды және отын шығынын азайтады.
- Автоматты жуу алаңына кірер алдында міндетті түрде жүксалғышты шешіп алыңыз.
- Жүксалғышты төбеге орнатқан кезде жүксалғыш есігін көтеріп ашуға жеткілікті орынның қалғанына көз жеткізіңіз.

Тіркеме сүйреу

E00610002105

Тіркеме сүйреу үшін автокөлікке автокөлік пайдаланылатын елде қолданылатын стандарттарға сай сүйреу құрылғысын орнату қажет. Қажет болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан кеңес алыңыз. Өртүрлі елдердегі тіркеме сүйреу ережелері әртүрлі болуы мүмкін. Жергілікті заңнама нормалары мен ережелерін сақтау қажет.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Қауіпті! Жол-көлік оқиғасының орын алу қаупі бар!
Сүйреу құрылғысын MITSUBISHI MOTORS нұсқауларына сәйкес орнату қажет.



Тежегіштермен жабдықталған тіркemeniң рұқсат етілген максималды салмағы және ілінісу құрылғысына түсірілетін максималды жүктеме

Техникалық сипаттамаларда көрсетілген тежегіштермен жабдықталған тіркemeniң рұқсат етілген максималды салмағынан және ілінісу құрылғысына түсірілетін максималды жүктемеден асыруға тыйым салынады (11-5-бетті қараңыз).

Теңіз деңгейінен 1000 м жоғары биіктікте тіркеме сүйреген кезде автопойыздың толық салмағын теңіз деңгейінен көтерілген әрбір 1000 м үшін 10 %-ға кемітіп отыру қажет, себебі атмосфералық қысымның төмендеуіне байланысты козғалқыштың қуаты төмендейді.

Сүйреу құрылғысын Жер орнату

Автокөліктегі сүйреу құрылғысын бекіту нүктелерінің координаталары (А) келесі кестеде келтірілген.



1	838,5 мм
2	461 мм
3	68,5 мм
4	77 мм
5	310 мм
6	13,5 мм
7	66,5 мм
8	50 мм
9	48 мм
10	468–480 мм (жаракталған күйде)
	382–398 мм (жүгімен)
11	447 мм
12	487 мм
13	495 мм
14	525,5 мм

ЕСКЕРТПЕ

- Жүктің немесе жолжүктің салмағына байланысты 12-тармақтың мәндері өзгеруі мүмкін.

Жүргізу ерекшеліктері

- Ілінісудің бос айналуын болдырмау үшін (М/Т бар автокөліктерде) қозғалтқыш айналымдарын орыннан қозғалу үшін қажетті шамадан артық көтермеңіз.
- Тіркеме сүйреу кезіндегі қозғалыс жылдамдығы 100 км/сағ шамасынан аспауы тиіс. Егер жергілікті ережелерде тіркемемен жүру жылдамдығы 100 км/сағ шамасынан төмен мәнмен шектелген болса, осы талапты сақтау қажет.
- Тежелу кезіндегі жұлқудан сақтану үшін алдымен тежегіш педалін сәл, содан кейін қаттырақ басыңыз.
- Қозғалтқышпен барынша тиімді тежелу үшін ылдифа қарай қозғалар кезде төменірек беріліске ауыстырып қосыңыз.


CVT бар автокөліктермен жүрген кездегі қосымша сақтық шаралары

Еңіс беткейлерде немесе төмен жылдамдықтармен жүрген кезде селектор тұтқасын D күйіне қоюға кеңес беріледі. Тау жолдарында қозғалған кезде қозғалтқышпен тиімді тежелу және жұмыстық тежеу жүйесінің жүктемесін ішінара азайту үшін берілістерді қолмен ауыстырып қосу режимін қолданыңыз. Қозғалыс жылдамдығы таңдалған беріліс үшін шекті мәннен аспауы тиіс.

Қызып кету

Әдетте қызып кету механикалық бөліктің ақаулығымен байланысты болады. Бұл жағдайда автокөлікті тоқтату және салқындату жүйесі сорғысының / генератордың жетек белбеуінің бүтіндігін және керілуін тексеру, радиатордың ауа қармауышының бітеліп қалмауын, сондай-ақ салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру қажет. Егер тексерулер барысында қызып кетудің себебі анықталмаса, ол механикалық бөліктің ақаулығымен байланысты болуы мүмкін, оны анықтау үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.

САҚТАНДЫРУ

- Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда белгілі бір шараны қолданбастан бұрын «Күрделі жағдайлардағы іс-әрекеттер» тарауындағы «Қозғалтқыштың қызып кетуі» бөлімімен танысып шығу қажет.
- Егер CVT бар автокөлікте  ескерту хабарламасы көрсетіліп тұрса, бұл CVT сатысыз вариаторындағы майдың қызып кеткенін білдіреді. Тиісті бөліммен танысыңыз және қажетті шараларды қолданыңыз. «CVT қорабында ақаулық пайда болған жағдайда» бөлімін қараңыз, 6-21-бет.


Салонда жайлы жағдайлар жасау

Желдету дефлекторлары	7-2
Кондиционер	7-4
Кондиционер жүйесін пайдалану ережелері	7-10
Ауа тазарту сүзгісі	7-11
Компакт-дискілер ойнатқышы бар LW/MW/FM диапазондарының радиоқабылдағышы *	7-11
Компакт-дискілермен жұмыс істеу ережелері	7-14
Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)	7-15
Пайдаланушыға арналған қауіпсіздік бойынша маңызды ақпарат	7-19
Аудиожүйені басқару құралдары	7-20
Радио тыңдау	7-23
DAVцифрлық радиохабар тарату *	7-24
Жол қозғалысы туралы хабарламалар	7-26
Компакт-дискілерді ойнату	7-26
MP3 форматындағы файлдарды ойнату	7-27
iPod ойнатқышындағы жазбаларды ойнату	7-29
USB-жинақтағыштағы жазбаларды тыңдау	7-31
iPod ойнатқышындағы / USB-жинақтағыштағы жазбаларды дауыспен басқару арқылы ойнату (Bluetooth® 2.0 жүйесімен жабдықталған автокөліктер үшін)	7-33
Жазбаларды Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғыдан ойнату *	7-36
Дисплейдегі индикация	7-38
Дыбыс сапасын, тенгерімді және дыбыс деңгейін реттеу	7-39
Жүйе баптаулары	7-40
Ақауларды іздеу және жою	7-44
Link System байланыс жүйесі *	7-46
Bluetooth® 2.0 жүйесі *	7-46
USB кіріс ағытпасы *	7-68
Күнқағарлар	7-70
Күлсауыт *	7-71
Шылымтұтатқыш *	7-71
Электр қуаты розеткасы *	7-72

USB зарядтау ағытпасы*	7-73
Салонды жарықтандыру шамдары	7-73
Ұсақ-түйек жәшіктері	7-77
Стакан қойғыш	7-79
Бөтелке қойғыш	7-80
Артқы сөре *	7-81
Көмекші тұтқалар	7-81
Киімге арналған ілмек	7-82
Жүк бекіту ілмектері	7-82

Желдету дефлекторлары

E00700102289



AG0023364

- 1 — орталық желдету дефлекторлары
2 — бүйірлік желдету дефлекторлары

ЕСКЕРТПЕ


- Аспаптар тақтасының үстінгі бетіне сусындары бар бөтелкелер мен стакандар қоймаңыз. Желдету дефлекторларына төгілген сусындар жүйені зақымдауы мүмкін.

Берілетін ауаның көлемі мен бағытын реттеу


E00700202639

Орталық желдету дефлекторлары

Ауа ағынының бағыты реттегішті (A) жылжыту арқылы реттеледі. Дефлекторды жабу үшін реттегішті (A) салон ішіне қарай бағыттап бұрыңыз.



AG0021113




AFA129709

- 1 — жабу
2 — ашу

Бүйірлік желдету дефлекторлары

Ауа ағынының бағыты реттегішті (A) жылжыту арқылы реттеледі. Дефлекторды жабу үшін реттегішті (A) салоннан сыртқа қарай бағыттап бұрыңыз.



AG0021126

- 1 — жабу
2 — ашу


ЕСКЕРТПЕ

- Кондиционері бар автокөліктерде желдету дефлекторлары арқылы берілетін салқын ауа тұман түрінде шығуы мүмкін. Бұл кондиционерде ылғал ауаның тез салқындалуы арқылы түсіндіріледі. Бірнеше секундтан кейін тұман тарап кетеді.
- Абай болыңыз, желдету дефлекторларына сусындар мен басқа да сұйықтықтар төгіп алмаңыз. Бұл кондиционердің жұмысының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы

E00726501910

Әртүрлі желдету дефлекторлары арқылы ауаның берілу бағыты мен қарқындылығы ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын бұру арқылы өзгертіледі.

**Ауаның салонның үстінгі жағына берілуі**

Ауа ағындары салонның үстінгі жағына ғана бағытталады.

Ауаның аяқтарға және салонның үстінгі жағына берілуі

Ауа ағындары салонның үстінгі жағына және аяқтарға бағытталады.

Ауаның аяқтарға берілуі

Ауа ағынының көп бөлігі аяқтарға бағытталады.

Ауаның аяқтарға берілуі және әйнектерге ауа үрлеуі

Ауа аяқтарға, алдыңғы әйнекке және алдыңғы есіктің әйнектеріне беріледі.

Әйнектерге ауа үрлеуі

Ауа ағынының көп бөлігі алдыңғы әйнек пен алдыңғы есіктердің әйнектеріне бағытталады.

САҚТАНДЫРУ

- Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы және күйлерінің арасында тұрса, тұманның түзілуін болдырмау үшін сыртқы ауаның берілуін таңдауға арналған ауа қармау режимінің түймесін басыңыз («Ауа қармау режимін таңдау түймесі» бөлімін қараңыз, 7-5-бет).

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы және күйлерінің арасында тұрса, ауаның көп бөлігі салонның үстінгі жағына беріледі. Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы және күйлерінің арасында тұрса, ауаның көп бөлігі аяқтарға беріледі.
- Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы күйінде тұрса, ауаның аз бөлігі алдыңғы әйнекке және алдыңғы есіктердің әйнектеріне беріледі.
- Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы және күйлерінің арасында тұрса, ауаның көп бөлігі аяқтарға беріледі. Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы және күйлерінің арасында тұрса, ауаның көп бөлігі алдыңғы әйнекке және алдыңғы есіктердің әйнектеріне беріледі.

Кондиционер

E00700501837


Кондиционерді тек қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда ғана қосуға болады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Кондиционерді қосқан кезде қозғалтқыштың бос жүріс айналымдары сәл көбейеді, кондиционер жүйесінің компрессоры автоматты түрде қосылады және өшеді. Бұл ретте CVT-мен жабдықталған автокөлік бір орында тұрса, автокөліктің кездейсоқ орнынан қозғалып кетуін болдырмау үшін тежегіш педалін тірелгенше басып тұру қажет.

Басқару панелі

E00700601968




- A — ауа температурасын реттеу тұтқасы
B — ауа қармау режимін таңдау түймесі

7-4 Салонда жайлы жағдайлар жасау

- C — желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегіші
D — кондиционер қосқышы
E — ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы
F — артқы әйнек жылытқышының қосқышы
→ 5-55-бет

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автоматты кондиционері бар автокөліктерде суретте көрсетілгендей салондағы ауа температурасының датчигі (G) бар. Температура датчигінің үстіне қандай да бір зат қоюға тыйым салынады: бұл оның жұмысының бұзылуына алып келеді.




AFZ101148

Желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегіші

E00700701389

Желдеткіштің айналу жылдамдығы реттегіш тұтқасын бұрау арқылы таңдалады. Тұтқаны сағат тілінің бағытында бұраған кезде желдеткіштің айналу жылдамдығы ұлғаяды, сағат тіліне қарсы бағытта бұраған кезде кемиді. Желдеткіштің айналу жылдамдығы ұлғайған жағдайда салонға келтірілетін ауаның көлемі артады.




AFA128786

Ауа температурасын реттеу тұтқасы

E00700901802

Температураны реттеу ауа температурасын реттеу тұтқасын бұрау жолымен жүзеге асырылады.



AFA129334

ЕСКЕРТПЕ

- Салқындату сұйықтығының төмен температурасы төмен болған жағдайда тіпті температура реттегішінің жылы ауа беру күйіне қойылғанына қарамастан жылытқыштан берілетін ауа да салқын немесе суық болады.
- Егер автоматты кондиционері бар автокөлікте автоматты режимде берілетін ауаның минималды немесе максималды температурасы белгіленетін болса, ауа қармау режимін және кондиционердің қосылуын/өшуін басқару төмендегідей жолмен жүзеге асырылатын болады:
 - Тез жылыту (максималды температура таңдалған жағдайда)
Ауа сырттан қармалады және кондициялау тоқтатылады.
 - Тез салқындату (минималды температура таңдалған жағдайда)
Ауа рециркуляциясыясы режимі қосылады, кондиционер жұмыс істейді.

Бұл жұмыс режимдері әдепкі бойынша белгіленген. Ауа қармау режимінің және кондиционердің жұмыс режимінің баптауларын өзгертуге болады; жұмыс істеу жағдайларына байланысты сыртқы ауаның берілуін автоматты түрде қосу және кондиционерді қосу тәртібін өзгертуге болады.

Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуыңызға болады.

«Кондиционердің жұмыс режимін баптау (автоматты кондиционері бар автокөліктер үшін)» бөлімін қараңыз, 7-7-бет.


«Ауа қармау режимін таңдау» бөлімін қараңыз, 7-6-бет.

Ауа қармау режимін таңдау түймесі

E00701301946

Ауа қармау режимі осы түймені басу арқылы өзгертіледі. Түймені әрбір басқан сайын дыбыс сигналы беріледі.

- Сыртқы ауаның берілуі: бақылау шамы (A) өшірулі.
Ауа салонға сырттан беріледі.
- Салондағы ауаның рециркуляциясы: бақылау шамы (A) қосылуы.
Ауа автокөлік салонының ішінде айналып тұрады.



САҚТАНДЫРУ

- Өдеттегі жағдайларда алдыңғы және бүйірлік өйнектердің булануын болдырмау және алдыңғы өйнектегі конденсатты немесе қырауды тез кетіру үшін ауаны сырттан қармау режимін қолдану қажет.
Егер салондағы ауаны тез салқындату қажет болса немесе сыртқы ауада шаң-тозаң немесе басқа да дастағыш заттар көп болса, рециркуляция режимін қосыңыз. Бұл ретте салонның желдетілуін қамтамасыз ету және өйнектердің булануын болдырмау үшін мезгіл-мезгілімен ауаны сырттан қармау режиміне ауыстырып отыру қажет.
- Ауа рециркуляциясы режимінде ұзақ уақыт жұмыс істеу жүргізушінің зейінінің нашарлауына, сондай-ақ өйнектердің буланып кетуіне алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қолмен басқарылатын кондиционері бар автокөлікте кондиционерді ауаны сырттан қармау режимі қосылу тұрған кезде қосатын болсаңыз, жүйе ауаны сырттан келтіруді жалғастыру немесе рециркуляцияға ауысу қажеттігін автоматты түрде анықтайды. Сыртқы ауа температурасы жоғары болған жағдайда жүйе рециркуляция режиміне көшеді. Бұл ретте ажыратқыш түймесіндегі бақылау шамы (A) қосылады (қолмен басқарылатын кондиционермен жабдықталған автокөліктерде рециркуляция режиміне ауысу салондағы ауаны тез салқындату үшін жүзеге асырылады). Ауаны сырттан қармау режиміне қайтып оралу үшін осы түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автоматты кондиционері бар автокөлікте кондиционер жұмысын қолмен реттегеннен кейін ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын немесе желдеткіштің айналу жиілігінің реттегішін AUTO күйіне қойсаңыз да ауа қармау режимін таңдау автоматты түрде жүзеге асырылады.
- Автоматты кондиционері бар автокөлікте салқындату сұйықтығының температурасы белгілі мөнге дейін көтерілген кезде автоматты түрде ауа рециркуляциясы режимі және бақылау шамы (A) қосылады. Бұл жағдайда кондиционер тіпті ауа қармау режимін таңдау түймесі басылған жағдайда да ауаны сырттан қармау режиміне ауыспайды.

Ауа қармау режимін таңдау


E00732501146

Баптауларды төмендегі жолмен өзгертуге болады:

- Автоматты реттеуді қосу:
 - Қолмен басқарылатын кондиционер: Жүйе жұмыс істеп тұрған кезде ауа қармау режимін таңдау түймесін басқару автоматты түрде жүзеге асырылады.
 - Автоматты кондиционер: Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын немесе желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегішін AUTO күйіне бұраған кезде де ауа қармау режимін таңдау автоматты түрде жүзеге асырылады.

- Автоматты реттеуді өшіру:
 - Қолмен басқарылатын кондиционер: Тіпті жүйе қосулы тұрған жағдайда да ауа қармау режимін таңдау түймесін автоматты түрде басқару мүмкін емес.
 - Автоматты кондиционер: Тіпті ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын немесе желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегішін AUTO күйіне бұраған кезде де ауа қармау режимін таңдау автоматты түрде жүзеге асырылмайды.
- Баптауларды өзгерту тәсілі: Ауа қармау режимін таңдау түймесін кемінде 10 секунд басып тұрыңыз. Баптаулар өзгертілгеннен кейін дыбыс сигналы беріледі және бақылау шамы жыпылықтайды.
 - Автоматты режим өшірілген кезде 3 дыбыс сигналы беріледі, бақылау шамы 3 рет жыпылықтайды.
 - Автоматты режим қосылған кезде 2 дыбыс сигналы беріледі, бақылау шамы 3 рет жыпылықтайды.


ЕСКЕРТПЕ

- Әдепкі бойынша орнату (зауыттық орнату) — «Ауа қармаудың автоматты режимі қосулы».
- Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын  күйіне бұраған кезде ауа қармаудың автоматты режимі өшіріліп тұрса да, әйнектердің буланып кетуін болдырмау үшін желдеткіш автоматты түрде сырттан ауа беруді бастайды.

Кондиционердің ажыратқышы (кондиционері бар автокөліктер үшін)

E00701502307

Кондиционерді қосу үшін кондиционер қосқышын басыңыз. Осы кезде бақылау шамы (A) қосылады. Қосқышқа әрбір басқан сайын дыбыс сигналы беріледі.



Кондиционерді өшіру үшін осы қосқышты тағы бір рет басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кондиционер жүйесінде ақаулық анықталған жағдайда кондиционердің бақылау шамы (A) жыпылықтай бастайды. Бұл жағдайда түймені басу арқылы кондиционерді өшіріңіз, содан кейін оны қайта қосыңыз. Егер осыдан кейін бақылау шамының жыпылықтауы токтаса, ақаулық жоқ. Егер шам қайтадан жыпылықтай бастаса, кондиционерді тексеруге кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір жағдайларда, мысалы, автокөлікті қысыммен атқылаған сумен жуғаннан кейін конденсаторға ылғал тиюі және бақылау шамы (А) жыпылықтап тұруы мүмкін. Бұл ақаулықтың көрінісі болып табылмайды. Біршама уақыт күтіңіз, түймені басы арқылы кондиционерді өшіріңіз, содан кейін оны қайта қосыңыз. Ылғал буланып кеткеннен кейін шамның жыпылықтауы тоқтайды.

Кондиционердің жұмыс режимін баптау (автоматты кондиционері бар автокөліктер үшін)


E00764700030

Баптауларды төмендегі жолмен өзгертуге болады:

- Автоматты реттеуді қосу:
Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын немесе желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегішін AUTO күйіне бұраған кезде немесе ауа температурасын реттеу тұтқасын максималды салқындату күйіне бұраған кезде кондиционердің жұмысы автоматты түрде реттеледі.
- Автоматты реттеуді өшіру:
Кондиционер қосқышын баспайынша автоматты реттеу жүзеге асырылмайды.
- Баптауларды өзгерту тәсілі
Кондиционер қосқышын кемінде 10 секунд басып тұрыңыз.
Баптаулар өзгертілгеннен кейін дыбыс сигналы беріледі және бақылау шамы жыпылықтайды.

- Автоматты режим өшірілген кезде 3 дыбыс сигналы беріледі, бақылау шамы 3 рет жыпылықтайды.
- Автоматты режим қосылған кезде 2 дыбыс сигналы беріледі, бақылау шамы 3 рет жыпылықтайды.


ЕСКЕРТПЕ


- Әдепкі бойынша орнату (зауыттық орнату) — «Кондиционер жұмысының автоматты режимі қосұлы».
- Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын  күйіне бұраған кезде кондиционер жұмысының автоматты режимі өшірілі тұрса да, әйнектердің буланып кетуін болдырмау үшін кондиционер жұмысының автоматты режимі қосылады.

Кондиционер жүйесін қолдану

E00701801710

Жылыту (қолмен басқарылатын кондиционері бар автокөліктер үшін)

Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын  күйіне, ал ауа қармау режимін таңдау түймесін (А) сырттан ауа беру күйіне қойыңыз. Температураны реттеу тұтқасын бұрау арқылы қажетті температураны белгілеңіз. Желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын таңдаңыз.




AG0005014

ЕСКЕРТПЕ

- Салонды тез жылыту үшін желдеткіштің айналу жылдамдығын реттегішін суретте көрсетілген күйге қойыңыз.


7



AG0005027

Салқындату (қолмен басқарылатын кондиционермен жабдықталған автокөліктер үшін)

E00701900684



AG0005030

1. Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын күйіне қойыңыз.
2. Ауа қармау режимін таңдау түймесін (А) сырттан ауа беру күйіне қойыңыз.
3. Кондиционер қосқышын (В) басыңыз.
4. Температура реттегішін сағат тілінің бағытында немесе қарама-қарсы бағытта бұрау арқылы қажетті температураны белгілеңіз.
5. Желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын таңдаңыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер салондағы ауаны тез салқындату қажет болса немесе сыртқы ауада шаң-тозаң немесе басқа да ластағыш заттар көп болса, рециркуляция режимін қосыңыз, ал температураны реттеу тұтқасын сол жақ шеткі күйге бұраңыз. Бұл ретте салонның желдетілуін қамтамасыз ету және әйнектердің булануын болдырмау үшін мезгіл-мезгілімен ауаны сырттан қармау режиміне ауыстырып отыру қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Егер кондиционерді ауаны сырттан қармау режимі қосылған кезде қосатын болсаңыз, жүйе ауаны сырттан келтіруді жалғастыру немесе рециркуляцияға ауысу қажеттігін автоматты түрде анықтайды. Сыртқы ауа температурасы жоғары болған жағдайда жүйе салондағы ауаны тез салқындату үшін рециркуляция режиміне көшеді. Осы кезде ажыратқыш түймесіндегі бақылау шамы қосылады. Ауаны сырттан қармау режиміне қайтып оралу үшін осы түймені басыңыз.

Салқын және жылы ауаны бірге беру (қолмен басқарылатын кондиционері бар автокөліктер үшін)

E00702001719

Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын суретте көрсетілген күйге, ал ауа қармау режимдерінің ауыстырып қосқышын (А) сырттан ауа беру күйіне қойыңыз.

Бұл ретте ауа ағыны аяқтарға және салонның үстіңгі жағына бағытталады. Желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын таңдаңыз.




AG0005043

Бұл ретте жылы ауа аяқтарға, ал суық (немесе температура реттегішінің күйіне байланысты салқын) ауа салонның үстіңгі жағына беріледі.

Автоматты режим (автоматты кондиционері бар автокөліктер үшін)

E00764801197



AFA129350

Әдеттегі жағдайларда төмендегідей жолмен әрекет ете отырып жүйе жұмысының автоматты режимін таңданыз:

1. Желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегішін AUTO күйіне қойыңыз.
2. Ауа температурасын реттеу тұтқасымен қажетті ауа температурасын белгілеңіз.
3. Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын AUTO күйіне қойыңыз.

Ауа ағындарын, рециркуляция режимін/сырттан ауа қармау режимін таңдауды, желдеткіш жылдамдығын және кондиционердің қосылуын/өшуін басқару автоматты түрде жүзеге асырылады.

Кондиционерді өшіру үшін желдеткіштің айналу жиілігінің реттегішін OFF күйіне қойыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Салқындату сұйықтығының төмен температурасы төмен болған жағдайда тіпті температура реттегішінің жылы ауа беру күйіне қойылғанына қарамастан жылытқыштан берілетін ауа да салқын немесе суық болады. Алдыңғы және бүйірлік әйнектердің булануының алдын алу үшін  ауа беру режимі қосылады және желдеткіштің айналу жылдамдығы азаяды.
- Егер жүйенің автоматты режимдегі жұмысы кезінде желдеткіштің айналу жиілігі реттегішінің, кондиционер ажыратқышының, ауаның берілу режимін таңдау тұтқасының немесе ауа қармау режимін таңдау түймесінің көмегімен баптаулар өзгертілетін болса, онда қолмен таңдалған баптаулар басымдыққа ие болады. Қалған функцияларды басқару автоматты режимде жүзеге асырылады.

Қолмен реттеу режимі (автоматты кондиционері бар автокөліктер үшін)

E00764900032



Желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегішін және ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын қажетті күйлерге қою арқылы желдеткіштің жылдамдығын және ауаның берілу режимін қолмен басқаруға болады. Автоматты режимге қайтып оралу үшін бұл реттегіштерді AUTO күйіне қойыңыз.

Алдыңғы әйнекке және бүйірлік әйнектерге ауа үрлеу

E00702102166


САҚТАНДЫРУ


- Қауіпсіздік мақсатында әйнектердің булануының алдын алатын барлық шараларды қолдану қажет.

Алдыңғы және бүйірлік әйнектерден қырауды немесе ылғалды кетіру үшін ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын  не  күйіне қойыңыз.


Әдеттегі режимде әйнектерге ауа үрлеу


Алдыңғы және бүйірлік әйнектердің булануын болдырмау, сондай-ақ аяқтарды жылыту үшін басқару құралдарын келесідей күйлерге қойыңыз:




1. Ауа қармау режимін таңдау түймесін (A) сырттан ауа беру күйіне қойыңыз.
2. Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын  күйіне қойыңыз.
3. Реттегішті бұрау арқылы желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын таңдаңыз.
4. Реттеу тұтқасын бұрау арқылы қажетті ауа температурасын белгілеңіз.
5. Кондиционері бар автокөлікте түймені (B) басу арқылы кондиционерді қосыңыз.

Әйнектерге күшейтіп ауа үрлеу



1. Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын  күйіне қойыңыз.
2. Желдеткіштің максималды айналу жылдамдығын орнатыңыз.
3. Реттеу тұтқасын бұрау арқылы берілетін ауаның максималды температурасын белгілеңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы  күйінде тұрса, жүйені басқару және сырттан ауа қармау автоматты түрде жүзеге асырылады.
- Ылғалды тиімдірек кетіру үшін бүйірлік дефлекторларды алдыңғы есіктердің әйнектеріне қарай бағыттаңыз.


ЕСКЕРТПЕ

- Ауа температурасын реттеу тұтқасын берілетін ауаның минималды температурасының күйіне қоймаңыз. Әйнекке салқын ауа беріліп тұрады, бұл олардың булануына алып келеді.

Сыртқы ауаны беру (қолмен басқарылатын кондиционері бар автокөліктер үшін)

E00702201649

Ыстық ауа райында автокөлік салонына сыртқы ауаны беру үшін ауа қармау режимінің ауыстырып қосқышын (A) сырттан ауа келтіру күйіне, ал температура реттегішін суретте көрсетілген күйге қойыңыз. Температура реттегішін сол жақ шеткі күйге қою қажет. Желдеткіштің қажетті айналу жылдамдығын таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Ауаны аяқтарға және алдыңғы әйнекке бағыттау үшін ауаның берілу режимін таңдау тұтқасын сағат тілінің бағытында бұраңыз.

Кондиционер жүйесін пайдалану ережелері

E00708302939

- Автокөлікті көлеңке жерге тұраққа қоюға тырысыңыз. Күн көзінде тұрақта тұрған кезде автокөлік салоны қатты қызады және оны салқындату үшін көбірек уақыт қажет болады. Егер автокөлікті күннің астында қалдыруға тура келген болса, кондиционерді қосқаннан кейін салондағы ыстық ауаны далаға шығару үшін терезелерді бірнеше минутқа ашып қойыңыз.
- Кондиционер жұмыс істеп тұрған кезде терезелерді жабыңыз. Ашық тұрған терезелер арқылы сырттан ауаның кіруі кондиционердің салқындату әсерінің тиімділігін төмендетеді.
- Тым қатты салқындату денсаулыққа зиян. Салон ішіндегі температура сыртқы температурадан небәрі 5–6 °C ғана төменірек болуы тиіс.
- Кондиционерді қосқан кезде алдыңғы әйнектің алдында орналасқан ауа қармауыштың бетін ешнәрсе (мысалы, жапырақтар немесе қар) жауып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Ауа қармауыштың кірісіне жиналып қалған жапырақтар ауаның берілуін азайтуға және конденсатты бұрып ағызуда арналған саңылауларды бітеп қалуы мүмкін.

Кондиционерге арналған тоңазытқыш агент пен жағармай материалдарын таңдау бойынша ұсыныстар

Кондиционер жұмысы тиімділігінің төмендеуі тоңазытқыш агенттің ағып кетуіне байланысты болуы мүмкін. Жүйені MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

Кондиционер жүйесіне HFO-1234уф тоңазытқыш агентін (Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктерден басқа) немесе HFC-134a тоңазытқыш агентін (Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер) құю және PAG46A майын (Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктерден басқа) немесе SUN-PAG56 майын (Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер) қолдану қажет. Кез келген басқа тоңазытқыш агентті немесе майды қолдану күрделі зақымдануларға алып келуі мүмкін, нәтижесінде бүкіл кондиционер жүйесін ауыстыру қажет болады. Тоңазытқыш агентті атмосфераға шығаруға кеңес берілмейді. Тоңазытқыш агентті тазарту, қайта өңдеу және қайталап пайдалану үшін өткізуге кеңес беріледі.

Егер кондиционер ұзақ уақыт бойы қолданылмаса

Кондиционерді тіпті суық ауа райында да аптасына кемінде бес минутқа қосып қою қажет. Бұл компрессор бөлшектері майлануы және жүйені жұмысқа қабілетті күйде ұстау үшін жасалады.

Ауа тазарту сүзгісі

E00708400561

Автокөліктің кондиционер жүйесіне берілетін ауадан шаң-тозаң мен кір-қоқысты сүзіп алатын ауа сүзгісі кіріктірілген.

Сүзгі элементінің ластану деңгейіне қарай шаң-тозаң мен кір-қоқысты сүзу қабілеті төмендейді, сондықтан оны мезгіл-мезгілімен ауыстырып отыру қажет. Сүзгі элементін ауыстыру мерзімі сервистік кітапшада көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолайсыз жағдайларда жұмыс істегенде, мысалы, автокөлікті шаң жолдарда пайдаланғанда және кондиционерді жиі қолданғанда сүзгінің қызмет ету мерзімі азаяды. Егер ауаның берілуі күрт азайса немесе әйнектер тез буланып кететін болса, сүзгіні ауыстыру қажет. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Компакт-дискілер ойнатқышы бар LW/MW/FM диапазондарының радиоқабылдағышы*

E00708502348

Аудиожүйені оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылуы тұрғанда ғана қосуға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрған кезде аудиожүйені қосу үшін оталдыру жүйесіндегі кілтті ACC күйіне бұраңыз немесе ACC жұмыс режимін қосыңыз. Егер оталдыру жүйесінің құлпы ACC күйінде тұрса немесе ACC жұмыс режимі қосылып тұрса, белгілі уақыт аралығы өткеннен кейін электр жабдық қуаты автоматты түрде өшеді және аудиожүйені пайдалану мүмкін емес болады. Егер оталдыру жүйесінің құлпын ACC күйіне ауыстырсаңыз немесе қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесінің көмегімен ACC жұмыс режимін қоссаңыз, электр жабдық қайтадан қуаттала бастайды. «ACC режимінде электр қуатын автоматты түрде өшіру функциясы», 3-14-бет, және «Оталдыру жүйесі құлпының ACC күйінде электр қуатын автоматты түрде өшіру функциясы», 6-12-бет, бөлімдерін қараңыз.
- Автокөлік салонының ішінде мобильді телефонды пайдаланған жағдайда аудиожүйенің жұмысында кедергілер пайда болуы мүмкін. Бұл аудиожүйедегі ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Кедергілер туындаған жағдайда мобильді телефонды аудиожүйе компоненттерінен мүмкіндігінше алыс ұстанаңыз.
- Аудиожүйенің ішіне бөтен заттар немесе су кірген жағдайда, сондай-ақ одан түтін немесе әдеттен тыс иіс шықса, дереу аудиожүйені өшіріңіз. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. Аудиожүйені өз бетіңізде жөндеуге тырыспаңыз. Білікті маманға тексертіп алмайынша аудиожүйені пайдаланбаңыз.

Пайдалану барысындағы маңызды жайттар

E00735500023

iPod/iPhone құрылғыларындағы жазбаларды ойнату функциясы*

- Бұл құрылғыда iPod/iPhone құрылғыларынан аудио ойнатуға болады, алайда алуан түрлі нұсқалардың болуына байланысты файлдардың ойнатылатынына кепілдік берілмейді.
- iPod/iPhone моделіне немесе нұсқасына байланысты оларды басқару тәсілдерінің әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет.

Құрылғыны тазарту

E00735700025

- Аудиожүйе ластанған жағдайда оны жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Егер қатты ластанған болса, аудиожүйені бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз, содан кейін құрғатып сүртіңіз. Осы мақсатта бензинді, еріткіштерді және басқа да химиялық тазартқыштарды қолдануға тыйым салынады. Олар құрылғының бетін зақымдауы мүмкін.

Сауда маркалары

E00735801560

- Өнімдердің атаулары және басқа да жалқы есімдер құқық иегерлері бар сауда маркалары немесе тіркелген сауда маркалары болып табылады.

- Тіпті бұл өнімдердің сауда маркаларының немесе тіркелген сауда маркаларының арнайы белгілемелері болмаса да, мұндай құқықтарды толық көлемде сақтау қажет.



«iPod құрылғысына арналған» немесе «iPhone құрылғысына арналған» белгілері электрондық құрылғының iPod немесе iPhone құрылғысына жалғау үшін арнайы әзірленгенін және әзірлеуші тарапынан Apple техникалық стандарттарын сақтау үшін сертификатталғанын білдіреді. «iPhone», «iPod», «iPod classic», «iPod nano» және «iPod touch» — Apple Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі тіркелген тауар белгілері.

Apple компаниясы мұндай құрылғының жұмысқа қабілеттігі үшін немесе оның қауіпсіздік стандарттарына және нормаларына сәйкестігі үшін жауапкершілік көтермейді.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod және iTunes лицензиялары жеке пайдаланушыларға жеке жағдайда авторлық құқықпен қорғалмаған материалдарды, сондай-ақ заңды жолмен көшіруге және ойнатуға болатын материалдарды көрсетуге және ойнатуға мүмкіндік береді. Авторлық құқықты бұзуға тыйым салынады.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 интерфейсі бар автокөліктерде жалғанатын құрылғылардың түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS веб-сайтынан алуға болады.

«Басқа компаниялардың веб-сайттарына сілтемелер туралы ескертудің» шарттарымен танысыңыз және олармен келісетінізді растаныз. Жоғарыда келтірілген веб-сайттар бөгде сайтпен байланыс орнатуы мүмкін. <http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html>.

Bluetooth® — BLUETOOTH SIG, INC. компаниясының тіркелген сауда маркасы.

iPod



iPod
5-буын
(бейне)
60 Гб, 80 Гб



iPod
5-буын
(бейне)
30 Гб

iPod classic



iPod classic
160 Гб (2009 ж.)



iPod classic
160 Гб (2007 ж.)



iPod classic
80 Гб

iPod nano



iPod nano
6-буын
8 Гб, 16 Гб



iPod nano
5-буын
(бейнекамера)
8 Гб, 16 Гб



iPod nano
4-буын (бейне)
8 Гб, 16 Гб



iPod nano
3-буын
(бейне)
4 Гб, 8 Гб




iPod nano
2-буын
(алюминий корпус)
2 Гб, 4 Гб, 8 Гб



iPod nano
1-буын
1 Гб, 2 Гб, 4 Гб

AA5013326



Компакт-дискілермен жұмыс істеу ережелері

E00735900027

Бұл бөлімде компакт-дискілермен жұмыс істеу ережелері түсіндіріледі.

Компакт-дискілермен жұмыс істеу кезіндегі маңызды жайттар

- Дискінің бетіндегі саусақ іздері немесе басқа да кір дискінің оқылу қателігіне алып келуі мүмкін. Дискінің жұмыс бетінен ұстамаңыз. Дискіні жиіктерінен немесе ортаңғы саңылауы мен жиегінен ұстаңыз.
- Дискіге қағаз немесе жапсырмалар жабыстырмаңыз. Бұл дискіні зақымдауы мүмкін.
- Құрылғыға басқа диск салынған болса, компакт-дискіні күшпен итеріп салуға әрекеттенбеңіз. Бұл компакт-дискінің зақымдануына немесе құрылғының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Тазалау

- Дискінің бетін жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Тазалау кезінде айналдыру қимылдарын жасамауға тырысыңыз. Дискінің бетін ортасынан сыртқы жиегіне қарай абайлап сүртіңіз.
- Жаңа дискілердің сыртқы жиіктері мен ортаңғы саңылауының жиіктерінде қылаулар болуы мүмкін. Қылаулардың болмауына көз жеткізіңіз. Қылаулар болған жағдайда оларды алып тастау қажет, себебі олар құрылғының дұрыс жұмыс істеуіне алып келуі мүмкін.

Компакт-дискілерді сақтау кезіндегі маңызды жайттар

- Қолданылмайтын кезде компакт-дискілер қораптарда сақталуы және тікелей түсетін күн сәулелерінен қорғалған болуы тиіс.

- Егер диск ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, оны аудиожүйеден шығарып алыңыз.

Компакт-дискіні ойнату жүзеге асырылатын жағдайлар

Егер суық ауа райында, мысалы, қыста автокөлік салонындағы ауа температурасы төмен болған жағдайда жылытқышты қоссаңыз және аудиожүйеге компакт-дискіні сұқсаңыз, дискінің және жүйенің ішкі оптикалық элементтерінің жұмыс бетінде конденсат (су тамшылары) түзілуі мүмкін. Бұл жүйе жұмысындағы қателіктерге алып келуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда компакт-дискіні жүйеден шығарып алыңыз және біраз уақыт күте тұрыңыз.





Авторлық құқықтарды қорғау

Дискілерді жеке қолдану шеңберінен шығатын дискілерді көшіруге, хабар тарату және көпшілік алдындағы көрсетілімдер үшін қолдануға, дискілерді жалға беруге және т. с. с. іс-әрекеттерге заңмен тыйым салынады.

Жүйеде істейтін компакт-дискілердің түрлері

E00736001064

Дискілердің заттаңбасына, қорабына немесе қаптамасына келесі таңбалау түрлері басылады:

Түрі	Өлшемі	Жазбаның макс. ұзақтығы	Комментарийлер
CD-DA 	12 см	74 мин	—
CD-TEXT 	12 см	74 мин	—
CD-R/RW  	12 см	—	• MP3 форматындағы файлдары бар компакт-диск


Ойнатылмауы мүмкін дискілер

- «Жүйеде істейтін компакт-дискілердің түрлері» бөлімінде көрсетілгеннен өзгеше дискілердің ойнатылуы мүмкіндігіне кепілдік берілмейді.
- 8 сантиметрлік дискілерді қолдануға тыйым салынады.
- Ақауларға жол бермеу үшін пішіні стандартты емес, мысалы, жүрек түріндегі дискілерді қолдануға тыйым салынады. Сонымен бірге мөлдір аймақтары бар дискілер ойнатылмауы мүмкін.
- Жазу сессиясы аяқталмаған компакт-дискілер ойнатылмайды.

- Тіпті компакт-диск жазғыш құрылғының немесе компьютердің көмегімен бағдарламалық құралдың дұрыс баптаулары мен параметрлері қолданыла отырып дұрыс форматта жазылған болса да, нақты компакт-дискінің ерекшеліктеріне байланысты, дискінің бетінде зақымданған жерлерінің, белгілерінің, ластану іздерінің немесе аудиожүйенің ішіндегі линзада конденсаттың болуына байланысты компакт-диск ойнатылмауы мүмкін.
- Компакт-дискіге байланысты кейбір функциялар немесе дискінің оқылуды қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Жарықтары бар немесе деформацияланған компакт-дискілерді қолданбаңыз.
- Бетінде жапсырмалары, жапсырмалардың немесе желімнің қалдықтары болса, компакт-дискіні қолданбаңыз.
- Сәндік заттанбалары немесе жапсырмалары бар компакт-дискілерді қолдануға кеңес берілмейді.

Стандартты емес компакт-дискілер

Бұл аудиожүйе музыкалық компакт-дискілерді ойната алады, алайда компакт-дискілердің стандарттарына қатысты келесі ұсыныстарды ескерген жөн:

- Жапсырмасы бар бетінде  таңбаламасы бар компакт-дискіні қолданып отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Стандартты емес дискілердің ойнатылуына кепілдік берілмейді. Тіпті ойнатылған жағдайда да дыбысының жоғары сапасына кепілдік берілмейді.

- Стандартты емес компакт-дискілерді қолданған кезде келесідей жағдайлар туындауы мүмкін:
 - Ойнату кезіндегі шу.
 - Біркелкі емес ойнату.
 - Дискіні анықтау мүмкін емес.
 - Бірінші жазбаны ойнату мүмкін емес.
 - Ойнатудың басталуына дейін кәдімгі компакт-дискілермен салыстырғанда көбірек уақыт кетуі мүмкін.
 - Ойнату жазбаның басынан басталмауы мүмкін.
 - Ойнату кезінде кейбір фрагменттер өткізіліп жіберілуі мүмкін.
 - Жазбаны ойнату тоқтап қалуы мүмкін.
 - Жазбалардың көрсетілуі дұрыс емес болуы мүмкін.

Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)

E00736100026

Бұл аудиожүйе CD-ROM, CD-R/RW дискілеріне немесе USB құрылғысының жадына жазылған MP3/WMA/AAC форматындағы файлдарды ойната алады.

Файлдар мен тасушыларды қолдану бойынша шектеулер бар, сондықтан MP3/WMA/AAC аудиофайлдарын дискілерге немесе USB құрылғыларына жазбас бұрын келесі ақпаратпен танысып алу қажет. Сондай-ақ барлық операцияларды дұрыс орындау үшін CD-R/RW жетегін және жазу үшін қолданылатын бағдарламалық құралды пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз.

Егер MP3/WMA/AAC/WAV аудиофайлдарының тақырыбы туралы ақпараты және басқа да деректері бар болса, онда бұл деректер дисплейде көрсетіледі.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Бір рет жазылатын компакт-дискілер мен көп рет жазылатын компакт-дискілер тек MP3 форматындағы аудиофайлдарды ойнату үшін ғана қолданыла алады.
- Музыкалық дискілерді немесе файлдарды көшіру, оларды тегін немесе ақылы түрде тарату, Интернет арқылы немесе басқа да тәсілдермен серверлерге жүктеу секілді іс-әрекеттер заңсыз болып табылады.
- «.mp3», «.wma» не «.m4a» кеңейтілімдерін тек MP3/WMA/AAC форматының файлдарына ғана тағайындаңыз. Дұрыс емес формат көрсетілген файлдар жазылған дискілерді ойнату тым жоғары дыбыс деңгейімен жүргізілуі мүмкін, бұл динамиктердің зақымдалуына немесе апатқа алып келеді.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жазғыш құрылғының немесе бағдарламалық құралдың күйіне байланысты ойнату дұрыс орындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда өз жабдығыңыздың немесе бағдарламалық құралдың пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Қолданылатын операциялық жүйеге, оның нұсқасына, бағдарламалық құралға немесе баптауларға байланысты файлдарға кеңейтілімдер тағайындалмауы мүмкін. Мұндай жағдайларда файлдарды көшіру кезінде файлдарға .mp3, .wma не .m4a кеңейтілімін тағайындау қажет.
- Ойнатылатын файлдың көлемі 2 Гб шамасынан аспауы тиіс.

Жүйеде істейтін дерек форматтары

E00736201066

Дискілерден (CD-ROM, CD-R/RW) және USB құрылғыларынан ойнату кезінде істейтін дерек форматтары әртүрлі болады.


Дерек форматы	Компакт-диск	USB-құрылғы
MP3	○	○
WMA	X	○
AAC	X	○

Қалталар құрылымы

E00736300060

Жүйе сегізге дейінгі деңгейі бар қалталар құрылымын анықтауға қабілетті.

Жазбаларды басқару үшін келесідей түрде қалталар құрылымын жасауға болады: Жанр — Орындаушы — Альбом — Жазба (MP3/WMA/AAC форматының файлдары).



AA3008816

Сипаттамасы	Сипаттамалары	Толық мәлімет	
Форматтың сипаттамалары	ISO 9660	1-ші деңгей (Level 1)	Файл атауының максималды ұзындығы — 8 таңба, файлдың кеңейтілімі — 3 таңба (бір байттық әріптік-сандық таңбалар, бас әріптер, сандар; «_» таңбасын қолдануға жол беріледі).
	ISO 9660 файл жүйесінің кеңейтілімі	Joliet	Ұзындығы 64 таңбаға дейінгі файл атауларын қолдануға жол беріледі
Көпсессиялы жазба	Істемейді (тек бірінші сессия ғана істейді).		
Деңгейлердің максималды саны	8 деңгей (түпкі каталог 1-ші деңгей болып табылады).		
Қалталардың максималды саны	Түпкі каталогті қосқанда 700 қалта.		
Файлдардың максималды саны *1	65 535 файл (тасушыдағы файлдардың жалпы саны; MP3, WMA және AAC форматтарынан өзгеше файлдар есепке алынбайды).		

Сипаттамасы	Сипаттамалары	Толық мәлімет
Файлдар мен қалталар атауларының шектеуі	64 байттан көп емес (Unicode кодталуы үшін — 32 таңба). Ұзындығы осы мәннен асатын файлдар мен қалталар жүйеде көрсетілмейді және ойнатылмайды.	
Жүйеде істейтін USB форматтары	Ұсынылатын файл жүйесі — FAT32. Тек 1 бөлім.	

*1 MP3/WMA/AAC форматынан басқа файлдар есепке алынбайды. Әйтсе де көп жазбаларды бір қалтада сақтаған жағдайда тіпті олардың таңбаларының саны максималды жол берілетін мәннен аспайтын болса да, кейбір жазбалар аудиожүйе арқылы анықталмайды. Мұндай жағдайларда жазбаларды бірнеше қалтаға бөлуге кеңес беріледі.



ЕСКЕРТПЕ

- Бұл жүйедегі қалталар мен файлдардың көрсетілу тәртібі компьютер экранындағы көрсетілу тәртібінен өзгеше болуы мүмкін.

MP3 форматы дегеніміз не?

E00736400029

MP3 — «MPEG-1 Audio Layer 3» тіркесінен қысқартылған сөз. MPEG — бейнедіскілерге және т. б. қолданылатын «Motion Picture Experts

Group» бейнеақпаратты сығымдау стандартының қысқартылған атауы. MP3 MPEG стандартымен регламенттелетін аудиодеректерді сығымдау әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсіл адамның құлағының қабылдау шегінен тыс немесе күшті дыбыстармен жасырылған дыбыстық жиіліктердің сапасын азайтады. Осының есебінен шағын көлеммен деректердің жоғары сапасы қамтамасыз етіледі.

Бұл дыбыс сапасының байқалатын нашарлауынсыз музыкалық дискідегі жазбалардың көлемін шамамен 10 есеге сығымдауға мүмкіндік береді, яғни бір CD-R/RW дискісіне шамамен 10 музыкалық диск жазуға болады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Стандарттан өзгеше MP3-файлдар дұрыс ойнатылмауға немесе файлдардың/қалталардың атауларының дұрыс көрсетілмеуіне түрткі болуы мүмкін.

MP3-файлдардың істейтін стандарттары

Төменде істейтін MP3-файлдардың сипаттамалары берілген.

Сипаттамасы	Толық мәлімет
Сипаттамалары	MPEG-1 AUDIO LAYER3
	MPEG-2 AUDIO LAYER3
Дискретизация жиілігі, кГц	MPEG-1: 32; 44,1; 48
	MPEG-2: 16; 22,05; 24

Сипаттамасы	Толық мәлімет
Битрейт, Кбит/с	MPEG-1: 32–320
	MPEG-2: 8–160
VBR (ауыспалы битрейт)	Істейді
Арналар режимі	Стерео, біріктірілген стерео, косарлы арна, монофониялық
Файл кеңейтілімі	mp3
Тегтер туралы істейтін ақпарат	ID3 тегтері: 1.0 нұсқасы, 1.1 нұсқасы, 2.2 нұсқасы, 2.3 нұсқасы, 2.4 нұсқасы (ISO 8859-1, UTF-16 (Unicode)), тақырыптар, орындаушының аты-жөні, альбомның атауы
Дисплейде көрсетіле алатын таңбалардың максималды саны	64 таңба

WMA форматы дегеніміз не?

E00736600021

WMA — бұл Microsoft компаниясында әзірленген Windows Media Audio аудиодеректерді сығымдау форматының қысқарған атауы. Бұл формат MP3 форматымен салыстырғанда күштірек сығымдауды қамтамасыз етеді.



ЕСКЕРТПЕ

- Microsoft, Windows Media және Windows — Microsoft Corporation компаниясының АҚШ-тағы және басқа елдердегі тіркелген сауда маркалары болып табылады.



САҚТАНДЫРУ

- WMA форматы цифрлық құқықтарды басқаруды (DRM) қолдайды. Егер осы технологиямен қорғалған болса, бұл аудиожүйе WMA файлдарын ойната алмайды.
- Стандарттан өзгеше WMA-файлдар дұрыс ойнатылмауға немесе файлдардың/калталардың атауларының дұрыс көрсетілмеуіне түрткі болуы мүмкін.
- Pro, Lossless және Voice стандарттары істемейді.

WMA-файлдардың істейтін стандарттары

Төменде істейтін WMA-файлдардың сипаттамалары берілген.

Сипаттамасы	Толық мәлімет
Сипаттамалары	Windows Media Audio Version 7.0, 8.0, 9.0
Дискретизация жиілігі, кГц	32; 44,1; 48
Битрейт, Кбит/с	48–320
VBR (ауыспалы битрейт)	Істейді
Арналар режимі	Стерео, монофониялық
Файл кеңейтілімі	wma
Тегтер туралы істейтін ақпарат	WMA тегтері, тақырып, орындаушының аты-жөні, альбомның атауы
Дисплейде көрсетіле алатын таңбалардың максималды саны	64 таңба

AAC форматы дегеніміз не?

E00736800023

AAC — бұл MPEG-2 және MPEG-4 форматтарында қолданылатын Advanced Audio Coding сығымдау стандартының қысқарған атауы. Бұл формат MP3 форматымен салыстырғанда 1,4 есеге көбірек сығымдау дәрежесіне ие және онымен пара-пар сапаны қамтамасыз етеді.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- AAC форматы цифрлық құқықтарды басқаруды (DRM) қолдайды. Егер осы технологиямен қорғалған болса, бұл жүйе AAC файлдарын ойната алмайды.
- Стандарттан өзгеше AAC-файлдар дұрыс ойнатылмауға немесе файлдардың/қалталардың атауларының дұрыс көрсетілуіне түрткі болуы мүмкін.

ААС-файлдардың істейтін стандарттары

Төменде істейтін ААС-файлдардың сипаттамалары берілген.

Сипаттамасы		Толық мәлімет
Сипаттамалары		Advanced Audio Coding MPEG4/AAC-LC MPEG2/AAC-LC
Дискретизация жиілігі, кГц	MPEG4	8; 11,025; 12; 16; 22,05; 24; 32; 44,1; 48
	MPEG2	8; 11,025; 12; 16; 22,05; 24; 32; 44,1; 48
Битрейт, Кбит/с	MPEG4	8–320
	MPEG2	8–320
VBR (ауыспалы битрейт)		Істейді
Арналар режимі		Стерео, монофониялық
Файл кеңейтілімі		m4a

Сипаттамасы	Толық мәлімет
Тегтер туралы істейтін ақпарат	AAC немесе ID3 тегтері, тақырып, орындаушының аты-жөні, альбомның атауы
Дисплейде көрсетіле алатын таңбалардың максималды саны	64 таңба

Пайдаланушыға арналған қауіпсіздік бойынша маңызды ақпарат

E00737000035

Жарақаттарға және меншікті зақымдауға жол берместен дұрыс және қауіпсіз пайдалана алуыңыз үшін бұл құрылғы көрнекі индикациямен, сондай-ақ пайдалануға қатысты нұсқаулармен жабдықталған.

⚠️ ЕСКЕРТУ


- Автокөлік қозғалысы кезінде жүргізушінің дисплейге шектен тыс алаңдамауы қажет. Бұл жүргізушінің назарын жолды қадағалаудан бұрып, апатқа алып келуі мүмкін.
- Жүргізуші қозғалыс кезінде күрделі операцияларды орындамауы қажет. Қозғалыс кезінде күрделі операцияларды орындаған жағдайда жүргізушінің назары жолды қадағалаудан бұрылып, апат орын алуы мүмкін. Сондықтан мұндай операцияларды орындамас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып алу қажет.

⚠️ ЕСКЕРТУ


- Егер ақаулы болса, мысалы, дыбысы шықпаса, аудиожүйені пайдалануға тыйым салынады. Бұл жазатайым жағдайға, өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- Аудиожүйеге судың немесе басқа объектілердің кірмеуін қадағалаңыз. Бұдан құрылғы түтіндеуі немесе өрт шығуы, электр тогы соғуы немесе құрылғы бұзылуы мүмкін.
- Компакт-дискілерге арналған ұяшыққа бөтен заттарды сұғуға тыйым салынады. Бұдан өрт шығуы, электр тогы соғуы немесе құрылғы бұзылуы мүмкін.
- Аудиожүйеге бөтен заттардың немесе судың кіруінен пайда болған ақаулықтар жағдайында, түтін немесе бөтен иіс шыққан жағдайда аудиожүйені пайдалануды дереу тоқтатыңыз және MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз. Егер аудиожүйені пайдалануды жалғастырсаңыз, бұл жазатайым жағдайға, өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- Аудиожүйені бөлшектемеңіз және оның құрылымына ешқандай өзгерту енгізбеңіз. Бұл оның бұзылуына, өртке немесе электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.
- Найзағай ойнаған кезде антеннаға немесе аудиожүйеге қол тигізуге тыйым салынады. Бұл найзағайдан электр тогының соғуына алып келуі мүмкін.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Бұл құрылғының желдету саңылауларының немесе жылу бұрғыштарының бетін жабуға тыйым салынады.
Желдету саңылаулары немесе жылу бұрғыштары жабылған жағдайда құрылғы ішіндегі қызу бұрып әкетілмейді, бұл өртке немесе ақаулыққа алып келуі мүмкін.
- Қозғалыс кезінде дыбыс деңгейін автокөлік сыртындағы дыбыстар естілмей қалатындай деңгейге көтеруге тыйым салынады.
Автокөлік сыртындағы дыбыстар естілмейтін болса, бұл апатқа алып келуі мүмкін.
- Компакт-дискіге арналған ұяшыққа қолыңызды немесе саусақтарыңызды сұқпаңыз.
Жаракат алуыңыз мүмкін.



1. Қуатты қосыңыз және бұған дейінгі ойнатуды қайта жалғастырыңыз.
2. PWR/VOL түймесін басыңыз.
Қуатты өшіріңіз.



Дыбыс деңгейін көбейту үшін PWR/VOL реттегішін сағат тілінің бағытында, дыбыс деңгейін азайту үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

Аудиожүйені басқару құралдары

E00737100023

Қуатты қосу/өшіру (ON/OFF)

E00737200024

1. PWR/VOL түймесін басыңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Сондай-ақ аудиожүйені рульдегі MODE түймесін басып ұстау арқылы қосуға және өшіруге болады.

Дыбыс деңгейін реттеу

E00737300025

1. Дыбыс деңгейін реттеу үшін PWR/VOL реттегішін бұраңыз.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Дыбыс деңгейінің максималды мәні — 45, минималды мәні — 0.
- Әдепкі бойынша дыбыс деңгейі 17 мәніне қойылған.

Компакт-дискіні салу және шығарып алу

E00737401166

1. Дискіні заттаңбасын жоғары қаратып компакт-дискіге арналған ұяшыққа салыңыз.



Аудиожүйе дискіні жүктеп әкеткенше компакт-дискіні сәл алға басыңыз, осыдан кейін ойнату басталады.

2. ▲ түймесін басыңыз.
Осы кезде диск жүйеден шығарылады, осыдан кейін дискіні шығарып алуға болады.


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Компакт-дискілерді ауыстырған кезде алдымен автокөлікті аялдауға рұқсат етілген қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Компакт-дискіге арналған ұяшыққа қолыңызды, саусақтарыңызды немесе басқа заттарды сұқпаңыз. Бұның салдары жарақатқа, түтіннің пайда болуына немесе өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Диаметрі 8 см компакт-дискілер істемейді.

Түймелердің қызметі

Осы жерде әрбір түйменің атауы мен функциясы сипатталған.

E00737501587




AA1008825

- | | | |
|---|---|---|
| <p>1 — ▲ түймесі
Дискіні шығару үшін қолданылады.</p> <p>2 — 3 ◀ түймесі / 4 ▶ түймесі
Ағымдағы жазбаны кері/тура ретімен жылдамдатып ойнату үшін қолданылады.
Радио тыңдау кезінде 3 және 4 жад түймелері ретінде қолданылады.</p> <p>3 — 2 RDM түймесі
Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі. Радио тыңдау кезінде 2 жад түймесі ретінде қолданылады.</p> <p>4 — 1 RPT түймесі
Жазбаларды қайталап ойнату режимі. Радио тыңдау кезінде 1 жад түймесі ретінде қолданылады.</p> <p>5 — RADIO түймесі
Радиоқабылдағышты қосу және диапазондарды ауыстырып қосу.</p> | <p>6 — PWR/VOL түймесі/реттегіші
Дыбыс деңгейін реттеу және қуатты қосу/өшіру.</p> <p>7 — MEDIA түймесі
Компакт-дискілер мен басқа да дереккөздер арасында ауыстырып қосу.</p> <p>8 — DISP түймесі
Дисплейде көрсетілетін ақпаратты ауыстырып қосу.</p> <p>9 — PTY/SCAN түймесі
Жазбаларды сканерлеу режимінде ойнату, радио тыңдау кезінде радиобағдарламалар түрі бойынша (PTY) іздеу үшін қолданылады.</p> <p>10 — TP түймесі
Жол қозғалысы туралы хабарламалар алу.</p> <p>11 — компакт-дискіге арналған ұяшық</p> <p>12 — PAGE түймесі
Дисплейде көрсетілетін беттерді парақтау.</p> | <p>13 — 5 Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды ойнату / ойнатуды тоқтата тұру *. Радио тыңдау кезінде 5 жад түймесі ретінде қолданылады.</p> <p>14 — 6 түймесі
Аудиожазбаны іздеу кезінде кері қайту және Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды ойнатуды тоқтату *.</p> <p>Радио тыңдау кезінде 6 жад түймесі ретінде қолданылады.</p> <p>15 — ◀ түймесі / ▶ түймесі
Аудиожазбаларды ойнату кезінде жазбаны/файлды таңдау үшін қолданылады. Радио тыңдау кезінде радиостанцияны автоматты түрде таңдау үшін қолданылады.</p> <p>16 — MENU түймесі
Мәзір режиміне ауыстырып қосу.</p> |
|---|---|---|

- 17 — **▶/SEL** түймесі/реттегіші
Дыбыс сапасын баптау және мазірдегі позицияларды таңдау.
Радио тыңдау кезінде станцияларды қолмен таңдау үшін қолданылады.
- * Жабдық түрін есепке алғанда бөлек сатып алынатын Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғының болуын талап етеді (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін).

Рульдегі аудиожүйені қашықтан басқару түймелері*

E00737601881



- 1 — Vol ▲ / Vol ▼ дыбыс деңгейін реттеу түймелері
Аудиожүйенің және мобильді телефонның дыбыс деңгейін реттеу.

- 2 — **<** түймесі, **>** түймесі
Компакт-дискідегі және басқа дыбыс көзіндегі жазбаларды таңдау, сондай-ақ радиостанцияларды таңдау.
Бірнеше жазбаға алға және артқа өту үшін басып тұрыңыз.
- 3 — **MODE** түймесі
Аудиожүйені қосу/өшіру үшін басып тұрыңыз. Сондай-ақ осы түймені басып қалған кезде дыбыс көздері ауыстырылып қосылады.
Ауыстырып қосу тәртібі төменде көрсетілген.
Егер қандай да бір құрылғы жалғанбаған болса, ол өткізіп жіберіледі де, келесі дыбыс көзі таңдалады.



- *1 iPod кабелі қажет (бөлек сатып алынады).
*2 Бөлек сатып алынатын Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғының болуын талап етеді (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін).
*3 DAB тюнереіні жалғауды талап етеді.

Радио тыңдау

E00737700032

Бұл бөлімде FM, MW және LW диапазондарында радиостанцияларды қалай тыңдау қажет екені түсіндіріледі.

Радио тыңдау

Диапазонды ауыстыру үшін RADIO түймесін басыңыз.

Ауыстырып қосу FM1, FM2, FM3, MW және LW диапазондарының арасында жүргізіледі. Таңдалған диапазон дисплейде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Диапазондарды ауыстырып қосу тәртібі: FM1, FM2, FM3, DAB1*, DAB2*, DAB3*, MW және LW.
* Егер DAB тюнереіні жалғанған болса.

Радиостанцияны қолмен таңдау/іздеу

Тыңдалып отырған станцияның жиілігін анықтау үшін **▶/SEL** реттегішін бұраңыз.

▶/SEL реттегіші (сағат тіліне қарсы бағытта)	Қабылданатын жиілік мәнін кемітеді.
▶/SEL реттегіші (сағат тілінің бағытында)	Қабылданатын жиілік мәнін ұлғайтады.


▶▶ I түймесі (басып тұру)	Радиостанцияны іздеуді іске қосу үшін түймені жіберіңіз. Станция табылған кезде сканерлеу тоқтайды.
I ◀◀ түймесі (басып тұру)	

Радиостанцияларды жадқа енгізу

Түймені бір рет басу арқылы шақыру үшін радиостанцияның жиілігін жадқа сақтауыңызға болады.

1. Жадқа енгізгіңіз келетін жиілікті баптаңыз.
2. I RPT түймесінен 6 ➡ түймесіне дейін кез келген түймені басып тұрыңыз.

Дыбыс сигналы тиісті жад түймесіне арналған сервистің тіркелгенін растайды.


 **ЕСКЕРТПЕ**

- Жадқа әрбір диапазон үшін (FM1, FM2, FM3) ең көбі алты радиостанцияны енгізуге болады.
- Жад ұяшығында бұрын радиостанция тіркеліп тұрған түймені таңдаған кезде оның үстіне жаңа жиілік қайта жазылады.
- Жад түймесін басқан кезде бұған дейін жадқа енгізілген жиілік таңдалады.


Auto Memory функциясы (радиостанция жиіліктерін жадқа автоматты түрде енгізу)

Жадқа кему реті бойынша жад түймелеріне сәйкес тәртіппен ең күшті сигналы бар алты радиостанцияның жиіліктері енгізіледі. RADIO түймесін басып тұрыңыз.

Жадқа радиостанциялар жиіліктерін автоматты түрде енгізу аяқталғаннан кейін жиілігі [1] жад түймесінің ұяшығында тіркелген радиостанцияны қабылдау басталады.

 **САҚТАНДЫРУ**

- Бұған дейін жадқа енгізілген жиіліктердің үстіне жаңалары жазылатынын есте ұстаныңыз.


 **ЕСКЕРТПЕ**


- FM1 және FM2 диапазоңдарына арналған жад ұяшықтары толған кезде радиостанциялардың жиіліктерін жадқа автоматты түрде енгізу функциясы FM3 диапазоңына ауысады.

Радиобағдарламалар түрі (PTY) бойынша іздеу

PTY (радиобағдарламалар түрін) таңдаңыз, сонда радиостанцияларды автоматты түрде іздеу басталады.

1. Радиоқабылдағыш FM диапазоңында жұмыс істеп тұрған жағдайда PTY/SCAN түймесін басыңыз. Жүйе PTY таңдау режиміне ауысады.

2. PTY таңдау үшін /SEL реттегішін бұраңыз. Дисплейде PTY (бағдарламалар мазмұны) индикаторы жыпылықтай бастайды және автоматты түрде радиостанцияларды іздеу басталады. Радиостанцияны қабылдау кезінде дисплейде оның атауы көрсетіледі.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Радиоқабылдағыш бірінші табылған станцияны қабылдай бастайды.
- Қабылдау басталғаннан кейін 10 секунд өткенде PTY іздеу режимінің күші жойылады.

DAВцифрлық радиохабар тарату*

E00739100014

Бұл бөлімде DAВцифрлық радиохабар тарату форматында радиостанцияларды ойнату сипатталады.



DAВцифрлық радиохабар тарату форматында радиостанцияларды ойнату



1. Диапазонды ауыстыру үшін RADIO түймесін басыңыз. DAB1, DAB2 және DAB3 диапазоңдарын ауыстырып қосыңыз. Таңдалған диапазон дисплейде көрсетіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Диапазондарды ауыстырып қосу тәртібі: FM1, FM2, FM3, DAB1, DAB2, DAB3, MW және LW.

Сервисті таңдау

1. **1**  **не** **▶▶1** түймесін басып тұрыңыз. Құрылғы қолжетімді топтардағы негізгі сервистерді қабылдайды.
2. Сервисті таңдау үшін **1**  **не** **▶▶1** түймесін басыңыз.


1  түймесі (басып тұру)	Құрылғы кему бағытында топтардағы қолжетімді сервистерді автоматты түрде қабылдайды.
▶▶1 түймесі (басып тұру)	Құрылғы ұлғаю бағытында топтардағы қолжетімді сервистерді автоматты түрде қабылдайды.
1  түймесі	Сервистерді кему бағытында ауыстырып қосады.
▶▶1 түймесі	Сервистерді ұлғаю бағытында ауыстырып қосады.

ЕСКЕРТПЕ

- Бірінші немесе соңғы хабар тарату арнасына ауысу орын алады; арналар ішінде келесі сервиске ауысу жүзеге асады.

Сервисті жадқа енгізу

Сервисті жадқа алдын ала енгізіп қойыңыз және кейінірек оны таңдаңыз.





1. Жад енгізіңіз келетін сервисті баптаңыз.
2. 1 RPT түймесінен **6**  түймесіне дейін кез келген түймені басып тұрыңыз. Дыбыс сигналы тиісті жад түймесіне арналған сервистің тіркелгенін растайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Жад ұяшығында бұрын сервис тіркеліп тұрған түймені таңдаған кезде оның үстіне жаңа баптау қайта жазылады.
- Жад түймесін басқан кезде бұған дейін жадқа енгізілген сервис баптауы тандалады.

Сервисті іздеу

Қолжетімді топтарға және сервистерге іздеу жүргізіңіз.



1. Топты таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.
2.  /SEL түймесін басыңыз. Дисплейде таңдалған топтағы сервистің атауы көрсетіледі.
3. Сервисті таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.
4.  /SEL түймесін басыңыз. Таңдалған сервисті ойнату басталады.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер сервистің атауындағы мәтіндік ақпарат қолжетімсіз болса, дисплейде ештеңе көрсетілмейді.
- Егер 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, сервисті іздеу режимінің күші жойылады.


Радиобағдарламалар түрі (PTY) бойынша іздеу

PTY (радиобағдарламалар түрін) таңдаңыз, сонда сервистерді автоматты түрде іздеу басталады.


1. PTY/SCAN түймесін басыңыз. Жүйе PTY таңдау режиміне ауысады.
2. PTY таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.
3. **1**  **не** **▶▶1** түймесін басыңыз. Жүйе PTY сервистерін іздеуді бастайды.

1  түймесі	Жүйе кему бағытында PTY іздеуін бастайды.
▶▶1 түймесі	Жүйе ұлғаю бағытында PTY іздеуін бастайды.

ЕСКЕРТПЕ

- PTY таңдаған кезде PTY алдын ала баптауына ауыстырып қосу үшін 1 RPT түймесінен **6**  түймесіне дейінгі кез келген түймені басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- РТУ таңдаған кезде жадқа енгізу үшін РТУ таңдаңыз, содан кейін РТУ алдын ала баптаулар жадына енгізу үшін 1 RPT түймесінен 6  түймесіне дейін кез келген түймені басып тұрыңыз.
- Егер РТУ таңдау режимінде екі секунд бойы ешқандай әрекет жасалмаса, онда таңдалған РТУ шеңберінде ұлғаю бағытында іздеу іске қосылады.

7 Жол қозғалысы туралы хабарламалар

E0073920015

Бұл бөлімде жол қозғалысы туралы хабарламаларды қалай ойнатуға болатыны сипатталады.

Жол қозғалысы туралы хабарламаларды ойнату

1. MW не LW диапазонынан басқа диапазонда радио тыңдау барысында TP түймесін басыңыз.
Жол қозғалысы туралы хабарламалар таратылымы бар болса, олар ойнатылады.

САҚТАНДЫРУ

- MW не LW диапазонында сигнал қабылдау кезінде жол қозғалысы туралы хабарламалар қабылданбайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Жол қозғалысы туралы хабарламалар қабылдау кезінде дисплейде TRAF INF индикациясы көрсетіледі, ал егер мәтіндік ақпарат қолжетімді болса, радиостанцияның атауы көрсетіледі.
- Жол қозғалысы туралы хабарламаларды тарату кезінде аудиожүйенің дыбыс деңгейі жол қозғалысы туралы немесе төтенше хабарламалар қабылдаған кезде қолданыста болған мәнге қойылады. Бұдан кейінгі радиобағдарламалар жол қозғалысы туралы немесе төтенше хабарламалар таратылған дыбыс деңгейімен таратылады.

Жол қозғалысы туралы хабарламаларды күту режимі

Бұл режимде жол қозғалысы туралы хабарламалар таратыла бастаған жағдайда радиоқабылдағыш автоматты түрде жол қозғалысы туралы хабарлама беруші радиостанцияға ауыстырылады.

1. MW не LW диапазонынан басқа диапазонда радио тыңдау барысында TP түймесін басыңыз.
Дисплейде TP индикациясы көрсетіледі, ал жүйе күту режиміне ауысады.
Жол қозғалысы туралы хабарламалар таратылымы бар болса, олар ойнатылады.
2. MW не LW диапазонынан басқа диапазонда радио тыңдау барысында TP түймесін басыңыз.
TP индикациясы дисплейден өшеді және күту режимінің күші жойылады.

САҚТАНДЫРУ

- MW не LW диапазонында сигнал қабылдау кезінде жол қозғалысы туралы хабарламаларды күту режимінің күші жойылады.

Компакт-дискілерді ойнату

E0073780062



Бұл бөлімде компакт-дискілерді (CD-DA/CD-TEXT) ойнату туралы ақпарат келтірілген.

Компакт-дискілерді ойнату

Компакт-дискіні салыңыз.

Ойнатуды автоматты түрде бастау үшін компакт-дискіні салыңыз → «Компакт-дискіні салу және шығарып алу», 7-20-бет.
Егер диск ойнатқышқа жүктелген болса, компакт-дискіні дыбыс көзі ретінде таңдау үшін MEDIA түймесін басыңыз.

Жазбаны таңдау

Жазбаны таңдау үшін  не  түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі не алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату

3 ◀◀ түймесін немесе 4 ▶▶ түймесін басып тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнатуға мүмкіндік береді.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.

Қайталап ойнату режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Жазбаны таңдау, дискіні шығару, ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату кезінде бұл режимнің күші жойылады.

Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Дискідегі жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Дискіні шығарып алған кезде бұл режимнің күші жойылады.

Сканерлеу режимінде ойнату (SCAN)

PTY/SCAN түймесін басыңыз.

Компакт-дискідегі әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер осы режимде ойнатылып жатқан жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, сонда жазба қалыпты режимде ойнатылады.

MP3 форматындағы файлдарды ойнату

E0073790047

Бұл бөлімде компакт-дискідегі аудиофайлдар қалай ойнатылатыны түсіндіріледі.

САҚТАНДЫРУ

- Бір рет жазылатын компакт-дискілер мен көп рет жазылатын компакт-дискілер тек MP3 форматындағы аудиофайлдарды ойнату үшін ғана қолданыла алады.

MP3 форматындағы файлдарды ойнату

Компакт-дискіні салыңыз.

Ойнатуды автоматты түрде бастау үшін компакт-дискіні салыңыз → «Компакт-дискіні салу және шығарып алу», 7-20-бет. Егер диск ойнатқышқа жүктелген болса, компакт-дискіні дыбыс көзі ретінде таңдау үшін MEDIA түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Файлдардың құрылымына байланысты компакт-дискінің оқылуы біршама уақытты алуы мүмкін.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін ◀◀ не ▶▶ түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі не алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату

3 ◀◀ түймесін немесе 4 ▶▶ түймесін басып тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнатуға мүмкіндік береді.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.

Қайталап ойнату режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Файлды таңдау, дискіні шығару, ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату кезінде бұл режимнің күші жойылады.

Қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату режимі

1 RPT түймесін басып тұрыңыз.

Таңдалған қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Тіпті файлды таңдаған жағдайда да қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату режимінің күші жойылмайды.

Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Қалтадағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.

Қалталардағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі

2 RDM түймесін басып тұрыңыз.

Дискідегі қалталардағы барлық жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.

Сканерлеу режимінде ойнату (SCAN)


SCAN түймесін басыңыз.

Ағымдағы қалтадағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату.


Жазбаларды іздеу

Қалталар мен файлдарды іздеу және жазбаны таңдау.

1. Қалтаны таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.

2.  /SEL түймесін басыңыз.


Таңдалған қалтадағы файлдар көрсетіледі.

3. Файлды таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.




4.  /SEL түймесін басыңыз.

Таңдалған файлды (жазбаны) ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларды іздеу режимінің күшін жою үшін қалтаны таңдау кезінде 6  түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қалтаны таңдағаннан кейін 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, жазбаларды іздеу режимінің күші жойылады.
- Осы қалтадағы бірінші жазбадан бастап ойнату бастау үшін қалтаны таңдаңыз,  /SEL түймесін басып тұрыңыз.
- Алдыңғы операцияға қайтып оралу үшін файлды таңдау кезінде 6  түймесін басыңыз.
- Жазбаларды іздеу режимінің күшін жою үшін файлды таңдау кезінде 6  түймесін басып тұрыңыз.
- Егер файлды таңдағаннан кейін бес секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, осы файл ойнатыла бастайды.
- Жазбаларды іздеу режимінің күші дискімен операциялар жасаған кезде, мысалы, жазбаларды таңдау кезінде жойылады.

iPod ойнатқышындағы жазбаларды ойнату

E00738001752

iPod/iPhone құрылғылары аудиожүйеге жалғанған болса, осы құрылғылардағы файлдарды ойнатуға болады.

САҚТАНДЫРУ

- iPod/iPhone құрылғыларын автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Автокөлікті басқару кезінде бұл құрылғыларды қолға ұстауға және пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.

САҚТАНДЫРУ

- Біздің компаниямыз iPod/iPhone құрылғыларын аудиожүйеге жалғау кезінде орын алған деректердің жоғалуы үшін жауапкершілік көтермейді.
- Құрылғыларды пайдаланған кездегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар бүлінуі және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- iPod/iPhone құрылғыларының буынына, моделіне және бағдарламалық құралына байланысты ойнату мүмкін емес болуы ықтимал (7-12-бет). Сонымен бірге осы құжатта сипатталған ойнату функциялары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Bluetooth® 2.0 интерфейсі бар автокөліктерде жалғанатын құрылғылардың түрлері әртүрлі болуы мүмкін. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS веб-сайтынан алуға болады. «Басқа компаниялардың веб-сайттарына сілтемелер туралы ескертудің» шарттарымен танысыңыз және олармен келісетінінізді растаңыз. Жоғарыда келтірілген веб-сайттар бөгде сайтпен байланыс орнатуы мүмкін. <http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html>.
- Бағдарламалық құралы соңғы нұсқасына дейін жанартылған iPod/iPhone құрылғыларын пайдалануға кеңес беріледі.
- iPod/iPhone құрылғыларын жалғау туралы мәлімет алу үшін «iPod ойнатқышын жалғау» бөлімін қараңыз, 7-68-бет.
- iPod/iPhone құрылғыларын жалғанған кезде сатылымда бар iPod кабельдерін қолданыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде қосқыш кабельді жалғау секілді қауіпті әрекеттерді жасамау үшін құрылғының толық баптауын жүргізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында iPod/iPhone құрылғысын жалғағыңыз немесе ажыратқыңыз келсе, алдымен автокөлікті тоқтатыңыз.
- iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты құрылғының анықталуына және ойнатудың басталуына біршама уақыт қажет болуы мүмкін.
- Жүйеге iPod/iPhone құрылғысы жалғанып тұрған кезде бұл құрылғының түймелері жұмыс істемейді.
- Жалғаудың қолжетімсіздігі немесе функциялардың не интерфейс элементтерінің әртүрлі болуы iPod/iPhone құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптауларына байланысты болуы мүмкін.
- iPod/iPhone құрылғысының жадында орналасқан аудиофайлдардың сипаттамаларына байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автокөліктің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозалтқышты оталдырғаннан кейін ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- iPod/iPhone құрылғысында эквалайзер баптауларын толық алып тастауға кеңес беріледі.
- iPod/iPhone құрылғысын аудиожүйеге жалғанғаннан кейін қосыңыз.
- Егер iPod/iPhone құрылғысы жүйеге Bluetooth® интерфейсі арқылы жалғанса, онда iPod/iPhone кабелі қажет емес. Бұл тәсілдердің екеуін де қолданып бір мезгілде жалғау құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуіне алып келеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер iPod/iPhone құрылғысы дұрыс жұмыс істемей тұрса, iPod/iPhone құрылғысын аудиожүйеден ажыратыңыз, оны өшіріп қосыңыз да, қайтадан жалғаңыз.

iPod құрылғысындағы жазбаларды ойнату

Дыбыс көзі ретінде iPod таңдау үшін MEDIA түймесін басыңыз.

Таңдалған дыбыс көзі дисплейде көрсетіледі.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін **⏪** не **⏩** түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі не алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату

3 **⏪** түймесін немесе 4 **⏩** түймесін басып тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнатуға мүмкіндік береді.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимі мен кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі қолжетімді.

Қайталап ойнату режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.

Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Жазбаларды ағымдағы таңдалған санаттың ішінде кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.

Альбомдағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі

2 RDM түймесін басып тұрыңыз.

Альбомдағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.

Жазбаларды іздеу

Жазбалардың санаттарын немесе атауларын іздеу және жазбаны таңдау.


1. Санатты таңдау үшін **▶**/SEL реттегішін бұраңыз.
2. **▶**/SEL түймесін басыңыз. Санаттар немесе таңдалған санаттағы файлдар көрсетіледі.
3. Санатты немесе жазбаны таңдау үшін **▶**/SEL реттегішін бұраңыз.
4. **▶**/SEL түймесін басыңыз. 1–4 қадамдарын қайталаңыз және жазбаларға іздеу жүргізіңіз. Жазбаны таңдаңыз және ойнатуды бастау үшін **▶**/SEL түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларды іздеу режимінің күшін жою үшін санатты (1-деңгей) таңдау кезінде 6 **↶** түймесін басыңыз.
- Егер санатты таңдағаннан кейін 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, жазбаларды іздеу режимінің күші жойылады.
- Осы санаттағы бірінші жазбадан бастап ойната бастау үшін санатты таңдаңыз, содан кейін **▶**/SEL түймесін басып тұрыңыз.
- Алдыңғы операцияға қайтып оралу үшін жазбаны таңдау кезінде 6 **↶** түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларды іздеу режимінің күшін жою үшін жазбаны таңдау кезінде 6  түймесін басып тұрыңыз.
- Егер жазбаны таңдағаннан кейін бес секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, осы файл ойнатыла бастайды.
- Жазбаларды іздеу режимінің күші iPod құрылғысымен операциялар жасаған кезде, мысалы, жазбаларды таңдау кезінде жойылады.

USB-жинақтағыштағы жазбаларды тыңдау

E00736501388

Аудиожүйеге USB құрылғыларын, мысалы, USB-жинақтағыштарды қосқан кезде осы құрылғылардағы жазбаларды тыңдауға болады.



САҚТАНДЫРУ

- USB құрылғыларын автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Автокөлікті басқару кезінде бұл құрылғыларды қолға ұстауға және пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- Қатты дискілерді немесе жад карталарын оқуға арналған құрылғыларды қолданбаңыз, себебі оларда сақталған деректер бүлінуі мүмкін. Егер олар қателікпен жалғанған болса, оталдыру жүйесінің құлпын LOCK күйіне ауыстырыңыз немесе аудиожүйені өшіріңіз, содан кейін жалғанған жабдықты ажыратыңыз.
- Деректерді жоғалту қаупі бар болғандықтан файлдардың резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.



САҚТАНДЫРУ

- USB құрылғыларының зақымданбайтынына немесе оларда сақталған деректердің жойылмайтынына ешқандай кепілдік берілмейді.
- Құрылғыларды пайдаланған кездегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар бүлінуі және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.



ЕСКЕРТПЕ

- Mass Storage Class хаттамасы істейтін цифрлық аудиоойнатқыштарды жалғауға болады.
- Жалғауға болатын USB құрылғыларының түрлері және ойнатыла алатын файлдардың түрлері (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер) туралы мәліметтерді алу үшін «Жалғанатын құрылғылардың түрлері және істейтін файлдардың форматтары» бөлімін қараңыз, 7-69-бет.
- USB құрылғыларын жалғау туралы мәлімет алу үшін «USB-жинақтағышты жалғау» бөлімін қараңыз, 7-68-бет.
- USB құрылғысын жалғаған кезде жалғағыш кабельді қолданыңыз. Кабельді қолданбастан жалғау ағытпаға жоғары жүктеме түсіруі және оны зақымдауы мүмкін.
- Автокөліктің қозғалысы кезінде қосқыш кабельді жалғау секілді қауіпті әрекеттерді жасамау үшін құрылғының толық баптауын жүргізіңіз.
- Қауіпсіздік мақсатында USB құрылғысын жалғағыңыз немесе ажыратқыңыз келсе, алдымен автокөлікті тоқтатыңыз.
- USB кіріс ағытпасына аудиоқұрылғылардан өзге құрылғыларды жалғауға тыйым салынады. Бұл құрылғыны немесе жабдықты зақымдауы мүмкін.
- USB құрылғысының күйіне байланысты құрылғының анықталуына және ойнатудың басталуына біршама уақыт қажет болуы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- USB құрылғысына байланысты USB құрылғысы жалғанып тұрған кезде бұл жүйенің түймелері жұмыс істемейді.
- Жалғаудың қолжетімсіздігі немесе функциялардың не интерфейс элементтерінің әртүрлі болуы USB құрылғысының техникалық сипаттамалары мен баптауларына байланысты болуы мүмкін.
- USB құрылғысының жадында орналасқан аудиофайлдардың сипаттамаларына байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
- Автокөліктің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Авторлық құқықпен қорғалған файлдарды ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.
- Бұл құрылғы MP3, WMA және AAC форматтарының файлдарын ойната алады.
- USB құрылғысының түріне байланысты оны пайдалану мүмкін емес немесе кейбір функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін.
- USB құрылғылары үшін ұсынылатын файл жүйесінің түрі — FAT32.
- USB құрылғыларының максималды істейтін көлемі — 32 Гб.
- Аудиожүйеге ішінде аудиофайлдары бар USB құрылғыларын жалғауға кеңес беріледі.

USB-жинақтағыштағы жазбаларды ойнату

Дыбыс көзі ретінде USB таңдау үшін MEDIA түймесін басыңыз. Таңдалған дыбыс көзі дисплейде көрсетіледі.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін **◀◀** не **▶▶** түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі не алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату

3 **◀◀** түймесін немесе 4 **▶▶** түймесін басып тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнатуға мүмкіндік береді.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.

Қайталап ойнату режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Файлды таңдаған кезде бұл режимнің күші жойылады.

Қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату режимі

1 RPT түймесін басып тұрыңыз.

Таңдалған қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Тіпті файлды таңдаған жағдайда да қалтадағы жазбаларды қайталап ойнату режимінің күші жойылмайды.

Қалтадағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Жазбаларды таңдалған қалтаның ішінде кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Тіпті файлды таңдаған жағдайда да қалтадағы жазбаларды кездейсоқ ойнату режимінің күші жойылмайды.

Барлық қалталардағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі

2 RDM түймесін басып тұрыңыз.

Барлық қалталардағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.
- Тіпті файлды таңдаған жағдайда да барлық қалталардағы жазбаларды кездейсоқ ойнату режимінің күші жойылмайды.

Сканерлеу режимінде ойнату (SCAN)

PTY/SCAN түймесін басыңыз.

USB-жинақтағыш жадындағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер осы режимде ойнатылып жатқан жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, сонда жазба қалыпты режимде ойнатылады.

Қалталардағы жазбаларды сканерлеу режимінде ойнату

PTY/SCAN түймесін басып тұрыңыз.





USB-жинақтағыштың әрбір қалтасындағы бірінші жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер осы режимде ойнатылып жатқан жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, сонда жазба қалыпты режимде ойнатылады.


Жазбаларды іздеу

Қалталар мен файлдарды іздеу және жазбаны таңдау.




1. Қалтаны таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.
 2.  /SEL түймесін басыңыз.
- Таңдалған қалтадағы файлдар көрсетіледі.
3. Файлды таңдау үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.
 4.  /SEL түймесін басыңыз.

Таңдалған файлды (жазбаны) ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбаларды іздеу режимінің күшін жою үшін қалтаны таңдау кезінде  түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қалтаны таңдағаннан кейін 10 секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, жазбаларды іздеу режимінің күші жойылады.
- Осы қалтадағы бірінші жазбадан бастап ойната бастау үшін қалтаны таңдаңыз,  /SEL түймесін басып тұрыңыз.
- Алдыңғы операцияға қайтып оралу үшін файлды таңдау кезінде  түймесін басыңыз.
- Жазбаларды іздеу режимінің күшін жою үшін файлды таңдау кезінде  түймесін басып тұрыңыз.
- Егер файлды таңдағаннан кейін бес секунд ішінде ешқандай әрекет орындалмаса, осы файл ойнатыла бастайды.
- Жазбаларды іздеу режимінің күші операциялар жасаған кезде, мысалы, жазбаларды таңдау кезінде жойылады.

iPod ойнатқышындағы / USB-жинақтағыштағы жазбаларды дауыспен басқару арқылы ойнату (Bluetooth® 2.0 жүйесімен жабдықталған автокөліктер үшін)

E00748700032


iPod/USB құрылғыларының жадында тұрған қажетті жазбаларды дауыспен басқарудың көмегімен таңдауға және ойнатуға болады. Сөйлеген сөзді анықтау және дауыстық командаларды беретін тұлғаларды тіркеу

туралы мәліметтерді «Bluetooth® 2.0 жүйесі» бөлімінен қараңыз, 7-46-бет. Төменде дауыспен басқаруды қолдануға дайындалу және дауыстық командалардың көмегімен жазбаларды ойнату тәртібі келтірілген.

Дауыспен басқаруды қолдануға дайындау

E00748800033

Дауыспен басқаруды қолдану үшін алдымен SPEECH (A) түймесін басыңыз.



Орындаушының аты-жөні бойынша іздеу

E00748900034

1. Бас мәзірде «Ойнату» деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі жалғанған құрылғыларды анықтауды бастайды.
Егер жалғанған құрылғыны анықтаудың реті болмай тұрса немесе қандай да бір жалғану қателігі туындаса, Bluetooth® 2.0 дауыстық нұсқаулардың тиісті жүйесін қосады. Жүйенің нұсқауларын орындаңыз.

2. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сұрақты қойған кезде: «Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?».
«Орындаушы» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер «Орындаушы <аты-жөні>» деп дауыстап айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.

3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сұрақты қойған кезде: «What Artist would you like to play?», орындаушыны атаңыз.
4. Егер тек бір ғана сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа ауысады.
5. Бірнеше сәйкестік анықталған жағдайда дауыстық нұсқаулар жүйесі «More than one match was found, would you like to play <орындаушының аты>?» сөйлемін дауыстап айтады. Егер сіз «Yes» деп жауап берсеңіз, жүйе 6-тармаққа ауысады.
«No» деп жауап берсеңіз, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі орындаушыны атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ұсынылған үш немесе барлық орындаушының атына «No» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Artist not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтады және жүйе 2-тармаққа қайтып оралады.
- Іздеу уақыты жалғанған құрылғының жадында сақталған композициялардың санына байланысты. Егер құрылғыда көп композиция сақталған болса, іздеу нәтижелеріне кері қайту үшін көбірек уақыт қажет болуы мүмкін.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Playing <орындаушының аты-жөні>» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін осы орындаушыға арналған ойнату тізімінің көрсеткіші құрастырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосулы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі аталған орындаушыны растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп айтыңыз. Қарсы болсаңыз, «No» деп жауап беріңіз. «Artist not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі 2-тармаққа қайтып оралады.

7. Дауыстық командаларды анықтау режиміндегі жұмыс аяқталады және ойнату басталады.

Альбомның атауы бойынша іздеу

E00749000032

1. Бас мәзірде «Ойнату» деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі жалғанған құрылғыларды анықтауды бастайды.
Егер жалғанған құрылғыны анықтаудың реті болмай тұрса немесе қандай да бір жалғану қателігі туындаса, Bluetooth® 2.0 дауыстық нұсқаулардың тиісті жүйесін қосады. Жүйенің нұсқауларын орындаңыз.

2. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сұрақты қойған кезде: «Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?».
«Альбом» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер «Альбом <атауы>» деп дауыстап айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.

3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «What Album would you like to play?» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін альбомды атаңыз.
4. Егер тек бір ғана сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа ауысады.
5. Бірнеше сәйкестік анықталған жағдайда дауыстық нұсқаулар жүйесі «More than one match was found, would you like to play <альбомның атауы>?» сөйлемін дауыстап айтады. Егер сіз «Yes» деп жауап берсеңіз, жүйе 6-тармаққа ауысады.
«No» деп жауап берсеңіз, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі альбомды атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ұсынылған үш немесе барлық альбомның атауына «No» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Album not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтады және жүйе 2-тармаққа қайтып оралады.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Playing <альбомның атауы>» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін осы альбомға арналған ойнату тізімінің көрсеткіші құрастырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосулы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі аталған альбомды растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп айтыңыз. Қарсы болсаңыз, «No» деп жауап беріңіз. «Album not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі 2-тармаққа қайтып оралады.

7. Дауыстық командаларды анықтау режиміндегі жұмыс аяқталады және ойнату басталады.

Ойнату тізімі бойынша іздеу

E00749100033

1. Бас мәзірде «Ойнату» деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі жалғанған құрылғыларды анықтауды бастайды. Егер жалғанған құрылғыны анықтаудың реті болмай тұрса немесе қандай да бір жалғану қателігі туындаса, Bluetooth® 2.0 дауыстық нұсқаулардың тиісті жүйесін қосады. Жүйенің нұсқауларын орындаңыз.

2. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сұрақты қойған кезде: «Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?». «Ойнату тізімі» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер «Ойнату тізімі <атауы>» деп дауыстап айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады. Егер құрылғының жадында ойнату тізімдері жоқ болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «There are no playlists stored on device» сөйлемін дауыстап айтады және 2-тармаққа қайтып оралады.

3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «What Playlist would you like to play?» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін ойнату тізімінің атауын дауыстап айтыңыз.

4. Егер тек бір ғана сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа ауысады.

5. Бірнеше сәйкестік анықталған жағдайда дауыстық нұсқаулар жүйесі «More than one match was found, would you like to play <ойнату тізімінің атауы>?» сөйлемін дауыстап айтады. Егер сіз «Yes» деп жауап берсеңіз, жүйе 6 тармаққа ауысады. «No» деп жауап берсеңіз, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі ойнату тізімін атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ұсынылған үш немесе барлық ойнату тізіміне «No» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Playlist not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтады және жүйе 2-тармаққа қайтып оралады.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Playing <ойнату тізімінің атауы>» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін осы ойнату тізіміне арналған көрсеткіш құрастырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосулы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі аталған ойнату тізімін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп айтыңыз. Қарсы болсаңыз, «No» деп жауап беріңіз. «Playlist not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі 2-тармаққа қайтып оралады. «Растау функциясын баптау» бөлімін қараңыз, 7-49-бет.

7. Дауыстық командаларды анықтау режиміндегі жұмыс аяқталады және ойнату басталады.

Жанр бойынша іздеу

E00749200034

1. Бас мәзірде «Ойнату» деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі жалғанған құрылғыларды анықтауды бастайды. Егер жалғанған құрылғыны анықтаудың реті болмай тұрса немесе қандай да бір жалғану қателігі туындаса, Bluetooth® 2.0 дауыстық нұсқаулардың тиісті жүйесін қосады. Жүйенің нұсқауларын орындаңыз.

2. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сұрақты қойған кезде: «Would you like to play by Artist, Album, Playlist or Genre?». «Жанр» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер «Жанр <атауы>» деп айтсаңыз, 3-тармақты өткізіп жіберуге болады.

3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «What Genre would you like to play?» сөйлемін айтқаннан кейін жанр атауын дауыстап айтыңыз.

4. Егер тек бір ғана сәйкестік табылса, жүйе 6-тармаққа ауысады.

5. Бірнеше сәйкестік анықталған жағдайда дауыстық нұсқаулар жүйесі «More than one match was found, would you like to play <жанрдың атауы>?» сөйлемін дауыстап айтады. Егер сіз «Yes» деп жауап берсеңіз, жүйе 6 тармаққа ауысады. «No» деп жауап берсеңіз, жүйе іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі жанрды атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ұсынылған үш немесе барлық жанрдың атауына «No» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Genre not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтады және жүйе 2-тармаққа қайтып оралады.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Playing <жанр атауы>» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін осы жанрға арналған көрсеткіш құрастырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі аталған жанрды растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп айтыңыз. Қарсы болсаңыз, «No» деп жауап беріңіз. «Genre not found, please try again» сөйлемін дауыстап айтқаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі 2-тармаққа қайтып оралады. «Растау функциясын баптау» бөлімін қараңыз, 7-49-бет.

7. Дауыстық командаларды анықтау режиміндегі жұмыс аяқталады және ойнату басталады.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды ойнату*

E00736701625

Аудиожүйе сатылымда бар Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғылардағы жазбаларды ойната алады.

САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті басқару кезінде бұл құрылғыларды қолға ұстауға және пайдалануға тыйым салынады. Бұл өте қауіпті.
- Bluetooth® интерфейсі бар құрылғыны автокөлік ішінде қараусыз қалдырмаңыз.
- Құрылғыларды пайдаланған кездегі әрекеттерге байланысты аудиофайлдар бүлінугі және жойылуы мүмкін, сондықтан деректердің резервтік көшірмесін жасап қоюға кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының түріне байланысты оны қолдану немесе оның кейбір функциялары қолжетімсіз болуы мүмкін.
- Қолданар алдында Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыларды пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз.
- Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының түріне байланысты дыбыс деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Дыбыс деңгейінің кенеттен ұлғаю ықтималдығы бар, сондықтан қолданар алдында дыбыс реттегішін минималды мәнге қойып алыңыз. → «Дыбыс деңгейін реттеу», 7-20-бет.
- Bluetooth® интерфейсі бар құрылғының күйіне байланысты құрылғының анықталуына және ойнатудың басталуына біршама уақыт қажет болуы мүмкін.
- Жалғаудың болмауы немесе функциялардың не интерфейс элементтерінің әртүрлі болуы Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының техникалық сипаттамалары мен баптауларына байланысты болуы мүмкін.
- Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының жадында орналасқан аудиофайлдардың сипаттамаларына байланысты жазбалар туралы ақпарат дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің немесе iPod/iPhone құрылғысының күйіне байланысты қозғалтқышты оталдырғаннан кейін ойнату мүмкін емес болуы ықтимал.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыны жалғау

Bluetooth® құрылғысын жалғау туралы мәліметтер алу үшін «Bluetooth® құрылғысының Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылу» бөлімін қараңыз, 7-52-бет. Төменде сипатталған әрекеттер жалғанып тұрған құрылғыға қатысты.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер iPod/iPhone құрылғысы жүйеге Bluetooth® интерфейсі арқылы жалғанса, онда iPod/iPhone кабелі қажет емес. Бұл тәсілдердің екеуін де қолданып бір мезгілде жалғау құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуіне алып келеді.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды ойнату

1. Дыбыс көзі ретінде Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыны таңдау үшін MEDIA түймесін басыңыз.

Таңдалған дыбыс көзі дисплейде көрсетіледі.

2. 5 **▶▶** түймесін басыңыз. Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғының интерфейсі арқылы аудиожазбаларды ойнату басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Ойнатуды тоқтата тұру үшін 5 **▶▶** түймесін басып тұрыңыз.
- Ойнатуды тоқтату үшін 6 **↶** түймесін басыңыз.

Жазбаны (файлды) таңдау

Жазбаны таңдау үшін **◀◀** не **▶▶** түймесін басыңыз.

Осы түймелердің көмегімен келесі не алдыңғы жазбаны таңдау жүзеге асырылады.

Ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнату

3 **◀◀** түймесін немесе 4 **▶▶** түймесін басып тұрыңыз.

Бұл түймелер ағымдағы жазбаны тура/кері ретпен жылдамдатып ойнатуға мүмкіндік береді.

Ойнату режимін өзгерту

Қайталап ойнату режимін, жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимін немесе сканерлеу режимінде ойнату режимін таңдауға болады.

Қайталап ойнату режимі (RPT)

1 RPT түймесін басыңыз.

Ағымдағы жазбаны қайталап ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- 1 RPT түймесін әрбір басқан сайын төмендегі ретпен режимдердің ауысуы орындалады: Repeat OFF (Қайталау өшірулі), 1 track repeat (Бір жазбаны қайталау), All track repeat (Барлық жазбаларды қайталау) және Repeat OFF (Қайталау өшірулі).

Жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату режимі (RDM)

2 RDM түймесін басыңыз.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды кездейсоқ тәртіппен ойнату.

ЕСКЕРТПЕ

- Түймені қайталап басқан кезде бұл режимнің күші жойылады.

Сканерлеу режимінде ойнату (SCAN)

PTY/SCAN түймесін басыңыз.

Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғының жадындағы әрбір жазбаның алғашқы 10 секундын рет-ретімен ойнату.


ЕСКЕРТПЕ

- Егер осы режимде ойнатылып жатқан жазбаны тыңдағыңыз келсе, осы түймені қайта басыңыз, сонда жазба қалыпты режимде ойнатылады.

Дисплейдегі индикация

E00738100059

Бұл бөлімде дисплейде көрсетілетін ақпарат сипатталады.



Дисплей режимін өзгерту

E00738500040

Дисплейде көрсетілетін ақпаратты ауыстырып қосуыңызға болады.

Дисплейде көрсетілетін ақпаратты ауыстырып қосу үшін DISP түймесін басыңыз.

DISP түймесі әрбір басылған кезде дисплейде көрсетілетін ақпарат өзгеріп отырады.

САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде дисплейде көрсетілетін ақпаратты ауыстыру қауіп төндіруі мүмкін, сондықтан бұл операцияға кіріспес бұрын оның қауіпсіз болатынына көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Көрсетілетін хабарламалардың максималды ұзындығы 11 таңбаны құрайды. Егер ұзындығы 12 немесе одан көп таңбадан тұратын хабарламаны көрсету қажет болса, келесі таңбаларды көрсету үшін PAGE түймесін басыңыз.

DAВцифрлық радиохабар тарату форматында радиостанциялардың тыңдау кезінде*

Ауыстырып қосу келесі тәртіппен жүзеге асырылады: «Сервистің атауы», «Топтың атауы» және «Арнаның нөмірі (CH ID)».

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қызметтің және топтың атауындағы мәтіндік ақпарат қолжетімсіз болса, дисплейде ештеңе көрсетілмейді.

CD-DA ойнатқанда

Ауыстырып қосу келесі тәртіппен жүзеге асырылады: «Дискінің атауы», «Жазбаның атауы» және «Жұмыс күйі».

ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетілетін мәтіндік ақпарат жоқ болса, дисплейде «NO TITLE» хабарламасы көрсетіледі.

MP3/WMA/AAC форматындағы файлдарды ойнатқанда

Ауыстырып қосу келесі тәртіппен жүзеге асырылады: «Қалтаның атауы», «Файлдың атауы» және «Жұмыс күйі».

ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетілетін мәтіндік ақпарат жоқ болса, дисплейде «NO TITLE» хабарламасы көрсетіледі.

ID3 атауларының (тегтерінің) көрсетілуі

DISP түймесін басып тұрыңыз.

Мұның нәтижесінде дисплей ID3 атауларының (тегтерінің) көрсетілуіне ауысады. DISP түймесі әрбір басылған кезде көрсетілетін ақпараттың келесі ретпен ауыстырылып қосылуы жүзеге асады: «Альбомның атауы», «Жазбаның атауы», «Орындаушының аты-жөні», «Жанрдың атауы»* және «Жұмыс күйі».

- * Бұл ақпарат түрі аудиофайлдарды USB құрылғысынан ойнатқан кезде көрсетіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер).

ЕСКЕРТПЕ

- ID3 атауларының (тегтерінің) көрсетілуі кезінде қалтаның атауын көрсетуге ауыстыру үшін DISP түймесін басып тұрыңыз.
- Жанр атауы көрсетілмеуі мүмкін.

iPod құрылғысындағы аудиожазбаларды ойнатқанда

E00738900015

Ауыстырып қосу келесі тәртіппен жүзеге асырылады: «Альбомдар», «Жазбаның атауы», «Орындаушының аты-жөні», «Жанрдың атауы»* және «Жұмыс күйі».

ЕСКЕРТПЕ

- Егер көрсетілетін мәтіндік ақпарат жоқ болса, дисплейде «NO TITLE» хабарламасы көрсетіледі.
- Жанрдың атауы тиісті жабдық болған жағдайда көрсетіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер).
- Жанр атауы көрсетілмеуі мүмкін.

Аудиожазбаларды Bluetooth® 2.0 интерфейсі арқылы ойнатқанда*

E00739000013

Деректер «iPod құрылғысындағы аудиожазбаларды ойнатқанда» бөліміне сәйкес келеді, 7-39-бет.

Дыбыс сапасын, теңгерімді және дыбыс деңгейін реттеу

E00738201233

Дыбыс сапасының баптауларын өзгерту.

Дыбыс сапасын, теңгерімді және дыбыс деңгейін реттеу

1. Баптау тармақтарын таңдау үшін **▶**/SEL түймесін басыңыз.

▶/SEL түймесін әрбір басқан сайын төмендегі ретпен баптаулардың ауысуы орындалады: BASS, TREBLE, FADER, BALANCE, SCV және Cancel (төмен жиіліктер, жоғары жиіліктер, алдыңғы және артқы динамиктердің теңгерімі, сол жақ және оң жақ динамиктердің теңгерімі, дыбыс деңгейін компенсациялау функциясы және баптаулар режимінен шығу).

2. Реттеуді орындау үшін **▶**/SEL реттегішін бұраңыз.

Баптау тармақтары	Сағат тіліне қарсы бағытта бұрау	Сағат тілінің бағытында бұрау
BASS	-6-дан 0-ге дейін (төмен жиіліктер деңгейін төмендету)	0-ден +6-ға дейін (төмен жиіліктер деңгейін жоғарылату)
TREBLE	-6-дан 0-ге дейін (жоғары жиіліктер деңгейін төмендету)	0-ден +6-ға дейін (жоғары жиіліктер деңгейін жоғарылату)

Баптау тармақтары	Сағат тіліне қарсы бағытта бұрау	Сағат тілінің бағытында бұрау
FADER	CENTER күйінен REAR 11 күйіне дейін (артқы динамиктердің дыбыс деңгейін ұлғайту)	FRONT 11 күйінен CENTER күйіне дейін (алдыңғы динамиктердің дыбыс деңгейін ұлғайту)
BALANCE	LEFT 11 күйінен CENTER күйіне дейін (сол жақ динамиктердің дыбыс деңгейін ұлғайту)	CENTER күйінен RIGHT 11 күйіне дейін (оң жақ динамиктердің дыбыс деңгейін ұлғайту)
SCV	OFF, LOW (дыбыс деңгейінің әлсіз компенсациясы)	MID, HIGH (дыбыс деңгейінің күшті компенсациясы)

Жүйе баптаулары

E00738301654

Жүйе баптауларын, мысалы, уақытты өзгерту.

1. MENU түймесін басыңыз.

2. Баптау тармақтарын таңдау үшін **▶**/SEL түймесін басыңыз.

▶/SEL түймесін әрбір басқан сайын төмендегі ретпен баптаулардың ауысуы орындалады: DAB settings*, Gracenote DB*, AF, REG, TP-S, PI-S, PTY language settings, PHONE settings, CT, Adjust time және Cancel (DAB баптаулары *, Gracenote деректер базасы *, AF, REG, TP-S, PI-S, PTY бағдарламаларының түрлерін индикациялау тілін таңдау, дауыстық хабарламалар тілі, телефон баптаулары, CT, уақыт баптауы және баптау режимінен шығу).

3. Баптауды орындау үшін **▶**/SEL реттегішін бұраңыз.

4. Баптауды растау үшін **▶**/SEL түймесін басыңыз.

Ағымдағы баптау аяқталады және жүйе келесі баптауға ауысады.

* Бұл баптау аудиофайлдарды ойнатқанда көрсетіледі (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер).

DAB баптауы *

DAB баптауларын өзгерту

Әдепкі бойынша қолданылатын зауыттық баптаулар қалың қаріппен белгіленген.

Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
DAB-DAB арнасының баптаулары	OFF	Сигнал әлсіз болғанда жүйе басқа сервиске ауысады.
	ON	
DAB диапазонының баптаулары	BAND III	Жүйе 174 пен 239 МГц аралығындағы радиохабар тарату диапазонына бапталады.
	L-BAND	Жүйе 1452 мен 1490 МГц аралығындағы радиохабар тарату диапазонына бапталады.
	BOTH	Жүйе Band III және L-Band радиохабар тарату диапазондарының екеуіне де бапталады.

RDS баптауы

RDS баптауларын өзгерту

Әдепкі бойынша қолданылатын зауыттық баптаулар қалың қаріппен белгіленген.

Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
AF балама жиілік функциясы	AF ON	Жүйе қабылдау жағдайлары нашарлағанда дәл сол станцияның басқа жиілігіне автоматты түрде бапталады.
	AF OFF	Жүйе қабылдау жағдайлары нашарлағанда дәл сол станцияның басқа жиілігіне автоматты түрде бапталмайды.
REG аймақтық радиостанцияларды қабылдауды шектеу функциясы	REG ON	Жүйе тыңдалып отырған бағдарлама таратылып жатқан жергілікті станцияның жиілігіне автоматты түрде бапталмайды.
	REG OFF	Жүйе тыңдалып отырған бағдарлама таратылып жатқан жергілікті станцияның жиілігіне автоматты түрде бапталады.

Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
TP-S жол қозғалысы туралы ақпарат	TP-S ON	Жол қозғалысы туралы хабарламаларды (TP станцияларын) автоматты түрде іздеу.
	TP-S OFF	Жүйе жол қозғалысы туралы хабарламаларды (TP станцияларын) автоматты түрде іздемейді.
PI-S бағдарламалар идентификаторы бойынша іздеу функциясы	PI-S ON	Қабылдау жағдайлары нашарлағанда жүйе алдын ала баптаулар жадында сақталған станцияға сәйкес келетін балама станцияны немесе жергілікті станцияны іздейді.
	PI-S OFF	Қабылдау жағдайлары нашарлағанда жүйе алдын ала баптаулар жадында сақталған станцияға сәйкес келетін балама станцияны немесе жергілікті станцияны іздемейді.


Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
PTY	ENGLISH	Бағдарламалар мазмұны (PTY) бойынша іздеу үшін экран тілін ағылшын тіліне баптау.
	FRANCAIS	Бағдарламалар мазмұны (PTY) бойынша іздеу үшін экран тілін француз тіліне баптау.
	DEUTSCH	Бағдарламалар мазмұны (PTY) бойынша іздеу үшін экран тілін неміс тіліне баптау.
	SVENSK	Бағдарламалар мазмұны (PTY) бойынша іздеу үшін экран тілін швед тіліне баптау.
	ESPANOL	Бағдарламалар мазмұны (PTY) бойынша іздеу үшін экран тілін испан тіліне баптау.
	ITALIANO	Бағдарламалар мазмұны (PTY) бойынша іздеу үшін экран тілін итальян тіліне баптау.


Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
СТ сағаты функциясы	CT ON	Жүйе жергілікті радиостанциялардың RDS сигналдары бойынша уақыт көрсеткіштерін автоматты түрде түзеп отырады.
	CT OFF	Жүйе жергілікті радиостанциялардың RDS сигналдары бойынша уақыт көрсеткіштерін автоматты түрде түзмейді.



* TP түймесін басу және жол қозғалысы туралы хабарламаларды күту режимін қосу қажет.

Уақытты баптау

СТ (CT OFF) RDS баптауын өшіру уақытты колмен баптауға мүмкіндік береді.


1. «Adjust time» уақытты реттеу экранында «YES» (Иә) нұсқасын таңдаңыз және  /SEL түймесін басыңыз.

Енді сағатты баптауға болады. Минуттарды баптау үшін  /SEL түймесін тағы бір рет басыңыз.

2. Көрсеткіштерді реттеу үшін  /SEL реттегішін бұраңыз.
3.  /SEL түймесін басыңыз.

Бұл түймені басу баптау процесін аяқтайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Сағатты баптауды аяқтау үшін секундтар 00 мәніне дейін нөлденбейінше  /SEL түймесін басып тұрыңыз.

Телефон баптаулары

Мобильді телефонға қонырау қабилдау кезінде дыбысты шығару баптаулары мен Bluetooth® 2.0 жүйесі тілінің баптауларын өзгерту. Орнатылған жүйенің ерекшеліктеріне байланысты телефон баптаулары қолжетімсіз болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Телефонның пернетақтаны блоктау секілді функцияларын өшіріп қойыңыз және оны күту режимі көрсетіліп тұрған кезде жүйеге жалғаныз.
- Мобильді телефон жүйеге жалғанып тұрған кезде оның функциялары (қонырауларды қабылдау және т. с. с.) дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- Жүйе мен мобильді телефонның арақашықтығына, автокөлік ішіндегі жағдайларға және кедергілердің бар-жоғына байланысты жалғау мүмкін емес болуы ықтимал. Мұндай жағдайда мобильді телефонды аудиожүйеге мүмкіндігінше жақынырақ орналастыру қажет.
- Тіпті Bluetooth® интерфейсі бар мобильді телефонды жалғаған жағдайда да параметрлер мен техникалық сипаттамаларға байланысты барлық функциялардың дұрыс жұмыс істейтініне кепілдік берілмейді.

 ЕСКЕРТПЕ
<ul style="list-style-type: none"> • Қауіпсіздік мақсатында автокөлікті басқару кезінде мобильді телефонды пайдалануға кеңес берілмейді. Мобильді телефонды қолданбас бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. • Тіпті Bluetooth® интерфейсі бар мобильді телефонды жалғанған жағдайда да телефон баптаулары мен сипаттамаларына байланысты экран элементтерінде өзгешеліктер немесе функциялардың дұрыс жұмыс істемеуі байқалуы мүмкін. • Кейбір модельдерде жалғанудың расталуы көрсетілмеуі немесе байланыстыру орын алмауы мүмкін.

Істейтін профильдер

Дауысты байланыс	HFP (v1.5)
Телефон анықтамалығын көшіру	OPP (v1.1), PBAP (v1.0)

Bluetooth® 2.0 жүйесі жоқ автокөліктер
Hands-free (дауысты байланыс) жабдығы (бөлек сатылады) жалғанған болуы тиіс.
Әдепкі бойынша қолданылатын зауыттық баптаулар қалың қаріппен белгіленген.

Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
PHONE OFF	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдау қолданылмайды.
PHONE MUTE	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде аудиожүйенің дыбысы өшіріледі.

Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
PHONE ATT	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде аудиожүйенің дыбысы барлық динамиктерге шығарылады.
PHONE IN-L	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде дыбыс сол жақ алдыңғы динамик арқылы шығарылады.
PHONE IN-R	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде дыбыс оң жақ алдыңғы динамик арқылы шығарылады.
PHONE IN-LR	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде дыбыс сол жақ және оң жақ алдыңғы динамиктер арқылы шығарылады.

Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер
Әдепкі бойынша қолданылатын зауыттық баптаулар қалың қаріппен белгіленген.




Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
PHONE IN баптаулары	PHONE IN-R	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде дыбыс оң жақ алдыңғы динамик арқылы шығарылады.
	PHONE IN-L	Қоңырауды мобильді телефонға қабылдаған кезде дыбыс сол жақ алдыңғы динамик арқылы шығарылады.

Баптаудың атауы	Баптаулардың параметрлері	Баптаулардың сипаттамасы
HFM дауыстық функциясына арналған тіл баптаулары	ENGLISH	Hands-free дауысты байланыс модулі дауысының тілін өзгерту.
	FRENCH	
	GERMAN	
	SPANISH	
	ITALIAN	
	DUTCH	
	PORTUGUESE	
	РУССКИЙ	

 ЕСКЕРТПЕ
• Автокөлік моделіне байланысты бұл баптаулар көрсетілмеуі мүмкін.

Gracenote DB (Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер үшін)

Бұл жерде нұсқа нөмірін тексеруге болады.

1. «Gracenote DB» таңдаңыз және  /SEL түймесін басыңыз.
2.  /SEL реттегішін бұраңыз және «DB Version» (Деректер базасының нұсқасы) тармағын таңдаңыз.
3.  /SEL түймесін басыңыз. Деректер базасының нұсқасы көрсетіледі.

Ақауларды іздеу және жою

E00738400081

Дисплейде хабарлама пайда болған немесе ақаулық туындаған жағдайда келесі жайттарды тексеріңіз.

Хабарлама пайда болса

Жағдайға байланысты аудиожүйе дисплейінде хабарламалар пайда болады.

Режим	Хабарлама	Себебі	Әрекеттер
CD	CHECK DISC	Диск аударылған күйде салынған.	Дискіні заттаңбасын жоғары қаратып салыңыз.
		Дискінің бетінде конденсат бар.	Дискіні қайта салмас бұрын аз уақыт күте тұрыңыз.
	DISC ERROR	Диск зақымдалған немесе деформацияланған.	Дискінің жұмыс бетін тазалаңыз.
		Диск ластанған.	
	INTERNAL E	Қандай да бір себепке байланысты жетектің ақаулығы.	Дискінің бүтіндей дұрыс қалпында екеніне көз жеткізіңіз және оны қайтадан аудиожүйеге салыңыз. Егер проблема жойылмаса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
HEAT ERROR	Аудиожүйе ішіндегі температура тым жоғары.	Дискіні шығарып алыңыз және температураның жұмыс мәніне дейін төмендеуін күтіңіз.	
USB	FILE ERROR	Ойнатыла алмайтын файлдар таңдалған.	Ойнатуға болатын файлдарды таңдаңыз. → «Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)», 7-15-бет.
	USB BUS PWR	Жүйедегі күшті/әлсіз ток немесе жоғары/төмен кернеу.	Қуатты өшіріңіз және сәл күте тұрыңыз. Егер проблема жойылмаса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
	LSI ERROR	Жүйеде қандай да бір себепке байланысты ішкі ақаулық бар.	
	UNSUPPORTED FORMAT	Форматтары істемейтін аудиофайлдарды ойнатуға әрекет жасалды.	Аудиофайлдарды ойнатуға болатынына көз жеткізіңіз. → «Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)», 7-15-бет.
	UNSUPPORTED DEVICE	Жалғанған USB құрылғысы істемейді.	Үйлесімді USB құрылғысын жалғаңыз.

Режим	Хабарлама	Себебі	Әрекеттер
iPod	NO SONG	Жалғанған iPod/iPhone құрылғысында жазбалар жоқ.	Ішінде жазбалары бар iPod/iPhone құрылғысын жалғаңыз.
	VER ERROR	iPod/iPhone бағдарламалық құралының бұл нұсқасы істемейді.	Бағдарламалық құралдың істейтін нұсқасын пайдаланыңыз.
Өзге ақпарат	ERROR DC	Динамиктерге тұрақты тоқтың шектен тыс кернеуі берілді.	Қуатты өшіріңіз және сәл күте тұрыңыз. Егер проблема жойылмаса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Ақаулық пайда болса

Төменде ақаулықтардың белгілері, себептері және оларды түзетуге арналған іс-әрекеттер келтірілген.

7

Белгілер	Себебі	Әрекеттер
Дыбыстың болмауы немесе тым бәсең дыбыс.	Минималды дыбыс деңгейі таңдалған.	Дыбыс деңгейін реттеңіз. → «Дыбыс деңгейін реттеу», 7-20-бет.
	Теңгерім реттегіші бір жағына қарай соңына дейін жылжытылған.	Дыбыс теңгерімін реттеңіз. → «Дыбыс сапасын, теңгерімді және дыбыс деңгейін реттеу», 7-40-бет.
Диск салынбайды.	Аудиожүйенің ішінде басқа диск бар.	Дискіні шығарып алыңыз. → «Компакт-дискіні салу және шығарып алу», 7-20-бет.
	Аудиожүйенің ішінде диск жоқ, бірақ ол диск бар деген хабарлама көрсетіп тұр.	Шығарып алу түймесін бір рет басыңыз. → «Компакт-дискіні салу және шығарып алу», 7-20-бет.
Аудиожүйе дискіні ойната алмай жатыр.	Диск аударылған күйде салынған.	Дискіні заттаңбасын жоғары қаратып салыңыз.
	Дискінің бетінде конденсат бар.	Дискіні қайта салмас бұрын аз уақыт күте тұрыңыз.
	Диск ластанған.	Дискінің жұмыс бетін тазалаңыз.
Бір жерде қайта-қайта дыбыс өткізіп жіберіледі.	Диск зақымдалған немесе ластанған.	Дискіні тексеріңіз.
Диск салынған болса да, дыбысы жоқ.	Дискінің зақымдалуы немесе ластануы деректердің оқыла алмайтынын білдіреді.	Дискіні тексеріңіз. Сонымен бірге CD-R/RW дискілерін қолданған жағдайда олардың сипаттамалары ойнауды мүмкін емес етуі мүмкін екенін ескеріңіз.

Link System байланыс жүйесі*

E00764502061

Link System байланыс жүйесі USB кіріс ағытпасына немесе Bluetooth® 2.0 жүйесіне жалғанатын құрылғыларға жалпы бақылау жүргізеді, бұл автокөліктегі штаттық басқару құралдарының немесе дауыстық командалардың көмегімен жалғанған құрылғыларды басқаруға мүмкіндік береді. Жүйені пайдалану тәртібі туралы мәліметтерді келесі бөлімдерден табуға болады:

«Bluetooth® 2.0 жүйесі», 7-46-бет.

«USB кіріс ағытпасы», 7-68-бет.

«USB-жинақтағыштағы жазбаларды тыңдау», 7-31-бет.

«iPod ойнатқышындағы / USB-жинақтағыштағы жазбаларды дауыспен басқару арқылы ойнату», 7-33-бет.

«Bluetooth® интерфейсі бар аудиокұрылғыдағы жазбаларды ойнату*», 7-36-бет.

Link System жүйесінің соңғы пайдаланушысымен лицензиялық келісім

E00764601124

Сіз ішінде MITSUBISHI MOTORS CORPORATION тарапынан Visteon Corporation компаниясы мен оның жеткізушілерінің лицензиясы бойынша қолданылатын бағдарламалық құралы бар құрылғыны сатып алдыңыз. Жеткізушілердің өнімдерінің толық тізімі мен соңғы пайдаланушымен лицензиялық

келісімнің мәтіндерін Интернетте төмендегі мекенжайдан табуға болады:

<http://www.jciblueconnect.com/faq/fulldisclosure.pdf>.

Bluetooth® 2.0 жүйесі*

E00726002866

Bluetooth® 2.0 жүйесі автокөлікте дауыстық командалардың көмегімен қоңырау шалуға және кіріс қоңырауларды қабылдауға мүмкіндік береді. Ол үшін халық арасында жай ғана Bluetooth® деп аталып кеткен Bluetooth® сымсыз байланыс технологиясы істейтін мобильді телефон қажет.

Сонымен бірге бұл жүйе Bluetooth® музыкалық ойнатқышында сақталған музыканы автокөліктің динамикалары арқылы ойнатуға мүмкіндік береді.

Жүйеде қолмен ұстап тұрмай-ақ (бір пернені басу арқылы телефонды қосу жеткілікті) қоңырау шалуға және белгіленген құрылым бойынша дауыстық командалардың көмегімен телефонды басқаруға мүмкіндік беретін дауыстық командаларды анықтау функциясы бар.

Bluetooth® 2.0 жүйесін оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылу тұрғанда ғана пайдалануға болады.

Bluetooth® 2.0 жүйесін қолданар алдында Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимін орнату қажет. «Bluetooth® құрылғысының Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылу» бөлімін қараңыз, 7-52-бет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Bluetooth® 2.0 жүйесінің телефонды қолға ұстамай-ақ қоңырау шалуға мүмкіндік беретініне қарамастан, қозғалыс кезінде мобильді телефонды пайдаланбақшы болсаңыз, бұл әрекеттің сізді автокөлікті қауіпсіз басқарудан аландатуына қадағалаңыз. Автокөлікті басқарудан аландататын кез келген әрекет, соның ішінде телефонмен сөйлесу жол-көлік оқиғасының туындау қаупін арттырады.
- Өз еліңізде қолданылатын көлік тізгінінде мобильді телефонды қолдануды регламенттейтін заңнамамен танысыңыз және оның талаптарын сақтаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер оталдыру жүйесінің құлпы ACC күйінде тұрса немесе ACC жұмыс режимі қосылып тұрса, белгілі уақыт аралығы өткеннен кейін электр жабдық қуаты автоматты түрде өшеді және Bluetooth® 2.0 жүйесін пайдалану мүмкін емес болады. Егер оталдыру жүйесінің құлпын басқа күйге ауыстырсаңыз немесе қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесінің көмегімен басқа жұмыс режимін қоссаңыз, электр жабдық қайтадан қуаттала бастайды. «Оталдыру жүйесі құлпының ACC күйінде электр қуатын автоматты түрде өшіру функциясы» бөлімін қараңыз, 6-12-бет.
- Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® құрылғысының батареясы отырған жағдайда, сондай-ақ құрылғының қуат көзі қосылмай тұрғанда қолданыла алмайды.
- Егер телефонның желіге қосылмаған болса, дауыстық командалардың көмегімен телефон байланысын орнату мүмкін емес.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Bluetooth® құрылғысы жүксалғышта орналасқан болса, Bluetooth® 2.0 жүйесін қолдану мүмкін емес болуы ықтимал.
- Кейбір Bluetooth® құрылғылары Bluetooth® 2.0 жүйесімен үйлеспейді.
- Bluetooth® 2.0 жүйесімен толығырақ MITSUBISHI MOTORS сайтында таныса аласыз.
«Басқа компаниялардың веб-сайттарына сілтемелер туралы ескертудің» шарттарын оқып шығыңыз және олармен келісетінінізді растаңыз, себебі бөтен сайтпен байланыс орнатылады:
<http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html>.
- БҚ мобильді телефон өндірушісі тарапынан жаңартылады, ол құрылғының әртүрлі байланыстыру функцияларын өзгертуі немесе жойып тастауы мүмкін.
- «ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесімен жабдықталған автокөліктерде шұғыл шақыру орындалып жатқан кезде Bluetooth® 2.0 жүйесін пайдалану мүмкін болмайды.

Рульдегі басқару құралдары және микрофон → 7-47-бет.

Дауыстық командаларды анықтау функциясы → 7-48-бет.

Пайдалы дауыстық командалар → 7-49-бет.

Дауыстық командаларды беруші тұлғалардың тізімін жасау → 7-51-бет.

Bluetooth® құрылғысының Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылу → 7-52-бет.


Bluetooth® интерфейсі бойынша жалғанған музыка ойнатқышын басқару → 7-58-бет.

Дауыстық командалардың көмегімен қоңырау шалу және қабылдау → 7-58-бет.

Телефон анықтамалығын пайдалану → 7-60-бет.

Рульдегі басқару құралдары және микрофон

E00727201406



- 1 — дыбыс деңгейін арттыру түймесі
- 2 — дыбыс деңгейін азайту түймесі
- 3 — SPEECH түймесі
- 4 — PICK-UP түймесі
- 5 — HANG-UP түймесі
- 6 — микрофон

Дыбыс деңгейін арттыру түймесі

Дыбыс деңгейін арттыру үшін осы түймені басыңыз.

Дыбыс деңгейін азайту түймесі

Дыбыс деңгейін азайту үшін осы түймені басыңыз.

SPEECH түймесі

- Осы түймені басу арқылы дауыстық командаларды анықтау режиміне ауысу орындалады.
Бұл режим қосылған кезде аудиожүйенің дисплейінде «Listening» жазуы пайда болады.
- Егер дауыстық командаларды анықтау режимінде осы түймені тез бассаңыз, хабарламалардың дисплейге шығарылуы үзіледі, осыдан кейін дауыстық команданы беруге болады.
Ұзақ басып тұрған кезде дауыстық командаларды анықтау режимі өшеді.
- Сөйлесу кезінде осы түймені басып қалған жағдайда дауыстық командаларды анықтау режимі қосылады, осыдан кейін дауыстық команданы беруге болады.

PICK-UP түймесі

- Осы түймені басу арқылы кіріс қоңырауға жауап беріледі.
- Егер сөйлесу кезінде және бір кіріс қоңырау келіп тұрса, осы түймені басу арқылы бірінші қоңырауды күту режиміне ауыстыруға және екінші қоңырауға жауап беруге болады.

- Осыдан кейін сол түймені басып қалу арқылы екі абоненттің арасында ауыстырып отыруға болады. Яғни қайталап басқаннан кейін бірінші сөйлесушіңізге қайта қосыласыз, ал екіншісі ұстап тұру режиміне ауысады.
- Үш тараптық сөйлесуді ұйымдастыру үшін дауыстық басқару режиміне кіру мақсатында SPEECH түймесін басыңыз, осыдан кейін «Join calls» («Қоңырауларды біріктіріңіз») деп айтыңыз.

HANG-UP түймесі

- Осы түймені басу арқылы кіріс қоңырауды қабылдаудан бас тарту немесе байланысты аяқтау жүзеге асырылады.
- Сөйлесу кезінде бұл түймені басу ағымдағы байланысты аяқтайды. Егер осы кезде күту режимінде тағы бір қоңырау бар болса, автоматты түрде соған ауысу орын алады.
- Дауыстық командаларды анықтау режимінде осы түймені басқан жағдайда бұл режим өшеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер дауыстық командаларды анықтау режиміне кіру үшін SPEECH түймесін бассаңыз, мобильді телефонды жүйеге қосқаннан кейін аудиожүйенің дисплейінде телефон туралы бүкіл ақпарат, яғни батареяның қалған қуат деңгейі, қабылданып тұрған сигнал деңгейі, роуминг және т. б. көрсетіледі.*
* Кейбір телефон модельдері бұл мәліметтерді Bluetooth® 2.0 жүйесіне жібермеуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесінің көмегімен қоңырауды ұстап тұруды және үш тарапты қоңырауларды ұйымдастыруды тек бұл функциялар сіздің мобильді телефоныңызда істейтін болса ғана жүзеге асыруға болады.

Микрофон

Дауыстық командалар төбе консоліне кіріктірілген микрофонның көмегімен қабылданады, бұл қолдарыңызды пайдаланбай-ақ қоңырау шалуға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер мобильді телефон микрофонның тікелей жанында орналасса, бұл дыбыс сапасын нашарлатуы мүмкін. Мұндай жағдайда мобильді телефонды микрофоннан мүмкіндігінше алысырақ қойыңыз.

Дауыстық командаларды анықтау функциясы

E00727301670

Bluetooth® 2.0 жүйесінің дауыстық командаларды анықтау функциясы бар. Жай ғана дауыстық командаларды дауыстап айта отырып әртүрлі операцияларды орындауға, сондай-ақ телефонды қолға ұстамай-ақ қоңырау шалуға және қабылдауға болады.

Bluetooth® 2.0 жүйесінде ағылшын, француз, испан, итальян, неміс, нидерланд, португал және орыс тілдерінде берілетін дауыстық командаларды ажыратып тану істейді. Әдепкі бойынша орнату — ағылшын немесе орыс тілі.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер берген командаңыз бағдарламаға тіркелген командалардың бір де бірімен сәйкес келмесе немесе Bluetooth® 2.0 жүйесі қатты шудан немесе басқа себептен оны анықтай алмаса, жүйе сізден команданы 3 ретке дейін қайталауды сұрайды.
- Үздіксіз жұмыс істеу және дауыстық командаларды беру кезінде шу деңгейін басу үшін автокөлік терезелерін жабыңыз, желдеткіштің айналу жылдамдығын азайтыңыз және жолаушылармен әңгімелесуді доғара тұрыңыз.
- Кейбір дауыстық командалардың балама нұсқалары бар.
- Таңдалған тілге байланысты кейбір функциялар қолжетімсіз болуы мүмкін.

Тілді таңдау

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Language» («Тіл») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select a language: English, French, Spanish, Italian, German, Dutch, Portuguese or Russian» («Тілді таңдаңыз: ағылшын, француз, испан, итальян, неміс, нидерланд, португал немесе орыс тілі»). Қажетті тілді атаңыз. (Мысалы, «English») («Ағылшын тілі»).

5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегідей жауап береді: «English (French, Spanish, Italian, German, Dutch, Portuguese or Russian) selected. Is this correct?» («Ағылшын (француз, испан, итальян, неміс, голланд, португал немесе орыс) тілі таңдалды. Дұрыс па?»). «Yes» («Иә») деп жауап беріңіз. 4-тармаққа қайтып оралу үшін «No» («Жок») деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Дауыстық нұсқаулар жүйесі бір хабарламаны екі рет айтады: бірінші рет — қазіргі бапталған тілде, екінші рет — сіз таңдаған тілде.
- Егер автокөліктің телефон анықтамалығында жазбалар көп болса, тілді ауыстыру көбірек уақыт алады.
- Тілді ауыстырған кезде Bluetooth® 2.0 жүйесіне импортталған телефон анықтамалығы жойылады. Телефон анықтамалығын қолдану үшін оны қайталап импорттау қажет.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сөйлемді айтқан кезде: «English (French, Spanish, Italian, German, Dutch, Portuguese немесе Russian) selected» («Ағылшын (француз, испан, итальян, неміс, голланд, португал немесе орыс) тілі таңдалды»), тілді ауыстыру рәсімі аяқталады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

Пайдалы дауыстық командалар

E00760000019

Көмек функциясы

E00760100010

Bluetooth® 2.0 жүйесінің көмек функциясы бар. Егер жүйе команданы күту режимінде тұрған кезде «Help» («Анықтама») деп айтсаңыз, оған жауап ретінде қазіргі сәтте қолдануға болатын командалардың тізімі беріледі.

Шығу функциясы

E00760201034

Жүйенің 2 шығу функциясы бар. Егер бас мәзірге болсаңыз, Bluetooth® 2.0 жүйесінен шығу үшін «Cancel» («Болдырмау») деп айтыңыз. Егер бас мәзірге болмасаңыз, «Cancel» командасын айтқаннан кейін жүйе бас мәзірге өтеді.

ЕСКЕРТПЕ

- «Go Back» («Артқа қайту») (қарастырылған болса) командасын айту арқылы алдыңғы мәзірге қайтып оралуыңызға болады.

Раптау функциясын баптау

E00760400013

Bluetooth® 2.0 жүйесінің раптау функциясы бар. Қосулы тұрған раптау функциясы Bluetooth® 2.0 жүйесінің әртүрлі баптауларын жүргізген кезде әдеттегі режиммен салыстырғанда командалардың көбірек расталу мүмкіндігін

береді. Ол баптаулардың кездейсоқ өзгертілу ықтималдығын төмендетеді. Раптау функциясын қосу және өшіру келесі жолмен жүзеге асырылады:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Confirmation prompts» («Раптау сөзкөмектері») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Confirmation prompts are <on/off>. Would you like to turn confirmation prompts <on/off>» («Раптау функциясы <қосулы/өшірулі>. Ағымдағы баптауларды өзгерткіңіз келе ме?»). Ағымдағы баптауларды өзгерту үшін «Yes» деп, ал ағымдағы баптауларды сақтап қалу үшін «No» деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Confirmation prompts are <on/off>» («Раптау функциясы <қосулы/өшірулі>»), осыдан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

Қорғаныс функциясы

E00760500043

Өз баптауларыңыздың қорғанысы ретінде Bluetooth® 2.0 жүйесіне құпиясөз белгілеп қоюға болады. Егер қорғаныс функциясы қосулы болса, қоңырауларды қабылдаудан басқа Bluetooth® 2.0 жүйесінің барлық функцияларын пайдалана алу үшін дауыстап 4 саннан тұратын құпиясөзді енгізу қажет.

Күпиясөзді белгілеу

Қорғаныс функциясын қосу және күпиясөзді белгілеу үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Password» («Күпиясөз») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Password is disabled. Would you like to enable it?» («Күпиясөз өшірулі. Оны белгілеңіз келе ме?»). «Yes» («Иә») деп жауап беріңіз.
Күпиясөзді енгізуден бас тарту және бас мәзірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say a 4-digit password. Remember this password. It will be required to use this system» («Төрт таңбалы күпиясөзді айтыңыз. Осы күпиясөзді есіңізге сақтаңыз. Ол жүйені пайдалану үшін қажет»).
6. Растау үшін дауыстық нұсқаулар жүйесі «Password <таңдалған төрт таңбалы күпиясөз>. Is this correct?» («Күпиясөз <таңдалған төрт таңбалы күпиясөз>. Дұрыс па?») деп сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз. 5-тармаққа қайтып оралу және басқа күпиясөзді енгізу үшін «No» деп жауап беріңіз.
7. Күпиясөзді тіркеу аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі «Password is enabled» («Күпиясөз белгіленді») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Жүйеге кіру үшін оталдыру жүйесін келесі рет қосқаннан кейін күпиясөзді енгізу қажет болады.
- Қозғалтқышты өшіргеннен кейін күпиясөз жүйеге нақты тіркелуі үшін біршама уақыт қажет болады.
Егер оталдыру жүйесінің кілтін ACC не ON күйіне ауыстыру, ACC не ON жұмыс режимін қосу немесе қозғалтқышты оталдыру қозғалтқышты өшіргеннен кейін бірден жасалса, енгізілген күпиясөз жүйеге тіркелмеуі мүмкін. Бұл жағдайда күпиясөзді тағы бір рет енгізіп көріңіз.

Күпиясөзді енгізу

Егер бұған дейін қорғаныс функциясы іске қосылған және күпиясөз енгізілген болса, дауыстық командаларды анықтау режиміне кіру үшін SPEECH түймесін басқаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Hands-free system is locked. State the password to continue» («Жүйе блокталған. Жалғастыру үшін күпиясөзді атаңыз»). Бұл ретте бұған дейін берілген төрт таңбалы күпиясөзді дауыстап айту қажет.

Егер дұрыс емес күпиясөз айтылған болса, жүйе: «<төрт таңбалы күпиясөз>, Incorrect password. Please try again» («<төрт таңбалы күпиясөз>, бұрыс күпиясөз. Тағы бір рет енгізіп көріңіз») деп айтады. Дұрыс күпиясөзді енгізу қажет.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Күпиясөзді қалауыңыз бойынша өзгертуге болады, күпиясөзді ауыстыру саны шектелмеген.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер күпиясөзді ұмытқан болсаңыз, дауыспен басқару режимінен шығу үшін «Cancel» («Болдырмау») деп айтыңыз және MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Күпиясөздің күшін жою

Қорғаныс функциясын өшіру және күпиясөздің күшін жою үшін төменде көрсетілген әрекеттерді жасаныз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Күпиясөздің күшін жою үшін күпиясөзді енгізу арқылы жүйені блоктан шығару қажет.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Password» («Күпиясөз») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Password is enabled. Would you like to disable it?» («Күпиясөз белгіленген. Оны өшіргіңіз келе ме?»). «Yes» деп жауап беріңіз.
Күпиясөздің күшін жоюдан бас тарту және бас мәзірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.
5. Күпиясөздің күшін жою аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі «Password is disabled» («Күпиясөз өшірілді») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

Дауыстық командаларды беруші тұлғалардың тізімін жасау

E00727400238

Bluetooth® 2.0 жүйесінде дауыстық командаларды беруші тұлғалардың тізімін жасау функциясы бар, ол қолданыста бар тілдердің әрқайсысында бір адамға арналған дауыс моделін жасауға мүмкіндік береді. Бұл Bluetooth® 2.0 жүйесіне сіздің айтқан дауыстық командаларыңызды жеңілдіре ажыратып тануға мүмкіндік береді. Тізімге кіргізілген дауыстық модельдерді қолдануды қалауыңыз бойынша қосуға және өшіруге болады.

Дауыс моделін жасау

E00727501467

Бір адамның дауыс моделін жасау 2 минуттан 3 минутқа дейін уақыт алады. Оңтайлы нәтиже алу үшін бұл рәсімді жүргізуші орындығында отырып, барынша тыныш жағдайларда (жауын-шашын және күшті жел жоқ күні, терезелерді жауып қойып) жүргізуге кеңес беріледі. Рәсімнің ортасынан үзілуін болдырмау үшін мобильді телефонныңды өшіріп қойыңыз. Дауыс моделін жасау төмендегідей жолмен жүргізіледі:

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, М/Т бар автокөлікте берілістерді ауыстыру тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне, CVT бар автокөлікте селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде дауыс моделін жасау мүмкін емес. Баптауды бастамас бұрын автокөліктің қауіпсіз жерге тоқтатылғанына көз жеткізіңіз.

2. SPEECH түймесін басыңыз.
3. «Voice training» («Дауысты үйрету») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегідей жауап береді: «This operation must be performed in a quiet environment while the vehicle is stopped. See the owner's manual for the list of required training phrases. Press and release the SPEECH button when you are ready to begin. Press the HANG-UP button to cancel at any time» («Бұл операция тыныш жағдайда, қозғалыссыз тұрған автокөлікте орындалуы тиіс. Дауыс моделіне арналған сөйлемдер тізімін алу үшін пайдалану нұсқаулығын қараңыз. Дайын болған кезіңізде SPEECH түймесін басыңыз да жіберіңіз. Кез келген сәтте шығып кету үшін HANG-UP түймесін басыңыз»). Осыдан кейін дауыс моделін жасау үшін SPEECH түймесін басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер SPEECH түймесін басқаннан кейін 3 минуттың ішінде дауыс моделін жасауды бастамасаңыз, жүйе автоматты түрде бұл режимнен шығады.

Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Speaker enrollment has timed out» («Дауыс моделін жасауға берілген уақыт аяқталды»). Осыдан кейін дыбыс сигналы беріледі және дауыстық командалардың анықтау режимі өшеді.

5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі 1-сөйлемді дауыстап айтуды ұсынады. «Дауыс моделін жасауға арналған командалар» (7-67-бет) кестесіндегі тиісті сөйлемді дауыстап айтыңыз.

Жүйе сіздің дауысыңызды тіркеп алады және келесі команданы жазуға ауысады. Жүйе барлық қажетті сөйлемдерді тіркеп алғанша жалғастыра беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Модель жасау кезінде соңғы сөйлемді қайталау үшін SPEECH түймесін басып жіберіңіз.
- Егер дауыс моделін жасау кезінде HANG-UP түймесін басасаңыз, жүйе дыбыс сигналын береді және дауыс моделін жасау процесін тоқтатады.

6. Барлық қажетті сөйлемдерді оқығаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Speaker enrollment is complete» («Дауыс моделі жасалды»). Осыдан кейін жүйе дауыс моделін жасауды аяқтайды да, бас мәзірге қайтып оралады.

ЕСКЕРТПЕ

- Дауыс моделін жасау аяқталғаннан кейін пайдалану үшін ол автоматты түрде қосылады.
- Бұл режимде «Help» («Анықтама») және «Cancel» («Болдырмау») командалары қолжетімсіз.

7

Дауыс моделін қосу және өшіру, басқа модель жасау

E00727600100

Тізімге кіргізілген дауыстық модельдерді қолдануды қалауыңыз бойынша қосуға және өшіруге болады.

Сонымен бірге басқа адамға арналған тағы бір модель жасауға болады.

Ол үшін келесі әрекеттерді жасаңыз:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Voice training» («Дауысты үйрету») деп айтыңыз.
3. Егер бұған дейін тым болмаса бір модель жасалған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Enrollment is enabled. Would you like to disable or retrain?» («Дауыс моделі қосылды. Оны өшіргіңіз немесе жаңасын жасағыңыз келе ме?») немесе «Enrollment is disabled. Would you like to enable or retrain?» («Дауыс моделі өшірілді. Оны қосқыңыз немесе жаңасын жасағыңыз келе ме?») деп айтады.
4. Егер жүйе «enabled» десе, дауыс моделі қосылды, «disabled» десе — өшірілді. Өзіңізге қажетті команданы айтыңыз.

Жаңа дауыс моделін жасауды бастау үшін «Retrain» («Үйретуді қайталау») деп айтыңыз («Дауыс моделін жасау» бөлімін қараңыз, 7-51-бет).

Bluetooth® құрылғысының Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылу

E00760601953

Дауыстық командалардың көмегімен қоңыраулар шалмас және қабылдамас бұрын, сондай-ақ Bluetooth® 2.0 жүйесінің функциясын қолдана отырып музыка тындамас бұрын Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимін орнату қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Жұптастыру режимін орнату тек құрылғыны бірінші рет қолданған кезде ғана қажет болады. Құрылғы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимі орнатылғаннан кейін келесі жолы сізге құрылғыны автокөлікке алып келу ғана жеткілікті болады, сонда ол Bluetooth® 2.0 жүйесіне автоматты түрде қосылады (егер құрылғыда мұндай мүмкіндік істейтін болса). Құрылғыны жалғау үшін Bluetooth® функциясы қосылуы тиіс.

Bluetooth® 2.0 жүйесіне ең көбі 7 Bluetooth® құрылғысы тіркелген бола алады. Егер автокөлік ішінде бірнеше тіркелген Bluetooth® құрылғысы орналасса, Bluetooth® 2.0 жүйесіне бұған дейін соңғы болып қосылған мобильді телефон немесе музыка ойнатқышы автоматты түрде жалғанады.

Бұл ретте жалғанған Bluetooth® құрылғысын ауыстыруға болады.

Жұптастыру режимін орнату

Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесін жұптастыру режимін екі түрлі тәсілдің бірімен (1-түр немесе 2-түр) орнатуға болады.

■ Жұптастыру режимін орнату (1-түр)*

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, М/Т бар автокөлікте берілістерді ауыстыру тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне, CVT бар автокөлікте селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктің қозғалысы кезінде кез келген Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимін орнату мүмкін емес. Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимін орнатуға кіріспес бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

2. SPEECH түймесін басыңыз.
3. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
4. «Pairing Options» («Жұптастыру режимінің баптаулары») деп айтыңыз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: pair, edit, delete, or list» («Әрекетті таңдаңыз: жұптастыру режимін орнату, өңдеу, жою немесе тізіп көрсету»). «Pair» («Жұптастыру режимін орнату») деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жұптастыру режимі 7 құрылғымен орнатылып қойған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Maximum devices paired» («Құрылғылардың максималды саны») деп айтады, содан кейін жұптастыру режимін орнату процесін аяқтайды. Жаңа құрылғыны тіркеу үшін бұрынғы құрылғылардың бірін жойыңыз, содан кейін жұптастыру режимін орнату процесін қайталаңыз («Құрылғыны жою» бөлімін қараңыз, 7-56-бет).

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say a 4-digit pairing code» («Жұптың төрт таңбалы кодтың атыңыз»). Қандай да бір төрт таңбалы санды атаңыз.

Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе енгізілген нөмірдің қабылданатынын не қабылданбайтынын растайды. «Yes» деп жауап беріңіз.

Тіркелу кодтың таңдауға қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Кейбір Bluetooth® құрылғыларына нақты тіркелу кодтың енгізуі қажет болады. Тіркелу кодына қойылатын талаптар туралы құрылғының пайдалану нұсқаулығынан білуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Енгізілетін тіркелу коды тек Bluetooth® қосылысын сертификаттау үшін ғана қолданылады. Пайдаланушы таңдайтын кез келген төрт таңбалы сан кодтың қызметін атқарады.

Төрт таңбалы кодты есіңізге сақтаңыз, себебі кейін оны жұптастыру режимін орнату барысында Bluetooth® құрылғысына енгізу қажет болады.

Bluetooth® құрылғысының қосылу баптауларына байланысты Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесіне әрбір жалғаған сайын осы кодты енгізіп отыру қажет болуы мүмкін. Қосылыстың әдепкі бойынша орнатылған баптаулары туралы құрылғының пайдалану нұсқаулығынан білуге болады.

7. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Start pairing procedure on the device. See the device manual for instructions» («Жұптастыру режимін орнату рәсімінің басталуы. Нұсқаулар алу үшін құрылғының пайдалану нұсқаулығын қараңыз»). Bluetooth® құрылғысына 6-тармақты орындау барысында тіркелген төрт таңбалы кодты енгізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүйеге жалғанатын Bluetooth® құрылғысына байланысты Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылатын Bluetooth® құрылғымен жұптастыру режимін орнату үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® құрылғысын анықтай алмаса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Pairing has timed out» («Жұптастыру режимін орнатуға арналған уақыт аяқталды») деп айтады және жұптастыру режимін орнату процесінің күші жойылады. Тіркеліп жатқан құрылғыда Bluetooth® технологиясы істейтініне көз жеткізіңіз және жұптастыру режимін орнату әрекетін қайталаңыз.

- Дұрыс емес код енгізілген жағдайда дауыстық нұсқаулар жүйесі «Pairing failed» («Жұптастыру режимін орнату қателігі») деп айтады және жұптастыру режимін орнату процесінің күші жойылады. Кодтың дұрыс енгізілуін тексеріңіз және жұптастыру режимін орнату әрекетін қайталаңыз.

8. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say the name of the device after the beep» («Дыбыс сигналынан кейін құрылғының атын атаңыз»). Bluetooth® құрылғысына қандай да бір атауыңызға және оны құрылғының белгілемесі ретінде тіркеуіңізге болады. Дыбыс сигналынан кейін тіркегіңіз келетін атауы атаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосулы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі сіз атаған құрылғы белгілемесін дауыстап айтады және содан кейін: «Is this correct?» («Дұрыс па?») деп сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз. Құрылғының белгілемесін өзгерту үшін «No» деп жауап беріңіз, содан кейін құрылғының басқа атауын атаңыз.

9. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Pairing complete» («Жұптастыру режимі орнатылды») деп айтады және жұптастыру режимін орнату процесі аяқталады.

■ Жұптастыру режимін орнату (2-түр)*

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз, М/Т бар автокөлікте берілістерді ауыстыру тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне, CVT бар автокөлікте селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін тұрақ тежегішін қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

● Автокөліктің қозғалысы кезінде кез келген Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимін орнату мүмкін емес. Bluetooth® құрылғысы мен Bluetooth® 2.0 жүйесінің арасында жұптастыру режимін орнатуға кіріспес бұрын автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

2. SPEECH түймесін басыңыз.

3. «Pair Device» («Құрылғыны жұптастыру режимінде қосу») деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

● Төмендегі рәсімді (① — ③) сондай-ақ «Pair Device» командасын берудің орнына қолдануға болады. Қалауыңыз бойынша 3-қадамды келесі рәсімге алмастыруға болады.

① «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.

② «Pairing Options» («Жұптастыру режимінің баптаулары») деп айтыңыз.

③ Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: pair, edit, delete, or list» («Әрекетті таңдаңыз: жұптастыру режимін орнату, өңдеу, жою немесе тізіп көрсету»).

«Pair» («Жұптастыру режимін орнату») деп жауап беріңіз.

● Егер жұптастыру режимі 7 құрылғымен орнатылып қойған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Maximum devices paired» («Құрылғылардың максималды саны») деп айтады, содан кейін жұптастыру режимін орнату процесін аяқтайды. Жаңа құрылғыны тіркеу үшін бұрынғы құрылғылардың бірін жойыңыз, содан кейін жұптастыру режимін орнату процесін қайталаңыз («Құрылғыны жою» бөлімін қараңыз, 7-56-бет).

4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Start pairing procedure on the device. See the device manual for instructions» («Жұптастыру режимін орнату рәсімінің басталуы. Нұсқаулар алу үшін құрылғының пайдалану нұсқаулығын қараңыз»), содан кейін: «The pairing code is <pairing code>» («Тіркелу коды <тіркелу коды>») деп айтады.

ЕСКЕРТПЕ

● Кейбір Bluetooth® құрылғыларына нақты тіркелу кодын енгізу қажет болады. Тіркелу кодына қойылатын талаптар туралы құрылғының пайдалану нұсқаулығынан, «Егер құрылғы жұптастыру кодын талап етсе» (7-55-бет) бөлімінен білуге болады.

● Енгізілетін тіркелу коды тек Bluetooth® қосылысын сертификаттау үшін ғана қолданылады.

Bluetooth® құрылғысының қосылу баптауларына байланысты Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесіне әрбір жалған сайын осы коды енгізіп отыру қажет болуы мүмкін. Қосылыстың әдепкі бойынша орнатылған баптаулары туралы құрылғының пайдалану нұсқаулығынан білуге болады.

5. Bluetooth® құрылғысына 4-тармақты орындау барысында айтылған төрт таңбалы коды енгізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ

● Жүйеге жалғанатын Bluetooth® құрылғысына байланысты Bluetooth® 2.0 жүйесіне қосылатын құрылғымен жұптастыру режимін орнату үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.

● Егер Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® құрылғысын анықтай алмаса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Pairing has timed out» («Жұптастыру режимін орнатуға арналған уақыт аяқталды») деп айтады және жұптастыру режимін орнату процесінің күші жойылады. Тіркеліп жатқан құрылғыда Bluetooth® технологиясы істейтініне көз жеткізіңіз және жұптастыру режимін орнату әрекетін қайталаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Дұрыс емес код енгізілген жағдайда дауыстық нұсқаулар жүйесі «Pairing failed» («Жұптастыру режимін орнату кәтелігі») деп айтады және жұптастыру режимін орнату процесінің күші жойылады. Кодтың дұрыс енгізілуін тексеріңіз және жұптастыру режимін орнату әрекетін қайталаңыз. Егер құрылғы жұптастыру кодын талап етсе, жұптастыру кодын енгізу қажет. Жұптастыру кодына қойылатын талаптар пайдалану нұсқаулығында келтірілген. «Егер құрылғы жұптастыру кодын талап етсе» бөлімімен танысыңыз, 7-55-бет.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say the name of the device after the beep» («Дыбыс сигналынан кейін құрылғының атын атаңыз»). Bluetooth® құрылғысына қандай да бір ат қоюңызға және оны құрылғының белгілемесі ретінде тіркеуіңізге болады. Дыбыс сигналынан кейін тіркегіңіз келетін атты атаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер растау функциясы қосулы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі сіз атаған құрылғы белгілемесін дауыстап айтады және содан кейін: «Is this correct?» («Дұрыс па?») деп сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз. Құрылғының белгілемесін өзгерту үшін «No» деп жауап беріңіз, содан кейін құрылғының басқа атауын атаңыз.

7. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Pairing Complete. Would you like to import the contacts from your mobile device now?» («Жұптастыру режимі орнатылды. Қазір мобильді байланыс құрылғыңыздан контактілерді импорттағыңыз келе ме?») дейді. «Yes» («Иә») деп жауап беріңіз, сонда дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please wait while the contacts are imported. This may take several minutes to complete». («Контактілерді импорттау процесінің аяқталуын күтіңіз. Бұл бірнеше минутқа созылуы мүмкін»). Жұптастыру режимін орнату процесін аяқтау үшін «No» деп жауап беріңіз.

Егер құрылғы жұптастыру кодын талап етсе

Егер құрылғы жұптастыру кодын талап етсе, жұптастыру кодын енгізу қажет. Келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Pairing Options» («Жұптастыру режимінің баптаулары») деп айтыңыз.
4. «Set Code» («Кодты белгілеу») деп айтыңыз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Do you want the pairing code to be random or fixed?» («Жұптастырудың кездейсоқ немесе тұрақты кодын белгілеуді қалайсыз ба?») деп сұрайды. «Fixed» («Тұрақты») деп жауап беріңіз.
6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say a 4-digit pairing code» («Жұптың төрт таңбалы кодын атаңыз»). Қандай да бір төрт таңбалы санды атаңыз.

7. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Pairing code set to <pairing code>» («Жұптастыру коды <...>»). Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе енгізілген нөмірдің қабылданатынын не қабылданбайтынын растайды. «Yes» деп жауап беріңіз. 6-тармаққа қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз. 8. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Do you want to pair a device now?» («Жұптастыру режимін қазір орнатқыңыз келе ме?»). «Yes» деп айтыңыз, сонда жүйе жұптастыру режимін орнату рәсімінің 3-тармағына көшеді. «Жұптастыру режимін орнату (2-түр)» бөлімін қараңыз.

Құрылғыны таңдау

E00760701185

Егер автокөлік ішінде бірнеше тіркелген Bluetooth® құрылғысы орналасса, Bluetooth® 2.0 жүйесіне бұған дейін соңғы болып қосылған мобильді телефон немесе музыка ойнатқышы автоматты түрде жалғанады. Басқа тіркелген мобильді телефонды немесе музыка ойнатқышын жалғау үшін төмендегі баптауларды өзгерту операцияларын орындау қажет.

Мобильді телефонды таңдау

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Select phone» («Телефонды таңдау») деп айтыңыз.

4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Please sau» («Атаңыз») деп айтады, содан кейін соңғы рет қосылған телефоннан бастап тиісті мобильді телефондардың нөмірлері мен белгілемелерін ретімен атап көрсете бастайды.

Жалғағыңыз келетін мобильді телефон нөмірін атаңыз.

Егер растау функциясы қосылу болса, жүйе сіздің жалғағыңыз келетін аталған телефон нөмірін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп жауап беріңіз.

Егер «No» деп жауап берсеңіз, жүйе: «Please sau» («Атаңыз») деп айтады. Жалғағыңыз келетін телефон нөмірін атаңыз.

4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Please sau» («Атаңыз») деп айтады, содан кейін соңғы рет қосылған ойнатқыштан бастап тиісті музыка ойнатқыштарының нөмірлері мен белгілемелерін ретімен атап көрсете бастайды.

Жалғағыңыз келетін музыка ойнатқышының нөмірін атаңыз.

Егер растау функциясы қосылу болса, жүйе сіздің жалғағыңыз келетін аталған музыка ойнатқышының нөмірін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп жауап беріңіз.

Егер «No» деп жауап берсеңіз, жүйе: «Please sau» («Атаңыз») деп айтады. Жалғағыңыз келетін музыка ойнатқышының нөмірін атаңыз.

Құрылғыны жою

E00779500036

Тіркелген Bluetooth® құрылғысын Bluetooth® 2.0 жүйесінен жою келесі жолмен жүзеге асырылады:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Pairing Options» («Жұптастыру режимінің баптаулары») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: pair, edit, delete, or list» («Өрекетті таңдаңыз: жұптастыру режимін орнату, өңдеу, жою немесе тізіп көрсету»). «Delete» («Жою») деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Please sau» («Атаңыз») деп айтады, содан кейін соңғы рет қосылған құрылғыдан бастап тиісті құрылғылардың нөмірлері мен белгілемелерін ретімен атап көрсете бастайды. Барлық тіркелген құрылғыларды тізіп көрсеткеннен кейін жүйе «or all» («немесе барлығы») деп айтады. Жойғыңыз келетін құрылғы нөмірін атаңыз. Егер жүйеден барлық тіркелген телефондарды жойғыңыз келсе, «All» («Барлығы») деп айтыңыз.
6. Растау үшін дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Deleting <құрылғының белгілемесі> <нөмір>. Is this correct?» («Жою <құрылғының белгілемесі> <нөмір>. Дұрыс па?») немесе «Deleting all devices. Is this correct?» («Барлық құрылғыларды жою. Дұрыс па?»). Телефон(дар)ды жою үшін «Yes» деп жауап беріңіз.
- 4-тармаққа қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Телефонды SPEECH түймесін басу және нөмірді атау арқылы кез келген сәтте, тіпті жүйе барлық тіркелген мобильді телефондардың нөмірлері мен белгілемелерін атап шыққанға дейін жалғауға болады.

5. Таңдалған телефонды Bluetooth® 2.0 жүйесіне жалғау жүзеге асырылады. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «<құрылғының белгілемесі> selected» («<құрылғының белгілемесі> таңдалды»), содан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

Музыка ойнатқышын таңдау

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Select music player» («Музыка ойнатқышын таңдау») деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Музыка ойнатқышын SPEECH түймесін басу және нөмірді атау арқылы кез келген сәтте, тіпті жүйе барлық тіркелген музыка ойнатқыштарының нөмірлері мен белгілемелерін атап шыққанға дейін жалғауға болады.

5. Таңдалған музыка ойнатқышын Bluetooth® 2.0 жүйесіне жалғау жүзеге асырылады. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «<құрылғының белгілемесі> selected» («<құрылғының белгілемесі> таңдалды»), содан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

7. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Deleted» («Жойылды») деп айтады. Осымен құрылғыны жою процесі аяқталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қандай да бір себепке байланысты құрылғыны жою мүмкін болмаса, жүйе «Delete failed» («Жою қателігі») деп айтады және жоюдың күші жойылады.

Тіркелген Bluetooth® құрылғыларының тізімін тексеру

E00760800017

Тіркелген Bluetooth® құрылғыларының тізімін тексеру келесі жолмен жүзеге асырылады.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Pairing Options» («Жұптастыру режимінің баптаулары») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: pair, edit, delete, or list» («Өрекетті таңдаңыз: жұптастыру режимін орнату, өңдеу, жою немесе тізіп көрсету»). «List» («Тізіп көрсету») деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі соңғы болып қосылған Bluetooth® құрылғысынан бастап тиісті құрылғылардың белгілемелерін ретімен тізіп атай бастайды.
6. Барлық тіркелген Bluetooth® құрылғыларының белгілемелерін тізіп атағаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі: «End of list, would you like to start from the beginning?» («Тізімнің соңы. Басынан бастағыңыз келе ме?») деп сұрайды.

Құрылғылар тізімін тағы бір рет тыңдау үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Бас мәзірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер тізімді тыңдау кезінде SPEECH түймесін басып қайта жіберсеңіз және «Continue» («Жалғастыру») немесе «Previous» («Артқа») деп айтсаңыз, жүйе тізім бойынша алға немесе артқа жылжиды. Келесі (үлкен) нөмірі бар құрылғыға өту үшін «Continue» («Жалғастыру»), алдыңғы құрылғыға қайтып оралу үшін «Previous» («Артқа») деп айтыңыз.
- Құрылғының белгілемесін өзгертуіңізге болады: ол үшін тізімді атау барысында SPEECH түймесін басып, қайта жіберу, содан кейін «Edit» («Өңдеу») деп айту қажет.
- Қосылып тұрған телефонды ауыстыруыңызға болады: ол үшін тізімді атау барысында SPEECH түймесін басып, қайта жіберу, содан кейін «Select phone» («Телефонды таңдау») деп айту қажет.
- Қосылып тұрған музыка ойнатқышын ауыстыруыңызға болады: ол үшін тізімді атау барысында SPEECH түймесін басып, қайта жіберу, содан кейін «Select music player» («Музыка ойнатқышын таңдау») деп айту қажет.

Құрылғының белгілемесін өзгерту

E00760900018

Тіркелген мобильді телефонның немесе музыка ойнатқышының белгілемесін өзгертуіңізге болады.

Құрылғының белгілемесін өзгерту келесі жолмен жүзеге асырылады:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Setup» («Баптау») деп айтыңыз.
3. «Pairing Options» («Жұптастыру режимінің баптаулары») деп айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: pair, edit, delete, or list» («Өрекетті таңдаңыз: жұптастыру режимін орнату, өңдеу, жою немесе тізіп көрсету»). «Edit» («Өңдеу») деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Please say» («Атаңыз») деп айтады, содан кейін соңғы рет қосылған Bluetooth® құрылғысынан бастап тиісті Bluetooth® құрылғыларының нөмірлері мен белгілемелерін ретімен атап көрсете бастайды. Барлық тіркелген құрылғылардың белгілемелерін тізіп атағаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі: «Which device, please?» («Құрылғылардың қайсысы?») деп айтады. Өзгертілуі тиіс құрылғы белгілемесінің нөмірін атаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тізімді атау барысында SPEECH түймесін басып, қайта жіберуіңізге, содан кейін бірден өзгертілуі тиіс құрылғының нөмірін атауыңызға болады.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «New name, please» («Жаңа атауды атаңыз»). Құрылғының жаңа белгілемесі ретінде тіркегіңіз келетін атауды атаңыз.

Егер растау функциясы қосулы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «<Құрылғының жаңа белгілемесі>. Is this correct?» («<Құрылғының жаңа белгілемесі>. Дұрыс па?»). «Yes» деп жауап беріңіз.

«No» деп жауап беру арқылы құрылғының жаңа белгілемесі ретінде тіркегіңіз келетін басқа атауды атауыңызға болады.

7. Құрылғының белгілемесі өзгертіледі.

Өзгерту процесі аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі: «New name saved» («Жаңа атау сақталды») деп айтады, осыдан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

Bluetooth® интерфейсі бойынша жалғанған музыка ойнатқышын басқару

E00761001824

Bluetooth® интерфейсі бойынша жалғанған музыка ойнатқышын басқару туралы мәліметтерді келесі бөлімдерден қараңыз:

Компакт-дискілер ойнатқышы бар LW/MW/FM диапазоңдарының радиоқабылдағышымен жабдықталған автокөліктер үшін

«Bluetooth® интерфейсі бар аудиоқұрылғыдағы жазбаларды ойнату *», 7-36-бет.

Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің навигация жүйесімен жабдықталған автокөліктер

Толығырақ ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

DISPLAY AUDIO сенсорлық басқаруы бар аудиожүйемен жабдықталған автокөліктер үшін

Толығырақ ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Дауыстық командалардың көмегімен қоңырау шалу және қабылдау

E00761100059

Bluetooth® 2.0 жүйесіне жалғанған Bluetooth® технологиясы істейтін мобильді телефонды пайдалана отырып дауыстық командалардың көмегімен қоңырау шала және қабылдай аласыз.

Сонымен бірге қоңырау шалу үшін телефон нөмірлерін терудің орнына Bluetooth® 2.0 жүйесіндегі телефон анықтамалықтарын пайдалануға болады.

Нөмірді теру — 7-58-бет.

SEND функциясы — 7-60-бет.

Қоңыраулар қабылдау — 7-60-бет.

MUTE функциясы (дыбысты өшіру) — 7-60-бет.

Hands-free режимі (дауысты байланыс режимі) мен кәдімгі режимді ауыстырып қосу — 7-60-бет.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер қоңыраулар тікелей мобильді телефоннан қабылданып немесе жасалып жатса, hands-free режимінде қоңырауларды басқару дұрыс жүзеге асырылмауы мүмкін.

Нөмірді теру

E00761200047

Bluetooth® 2.0 жүйесінің көмегімен қоңырау шалуды төмендегі үш түрлі тәсілмен жүзеге асыруға болады: телефон нөмірін айту, Bluetooth® 2.0 жүйесінің телефон анықтамалығын пайдалану немесе нөмірді қайталап теруді қолдану.

Абонентті телефон нөмірі бойынша шақыру

Қажетті абонентті оның телефон нөмірін дауыстап айту арқылы шақыруға болады.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Dial» («Теру») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Number please» («Нөмірді атаңыз») деп айтқаннан кейін телефон нөмірін дауыстап айтыңыз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Dialing <анықталған нөмір>» («Теру <анықталған нөмір>»). Осыдан кейін Bluetooth® 2.0 жүйесі шақыруды бастайды. Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе аталған нөмірді растауды сұрайды. Нөмірді растау үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Басқа нөмірді теру үшін «No» деп жауап беріңіз. Жүйе «Number please» деп айтқаннан кейін жаңа нөмірді атаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер нөмір ағылшын тілінде айтылып жатса, онда 0 санын «zero» немесе «oh» («o» әрпі) түрінде айтуға болады.
- Bluetooth® 2.0 жүйесінде «0-ден» «9-ға» дейінгі сандарды, сондай-ақ таңбаларды (+, # және *) теру істейді.
- Телефон нөмірінің келесі максималды ұзындығы пайдаланылады:
 - Халықаралық телефон нөмірі: «+» және телефон нөмірінің цифрлары (18-ден көп емес).
 - Халықаралық нөмірлерден басқа телефон нөмірлері: телефон нөмірінің цифрлары (19-дан көп емес).

Абонентті телефон анықтамалығының көмегімен шақыру

Қоңырауларды автокөлігіңіздің телефон анықтамалығының немесе Bluetooth® 2.0 жүйесінде тұрған мобильді телефон анықтамалығының көмегімен жасай аласыз. Телефон анықтамалықтары туралы мәліметтерді «Телефон анықтамалығын пайдалану» бөлімінен қараңыз, 7-60-бет.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Call» («Шақыру») деп айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөліктің телефон анықтамалығында немесе мобильді телефон анықтамалығында жазбалар болмаса, «Call» («Шақыру») командасын алғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегідей жауап береді: «The vehicle phonebook is empty. Would you like to add a new entry now?» («Телефон анықтамалығының іші бос. Жаңа жазба қосқыңыз келе ме?»). Егер «Yes» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Entering the phonebook - new entry menu» («Телефон анықтамалығына кіру — жаңа жазбалар мәзірі»). Осыдан кейін автокөліктің телефон анықтамалығына қажетті деректерді енгізуге болады. «No» жауабын алған жағдайда жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Name please» («Атын атаңыз») деп айтқан кезде өзіңізге қажетті абоненттің атын телефон анықтамалығына жазылған түрінде атаңыз.
4. Егер тек 1 ғана сәйкестік табылса, жүйе 5-тармаққа ауысады. Егер бірнеше сәйкестік бар болса, жүйе «More than one match was found, would you like to call <аталған аты>» («Біреуден көп сәйкестік табылды, <аталған аты> шақырғыңыз келе ме?») деп айтады. Егер дәл осы адамға қоңырау шалғыңыз келсе, «Yes» деп жауап беріңіз. Егер «No» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі іздеу критерийлеріне сәйкес келетін келесі адамды атайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер ұсынылған барлық аттарға «No» деп жауап берсеңіз, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Name not found, returning to main menu» («Аты табылмады, бас мәзірге қайту») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

5. Егер сіздің дауыстап айтқан атыңызбен тек 1 телефон нөмірі тіркелген болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі 6-тармаққа өтеді. Егер аталған атқа бірнеше тіркелген телефон нөмірі сәйкес болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Would you like to call <аты> at [home], [work], [mobile], or [other]?» («<Аты> [үй], [жұмыс], [мобильді] немесе [басқа] нөмірі бойынша шақырғыңыз келе ме?»). Қоңырау шалынуы тиіс телефонды таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөліктің телефон анықтамалығында аталған ат бойынша деректер бар, алайда телефон нөмірінің таңдалған түрі тіркелмеген болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегідей жауап береді: «[home / work / mobile / other] not found for <аты>. Would you like to add location or try again?» («<Атқа> арналған [үй / жұмыс / мобильді / басқа] телефон нөмірі табылмады. Нөмірді қосқыңыз немесе әрекетті қайталағыңыз келе ме?»). «Try again» («Әрекетті қайталау») деп айтыңыз, сонда жүйе 3-тармаққа қайтып оралады. «Add location» («Санатты қосу») деп айту арқылы тиісті түрдегі қосымша телефон нөмірін тіркей аласыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер мобильді телефонның анықтамалығында аталған ат бойынша деректер бар, алайда телефон нөмірінің таңдалған түрі тіркелмеген болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегідей жауап береді: «[home / work / mobile / other] not found for <аты>. Would you like to try again?» («<атқа> арналған [үй / жұмыс / мобильді / басқа] телефон нөмірі табылмады. Әрекетті қайталағыңыз келе ме?»). «Yes» деп жауап беріңіз, сонда жүйе 3-тармаққа кайтып оралады. «No» деп жауап берген жағдайда қоңырау шалу тоқтатылады. Қайтадан 1-тармақтан бастаңыз.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Calling <аты> телефон түрі» («Теру <аты> <телефон түрі>») деп айтады және телефон нөмірін теруді бастайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылу болса, жүйе шақырылып отырған абоненттің атын және телефон түрін растауды сұрайды. Таңдауды растау үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Егер басқа абонентке немесе сол абоненттің басқа нөміріне қоңырау шалғыңыз келсе, «No» деп жауап беріңіз. Жүйе 3-тармаққа кайтып оралады.

Қайталап теру

Жалғанған телефондағы терілген нөмірлер журналын қолдана отырып, соңғы терілген нөмірді теруді қайталауға болады. Ол үшін келесі әрекеттерді орынданңыз:

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Redial» («Қайталап теру») деп айтыңыз.

SEND функциясы

E00761300035

Нөмірді тондық режимде теру үшін дауыстық командаарды анықтау режиміне кіру мақсатында SPEECH түймесін басыңыз, содан кейін «<нөмір> SEND» («<нөмір> жіберу») деп айтыңыз.

Мысалы, егер қоңырау кезінде сізге автоматтандырылған жүйенің сұрауына жауап беру үшін тондық сигналдың берілуін имитациялау қажет болса, SPEECH түймесін басыңыз және мысал ретінде «1 2 3 4 round send» («1234 торкөз жіберу») деп айтыңыз. Осыдан кейін мобильді телефоннан 1234# жиынтығының сигналы беріледі.

Қоңырауларды қабылдау

E00761600025

Егер кіріс қоңырау келіп түскен кезде оталдыру жүйесінің құлы ON не ACC күйінде тұрса немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылу тұрса, тіпті өшірілген болса да аудио жүйе автоматты түрде қосылады және қоңырау қабылдау режиміне ауысады.

Дауыстық нұсқаулар жүйесінің дыбысы алдыңғы жолаушы орындығының жанында орналасқан динамик арқылы ойнатылады.

Егер қоңырау келіп түскен сәтте радиоқабылдағыш немесе компакт-дискілер ойнатқышы қосылу болса, олардың дыбысы өшіріледі және кіріс қоңырау ойнатылады.

Қоңырауды қабылдау үшін рульдегі PICK-UP түймесін басыңыз.

Қоңырау аяқталғаннан кейін аудио жүйе бұрынғы жұмыс режиміне қайтып оралады.

MUTE функциясы (дыбысты өшіру)

E00760300054

Сөйлесу кезінде кез келген сәтте автокөлік микрофонын өшіріп қоюға болады.

Сөйлесу кезінде микрофонды өшіру үшін SPEECH түймесін басы және «Mute» («Дыбысты өшіру») деп айту қажет.

Микрофонды қайта қосу үшін SPEECH түймесін басы және «Mute off» («Дыбысты қосу») деп айту қажет.

Hands-free режимі (дауысты байланыс режимі) мен кәдімгі режимді ауыстырып қосу

E00761400036

Bluetooth® 2.0 жүйесінде мобильді телефонмен hands-free режимін және кәдімгі сөйлесу режимін ауыстырып қосу мүмкіндігі істейді.

Егер hands-free режимінде сөйлесу барысында SPEECH түймесін бассаңыз және «Transfer call» («Қоңырауды ауыстыру») деп айтсаңыз, онда сөйлесу hands-free режимінен кәдімгі режимге ауысады.

Hands-free режиміне қайтып оралу үшін SPEECH түймесін басыңыз және «Transfer call» («Қоңырауды ауыстыру») деп айтыңыз.

Телефон анықтамалығын пайдалану

E00763700020

Bluetooth® 2.0 жүйесінде бірегей телефон анықтамалықтарының 2 түрі бар, олар мобильді телефонның жадында сақталатын телефон анықтамалығынан ерекшеленеді. Бұл

автокөліктің телефон анықтамалығы мен мобильді телефон анықтамалығы.

Бұл телефон анықтамалықтары дауыстық командаларды анықтау функциясының көмегімен телефон нөмірлері мен қажетті нөмірлер бойынша қоңырауларды тіркеу үшін қолданылады.



ЕСКЕРТПЕ

- Аккумулятор батареясының сымын ажыратқан кезде телефон анықтамалығындағы ақпарат сақталады.

Автокөліктің телефон анықтамалығы

E00763801318

Бұл анықтамалық дауыстық командалардың көмегімен нөмірді теру кезінде қолданылады. Автокөліктің телефон анықтамалығында әрбір тіл үшін ең көбі 32 абонент атын тіркеуге болады.

Әрбір атқа ең көбі 4 телефон нөмірін: үй, жұмыс, мобильді және басқа телефон нөмірлерін енгізуге болады. Бұл ұяшықтардың әрқайсысына бір телефон нөмірін енгізуге болады.

Абоненттің аты ретінде автокөліктің телефон анықтамалығына кез келген қажетті атты тіркеуге болады. Кейін аттар мен телефон нөмірлерін өзгертуге болады.

Автокөліктің телефон анықтамалығы барлық тіркелген мобильді телефондармен бірге қолданылады.

■ Автокөліктің телефон анықтамалығына телефон нөмірін енгізу

E00769700048

Автокөліктің телефон анықтамалығына телефон нөмірін келесі екі тәсілмен енгізуге болады: телефон нөмірін дауыстап айту немесе мобильді телефонның телефон анықтамалығынан 1 жазбаны таңдау және жіберу.

◆ Телефон нөмірін дауыстап айту жолымен тіркеу

E00779600024

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «New entry» («Жаңа жазба жасау») деп жауап беріңіз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Name please» («Атын атаңыз»). Абоненттің атын дауыстап айтыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Жазбалардың максималды саны енгізіліп қойған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «The phonebook is full. Would you like to delete a name?» («Телефон анықтамалығы толы. Атты жойғыңыз келе ме?»). Тіркелген аттардың бірін жойғыңыз келсе, «Yes» деп жауап беріңіз. «No» жауабын алған жағдайда жүйе бас мәзірге қайтып оралады.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылу болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «<Телефон түрі>. Is this correct?» («<Телефон түрі>. Дұрыс па?»). «Yes» деп жауап беріңіз. Егер таңдалған телефон түріне телефон нөмірі белгіленіп қойған болса, жүйе: «The current number is <телефон нөмірі>, number please» («Бұл нөмір <телефон нөмірі>, нөмірді енгізіңіз») деп айтады. Егер нөмірді өзгертіңіз келмесе, «Cancel» («Болдырмау») деп айтыңыз немесе бұрынғы нөмірді дауыстап айтыңыз, сонда ол сақталып қалады.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Number please» («Нөмірді атаңыз»). Жазылуы тиіс телефон нөмірін атаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер нөмір ағылшын тілінде айтылып жатса, онда 0 санын «zero» немесе «oh» («o» әрпі) түрінде айтуға болады.

7. Дауыстық нұсқаулар жүйесі сіз атаған нөмірді қайталайды, содан кейін оны жазады.

Телефон нөмірі жадқа сақталғаннан кейін жүйе: «Number saved. Would you like to add another number for this entry?» («Нөмір сақталды. Бұл жазбаға басқа нөмір қосқыңыз келе ме?») деп сұрайды.

Бұл абонентке тағы бір нөмір (баска телефон түрін) қосу үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Жүйе телефон түрін таңдауға (5-тармақ) қайтып оралады. Енгізуді аяқтау және бас мәзірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер растау функциясы қосылы болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі сіз атаған телефон нөмірін дауыстап айтады және содан кейін: «Is this correct?» («Дұрыс па?») деп сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз.
- Нөмірді таңдауға (6-тармақ) қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

◆ Мобильді телефонның телефон анықтамалығынан бір жазбаны таңдау және жіберу

E0077970025

Мобильді телефонның телефон анықтамалығынан жеке жазбаларды таңдауыңызға және оларды автокөліктің телефон анықтамалығына енгізуіңізге болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде деректерді жіберу мүмкін емес. Жазбаны жіберер алдында автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Үйлесімді мобильді телефонға байланысты тіпті телефонда Bluetooth® технологиясы істейтініне қарамастан барлық деректерді немесе олардың қандай да бір бөлігін жіберу мүмкін емес болуы ықтимал.

ЕСКЕРТПЕ

- Телефон нөмірлерінің пайдаланылатын максималды ұзындығы 19 цифрды құрайды. Егер телефон нөмірінде 20-дан көп цифр болса, автокөліктің телефон анықтамалығына тек бастапқы 19 цифр ғана жазылады.
- Егер телефон нөмірінде 0–9 цифрларынан, *, # және + таңбаларынан өзге қандай да бір таңба бар болса, жіберуді бастамас бұрын бұл таңбалар жойылады.
- Мобильді телефондағы қосылыс баптаулары туралы ақпарат алу үшін телефонның пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «Import contact» («Контактіні импорттау») деп жауап беріңіз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Would you like to import a single entry or all contacts?» («Бір жазбаны немесе барлық контактілерді импорттағыңыз келе ме?»). «Single entry» («Бір жазба») деп жауап беріңіз. Осыдан кейін Bluetooth® 2.0 жүйесі телефон анықтамалығының жіберілетін деректерін қабылдауға дайын болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жазбалардың максималды саны енгізіліп қойған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «The phonebook is full. Would you like to delete a name?» («Телефон анықтамалығы толы. Атты жойғыңыз келе ме?»). Тіркелген аттардың бірін жойғыңыз келсе, «Yes» деп жауап беріңіз. «No» жауабын алған жағдайда жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі келесі сөйлемді айтқан кезде: «Ready to receive a contact from the phone. Only a home, a work, and a mobile number can be imported» («Телефоннан контактіні алуға дайынмын. Тек үй, жұмыс және мобильді нөмір ғана импорттала алады»), Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® технологиясы істейтін мобильді телефоннан телефон анықтамалығының деректерін ала бастайды.

6. Телефон анықтамалығының қажетті жазбасын автокөліктің телефон анықтамалығына Bluetooth® 2.0 жүйесінің көмегімен жіберуге баптау үшін Bluetooth® технологиясы істейтін мобильді телефонды қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® технологиясы істейтін мобильді телефонды анықтай алмаса немесе деректердің жіберілуі тым көп уақытты алса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Import contact has timed out» («Контактіні импорттау уақыты аяқталды») деп айтады және жазбаны тіркеудің күшін жояды. Бұл жағдайда қайтадан 1-тармақтан бастаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тіркеудің күшін қолмен де жоюға болады: ол үшін HANG-UP түймесін басу немесе SPEECH түймесін басып тұру қажет.

7. Деректерді қабылдау аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі: «<импорттық жазбада тіркелген телефон нөмірлерінің саны> numbers have been imported. What name would you like to use for these numbers?» («<импорттық жазбада тіркелген телефон нөмірлерінің саны> нөмір импортталды. Бұл нөмірлер үшін қандай атты қолданғыңыз келеді?») деп айтады. Телефон анықтамалығының бұл жазбасы үшін тіркегіңіз келетін атты атаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер сіз айтқан ат телефон анықтамалығының басқа жазбасында қолданылып тұрса немесе қандай да бір басқа қолданылатын атқа ұқсас болса, бұл атты тіркеу мүмкін емес болады.

8. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Adding <аты>» («<Аты> атын қосу»). Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе аттың дұрыс айтылғанын сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз. Егер «No» деп жауап берсеңіз, жүйе: «Name please» («Атын атаңыз»). Қандай да бір басқа есімді атаңыз.

9. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Numbers saved» («Нөмірлер сақталды»).

10. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Would you like to import another contact?» («Басқа контактіні импорттағыңыз келе ме?»). Егер тағы бір жазбаны енгізгіңіз келсе, «Yes» деп айтыңыз. Осыдан кейін 5 тармақтан бастап телефон анықтамалығының келесі жазбасын енгізуге кірісуге болады. «No» жауабын алған жағдайда жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

■ Автокөліктің телефон анықтамалығындағы деректерді өзгерту

E00739800079

Автокөліктің телефон анықтамалығына жазылған аттарды және телефон нөмірлерін өзгертуіңізге және жоюыңызға болады. Сонымен бірге автокөліктің телефон анықтамалығына енгізілген аттардың тізімін тыңдап көруге болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Жүйеде кемінде бір жазба болуы тиіс.

◆ Телефон нөмірін өңдеу

E00770000041

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Өрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе

контактіні импорттау»). «Edit number» («Нөмірді өңдеу») деп жауап беріңіз.

4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say the name of the entry you would like to edit, or say list names» («Өңдегіңіз келетін жазбаның атын айтыңыз немесе аттарды тізіп айтыңыз»). Жазбасын өңдегіңіз келетін абоненттің атын айтыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер «List names» («Аттарды тізіп айту») деп жауап берсеңіз, жүйе телефон анықтамалығында бар барлық аттарды ретімен тізіп айта бастайды. «Тіркеулен аттар тізімін тыңдау» бөлімін қараңыз, 7-64-бет.

5. Осыдан кейін жүйе: «Home, work, mobile or other?» («Үй, жұмыс, мобильді немесе басқа нөмір?») деп сұрайды. Телефон нөмірін өзгерту немесе қосу қажет болатын ұяшықты таңдаңыз және атаңыз. Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе ат пен ұяшықтың таңдалуын растауды сұрайды. Егер шын мәнінде өзгертулер енгізгіңіз келсе, «Yes» деп жауап беріңіз. 3-тармаққа қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Number, please» («Нөмірді атаңыз»). Жазылуы тиіс телефон нөмірін атаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер бұл ұяшыққа жазылған телефон нөмірі бар болса, жүйе: «The current number is <ағымдағы нөмір>. New number, please» («Бұл нөмір <ағымдағы нөмір>. Жаңа нөмірді атаңыз») деп жауап береді. Ағымдағы нөмірдің орнына жазылуы тиіс жаңа телефон нөмірін атаңыз.

7. Дауыстық нұсқаулар жүйесі аталған телефон нөмірін қайталайды. Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе нөмірдің дұрыс айтылғанын сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз. «No» жауабын алған жағдайда жүйе 3-тармаққа қайтып оралады.
8. Телефон нөмірін тіркеу аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі «Number saved» («Нөмір сақталды») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер нөмір бұған дейін басқа телефон нөмірі тіркеліп тұрған ұяшыққа жазылған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Number changed» («Нөмір өзгертілді») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

◆ **Атты өңдеу**

E00770100042

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.

3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «Edit name» («Атты өңдеу») деп жауап беріңіз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say the name of the entry you would like to edit, or say list names» («Өңдегіңіз келетін жазбаның атын айтыңыз немесе аттарды тізіп айтыңыз»). Өзгертілуі тиіс атты айтыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Егер «List names» («Аттарды тізіп айту») деп жауап берсеңіз, жүйе телефон анықтамалығында бар барлық аттарды ретімен тізіп айта бастайды. «Тіркелген аттар тізімін тыңдау» бөлімін қараңыз, 7-64-бет.

5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Changing <name>» («<Атты> өзгерту»). Егер растау функциясы қосулы болса, жүйе аттың дұрыс айтылғанын сұрайды. Егер шын мәнінде өзгертулер енгізгіңіз келсе, «Yes» деп айтыңыз. 4-тармаққа қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.
6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Name please» («Атын атаңыз»). Жазылуы тиіс жаңа атты айтыңыз.
7. Бұрынғы ат өзгертіледі. Өзгертулер енгізу аяқталғаннан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

◆ **Тіркелген аттар тізімін тыңдау**

E0073990067

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «List names» («Аттарды тізіп шығу») деп жауап беріңіз.
4. Осыдан кейін Bluetooth® 2.0 жүйесі телефон анықтамалығында бар жазбаларды ретімен тізіп айта бастайды.
5. Барлық жазбалар айтылып шыққаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі: «End of list, would you like to start from the beginning?» («Тізімнің соңы, басынан бастағыңыз келе ме?») деп сұрайды. Жазбалар тізімін тағы бір рет тыңдау үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Алдыңғы немесе бас мәзірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ**

- Жазбаларды тізіп айту барысында нөмірлерді теруге, өңдеуге және жазбаларды жоюға болады. Абонентті шақыру үшін SPEECH түймесін басыңыз да, «Call» («Шақыру»), жазбаны өңдеу үшін «Edit name» («Атты өңдеу»), жазбаны жою үшін «Delete» («Жою») деп айтыңыз. Жүйе дыбыс сигналын береді және команданы орындайды.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер тізімді тыңдау кезінде SPEECH түймесін басып, «Continue» («Жалғастыру») немесе «Previous» («Артка») деп айтсаңыз, жүйе тізім бойынша алға немесе артқа жылжиды. Келесі жазбаға өту үшін «Continue» («Жалғастыру»), алдыңғысына өту үшін «Previous» («Артка») деп айтыңыз.

◆ Телефон нөмірін жою

E0074000068

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «Delete» («Жою») деп жауап беріңіз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Please say the name of the entry you would like to delete, or say list names» («Жойғыңыз келетін жазбаның атын айтыңыз немесе «Аттарды тізіп айту» деңіз). Ішінен телефон нөмірін жою қажет болатын телефон анықтамалығы жазбасының атын айтыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер «List names» («Аттарды тізіп айту») деп жауап берсеңіз, жүйе телефон анықтамалығында бар барлық аттарды ретімен тізіп айта бастайды. «Тіркелген аттар тізімін тыңдау» бөлімін қараңыз, 7-64-бет.

5. Телефон анықтамалығының таңдалған жазбасында тек бір телефон нөмірі тіркелген болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Deleting <аты> <телефон түрі>» («Жою <аты> <телефон түрі>»).

Егер телефон анықтамалығының таңдалған абонентіне бірнеше нөмір жазылған болса, дауыстық нұсқаулар жүйесі: «Would you like to delete [hоme], [work], [mobile], [other], or all?» («[Үй], [жұмыс], [мобильді], [басқа] нөмірді жойғыңыз келе ме, әлде барлығын ба?») деп сұрайды.

Ішінен нөмірді жою қажет болатын ұшықты таңдаңыз. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Deleting <аты> <телефон түрі>» («Жою <аты> <телефон түрі>»).

**ЕСКЕРТПЕ**

- Егер бұл абоненттің барлық нөмірлерін жойғыңыз келсе, «All» («Барлығы») деп жауап беріңіз.

6. Жүйе таңдалған телефон нөмірлерінің жойылуын растауды сұрайды. Жою әрекетін орындау үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Телефон нөмірлерін жоюдан бас тарту және 4-тармаққа қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.
7. Телефон нөмірлерін жою аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі «<аты> <телефон түрі> deleted» («<аты> <телефон түрі> жойылды») деп айтады және жүйе бас мезірге қайтып оралады.

Барлық ұшықтардағы телефон нөмірлері жойылған жағдайда жүйе «<аты> және all locations deleted» («<аты> және барлық жазбалар жойылды») деп айтады және тиісті жазба телефон анықтамалығынан жойылады. Егер жазбада қандай да бір нөмір қалған болса, бұл жазба нөмірлерімен бірге телефон анықтамалығында қалады.

■ Телефон анықтамалығындағы бүкіл ақпаратты жою

E00740100069

Автокөліктің телефон анықтамалығында бар бүкіл ақпаратты жоюыңызға болады.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «Erase all» («Барлығын өшіру») деп жауап беріңіз.
4. Жоюды растау үшін дауыстық нұсқаулар жүйесі: «Are you sure you want to erase everything from your hands-free system phonebook?» («Жүйенің телефон анықтамалығының бүкіл мазмұнын шынымен жойғыңыз келе ме?») деп сұрайды. «Yes» деп жауап беріңіз. Жоюдан бас тарту және бас мезірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «You are about to delete everything from your hands-free system phonebook. Do you want to continue?» («Жүйенің телефон анықтамалығының бүкіл мазмұнын жойғалы жатырсыз. Жалғастырғыңыз келе ме?»). Жалғастыру үшін «Yes» деп жауап беріңіз. Жоюдан бас тарту және бас мәзірге қайтып оралу үшін «No» деп жауап беріңіз.

6. Дауыстық нұсқаулар жүйесі «Please wait, erasing the hands-free system phonebook» («Күте тұрыңыз, телефон анықтамалығының мазмұны жойылуда») деп айтады және телефон анықтамалығындағы барлық деректерді жоюды бастайды.

Жою процесі аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі «Hands-free system phonebook erased» («Телефон анықтамалығының мазмұны жойылды») деп айтады, осыдан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

Мобильді телефон анықтамалығы

E00763900077

Мобильді телефонның телефон анықтамалығында сақталып тұрған барлық жазбаларды біртұтас деректер пакеті ретінде жіберуге және мобильді телефон анықтамалығына енгізуге болады.

Жүйеге ең көбі 7 мобильді телефон анықтамалығын тіркеуге болады, олардың әрқайсысында ең көбі 1000 абонент аты бола алады.

Bluetooth® 2.0 жүйесі жіберіліп жатқан телефон анықтамалықтарының жазбаларындағы аттарды мәтіндік формада дауыстық формаға автоматты түрде түрлендіруді жүзеге асырады.

7-66 Салонда жайлы жағдайлар жасау

ЕСКЕРТПЕ

- Жалғанып тұрған мобильді телефонмен тек осы телефоннан жіберілген мобильді телефон анықтамалығын ғана қолдануға болады.
- Мобильді телефон анықтамалығының жазбаларында тіркелген аттар мен телефон нөмірлерін өзгерту мүмкін емес. Дәл сол секілді мобильді телефон анықтамалығындағы жеке жазбаларды да жою мүмкін емес. Бұл деректердің кез келгенін өзгерту немесе жою үшін мобильді телефондағы бастапқы телефон анықтамалығының тиісті ақпаратын өзгертіңіз, содан кейін телефон анықтамалығын жіберуді қайталаңыз.

Құрылғының телефон анықтамалығын импорттау

Мобильді телефонда сақталып тұрған телефон анықтамалығын мобильді телефон анықтамалығына жіберу келесі жолмен жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Қозғалыс кезінде деректерді жіберу мүмкін емес. Жазбаны жіберер алдында автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
- Мобильді телефон анықтамалығында сақталған деректер мобильді телефонның телефон анықтамалығындағы деректердің үстінен жазылады.
- Үйлесімді мобильді телефонға байланысты типті телефонда Bluetooth® технологиясы істейтініне қарамастан барлық деректерді немесе олардың қандай да бір бөлігін жіберу мүмкін емес болуы ықтимал.
- Тек үй, жұмыс және мобильді телефондардың нөмірлерін ғана импорттауға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Телефон нөмірлерінің пайдаланылатын максималды ұзындығы 19 цифрды құрайды. Егер телефон нөмірінде 20-дан көп цифр болса, автокөліктің телефон анықтамалығына тек бастапқы 19 цифр ғана жазылады.
- Егер телефон нөмірінде 0–9 цифрларынан, *, # және + таңбаларынан өзге қандай да бір таңба бар болса, жіберуді бастамас бұрын бұл таңбалар жойылады.
- Мобильді телефондағы қосылыс баптаулары туралы ақпарат алу үшін телефонның пайдалану нұсқаулығын қараңыз.

1. SPEECH түймесін басыңыз.
2. «Phonebook» («Телефон анықтамалығы») деп айтыңыз.
3. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Select one of the following: new entry, edit number, edit name, list names, delete, erase all, or import contact» («Әрекетті таңдаңыз: жаңа жазба жасау, нөмірді өңдеу, атын өңдеу, аттарын тізіп шығу, жою, барлығын өшіру немесе контактіні импорттау»). «Import contact» («Контактіні импорттау») деп жауап беріңіз.
4. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Would you like to import a single entry or all contacts?» («Бір жазбаны немесе барлық контактілерді импорттағыңыз келе ме?»). «All contacts» («Барлық контактілер») деп жауап беріңіз.
5. Дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «Importing the contact list from the mobile phonebook. This may take several minutes to complete. Would you like to continue?» («Телефон анықтамалығынан контактілер тізімін импорттау. Бұл бірнеше минутқа созылуы мүмкін. Жалғастырғыңыз

келе ме?»). «Yes» деп жауап беріңіз. Мобильді телефонда сақталып тұрған телефон анықтамалығын мобильді телефон анықтамалығына жіберу басталады. «No» жауабын алған жағдайда жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

ЕСКЕРТПЕ

- Контакттілердің санына байланысты жіберу біршама уақытты алуы мүмкін.
- Егер Bluetooth® 2.0 жүйесі Bluetooth® технологиясы істейтін мобильді телефонмен байланыса алмаса, дауыстық нұсқаулар жүйесі «Unable to transfer contact list from phone» («Телефондағы контакттілерді жіберу мүмкін емес») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер деректерді жіберу кезінде HANG-UP түймесін бассаныз немесе SPEECH түймесін басып тұрсаңыз, деректерді жіберудің күші жойылады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.
- Деректерді жіберу барысында қандай да бір бұзылу пайда болған жағдайда бүкіл жіберу әрекетінің күші жойылады және дауыстық нұсқаулар жүйесі «Unable to complete the phonebook import» («Телефон анықтамалығын импорттауды аяқтау мүмкін емес») деп хабарлайды, осыдан кейін жүйе бас мәзірге қайтып оралады.
- Егер мобильді телефондағы телефон анықтамалығында жазбалар болмаса, дауыстық нұсқаулар жүйесі төмендегі сөйлемді айтады: «There are no contacts on the connected phone» («Жалғанған телефонда контакттілер жоқ»).

6. Деректерді жіберу аяқталғаннан кейін дауыстық нұсқаулар жүйесі «Import complete» («Импорттау аяқталды») деп айтады және жүйе бас мәзірге қайтып оралады.

7

Дауыс моделін жасауға арналған командалар

E00732401594

Сөйлем №	Ағылшын	Француз	Испан	Итальян	Неміс	Голланд	Португал	Орыс	Қазақ
1	0123456789	0123456789	0123456789	0123456789	0123456789	0123456789	0123456789	0123456789	0123456789
2	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212	888 555 1212
3	Call	Appeler	Llamar	Chiamare	Anrufen	Bellen	Ligar	Вызов	Шакыру
4	Dial	Composer	Marcar	Componi	Wählen	Nummer keuze	Marcar	Набор	Теру
5	Setup	Configurer	Configuración	Configura	Einrichtung	Setup	Configurar	Настройка	Баптау
6	Cancel	Annuler	Cancelar	Annulla	Abbrechen	Annuleren	Cancelar	Отмена	Болдырмау
7	Continue	Continuer	Continuar	Continua	Weiter	Doorgaan	Continuar	Продолжить	Жалғастыру
8	Help	Aide	Ayuda	Aiuto	Hilfe	Help	Ajuda	Справка	Анықтама

USB кіріс ағытпасы*

E00761901432

USB интерфейсі бар жинақтағышты немесе iPod ойнатқышын * осы құрылғыларда сақталған музыка файлдарын ойнату үшін жалғауыңызға болады.

USB-жинақтағышты және iPod ойнатқышын жалғау және ажырату тәртібі төменде келтірілген.

Музыка файлдарын ойнату тәртібі туралы мәліметтерді келесі бөлімдерден табуға болады:

7

«iPod ойнатқышындағы жазбаларды ойнату», 7-29-бет.

«USB-жинақтағыштағы жазбаларды тыңдау», 7-31-бет.

«iPod ойнатқышындағы / USB-жинақтағыштағы жазбаларды дауыспен басқару арқылы ойнату», 7-33-бет.


* iPod — Apple Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі тіркелген тауар белгісі.

USB-жинақтағышты жалғау


E00762001863

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз.

2. Сатылымда бар USB жалғағыш кабелін (B) USB-жинақтағышқа (A) жалғаңыз.



3. USB жалғағыш кабелін (B) USB кіріс ағытпасына (C) жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- USB-жинақтағышты USB ағытпасына тікелей жалғамаңыз. Бұл USB-жинақтағыштың зақымдалуына алып келуі мүмкін.

4. Жалғағыш кабельді ағыту үшін алдымен оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін жалғау тәртібіне кері тәртіппен әрекет етіңіз.

iPod ойнатқышын жалғау

E00762101910


1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз.

2. Жалғағыш кабельді iPod ойнатқышына жалғаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Apple Inc. компаниясының түпнұсқа жалғағыш кабелін қолданыңыз.

3. Жалғағыш кабельді (A) USB кіріс ағытпасына (B) жалғаңыз.



4. Жалғағыш кабельді ағыту үшін алдымен оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраныз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін жалғау тәртбіне кері тәртіппен әрекет етіңіз.

Жалғанатын құрылғы түрлері және істейтін файл форматтары

E00762201038

Bluetooth® 2.0 жүйесі жоқ автокөліктер

E00770300174

Жалғауға болатын құрылғылардың түрлері мен істейтін файлдардың форматтары туралы мәліметтерді келесі беттерден қараңыз.

Компакт-дискілер ойнатқышы бар LW/MW/FM диапазондарының радиоқабылдағышымен жабдықталған автокөліктер үшін

«iPod ойнатқышындағы жазбаларды ойнату» (7-29-бет), «USB-жинақтағыштағы жазбаларды тындау» (7-31-бет) және «Аудиофайлдар (MP3/WMA/AAC)» (7-15-бет) бөлімдерін қараңыз.

DISPLAY AUDIO сенсорлық басқаруы бар аудиожүйемен жабдықталған автокөліктер үшін

Толығырақ ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесімен немесе Mitsubishi Connect (SDA) байланыс жүйесінің навигация жүйесімен жабдықталған автокөліктер

Толығырақ ақпарат жеке нұсқаулықта берілген.

Bluetooth® 2.0 жүйесі бар автокөліктер

E00770400029

Жалғауға болатын құрылғылардың түрлері мен істейтін файлдардың форматтары туралы мәліметтерді келесі бөлімдерден қараңыз.

■ Құрылғылардың түрлері

E00770500118

Құрылғылардың төмендегі түрлерін жалғау мүмкіндігі пайдаланылады:

Модель атауы	Параметрлер
USB-жинақтағыш	Жад құрылғысының көлемі кемінде 256 Мб (файл жүйесі — FAT 16/32)
USB-жинақтағыштар мен iPod ойнатқыштарынан өзге басқа да құрылғылар	Mass Storage Class хаттамасы істейтін цифрлық аудиойнатқыш

iPod*, iPod classic*, iPod nano*, iPod touch* және iPhone* құрылғыларымен үйлесімді аудиожүйелер бойынша ақпаратты

MITSUBISHI MOTORS веб-сайтынан алуға болады.

«Басқа компаниялардың веб-сайттарына сілтемелер туралы ескертудің» шарттарын оқып шығыңыз және олармен келісетініңізді растаңыз. Жоғарыда келтірілген веб-сайттар бөгде сайтпен байланыс орнатуы мүмкін. <http://www.mitsubishi-motors.com/en/products/index.html>.

* iPod, iPod classic, iPod nano, iPod touch және iPhone — Apple Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі тіркелген тауар белгілері.



ЕСКЕРТПЕ

- Жалғанатын USB-жинақтағыштың немесе басқа құрылғының түріне байланысты бұл құрылғы шалыс жұмыс істеуі немесе функциялардың шектеулі жиынтығын ғана қолдап жұмыс істеуі мүмкін.
- Микробағдарламасы соңғы нұсқасына дейін жаңартылған iPod ойнатқышын қолдануға кеңес беріледі.
- Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрғанда USB кіріс ағытпасына жалғанған iPod ойнатқышы қуатталып тұрады.
- USB-жинақтағышты немесе iPod ойнатқышын автокөлік ішінде сақтамаңыз.
- Деректердің бүлінуіне қарсы файлдардың резервтік көшірмелерін жасап қоюға кеңес беріледі.

ЕСКЕРТПЕ

- USB ағытпасына алдыңғы бөлімде жалғауға рұқсат етілген құрылғылардан өзге ешқандай құрылғыны (қағты дискілер, жад карталарын оқу құрылғылары және т. б.) жалғамаңыз. Бұл сәйкес құрылғылардың және/немесе деректердің бүлінуіне алып келуі мүмкін. Егер кез келген мұндай құрылғы жателікпен жалғанған болса, оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне ауыстырыңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз, содан кейін құрылғыны ажыратыңыз.

7

■ Файлдардың сипаттамалары


E00770600021

USB-жинақтағыштан немесе Mass Storage Class хаттамасы істейтін басқа құрылғыдан төмендегідей сипаттамалары бар музыка файлдарын ойнатуға болады. iPod ойнатқышын жалғаған жағдайда ойнатылатын файлдардың сипаттамалары жалғанған iPod ойнатқышына байланысты.

Сипаттамасы	Параметрлер
Файлдардың форматы	MP3, WMA, AAC, WAV
Деңгейлердің максималды саны (түпкі қалтаны қоса алғанда)	8 деңгей
Қалталар саны	700
Файлдар саны	65 535

Күнқағарлар

E00711202727




- 1 — алдынан түскен жарықтан қорғауға арналған күй
- 2 — бүйірден түскен жарықтан қорғауға арналған күй

Косметикалық айна

1-түр

Косметикалық айна күнқағардың артқы жағында орналасқан.

Косметикалық айнаның қақпағын ашқан кезде автоматты түрде көмескі жарық шамы (A) қосылады.




AG0000123

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Егер көмескі жарық шамы бар косметикалық айна ұзақ уақыт бойы ашық күйде тұратын болса, бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келуі мүмкін.

2-түр


Косметикалық айна күнқағардың артқы жағында орналасқан.



AG0000325

Қағаз ұстағыш

Ұстағыш (В) күнқағардың артқы жағында орналасқан.



⚠️ САҚАНДЫРУ

- Қағаз ұстағышта пластик карталарды қалдыруға тыйым салынады. Егер автокөлік тікелей түсетін күн сәулесінің астына тұраққа қойылған болса, автокөлік іші қатты қызады, бұл пластик карталардың деформациялануына немесе шытынап жарылуына алып келуі мүмкін.

Күлсауыт*

E00711402455


⚠️ САҚАНДЫРУ

- Күлсауытқа сіріңкені немесе темекіні салмас бұрын оны сөндіріңіз.
- Күлсауытқа қағаз және басқа өртену қауіп бар заттарды салуға тыйым салынады. Олардың темекіден тұтанып жану қауіп бар.

⚠️ САҚАНДЫРУ


- Міндетті түрде күлсауыттың қақпағын жауып қойыңыз. Егер оны ашық күйде қалдырсаңыз, ішіндегі темекі тұқылдары қайтадан тұтануы мүмкін.

Күлсауытты пайдалану үшін қақпағын ашыңыз.



Тасымалы күлсауыттың орнатылған орны


Тасымалы күлсауытты стакан қойғышқа арналған орындарға орнатуға болады.



Шылымтұтатқыш*

E00711502805

Шылымтұтатқышты оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрғанда ғана пайдалануға болады.



1 — тірелгенше басыңыз және жіберіңіз

Электр қуаты розеткасы*

Шылымтұтатқыш қолдануға дайын болған кезде, ол автоматты түрде сырт етіп бастапқы күйіне қайтып келеді. Оны ұяшығынан шығарып алыңыз.

Пайдаланғаннан кейін шылымтұтатқышты бастапқы күйіне ұяшығына салыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Шылымтұтатқышты ұясынан тыс жерде қалдырмаңыз, себебі бұл кезде шылымтұтатқыш ұясына басқа заттар кіруі және қысқа тұйықталу тудыруы мүмкін.

САҚТАНДЫРУ

- Күйік шалудан сақтану үшін шылымтұтатқышты тек тұтқасынан ғана ұстаңыз, қыздыру элементіне қолыңызды тигізбеңіз.
- Күйік шалуды болдырмау үшін балалардың шылымтұтатқышпен ойнауына немесе оны қолдануына жол бермеңіз.
- Егер шылымтұтатқыш басқаннан кейін шамамен 30 секунд өткенде бастапқы күйіне қайтып келмесе, бұл оның ақаулы екенін білдіреді. Оны колмен шығарып алыңыз және ақауларды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында жойыңыз.
- MITSUBISHI MOTORS тарапынан мақұлданбаған қандай да бір электр жабдықты пайдаланбаңыз. Бұл ағытпаны зақымдауы мүмкін. Ағытпасы бүлінген шылымтұтатқышты пайдаланған жағдайда шылымтұтатқыш бастапқы күйіне басқаннан кейін бірден қайтуы немесе бастапқы күйіне қайтып келмеуі мүмкін.

САҚТАНДЫРУ

- Шылымтұтатқыш ұяшығын электр құралдарға арналған розетка ретінде пайдаланған жағдайда құралдың 12 В кернеуге есептелгеніне және 120 Вт шамасынан артық қуат тұтынбайтынына көз жеткізіңіз. Сонымен бірге қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда электр құралды ұзақ уақыт бойы қолдану аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келуі мүмкін.

Электр қуаты розеткасы*

E00711603311

САҚТАНДЫРУ


- Жалғанатын электр құралдың 12 В кернеуге есептелгеніне, ал оның қуаты 120 Вт шамасынан аспайтынына көз жеткізіңіз. Розетканы пайдаланбас бұрын барлық жалғанатын электр құралдардың жиынтық қуаты 12 В кернеу болған жағдайда 120 Вт шамасынан аспайтынына көз жеткізіңіз.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда электр құралдарды ұзақ уақыт бойы қолдану аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келуі мүмкін.
- Егер қолданылмайтын болса, міндетті түрде розетканың қақпағын жауып қойыңыз, себебі қақпағы ашық тұрған кезде розеткаға басқа заттар кіруі және қысқа тұйықталу қаупін тудыруы мүмкін.

Электр құралды жалғау үшін қақпақты ашыңыз және штекерді розеткаға сұғыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Бір мезгілде екі электр қуаты розетканы пайдалануға болады.

Электр қуаты розеткаларын оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрғанда ғана пайдалануға болады.




USB зарядтау ағытпасы*

E00778300242

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосылуы тұрғанда USB зарядтау ағытпасы USB құрылғыларының қуат көзі ретінде қолданыла алады.

Автокөлікте еден консоліндегі жәшіктің артқы жағында орналасқан екі USB зарядтау ағытпасы бар.

USB ағытпасын құрылғыларды қуаттау үшін қолдану қажет болған жағдайда ағытпаға USB жалғағыш кабелін жалғаңыз.



AFA136280

1 — USB зарядтау ағытпасы (Type-A)

2 — USB зарядтау ағытпасы (Type-C)

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Жалғағыш кабельді USB зарядтау ағытпасына тірелгенше сұғыңыз. Егер USB жалғағыш кабелі ағытпаға тірелгенше салынбаса, ол шектен тыс қызуы мүмкін, бұл балқымалы сақтандырғыштардың күйіп кетуіне алып келеді.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- USB зарядтау ағытпасын (1) қолданған жағдайда жалғанған құрылғының энергия тұтыну қуатының 12 Вт шамасынан (USB зарядтау ағытпасының ең жоғарғы кернеуі тұрақты токтың 5 В, 2,4 А мәндерін құрайды) аспауын қадағалаңыз.

USB зарядтау ағытпасын (2) қолданған жағдайда жалғанған құрылғының энергия тұтыну қуатының 15 Вт шамасынан (USB зарядтау ағытпасының ең жоғарғы кернеуі тұрақты токтың 5 В, 3 А мәндерін құрайды) аспауын қадағалаңыз.

Олай болмаған жағдайда жалғанған құрылғылар немесе USB зарядтау ағытпасының өзі зақымдалуы мүмкін.


- Жалғағыш платасы ағытпаның ортасында орналасқан екіжақты USB жалғағыш кабелін пайдалануға тыйым салынады. Пайдаланған жағдайда USB зарядтау ағытпасы зақымдалады.
- Қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда электр құралдарды ұзақ уақыт бойы қолдану аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- USB зарядтау ағытпасын тек қуат көзі ретінде ғана пайдалануға болады. USB зарядтау ағытпаларының екеуі де автокөліктің аудиожүйелеріне қосылмаған.
- USB ағытпасының тармақтағышын қолдану арқылы бірнеше мобильді құрылғыны бірге қуаттауға тыйым салынады.
- Егер USB зарядтау ағытпасына су немесе сусындар кірсе, оны пайдалануды дереу тоқтатыңыз және автокөлікті тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Салонды жарықтандыру шамдары

E00712002764



AFA124834

- 1 — жүксалғышты жарықтандыру шамы
- 2 — артқы салонды жарықтандыру шамы*
- 3 — жергілікті көмескі жарық шамдары және алдыңғы салонды жарықтандыру шамы кунқағар қалқаның көмескі жарығының айқындығын ауыстырып қосқыш *
- 4 — орталық консольдың төменгі жағы көмескі жарығының шамы


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрғанда салонды жарықтандыру шамдарын қосылуы күйінде қалдырсаңыз, бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына алып келеді. Автокөліктен шығар алдында салонды жарықтандыру шамдарының өшірілгеніне көз жеткізіңіз.

Жергілікті көмескі жарық шамдары және алдыңғы салонды жарықтандыру шамы

E00717300638

Салонды жарықтандыру шамы



1 — жарық ажыратқышы DOOR күйінде

Шам жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің бірі ашық тұрған кезде қосылады. Шам есікті немесе жүксалғыш есігін жапқаннан кейін шамамен 15 секунд өткен кезде өшеді.

Әйтсе де салонды жарықтандыру шамдары келесі жағдайларда кідірусіз өшіріледі:

- Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт ON күйінде тұрғанда немесе ON жұмыс режимі қосулы тұрғанда.
- Автокөлік есіктерін орталық құлыптың көмегімен құлыптаған кезде.
- Автокөлік есіктерін есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі пультінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптаған кезде.

- Автокөлік есіктерін электрондық кілттің (қарастырылған болса) көмегімен құлыптаған жағдайда.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер қозғалтқыш кілттің көмегімен оталдырылған болса, онда есіктер жабық тұрған кезде бұл шам кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан суырған кезде қосылады және шамамен 15 секундтан кейін өшеді.
- Егер қозғалтқыш автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен оталдырылған болса, онда есіктер жабық тұрса, бұл шам OFF жұмыс режимін қосқан кезде қосылады және шамамен 15 секундтан кейін өшеді.
- Шамның өшуіне дейінгі уақытты өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

2 — есіктің ашық не жабық тұрғанына қарамастан шам қосылмайды

Жергілікті көмескі жарық шамдары


E00765200029

Салонды жарықтандыру шамының ажыратқышы қай күйде тұрғанына қарамастан плафонды басқан кезде тиісті шам қосылады. Шамды өшіру үшін плафонды тағы бір рет басыңыз.



Артқы салонды жарықтандыру шамы *

E00712301555



1 — (☺)

Шам жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің ашық не жабық тұрғанына қарамастан қосулы.

2 — (●)

Шам жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің бірі ашық тұрған кезде қосылады. Шам есікті немесе жүксалғыш есігін жапқаннан кейін шамамен 15 секунд өткен кезде өшеді.

Әйтсе де салонды жарықтандыру шамдары келесі жағдайларда кідірусіз өшіріледі:

- Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде.
- Автокөлік есіктерін орталық құлыптың көмегімен құлыптаған кезде.
- Автокөлік есіктерін есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі пультінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптаған кезде.
- Автокөлік есіктерін электрондық кілттің (қарастырылған болса) көмегімен құлыптаған жағдайда.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер қозғалтқыш кілттің көмегімен оталдырылған болса, онда есіктер жабық тұрған кезде бұл шам кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан суырған кезде қосылады және шамамен 15 секундтан кейін өшеді.
- Егер қозғалтқыш автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен оталдырылған болса, онда есіктер жабық тұрса, бұл шам OFF жұмыс режимін қосқан кезде қосылады және шамамен 15 секундтан кейін өшеді.
- Шамның өшуіне дейінгі уақытты өзгертуге болады. Тольғырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

3 — (○)

Шам есіктердің ашық не жабық тұрғанына қарамастан қосылмайды.

Жүксалғышты жарықтандыру шамы

E00712700624




AG0022080

Шам жүксалғыш есігін ашқан кезде қосылады және есікті жапқан кезде өшеді.

Күнқағар қалқаның көмескі жарығының айқындығын ауыстырып қосқыш *

E00765000030



AG0022237

Күнқағар қалқаның көмескі жарығының айқындығын оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрған немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрған кезде реттеуге болады (3 айқындық деңгейі қарастырылған).

Ауыстырып қосқышты әрбір басқан сайын айқындық келесі тәртіппен өзгереді: жоғары → орташа → төмен → көмескі жарық өшірілуі → жоғары.


ЕСКЕРТПЕ

- Күнқағар қалқаның көмескі жарығы қосулы тұрған жағдайда көмескі жарықтың айқындығын тіпті оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт LOCK күйінде тұрғанда немесе OFF жұмыс режимі қосулы тұрғанда да реттеуге болады.

7

Күнқағар қалқаның көмескі жарығы*

E00765100060



AG0022224

Салонды жарықтандыру шамдары

Күнқағар қалқаның көмескі жарығы оталдыру жүйесіндегі кілт ON не ACC күйінде тұрғанда немесе ON не ACC жұмыс режимі қосулы тұрғанда қосылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Күнқағар қалқаның көмескі жарығы айқындығының ауыстырып қосқышын өшірілген күйге ауыстырған кезде күнқағар қалқаның көмескі жарығы қосылмайды. «Күнқағар қалқаның көмескі жарығының айқындығын ауыстырып қосқыш» бөлімін қараңыз, 7-75-бет.

7

Күнқағар қалқаның көмескі жарығы қосулы тұрғанда төмендегі операциялардың бірі орындалған соң ол шамамен 15 секундтан кейін өшеді.

- Егер қозғалтқыш кілттің көмегімен оталдырылған болса және жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер жабық болса, кілтті оталдыру жүйесінің құлпынан шығарғанда.
- Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер: қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда және жүксалғыш есігін қоса алғанда барлық есіктер жабық тұрғанда OFF жұмыс режимі қосылған кезде.

ЕСКЕРТПЕ

- Күнқағар қалқаның көмескі жарығының өшуіне дейінгі уақытты өзгертуге болады. Бұл ретте салонды жарықтандыру шамдары мен жергілікті көмескі жарық шамдарының өшуіне дейінгі уақыт та автоматты түрде өзгереді. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Тіпті оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт LOCK күйінде тұрса да немесе OFF жұмыс режимі қосулы болса да, күнқағар қалқаның көмескі жарығы сондай-ақ жүксалғыш есігін қоса алғанда есіктердің кез келгенін ашқан кезде қосылады және осы есікті жапқан соң 15 секундтан кейін өшеді.

Әйтсе де күнқағар қалқаның көмескі жарығы келесі жағдайларда кідірусіз өшіріледі:


- Автокөлік есіктерін орталық құлыптың көмегімен құлыптаған кезде.
- Автокөлік есіктерін есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі пультінің немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесінің көмегімен құлыптаған кезде.
- Автокөлік есіктерін электрондық кілттің (қарастырылған болса) көмегімен құлыптаған жағдайда.


ЕСКЕРТПЕ

- Күнқағар қалқаның көмескі жарығы айқындығының ауыстырып қосқышын өшірілген күйге ауыстырған кезде күнқағар қалқаның көмескі жарығы қосылмайды.
- Күнқағар қалқаның көмескі жарығының өшуіне дейінгі уақытты өзгертуге болады. Бұл ретте салонды жарықтандыру шамдары мен жергілікті көмескі жарық шамдарының өшуіне дейінгі уақыт та автоматты түрде өзгереді. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Орталық консольдың төменгі жағы көмескі жарығының шамы

E0073301125

Егер жарық аспаптарын жарық аспаптарының қосқышын  не AUTO күйіне ауыстыру жолымен қоссаңыз, еден консоліндегі жәшіктің көмескі жарығының шамы қосылады.



Салонды жарықтандыру шамдарын автоматты түрде өшіру функциясы^{*1}

E00712901359

^{*1} Алдыңғы салонды жарықтандыру шамын және жергілікті көмескі жарық шамдарын қоса алғанда салонды жарықтандыру шамдары.

- Егер салонды жарықтандыру шамдарының кез келгені қосулы күйінде қалған болса, ал оталдыру жүйесінің құлпындағы кілт LOCK күйінде тұрса немесе OFF жұмыс режимі қосулы болса, аккумулятор батареясы қуатының толық таусылуына жол бермеу үшін шам шамамен 30 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.
- Автоматты түрде өшкеннен кейін оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті басқа күйге ауыстырған кезде, қозғалтқышты оталдыру және өшіру түймесінің көмегімен басқа жұмыс режимін қосқан кезде, сондай-ақ есіктердің құлыптарын қашықтан басқару жүйесінің пультін немесе автокөлікті қашықтан басқару жүйесін қолданған кезде шамдар қайтадан қосылады.



ЕСКЕРТПЕ

- Салонды жарықтандыру шамдарын автоматты түрде өшіру функциясын өшіріп қоюға болады. Шамдардың автоматты түрде өшуіне дейінгі уақытты өзгертуге болады. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

Ұсақ-түйек жәшіктері

E00713101664


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер автокөлік ыстық ауа райында күннің астында тұраққа қойылса, салон ішінде оттықтар, газдалған сусындары бар банкалар және көзілдіріктер қалдырмаңыз. Салон ішінде ауа өте қатты қызады, сондықтан оттықтар және басқа да өртену қаупі бар заттар тұтануы, ал сусындары бар жабық банкалар (соның ішінде сыра құйылған банкалар) жарылуы мүмкін. Сонымен бірге пластик линзалары бар көзілдіріктер қызудың әсерінен деформациялануы немесе жарылуы мүмкін.
- Қозғалыс кезінде ұсақ-түйек жәшіктерінің қақпақтары жабық тұруы тиіс. Олай болмаған жағдайда жәшіктердің қақпақтары немесе ішіндегі заттар жаракат келтіруі мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Автокөліктен шыққан кезде ұсақ-түйек жәшіктерінің ішінде бағалы заттарыңызды қалдырмаңыз.



AG0023582


- 1 — жүксалғыш еденіндегі ұсақ-түйек жәшігі
- 2 — еден консоліндегі жәшік
- 3 — аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігі

7

Аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігі


E00726201425

Ашу үшін тұтқасынан (А) тартыңыз.



AG0023595


ЕСКЕРТПЕ


- Егер жарық аспаптарын жарық аспаптарының қосқышын  не AUTO күйіне ауыстыру жолымен қоссаңыз (жарық аспаптарын автоматты түрде қосу жүйесі бар модификацияларда), аспаптар тақтасындағы жәшіктің көмескі жарығының шамы қосылады.

Салқындату немесе жылыту функциясын қолдану*

7


Аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігін салқындату үшін де, жылыту үшін де (мысалы, сусындары бар бөтелкелерді салқындату немесе жылыту үшін) қолдануға болады; оның ішіне кондиционер жүйесінен салқын немесе жылы ауа беріледі.

- Аспаптар тақтасындағы ұсақ-түйек жәшігінің реттегішін  күйіне бұраңыз. Егер салқындату/жылыту функциясын қолданғыңыз келмесе, реттегішті күйіне бұраңыз.




- Ауа температурасын реттеу тұтқасымен (A) қажетті ауа температурасын белгілеңіз.
- Желдеткіштің айналу жылдамдығының реттегішімен (B) қажетті жылдамдықты белгілеңіз.

Қолмен реттелетін кондиционер




Автоматты кондиционер




Кондиционер жүйесін басқару бойынша толық мәліметтер «Кондиционер» бөлімінде келтірілген, 7-4-бет.

ЕСКЕРТПЕ

- Аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігіндегі температура кондиционер жүйесінің дефлекторларынан шығатын ауаның температурасына сәйкес келеді, сондықтан оның ішінде сусынды қатты қыздыру немесе салқындату мүмкін емес. Максималды тиімді салқындату немесе жылыту үшін  режимін таңдаңыз. «Ауаның берілу режимін таңдау тұтқасы» бөлімін қараңыз, 7-3-бет.
- Сусындарды ұсақ-түйек жәшігіне салмас бұрын қаптамадағы нұсқауларды оқыңыз.
- Аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігіне шоклад, кәмпіттер және температура ауытқуынан бұзылуы мүмкін басқа да азық-түліктер салмаңыз.

Автоқаламсаптар ұстағышы

Аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігінің ішінде автоқаламсаптар ұстағышы бар.




ЕСКЕРТПЕ

- Автоқаламсаптардың барлығы бірдей өлшемі бойынша ұстағышқа сыйа бермейді. Егер үлкен автоқаламсаптарды күшпен сұғатын болсаңыз, ұстағышты зақымдап алуыңыз мүмкін.

Карталарға арналған қалта


Аспаптар тақтасының ұсақ-түйек жәшігінің ішінде карталарға арналған қалта бар.




Еден консоліндегі жәшік

E00723302406

Жәшікті ашу үшін тұтқаны (A) тартыңыз және қақпақты көтеріңіз.
Еден консоліндегі жәшікті сондай-ақ шынтақтаяныш ретінде де қолдануға болады.



Майлықтар ұстағышы мен автоқаламсаптар ұстағышы еден консоліндегі жәшік қақпағының ішкі жағында орналасқан.




- B — майлықтар ұстағышы
C — автоқаламсаптар ұстағышы
D — жәшік (бар болса)

Жүксалғыш еденіндегі жәшік*

E00718702082

Жүксалғышта ұсақ-түйек жәшігі бар. Жәшікті пайдалану үшін жүксалғыш еденінің тақтасын көтеріңіз.



7

Стақан қойғыш

E00714502561

⚠ ЕСКЕРТУ


- Автокөлік салонының ішінде суды бүркүге немесе сусындарды төгуге тыйым салынады. Егер ауыстырып қосқыштарға, сымдарға немесе электр компоненттерге су тисе, олар жұмыс істемей қалуы немесе автокөлік ішінде өрт туындауы мүмкін. Егер автокөлік салонының ішінде байқаусызда су немесе сусындар төгіп алсаңыз, сұйықтықтың максималды мүмкін мөлшерін сүртіп алыңыз және кенес алу үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде сусын ішпеңіз. Бұл автокөлікті басқарудан алаңдатады және апаттың туындау қаупін арттырады.

Жүргізуші және алдыңғы жолаушы үшін


Стакан қойғыш еден консоліндегі жәшіктің алдында орналасқан.



Артқы орындықтағы жолаушылар үшін *

E00716901575

Стакан қойғышты пайдалану үшін шынтақтаянышты (A) түсіріңіз. «Шынтақтаяныш» бөлімін қараңыз, 4-6-бет.



Бөтелке қойғыш

E00718201501

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Автокөлік салонының ішінде суды бүркүге немесе сусындарды төгуге тыйым салынады. Егер ауыстырын қосқыштарға, сымдарға немесе электр компоненттерге су тисе, олар жұмыс істемей қалуы немесе автокөлік ішінде өрт туындауы мүмкін. Егер автокөлік салонының ішінде байқаусызда су немесе сусындар төгіп алсаңыз, сұйықтықтың максималды мүмкін мөлшерін сүртіп алыңыз және кенес алу үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласыңыз.


⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қозғалыс кезінде сусын ішпеңіз. Бұл автокөлікті басқарудан алаңдатады және апаттың туындау қаупін арттырады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Дірілдің және шайкалудың әсерінен қозғалыс кезінде сусын төгілуі мүмкін. Егер сусын өте ыстық болса, дененіңді күйік шалуы мүмкін.

Бөтелке қойғыштар алдыңғы есіктерде орналасқан.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- Бөтелке қойғышқа салмас бұрын бөтелкенің аузын тығыз жабыңыз.
- Өлшемдеріне немесе пішініне байланысты кейбір бөтелкелер қойғыштың ішіне сыймауы мүмкін.

Артқы сөре*


E00715401238

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Артқы сөренің үстіне жүк және басқа заттар қоймаңыз. Артқы сөреде тұрған заттар артқы айнек арқылы көріністі шектейді және шұғыл тежелген жағдайда салон ішіне қарай құлап, жарақаттар келтіріп, қолайсыздықтар тудыруы мүмкін.

Орнату


1. Артқы сөрені жүксалғыштың ішкі бетіндегі дөңестері (B) артқы сөренің астыңғы жағындағы ойыққа (A) кіретіндей етіп салыңыз.



⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Ойықтар (A) мен жүксалғыштағы дөңестердің (B) сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін артқы сөрені сал басып көріңіз. Егер артқы сөре орнына сенімді бекітілмесе, қозғалыс кезінде орнынан жылжып кетуі және жолаушыларға жарақат келтіруі мүмкін.

2. Артқы сөренің бауын (C) ілмекке (D) іліңіз.




Шешіп алу

Шешіп алу орнатуға кері тәртіппен орындалады.

Көмекші тұтқалар

E00732800256

Көмекші тұтқалар (салон есіктерінің үстіңгі жағында төбеге орнатылған) адамның салмағын көтеруге есептелмеген. Олардан тек орындықтар отырған күйде ғана ұстап отыруға болады.




⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікке отырар немесе одан түсер кезде көмекші тұтқалардан ұстаманыз. Тұтқа сынып кетіп, өзіңіз құлап қалуыңыз мүмкін.

Киімге арналған ілмек

E00725601826

Артқы орындықтың жүргізуші жағының көмекші тұтқасында киімге арналған ілмек бар.



⚠ ЕСКЕРТУ


- Киім ілмектеріне ілгіштерді, сондай-ақ ауыр және өткір заттарды ілуге тыйым салынады. Перде түріндегі қауіпсіздік жастықтары қосылған кезде, бұл заттар үлкен күшпен лақтырылады және қауіпсіздік жастықтарының қалыпты ашылуына жол бермейді. Киімді тікелей ілмекке іліңіз (ілігісіз). Ілмекке ілінген киімнің қалтасында ауыр және өткір заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Жүк бекіту ілмектері

E00715701794

Жүксалғыш қабырғаларында жүкті бекітуге арналған төрт ілмек бар.

Едендегі жүкті бекітуге арналған ілмектерді қолданыңыз.



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Жүксалғышқа жүк тиеген кезде заттарды орындықтардың арқалықтарынан биік етіп орналастырмаңыз. Жүкті мықтап бекітіңіз. Олай етпеген жағдайда автокөліктің артқы айнегінен көру мүмкіндігі шектелуінің немесе шұғыл тежелу кезінде жүксалғыштағы жүктің салон ішіне құлауының нәтижесінде қатты апаттың орын алу қаупі туындайды.

Күрделі жағдайлардағы іс-әрекеттер

«ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесі*	8-2
Автокөлік істен шыққан жағдайдағы іс-әрекеттер	8-7
Егер жұмыс режимін OFF режиміне өзгерту мүмкін болмаса (автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер)	8-7
Қозғалтқышты сыртқы энергия көзінен оталдыру	8-7
Қозғалтқыштың қызып кетуі	8-9
Құрал жиынтығы және домкрат	8-11
Дөңгелекті ауыстыру	8-12
Сүйреу	8-19
Автокөлікті күрделі жағдайларда жүргізу	8-22

«ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесі*

E00804800177

«ЭРА-ГЛОНАСС» — бұл апат кезіндегі салдарлардың ауырлығын азайту мақсатында әзірленген жүйе. Апат орын алған немесе жүргізушінің денсаулығына байланысты күтпеген проблемалар туындаған жағдайда жүйе автокөліктің орналасқан жерінің координаттары мен автокөлік туралы ақпаратты байланыс орталығына жібереді, орталық операторы қажет болса, оқиға орнына шұғыл әрекет ету қызметтерін жібереді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- «ЭРА-ГЛОНАСС» апат кезінде шұғыл әрекет ету жүйесінің байланыс орталығы қолжетімсіз немесе шұғыл шақыруды орындау үшін радиотолқындар нақты қабылдана немесе жіберіле алмайтын жерлерде жүйе жұмыс істемейді. Мұндай жағдайларда мобильді телефон және т. б. арқылы шұғыл әрекет ету қызметтерін өз бетіңіше шақырыңыз.
- Егер апат кезінде отын пісін немесе күдікті жағымсыз иіс сезсеніз, автокөлік ішінде отырманыз, дереу автокөліктен шығыңыз және одан қауіпсіз қашықтыққа кетіңіз.
- Апат сигналын бергеннен кейін шұғыл әрекет ету қызметтерін күтіп отырған кезде бұдан кейін апаттардың, мысалы, артта келе жатқан автокөліктердің сіздің автокөлігіңізге соғылуының алдын алуға бағытталған шаралар қолданыңыз және оқиға орнынан қауіпсіз қашықтыққа кетіңіз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Төмендегі жағдайларда мобильді телефон және т. б. арқылы шұғыл әрекет ету қызметтерін өз бетіңіше шақырыңыз:
- Егер апат кезінде зақымданғандықтан жүйе жұмыс істемей тұрса.
- Егер автокөлік радиотолқындарды қабылдау және жіберу қиын жерде орналасса (мысалы, үй-жайдың ішінде, жерасты тұрақжайында, таулы аймақтарда, туннельде және т. с. с.).
- Егер байланыс орталығының желісі бос емес болса және байланыс орталығының операторы шұғыл қоңырауды қабылдай алмайтын болса.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Жүйе байланыс орталығымен байланысады және автокөліктің орналасқан жері туралы деректерді жібереді, алайда шұғыл әрекет ету қызметтерін және жол полициясын өз бетіңше шақыра алмайды.
- Жүйе апат немесе жүргізушінің денсаулығына байланысты күтпеген проблемалар жағдайында шұғыл қоңырау жасауға көмектеседі, алайда ол жүргізушіні және жолаушыларды қорғауға арналмаған.

Шұғыл қоңырау шалу



- A — қызыл индикатор
- B — жасыл индикатор
- C — қақпақ
- D — апат сигналының түймесі
- E — микрофон
- F — есіктегі динамик (тек алдыңғы жолаушы жағында)

ЕСКЕРТУ

- Жоғарыда көрсетілген компоненттерді шешіп алуға және орнатуға тыйым салынады. Бұл байланысты жоғалтуға немесе жабықтың бұзылуына алып келуі мүмкін, мұндайда жүйе дұрыс жұмыс істей алмайды.

1. Оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін қызыл индикатор (A) және жасыл индикатор (B) шамамен 10 секундқа қосылады. Индикаторлар өшкеннен кейін шамамен 10 секунд өткенде жүйе күту режиміне өтеді.

ЕСКЕРТУ

- Егер оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде қызыл немесе жасыл индикатор қосылмаса, жүйе ақаулы. Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз.
- Егер қызыл индикатор қосылып тұрса немесе оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін шамамен 20 секундтың ішінде қосылатын болса, «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесінде ақаулық болуы немесе жүйенің қуат элементі ақаулы болуы мүмкін. Қуат элементінің қызмет ету мерзімі шамамен 3 жылды құрайды. Жүйені тексерту немесе қуат элементін ауыстырту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз.
- Егер жүйе күту режимінде тұрмаса, онда ол жұмыс істемейді. Қозғалысты бастамас бұрын жүйенің күту режимінде тұрғанына көз жеткізіңіз.

2. Жүйе төмендегідей жолмен жұмыс істейді:
Автоматты есептеу
Егер автокөлікке күшті соққы тисе.

ЕСКЕРТПЕ

- Соққы күшіне және соқтығысу бұрышына байланысты жүйе іске қосылмауы мүмкін.

Қолмен есептеу
Қақпақты (C) ашқан және апат сигналының түймесін (D) басқан кезде.

ЕСКЕРТУ

- Апат сигналының түймесін басар алдында автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз. Егер апат сигналының түймесін қозғалыс кезінде бассаныз, қоршаған жағдайға зейініңізді қажетті дәрежеде шоғырландыра алмайсыз, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

САҚТАНДЫРУ

- Апат сигналын беру жағдайларын қоспағанда, қақпақты ашуға тыйым салынады. Олай болмаған жағдайда апат сигналының түймесін абайсызда басып қоюыңыз мүмкін. Сонымен бірге қозғалыс кезінде қақпақ ашық тұрса, апат жағдайында ол жарақат келтіруі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Қолмен есептеу кезінде оператормен байланыс әлі орнатылмай тұрған болса, апат сигналының түймесін қайтадан басу және 2 секундтан ұзақ ұстап тұру арқылы сұрау күшін жоюға болады.

ЕСКЕРТПЕ

- Апат орын алған немесе денсаулығыңызбен байланысты күтпеген проблемалар туындаған жағдайлардан өзге апат сигналының түймесін басуға тыйым салынады. Егер ақаулы автокөлік эвакуацияланған болса, қызметтердің төлемақысы алынуы мүмкін.

3. Жасыл индикатор жыпылықтап тұр және жүйе байланыс орталығымен байланыс орнатып жатыр.

ЕСКЕРТУ

- Егер қызыл индикатор төменде сипатталғандай қосылатын болса, шұғыл әрекет ету қызметтерін мобильді телефон арқылы өз бетіңізше шақырыңыз.
- Егер қызыл индикатор өшпесе. Жүйе ақаулы болуы мүмкін.
- Егер қызыл индикатор 60 секунд бойы тұрақты жарықпен қосылып тұрса. Автокөлік радиотолқындар қабылдана немесе жіберіле алмайтын жерде орналасқан болуы мүмкін.

4. Жасыл индикатор баяу жыпылықтап тұр және автокөлік пен оның орналасқан жері туралы деректер байланыс орталығына жіберіледі.

5. Жасыл индикатор жыпылықтауын доғарып, тұрақты жарықпен қосылса және бір реттік зуммер сигналы берілсе, байланыс орталығының операторы байланысқа шыққанын білдіреді.

ЕСКЕРТУ

- Динамиктерді ауыстыруға тыйым салынады. Егер динамиктер ауыстырылған болса, зуммер сигналы мен байланыс орталығы операторының дауысы естілмей мүмкін. Егер ақаулығына байланысты динамиктер ауыстырылуы тиіс болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

ЕСКЕРТУ

- Есепті байланыс орталығына жіберу кезінде жіберілген және қабылданған есептер арасында қателік туындауы мүмкін. Байланыс орталығының операторымен жерсеріктік желі арқылы байланысқан жағдайда есептің нақты объектіге сәйкестігін растау қажет.

ЕСКЕРТПЕ

- Қоңырауды автокөліктен аяқтау мүмкін емес.

6. Қажет болған жағдайда, байланыс орталығы зардап шегушілер мен апаттық автокөлікті эвакуациялауды қамтамасыз етеді.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөліктегі жүйенің микрофоны (Е) және/немесе динамигі ақаулы болса, байланыс орталығының операторымен сөйлесе алмайсыз.

8

Индикатор күйлерінің тізімі

Жағдай	Индикатор		Себебі	Әрекеттер	Зуммер сигналы
	қызыл	жасыл			
Оталдыру жүйесінің кілтін ON күйіне бұраған немесе ON жұмыс режимін қосқан кезде	Қосылады (шамамен 10 секундқа)	Қосылады (шамамен 10 секундқа)	Жүйе өзін-өзі тексеру жүргізеді.	Біршама уақыт күте тұрыңыз. Жүйені тексеру аяқталғаннан кейін индикатор өшеді. Егер қызыл және/немесе жасыл индикаторлар қосылмаса, жүйе ақаулы болуы мүмкін. Бұл жағдайда жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласу қажет.	Естілмейді
Оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін шамамен 20 секунд өткен кезде	Өшеді	Өшеді	Жүйе қалыпты жұмыс істеп тұр.	—	Естілмейді
	Қосылады	Өшеді	Жүйеде ақаулық немесе қуат элементінің қуаты таусылған болуы мүмкін.	Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз.	Үш рет естіледі

Жағдай	Индикатор		Себебі	Әрекеттер	Зуммер сигналы
	қызыл	жасыл			
Шұғыл қоңырау орындалған кезде	Өшеді	Жыпылықтайды (0,5 секундтық интервалмен)	Жүйе байланыс орталығымен байланыс орнатады.	—	Естілмейді
	Өшеді	Жыпылықтайды (2 секундтық интервалмен)	Жүйе автокөлік және оның орналасқан жері туралы ақпаратты байланыс орталығына жібереді.	—	Естілмейді
	Өшеді	Қосылады	Байланыс орталығының операторы байланысқа шықты.	Шұғыл қоңырау деректерін байланыс орталығының операторымен өзара растау қажет. Егер жасыл индикатор тіпті шұғыл байланыс сеансы аяқталғаннан кейін де өшпесе, жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласу қажет.	Бір рет естіледі
Шұғыл қоңырау шалу әрекеті сәтсіз жасалғанда	Қосылады (шамамен 60 секунд)	Өшеді	Шұғыл байланыс сеансы үзіліп кетті.	Шұғыл қоңырау жасау әрекетін қайталаңыз немесе шұғыл әрекет ету немесе эвакуациялау қызметтерін мобильді телефон немесе жақын жерде орналасқан стационарлық телефон және т. с. с. арқылы өз бетіңізше шақырыңыз.	Үш рет естіледі

Сынақ режимі

Жүйенің дұрыс қалпында екеніне және күту режимінде тұрғанына келесі тәсілмен көз жеткізуге болады.
Рәсімді бастамас бұрын автокөлікті радиотолқындарды қабылдауға және жіберуге ешқандай кедергісі жоқ қауіпсіз, жақсы көзге түсетін жерге тоқтатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Сынақ шұғыл қоңырауын тек білікті қызметкерлер ғана орындай алады. Сондықтан жүйені тексергініз келсе, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығымен кеңесініз.

Сынақ режиміне өту

1. Оталдыру жүйесі өшірулі немесе OFF жұмыс режимі қосылуы тұрған кезде апат сигналының түймесін басып ұстап отырып, оталдыру жүйесін немесе ON жұмыс режимін қосыңыз.
2. Оталдыру жүйесінің құлпын ON күйіне бұрағаннан немесе ON жұмыс режимін қосқаннан кейін 10 секундтың ішінде 3 және 4-қадамдарды орындаңыз.
3. Апат сигналының түймесін жіберіңіз.

4. Апат сигналының түймесін қатарынан кемінде 3 рет басыңыз.
5. 2-қадамды орындағаннан кейін шамамен 10 секунд өткен кезде қызыл және жасыл индикаторлар өшеді. Осыдан кейін үш мәрте зуммер сигналы естіледі.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер зуммер сигналы берілмесе, 1-қадамнан бастап рәсімді қайталаңыз.

6. Шамамен 60 секундтан кейін жасыл индикатор жыпылықтай бастайды. Егер 20 секундтың ішінде апат сигналының түймесін бассаңыз, сынақ режиміне өту орындалады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер жасыл индикатордың орнына қызыл индикатор жыпылықтай бастаса, автокөлікті радиотолқындарды қабылдауға және жіберуге ешқандай кедергісі жоқ қауіпсіз, жақсы көзге түсетін жерге жылжытыңыз және рәсімді 1-қадамнан бастап қайталаңыз.

7. Сынақ режимі нұсқасын таңдау үшін сынақ режиміне ауысқаннан кейін шамамен 20 секунд өткен кезде келесідей жолмен апат сигналының түймесін басыңыз:
 - 10 секундтан ұзақ басып тұрыңыз: сынақ есепті байланыс орталығына жіберу.

- 10 секундтан кем басып тұрыңыз: автокөлікте орнатылған «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесінің жабдығын сынау.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер 20 секундтың ішінде апат сигналының түймесін бассаңыз, сынақ режимінен шығу орындалады.
- Егер сынақ режимі қосулы тұрғанда қозғалысты бастасаңыз, біршама уақыт өткеннен кейін сынақ режимінен шығу орындалады.

Байланыс орталығына сынақ есепті жіберу

1. Жасыл индикатор қосылады және байланыс орталығына есепті жіберу басталады.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер қызыл индикатор шамамен 60 секундқа қосылса, автокөлік радиотолқындарды қабылдау және жіберу қиындатылған жерде орналасқан. Сондықтан жүйе байланыс орталығымен байланыса алмайды.

2. Жасыл индикатордың өшуі сынақ режимінің сәтті өткенін білдіреді.

Автокөлікке орнатылған «ЭРА-ГЛОНАСС» жүйесі жабдығын сынау

1. Бір реттік зуммер сигналынан кейін апат сигналының түймесін басыңыз.**Индикаторларды тексеру**
Бір реттік зуммер сигналынан кейін қызыл және жасыл индикаторлар кезек-кезек қосылады, бұл олардың дұрыс жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.
2. Егер индикаторлар дұрыс күйде болса, апат сигналының түймесін басыңыз. Егер индикаторлар жұмыс істемей тұрса, шамамен 20 секунд күте тұрыңыз.**Динамиктерді тексеру**
Екі мәрте сигналдан кейін зуммер сигналы беріліп тұрады, бұл динамиктердің қалыпты жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.
3. Егер динамиктер дұрыс күйде болса, апат сигналының түймесін басыңыз. Егер динамиктер жұмыс істемей тұрса, шамамен 20 секунд күте тұрыңыз.**Микрофонды тексеру**
Үш мәрте зуммер сигналынан кейін микрофонға қандай да бір сөз айтыңыз. Егер өз дауысыңызды динамиктер арқылы естісеңіз, микрофон жұмыс істеп тұр.
4. Егер микрофон дұрыс күйде болса, апат сигналының түймесін басыңыз. Егер микрофон жұмыс істемей тұрса, шамамен 20 секунд күте тұрыңыз.
5. Егер барлық тексерулер сәтті өткен болса жасыл индикатор қосылады (шамамен 5 секундқа) және бір реттік зуммер сигналы беріледі.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер тексерулердің кез келгені өтілмеген болса, қызыл индикатор қосылады (шамамен 5 секундқа) және 3 мәрте зуммер сигналы естіледі. Мұндай жағдайда жүйе ақаулы болуы мүмкін. Жүйені тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына дереу хабарласуға кеңес береміз.

6. Жасыл индикатордың өшуі сынақ режимінің сәтті өткенін білдіреді.

Автокөлік істен шыққан жағдайдағы іс-әрекеттер

E00800101108

Егер автокөлік жол үстінде істен шықса, оны жол жиегіне итеріп шығарыңыз, апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз және апаттық аялдау белгісін, жыпылықтап тұратын шамды және т. с. с. қойыңыз.

«Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің қосқышы» бөлімін қараңыз, 5-50-бет.

Егер қозғалтқыш өшіп қалса және оталмай тұрса

Қозғалтқыш жұмыс істемей қалған кезде автокөліктің жүрісі мен басқарылуы айтарлықтай өзгереді. Автокөлікті қауіпсіз жерге сүйретпей тұрып келесілерді ескеру қажет:

- Тежегіш күшейткіші жұмыс істемейді, сондықтан тежегіш педаліне түсіру қажет болатын күш ұлғаяды. Тежегіш педалін әдеттегіден көбірек күшпен басыңыз.
- Руль күшейткіші де жұмыс істемейтіндіктен руль ауыр бұрылады.

Егер жұмыс режимін OFF режиміне өзгерту мүмкін болмаса (автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер)

E00804900266

Егер OFF жұмыс режимі қосылмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз, содан кейін OFF жұмыс режимін қосыңыз (CVT бар автокөліктер).
2. Аккумулятор батареясының төмен қуаты да осының бір себебі болуы мүмкін. Егер осы жағдай орын алса, есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі, автокөлікті қашықтан басқару жүйесі және руль бағанының электрлік блокталуы жұмыс істемейді. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Қозғалтқышты сыртқы энергия көзінен оталдыру

E00800504741

Егер қозғалтқыш аккумулятор батареясы қуатының таусылуына немесе ақаулы болуына байланысты оталмаса, басқа автокөліктің аккумулятор батареясын пайдалануға болады. Ол үшін арнайы жалғағыш сымдар жиынтығы қажет болады.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан арнайы жалғағыш сымдардың көмегімен оталдыру үшін пайдалану нұсқаулығында сипатталған іс-әрекеттерді орындаңыз. Нұсқауларды орындамау автокөліктердің өртенуіне, жарылуына немесе зақымдануына алып келуі мүмкін.

8

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті итеру немесе сүйреу арқылы қозғалтқышты оталдыруға тырыспаңыз. Бұл автокөлікке зақым келтіруі мүмкін.
- Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген жағдайда қорғаныс көзілдірігін кию қажет.
- Аккумулятор батареясына балаларды жақындатпаңыз.

1. Сымдарды жалғауға болатындай етіп автокөліктерді бір-біріне жақын қойыңыз. Бұл ретте автокөліктер бір-біріне жанаспауы тиіс.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Екінші автокөліктің электр желісіндегі кернеуді тексеріңіз. Ол 12 В құрауы тиіс. Олай болмаған жағдайда аккумулятор батареяларын бір біріне жалғау екі автокөліктің де зақымдануына алып келуі мүмкін.

2. Электр қуатын тұтынатын барлық шамдарды, жылытқышты және басқа да жабдықтарды өшіріңіз.
3. Автокөліктердің екеуін де тұрақ тежегішіне қойыңыз. А/Т, CVT селектор тұтқасын Р (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз немесе М/Т бейтарап берілісін қосыңыз.
4. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Жалғағыш сымдарды аккумулятор батареяларына жалғамас бұрын автокөліктердің екеуінде де 4-тармақта сипатталған операцияны орындаңыз. Сымдар немесе киімдеріңіз желдеткішке немесе жетек белбеуіне тимеуі үшін тиісті шараларды қолданыңыз. Бұның салдары жарақатқа әкелуі мүмкін.


5. Аккумулятор батареясының құтыларындағы электролит деңгейінің қалыпты екеніне көз жеткізіңіз.
«Аккумулятор батареясы» бөлімін қараңыз, 10-7-бет.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Егер электролит көрінбей тұрса немесе ол қатып қалды деген күдік бар болса, қозғалтқышты сыртқы электр энергиясы көзінен оталдыруға тырыспаңыз! Егер электролит қатып қалған немесе оның деңгейі жеткіліксіз болса, сырттан қуат берген кезде аккумулятор батареясы сынып немесе жарылып кетуі мүмкін.

6. Жалғағыш сымның бір ұшын қуаты таусылған аккумулятор батареясының (А) оң (+) шықпасына, ал екінші ұшын көмекші аккумулятор батареясының (В) оң (+) шықпасына жалғаңыз.

1600 қозғалтқышы бар модификациялар



2000 қозғалтқышы бар модификациялар



7. Екінші жалғағыш сымның бір ұшын көмекші аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасына, ал екінші ұшын аккумулятор батареясының қуаты таусылған автокөлік қозғалтқышының цилиндрлер блогының аккумулятор батареясынан ең алыс орналасқан нүктесіне жалғаңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Міндетті түрде сымдарды жалғаудың келтірілген тәртібін сақтаңыз: ① → ② → ③ → ④.
- ④ қосылысының (суретте көрсетілгендей) дұрыс орындалғанына көз жеткізіңіз. Сымды аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасына тікелей жалғаған жағдайда аккумулятор батареясынан бөлінетін жанғыш газдар ұшқыннан тұтануы және жарылуы мүмкін.
- Сымдарды жалғаған кезде абай болыңыз: оң (+) сымды аккумулятор батареясының теріс (-) шықпасына тигізбеңіз. Бұл жағдайда ұшқын шығуы және аккумулятор батареясының жарылуына алып келуі мүмкін.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Жалғағыш сымдарды мотор бөлімінде салқындату жүйесінің желдеткішіне немесе басқа да айналып тұратын бөлшектерге тимейтіндей етіп өткізіңіз.
- Жалғағыш кабельдердің көлденең қимасын аккумулятор батареясының сыйымдылығына сәйкес таңдау қажет. Олай етпеген жағдайда бөлінетін жылу сымдардың қызып кетуіне алып келуі мүмкін.
- Жалғағыш сымдарды қолданар алдында оларда зақымдану және коррозия іздерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

8. Көмекші аккумулятор батареясы бар автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз, оны бірнеше минут бос жүріспен жұмыс істетіп қойыңыз, содан кейін аккумулятор батареясының қуаты таусылған автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Аккумулятор батареясының көмегімен оталдыру жүргізіліп жатқан автокөліктің қозғалтқышын өшіруге тыйым салынады.

9. Аккумулятор батареясының қуаты таусылған автокөліктің қозғалтқышын оталдырғаннан кейін сымдарды кері тәртіппен ажыратыңыз және қозғалтқышты бірнеше минут бойы жұмыс істетіп қойыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Егер аккумулятор батареясын автокөліктен шығармай-ақ қуаттау қажет болса, аккумулятор батареясынан теріс (-) сымды ажыратып қойыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Аккумулятор батареясының жанында темекі шекпеніз, ұшқын шығармаңыз немесе ашық отты пайдаланбаңыз. Бұл оның жарылуына алып келуі мүмкін.
- Аккумулятор батареясын жабық үй-жайда қуаттаған немесе пайдаланған жағдайда жеткілікті желдетудің болуын қамтамасыз етіңіз.
- Аккумулятор батареясын қуаттайтын кезде оның барлық тығындарын ашып алыңыз.
- Электролит коррозиялық белсенділігі бар күкірт қышқылының ерітіндісі болып табылады. Электролит (аккумулятор қышқылы) қолдарға, көздерге, киімге немесе автокөліктің лак-бояу жабынына тиген жағдайда оны дереу жақсылап сумен жуып кетіру қажет. Электролит көздерге тиген жағдайда бірден көздеріңізді көп мөлшердегі сумен жуыңыз, содан кейін дәрігерге қаралыңыз.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер толық қуатталмаған аккумулятор батареясымен қозғалысты бастасаңыз, бұл қозғалтқыштың біркелкі емес жұмыс істеуіне және тежегішті блоктау жүйесінің бақылау шамының қосылуына алып келуі мүмкін. «Тежегішті блоктау жүйесі (ABS)» бөлімін қараңыз, 6-31-бет.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

E00800604465

Қозғалтқыш қызып кеткен жағдайда көпфункционалы дисплейде салқындату сұйықтығының температурасы туралы ескерту

хабарламасы пайда болады. Сонымен бірге  таңбасы жыпылықтап тұрады.

Бұл жағдайда келесілерді орындау қажет:


1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.
2. Мотор бөлімінен шығып тұрған будын бар-жоғын тексеріңіз.

Егер мотор бөлімінен бу шығып тұрмаса Қозғалтқышты өшірместен, мотор бөлімін желдетуді қамтамасыз ету үшін капотты ашыңыз.


Егер мотор бөлімінен бу шығып тұрса Қозғалтқышты өшіріңіз және будың шығуы тоқтаған кезде мотор бөлімін желдетуді қамтамасыз ету үшін капотты ашыңыз. Қозғалтқышты қайтадан оталдырыңыз.

⚠️ ЕСКЕРТУ

- Мотор бөлімінен бу шығып тұрған кезде капотты ашпаңыз. Мұндайда ыстық будан немесе сұйықтықтан күйік шалуы мүмкін. Тіпті бу шығып тұрмаса да ыстық сұйықтық сыртқа атқылап шығуы мүмкін, ал кейбір бөлшектер өте ыстық болуы мүмкін. Капотты ашқан кезде абай болыңыз.
- Кеңейткіш бактың қақпағының астынан шығып тұрған ыстық будан сақтаныңыз.
- Қозғалтқыш толық суымайынша радиатордың қақпағын ашуға тырыспаңыз.



3. Салқындату жүйесінің желдеткіштерінің айналып тұрғанына көз жеткізіңіз. Егер желдеткіштер айнамай тұрса, дереу қозғалтқышты өшіріңіз де, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығының көмегіне жүгініңіз.




- A — салқындату жүйесінің желдеткіштері
- B — сақтандыруы бар заттаңба
- * — автокөліктің алдыңғы бөлігі


⚠ ЕСКЕРТУ

- Қолдарыңызды немесе киіміңізді айналып тұрған желдеткішке тигізіп алмау үшін абай болыңыз.

4. Салқындату сұйықтығының температурасы (дисплейдегі индикатордың көрсеткіштері бойынша) қалыпты деңгейге дейін төмендегеннен кейін қозғалтқышты өшіріңіз.



5. Кеңейткіш бақтағы (C) салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер кеңейткіш бақтың ішінде салқындату сұйықтығы болмаса, радиатор тығынын (D) бұран ашпай тұрып қозғалтқыштың толық суығанына көз жеткізіңіз. Олай етпеген жағдайда радиатор аузынан шыққан ыстық бұға немесе ағып шыққан салқындату сұйықтығына дене мүшелеріңізді күйдіріп алуыңыз мүмкін.

6. Кеңейткіш баққа қажетті деңгейге дейін салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз («Автокөлікке техникалық қызмет көрсету» тарауын қараңыз).

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер қозғалтқыш ыстық болса, салқындату сұйықтығын қосымша құймаңыз. Бұл қозғалтқышқа зақым келтіруі мүмкін. Қозғалтқыштың суығанын күтіңіз, содан кейін аз-аз мөлшерден салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз.

7. Салқындату жүйесі шлангілерінің дұрыс күйін, сондай-ақ салқындату жүйесі сорғысының жетек белбеуінің керілуі мен бүтіндігін тексеріңіз.

Салқындату жүйесінде немесе жетек белбеуінде қандай да бір ақау анықталған жағдайда кідірместен MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында ақауды жоюға немесе ақаулы бөлшектерді ауыстыруға кеңес беріледі.


Құрал жиынтығы және домкрат

E00800902826

Сақтау орны

Құрал жиынтығы және домкрат жүксалғышқа орналастырылған.

Болжанбаған оқиға жағдайында құрал жиынтығы мен домкраттың қай жерде сақталатынын білу қажет.




- 1 — құрал жиынтығы
- 2 — домкрат



- 1 — құрал жиынтығы
- 2 — домкрат

Құрал жиынтығы

E00801900627



- 1 — дөңгелек кілті
- 2 — домкраттың тұтқасы
- 3 — сүйреу құлақшасы

Домкрат

E00802001811


Домкрат шина тесілген жағдайда тек дөңгелекті ауыстыруға ғана арналған.

ЕСКЕРТПЕ


- Ол техникалық қызмет көрсетуді қажет етпейді.
- Домкрат машина жабдыктарына қатысты 2006/42/ЕО ЕО директивасының талаптарына сәйкес келеді.
- ЕО нормаларына сәйкестік декларациясы осы нұсқаулықтың соңында «Сәйкестік декларациясы» бөлімінде келтірілген.
- Өндірушінің атауы, өндірушінің және оның өкілінің толық мекенжайы, сондай-ақ домкраттың қолданылу аясы ЕО нормаларына Сәйкестік декларациясында көрсетілген.

Домкратты шығарып алу және салу

Домкратты шығарып алмас бұрын жүксалғыш еденінің төсемін көтеріңіз.



Шиналарды жөндеуге арналған жиынтығы бар автокөліктер



AFA118578

Дөңгелекті ауыстыру

E00801204295


Дөңгелекті ауыстырар алдында автокөлікті қауіпсіз жерге тегіс көлденең беттің үстіне тоқтату қажет.

1. Автокөлікті тастары, құмы және т. с. с. жок тегіс қатты көлденең алаңның үстіне тоқтатыңыз.
2. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
3. Егер автокөлік М/Т-мен жабдықталған болса, қозғалтқышты өшіріңіз, содан кейін берілістерді ауыстыру тұтқасын R (артқы жүріс) күйіне ауыстырыңыз. CVT бар автокөлікте селектор тұтқасын P (тұрақ) күйіне ауыстырыңыз және қозғалтқышты өшіріңіз.
4. Апаттық сигнал беру жүйесін қосыңыз, апаттық аялдау белгісін, жыпылықтап тұратын шамды және т. с. с. жол қозғалысы ережелерінде талап етілетін қашықтыққа қойыңыз және жолаушылардың автокөліктен шығуын сұраңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Апаттық аялдау белгісі мен жыпылықтап тұратын шам автокөліктің жеткізу жиынтығына кірмейді. Көрсетілген заттардың бірін автокөлік ішінде сақтауға және қажет болған жағдайда пайдалануға кеңес беріледі.

5. Домкратпен көтерілген автокөліктің өздігінен жүріп кетуін болдырмау үшін ауыстырылатын дөңгелекке (B) диагональ бойынша орналасқан дөңгелектің астына тежегіш тоспа немесе қыспақ (A) тіреңіз.



AG0006822

⚠ ЕСКЕРТУ

- Автокөлікті домкратпен көтерген кезде жерде тұрған дөңгелектің астына тіреуіш тоспа қою қажет. Егер домкратпен көтеріліп тұрған автокөлік жылжып кетсе, домкрат тайып кетуі мүмкін, бұл жаракаттарға алып келуі мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ

- Суретте көрсетілген тоспалар автокөліктің жиынтығына кірмейді. Оларды автокөлік ішінде сақтауға және қажет болған жағдайда пайдалануға кеңес беріледі.
- Егер тежегіш тоспалары немесе қыспақтары жоқ болса, дөңгелекті орнында ұстап тұру үшін жеткілікті үлкен өлшемді тасты немесе басқа заттарды қолданыңыз.

6. Домкратты, тұтқаны және дөңгелек кілтін алыңыз.

«Құрал жиынтығы және домкрат» бөлімін қараңыз, 8-11-бет.

Қосалқы дөңгелек*

E00803602202

Қосалқы дөңгелектегі ауаның қысымын жүйелі түрде тексеріп отырыңыз және оны әрдайым дайын күйінде ұстаңыз.

Егер қосалқы дөңгелекте максималды тағайындалған ауа қысымын сақтап отырсаңыз, дөңгелек кез келген жағдайда (қала ішінде жүргенде, жоғары жылдамдықпен жүру сапарларында, әртүрлі өлшемдегі жүктер болғанда және т. с. с.) пайдалануға үнемі дайын болады.

Қосалқы дөңгелек жүксалғыш едені төсемінің астында орналасады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қосалқы дөңгелек шинасындағы ауаның тағайындалған қысымын жүйелі түрде тексеріп және қалпында ұстап отыру қажет. Шинадағы жеткіліксіз ауа қысымымен жүру апатқа алып келуі мүмкін. Егер шинадағы жеткіліксіз ауа қысымымен жүруге мәжбүр болсаңыз, жылдамдықты азайтуыңыз және алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте шинадағы қысымды қалпына келтіруіңіз қажет («Шиналардағы ауа қысымы» бөлімін қараңыз, 10-11-бет).
- Егер протектордың бетінде тозу индикаторы пайда болса, шинаны жаңасына ауыстыру қажет. «Дөңгелектердің күйі» бөлімін қараңыз, 10-12-бет.

Шағын қосалқы дөңгелек (жылдамдық шектеуінің таңбасы бар қосалқы дөңгелек) *

T155/90 D16 өлшемді қосалқы дөңгелек жұқсалғыш едені төсемінің астында орналасады. Шағын қосалқы дөңгелек жұқсалғыш ішінде азырақ орын алады, сонымен бірге ол жеңілрек, бұл негізгі дөңгелек тесілген жағдайда оны орнатуды жеңілдетеді.

⚠️ САҚТАНДЫРУ


- Шағын қосалқы дөңгелек тек уақытша қолдануға ғана арналған. Алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте оның орнына жаңа немесе жөнделген толық өлшемді дөңгелек орнату қажет.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Орнатылған шағын қосалқы дөңгелекпен автокөлік 80 км/сағ шамасынан аспайтын жылдамдықпен қозғала алады.
- T155/90 D16 өлшемді қосалқы дөңгелек толық өлшемді дөңгелек қамтамасыз ететіндей тұрақтылық пен басқарылуды қамтамасыз етпейді. Егер шағын қосалқы дөңгелек орнатылған болса, жылдамдықты шұғыл үдетуден және шұғыл тежелулерден, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен күрт маневрлер жасаудан сақтаныңыз.

Қосалқы дөңгелекте қолданылатын 215/70 R16 өлшемді шинаның стандартты шинадан айырмашылығы бар. Шағын қосалқы дөңгелекті пайдаланған жағдайда жылдамдықты шұғыл үдетуден және шұғыл тежелулерден, сондай-ақ жоғары жылдамдықпен күрт маневрлер жасаудан сақтаныңыз.

- Шағын қосалқы дөңгелек осы автокөлік үшін арнайы әзірленген. Оны басқа автокөліктерге орнатуға тыйым салынады.
- 215/70 R16 өлшемді қосалқы дөңгелекті сатып алған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан сіздің автокөлігіңізге арнайы жасалған дөңгелекті сатып алуыңыз қажет.
- Уақытша қосалқы дөңгелекке сырғытпайтын шынжырларды орнатуға тыйым салынады. Шинаның өлшемінің кішілігіне байланысты шынжыр дұрыс орнатылмайды. Бұл дөңгелектің зақымдануына және шынжырдың жоғалуына алып келуі мүмкін. Егер сырғытпайтын шынжырлар орнатылған жағдайда алдыңғы шинаның желі шығып кетсе, алдымен артқы дөңгелектің орнына шағын қосалқы дөңгелекті орнату, содан кейін шешіп алынған артқы дөңгелекті істен шыққан алдыңғы дөңгелектің орнына салу қажет. Бұл жағдайда орнатылған сырғытпайтын шынжырлармен қозғалысты жалғастыруға болады.



AA0007645

⚠️ САҚТАНДЫРУ


- T155/90 D16 өлшемді қосалқы дөңгелекті орнатқан жағдайда шағын қосалқы дөңгелектің шинасының диаметрі стандартты шинаның диаметрінен кішірек болғандықтан, автокөліктің жалпы биіктігі мен жол клиренсі біршама азаяды. Тегіс емес жолдан өткен кезде автокөліктің түбін зақымдап алмау үшін абай болыңыз.
- Бір мезгілде екі және одан көп шағын қосалқы дөңгелек орнатуға тыйым салынады.

Қосалқы дөңгелекті шығарып алу

E00803301198

1. Жұқсалғыш еденінің төсемін көтеріңіз.
2. Қосалқы дөңгелекті шығарып алу үшін астауды (А) шығарыңыз, содан кейін сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып қысқышты (В) шешіп алыңыз.


Дөңгелекті ауыстыру



8

ЕСКЕРТПЕ

- Қосалқы дөңгелекті автокөлік шанағының астына домкраттың жанына қойыңыз. Бұл домкрат тайып кеткен жағдайда қосымша қауіпсіздік шарасының қызметін атқаратын болады.




Дөңгелекті ауыстыру


Е00803202295

1. Егер дөңгелекке дөңгелек қалпағы орнатылған болса, алдымен оны шешіп алыңыз («Дөңгелек қалпақтары» бөлімін қараңыз).

Дөңгелек кілтімен дөңгелекті бекіту сомындарын төрттен бір айналымға босатып алыңыз. Сомындарды толық бұрап шығарып алмаған жөн.




2. Домкратты суретте көрсетілген шанақты көтеру нүктелерінің (A) бірінің астына тіреңіз. Домкратты ауыстырылатын дөңгелекке ең жақын орналасқан нүктеге орнатыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Домкратты тек суретте көрсетілген нүктелерге ғана орнату қажет. Домкратты дұрыс емес жерге орнатқан кезде ол автокөліктің шанағын майыстыруы немесе құлап кетуі мүмкін, нәтижесінде бұл жарақаттарға алып келеді.
- Домкратты тегіс емес немесе жұмсақ беттің үстіне орнатпаңыз. Сенімсіз беттің үстінде домкрат тайып кетуі мүмкін, бұл жарақаттарға алып келуі мүмкін. Домкратты тек тегіс, қатты беттің үстіне ғана орнатыңыз. Домкратты орнатпас бұрын оның негізінің астында құмның немесе ұсақ тастардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.


3. Шанақтың қыры (B) домкраттың үстінгі бөлігіндегі ойыққа (C) кіргенше домкраттың винтін қолмен бұраңыз.



4. Шанақты көтеру нүктесіндегі қырдың домкраттың үстінгі бөлігіндегі ойыққа кіргеніне көз жеткізіңіз.

Домкраттың тұтқасын (D) дөңгелек кілтіне (E) салыңыз. Содан кейін тұтқаның ұшын суретте көрсетілгендей домкрат винтінің ұшындағы саңылауға кигізіп алыңыз.

Дөңгелек жер бетінен сәл көтерілгенге дейін дөңгелек кілтін ақырын бұраңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Дөңгелек жерден көтерілген сәтте автокөлікті көтеруді тоқтатыңыз. Автокөлікті одан жоғары көтеру қауіпті.
- Домкратпен көтерілген автокөліктің астына кіруге тыйым салынады.
- Көтеріліп тұрған автокөлікке сокқылар жасауға және оны ұзақ уақыт бойы домкраттың үстінде қалдыруға тыйым салынады: бұл өте қауіпті.
- Тек автокөлік жиынтығына кіретін домкратты ғана қолдану қажет.
- Домкратты тек дөңгелекті ауыстыру үшін ғана қолдануға жол беріледі.
- Домкратпен көтеріліп жатқан автокөліктің ішінде жолаушылар отырмауы тиіс.

⚠ ЕСКЕРТУ


- Егер автокөлік домкратпен көтерілген болса, қозғалтқышын оталдыруға және оны жұмыс істетіп қалдыруға тыйым салынады.
- Көтеріліп тұрған дөңгелекті айналдыруға тыйым салынады. Жерде тұрған дөңгелектер айналып кетуі мүмкін, бұл автокөліктің домкраттан құлап түсуіне алып келуі мүмкін.

5. Кілтпен дөңгелекті бекіту сомындарын бұрап алыңыз, содан кейін дөңгелекті шешіп алыңыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ


- Ауыстырған кезде дөңгелек дискісінің бетін сызып алмау үшін дөңгелекті абайлап ұстаңыз.

6. Дөңгелек күшшегінің бетін (F), күпшек шпилькаларын (G) және дөңгелек дискісіндегі саңылауларды (H) кірден тазартыңыз және қосалқы дөңгелекті орнатыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ


- Дөңгелектің дұрыс жағымен орнатылуын қадағалаңыз. Шұра дөңгелектің сыртқы жағында орналасуы тиіс. Егер шұрасы (I) көрінбесе, бұл дөңгелектің дұрыс орнатылмағанын білдіреді. Дөңгелектің дұрыс орнатылмауы автокөліктің басқарылуына кері әсер етеді, бұл апатқа алып келуі мүмкін.



7. Дөңгелек сомындарын сағат тілінің бағытында бұрап салыңыз және оларды алдын ала колмен қатырыңыз.


Қонустық сомындары бар автокөліктер

Дөңгелек бекітілуі үшін сомындарды олардың қонустық бөліктері (A) дискінің отырғызу орындарына (B) тигенше және күпшекке қарай қысқанша бұраңыз.




8 Фланецті сомындары бар автокөліктер

- Жеңіл қорытпалы дөңгелек дискілері
Толық өлшемді қосалқы дөңгелекті орнатқан жағдайда оны бекіту үшін сомындарды олардың фланецтері (C) дөңгелекті күшшекке қарай қысқанша бұраңыз.



- Болат диск
Дөңгелек бекітілуі үшін сомындарды олардың конустық бөліктері (A) дискінің отырғызу орындарына (B) тигенше және күшшекке қарай қысқанша бұраңыз.




⚠ САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелектерді бекіту шпилькаларына немесе сомындарына жағармай жағуға тыйым салынады, себебі майланған бөлшектер тым қатты бұрап қатырылады.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Уақытша болат дискіні фланецті сомындармен бекітіп қолдануға болады, алайда алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте сәйкес шинасы бар жеңіл қорытпалы дөңгелек дискіні орнату қажет.
- Барлық төрт дөңгелектің дискілерін болат дискілерге (мысалы, қысқы шиналары бар дискілерге) ауыстырған жағдайда конустық сомындарды қолданыңыз.

8. Дөңгелек кілтін сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, дөңгелек жерге тигенше автокөлікті ақырындап түсіріңіз.



9. Сомындарды суретте көрсетілген ретпен бұрап қатырыңыз. Әрбір сомынды көрсетілген моментпен бұрап қатыру қажет.


Бұрап қатыру моменті — 88–108 Н·м (автокөлікпен бірге жеткізілетін дөңгелек кілтінің ұшына 350–420 Н күш түсірген жағдайда қол жеткізіледі).



⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелек кілтін аяқпен басуға немесе кілттің бұрау күшін арттыру үшін ұзартқыш ретінде құбырды қолдануға тыйым салынады: бұл жағдайда сомындар тым қатты бұрап қатырылады.

10. Егер дөңгелектің қалпағы бар болса, оны дөңгелекке орнатыңыз («Дөңгелек қалпақтары» бөлімін қараңыз, 8-18-бет).
11. Домкратты түсіріңіз және шетке алыңыз, содан кейін домкратты, желі шыққан дөңгелекті және тіреу тоспасын жүксалғышқа салыңыз. Ақаулы шинаны алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жөндеу қажет.
12. Ең жақын жердегі сервис орталығында шиналардағы ауа қысымын тексертіңіз. Номиналды қысым жүргізуші есігіндегі тактайшада көрсетілген (суретті қараңыз).




⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Шағын қосалқы дөңгелек толық өлшемді дөңгелек зақымдалған жағдайда тек уақытша ауыстыру үшін ғана қолданылады. Мүмкіндігінше тездетіп зақымдалған шинаны жөндеу және шағын дөңгелектің орнына толық өлшемді дөңгелекті орнату қажет.
- Дөңгелекті ауыстырғаннан және шамамен 1000 км жол жүргеннен кейін босап кетпеуі үшін сомындарды қосымша тартып қою қажет.
- Егер дөңгелекті ауыстырғаннан кейін руль дірілдейтін болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында дөңгелектердің теңгерілуін тексертуге кеңес береміз.
- Өртүрлі типтік өлшемдері бар шиналарды орнатуға немесе өлшемдері автокөліктің техникалық сипаттамаларында көрсетілген өлшемге сәйкес келмейтін шиналарды қолдануға тыйым салынады. Бұл шиналардың жоғары деңгейде тозуына және басқарылуының нашарлауына алып келеді.

Желі шыққан немесе қосалқы дөңгелекті орнына салу

E00803401333

1. Жүксалғыш еденінің төсемін көтеріңіз.
2. Желі шыққан немесе қосалқы дөңгелекті жүксалғыш едені төсемінің астына салыңыз. Ақаулы немесе қосалқы дөңгелекті сағат тілінің бағытында бұрай отырып қысқышпен (А) бекітіңіз, содан кейін қосалқы дөңгелектің астауын (В) салыңыз.



⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Егер астында қосалқы дөңгелек жоқ кезде жүксалғыш еденінің төсеміне ауыр зат қойсаңыз, жүксалғыш еденінің төсемі зақымдалуы немесе деформациялануы мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- T155/90 D16 өлшемді қосалқы дөңгелекпен жинақталған автокөліктерде оның қысқышын толық өлшемді дөңгелекті бекіту үшін қолдануға тыйым салынады.

3. Зақымдалған шинаны алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте жөндеу қажет.

Құрал жиынтығы мен домкратты салу

E00803801281

Құралдарды, домкратты және домкраттың тұтқасын орнына салу үшін жоғарыда сипатталған әрекеттерді кері тәртіппен орындаңыз.

«Құрал жиынтығы және домкрат» бөлімін қараңыз, 8-11-бет.


Дөңгелек қалпақтары*

E00801300692

8

Шешіп алу

Домкраттың тұтқасының ұшына шүберек орап алып, оны дөңгелек қалпағының ойығына сұғыңыз және қалпақты дөңгелек дискісінен қайырып шығарыңыз. Домкраттың тұтқасын дөңгелек қалпағының қалған ойықтарына сала отырып, қалпақ дөңгелектен шешілгенде осы рәсімді қайталаңыз.



⚠ САҚТАНДЫРУ


- Дөңгелек қалпағын құралдарды қолданбастан қолмен шешіп алуға әрекеттенсеңіз, саусақтарыңызды жарақаттап алуыңыз мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Дөңгелек қалпағы пластиктен жасалған. Қалпақты абайлап шешіп алыңыз.

Орнату

1. Қалпақтарды орнатар алдында артқы жағындағы тілшіктерінің (А) зақымданбағанына және шеңберге (В) дұрыс кигізілгеніне көз жеткізіңіз. Қандай да бір күмән туындаған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.




2. Қалпақтың кесігін (D) дөңгелек шұрасымен (C) сәйкестендіріңіз.



📖 ЕСКЕРТПЕ

- Толық өлшемді дөңгелектердің қалпақтарының артқы жағында шұраның орналасқан жерін көрсететін таңбалар (E) бар. Қалпақты орнатар алдында таңбасы бар кесіктің шұрамен дәл сәйкес келтірілгеніне көз жеткізіңіз.

3. Қалпақтың астыңғы бөлігін (F) басыңыз және оны дөңгелекке бекітіңіз.
4. Қалпақтың екі жағын (G) ақырындап басыңыз да, тізелеріңізбен басып орнына отырғызыңыз.
5. Қалпақтың шеңберінің үстіңгі бөлігін (H) ақырындап соққылаңыз, содан кейін орнына басып түсіріңіз.



Сүйреу

E00801506250

Автокөлікті сүйреу

Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына немесе коммерциялық эвакуация қызметіне хабарласуға кеңес береміз.

Төмендегі жағдайларда автокөлікті эвакуатордың көмегімен тасымалдау қажет:


- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр, алайда автокөлік жылжымайды немесе әдеттен тыс шу естіледі.
- Автокөліктің астын қарап шыққанда майдың немесе қандай да бір басқа сұйықтықтың аққаны байқалды.

Дөңгелектері терең ойыққа тіреліп қалған автокөлікті сүйреуге әрекет жасауға тыйым салынады.

Егер автокөлікті сүйреу қажет болса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына немесе коммерциялық эвакуация қызметіне хабарласуға кеңес береміз.

MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан немесе коммерциялық эвакуация қызметінен эвакуаторды шақыру мүмкін емес болған жағдайда ғана автокөлікті осы тараудың «Апаттық жағдайда сүйреу» бөлімінде келтірілген нұсқауларға сәйкес басқа автокөлікпен абайлап сүйреуге болады.

Әртүрлі елдердегі сүйреу ережелерінің арасында айырмашылықтар болады. Өзіңіз орналасқан елдің жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау қажет.



Автокөлікті эвакуатордың көмегімен сүйреу

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікті көтеретін жүкшығырмен (суреттегі А нұсқасы) жабдықталған эвакуатордың көмегімен сүйреуге тыйым салынады. Жүкшығырдың арқаны автокөліктің бампері мен алдыңғы бөлігін зақымдайды.
- CVT бар алдыңғы жетекті автокөліктерді жетекші дөңгелектерін жерге қойып (суреттегі В нұсқасы) сүйреуге тыйым салынады. Бұл трансмиссияға зақым келтіруі мүмкін.
- Толық жетекті автокөліктерді алдыңғы немесе артқы дөңгелектерін көтеріп (суреттегі В және С нұсқалары) сүйреуге тыйым салынады. Бұл трансмиссияға зақым келтіруі, сонымен бірге автокөлік арбадан түсіп қалуы мүмкін.
- Толық жетекті автокөлікті сүйреу қажет болған жағдайда суретте көрсетілген жабдықты (D және E нұсқалары) қолданыңыз.
- Алдыңғы жетекті автокөліктерде беріліс қорабы істен шықса немесе зақымдалған болса, автокөлікті жетекші дөңгелектерін арбаға артып (суреттегі С, D немесе E нұсқалары) сүйреу қажет.
- Тіпті 2WD режимі қосылуы болса да, толық жетекті автокөлікті алдыңғы не артқы дөңгелектері асылған күйде сүйреуге тыйым салынады.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (ASC) бар алдыңғы жетекті автокөлік үшін Автокөлікті оталдыру жүйесі қосылуы немесе ON жұмыс режимі қосылуы күйінде және тек алдыңғы не артқы дөңгелектері көтерілген күйде (суреттегі В немесе С нұсқасы) сүйреген жағдайда ASC жүйесі іске қосылып кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді. Автокөлікті артқы дөңгелектері көтерілген күйде сүйреген кезде оталдыру жүйесінің кілті ACC күйінде тұруы немесе ACC жұмыс режимі қосылуы болуы тиіс. Автокөлікті алдыңғы дөңгелектері көтерілген күйде сүйреген кезде оталдыру жүйесі кілтінің күйі немесе қосылуы тұрған жұмыс режимі келесідей болуы тиіс:
Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
 Оталдыру жүйесінің кілті LOCK не ACC күйінде тұр.
Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер
 OFF немесе ACC жұмыс режимі қосылуы.

Автокөлікті артқы дөңгелектерін көтеріп сүйреу (суреттегі В нұсқасы)

Берілістерді ауыстыру тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне қою қажет. Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті ACC күйіне бұраңыз немесе ACC жұмыс режимін қосыңыз және рульді арқанның көмегімен түзу жүру күйіне бекітіңіз. Сүйреу кезінде оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұрауға немесе OFF жұмыс режимін қосуға тыйым салынады.

Автокөлікті алдыңғы дөңгелектерін көтеріп сүйреу (суреттегі С нұсқасы)

Тұрақ тежегішін өшіріңіз. М/Т бейтарап берілісін қосыңыз немесе CVT селектор тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырыңыз.


Апаттық жағдайда сүйреу

E00804201165

Егер төтенше жағдайда эвакуациялау қызметімен байланыс орнату мүмкін болмаса, автокөлікті уақытша арнайы құлақшасына бекітілген арқанның немесе шынжырдың көмегімен сүйреуге болады. Егер автокөлігіңізді екінші автокөліктің көмегімен сүйреу қажет болса немесе сізге басқа бір автокөлікті сүйреу қажет болса, төменде келтірілген ақпаратқа ерекше назар аударыңыз.

Автокөлікті басқа автокөлікпен сүйреген кезде

1. Алдыңғы сүйреу құлақшасы (А) суретте көрсетілген жерде орналасқан. Сүйреу арқанын алдыңғы сүйреу құлақшасына бекітіңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Сүйреу үшін метауыштарды ілуге арналған құлақшаларды (B) қолдануға тыйым салынады. Олар автокөлікті эвакуатор платформасына бекітуге ғана арналған. Егер сүйреу арқаны арнайы сүйреу құлақшасына (A) емес, қандай да бір басқа бөлшекке бекітсеңіз, автокөліктің шаңағын зақымдап алуыңыз мүмкін.
- Сүйреу үшін болат арқан, шынжыр немесе штанга қолдану шаңақтың зақымдануына алып келуі мүмкін. Металл емес арқан қолдануға кеңес беріледі. Болат сымарқан, шынжыр немесе штанга қолданған жағдайда оларды автокөлік шаңағына жанасатын жерлерінен шүберекпен орап қою қажет.
- Сүйреу арқаны мүмкіндігінше көлденең күйге жакын орналасуы тиіс. Көлбеу бұрышпен орналасқан арқан автокөліктің шаңағын зақымдауы мүмкін.

2. Қозғалтқышты өшірмеңіз.

Егер қозғалтқыш жұмыс істемей тұрса, рульді блоктан шығару үшін келесі операцияны орындаңыз.

Есік құлыптарын қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті М/Т бар автокөлікте ACC не ON күйіне, CVT бар автокөлікте ON күйіне бұраңыз.

Автокөлікті қашықтан басқару жүйесі бар автокөліктер

М/Т бар автокөлікте ACC не ON жұмыс режимінің күйін, CVT бар автокөлікте ON жұмыс режимінің күйін қосыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқыш өшіп тұрғанда тежегіш және руль күшейткіштері жұмыс істемейді. Бұл ретте тежегіш педалін көбірек күшпен басуға тура келеді, ал рульді бұру үшін көбірек күш жұмсау қажет болады. Бұл жағдайда әдеттегімен салыстырғанда автокөлікті басқару қиынырақ.

САҚТАНДЫРУ

- Оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйінде қалдырмаңыз немесе OFF жұмыс режимін қосылған күйінде қалдырмаңыз. Руль блокталып қалады, бұл көлікті басқару мүмкіндігінен айырылуға алып келеді.

3. М/Т бейтарап берілісін қосыңыз немесе CVT селектор тұтқасын N (бейтарап беріліс) күйіне ауыстырыңыз.

4. Егер Жол қозғалысы ережелерінде талап етілген болса, апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз (Жол қозғалысы ережелерінің және басқа да жергілікті заңнама нормаларының талаптарын орындаңыз).

5. Сүйреуді бастамас бұрын екі автокөліктің жүргізушілері өзара шартты сигналдар немесе басқа да байланыс тәсілі туралы келісіп алуы тиіс. Автокөліктер шағын жылдамдықпен қозғалуы тиіс.

САҚТАНДЫРУ


- Сүйрелетін автокөліктің жүргізушісі сүйреуші автокөліктің стоп-сигналдарын қадағалап отыруы және арқанның салбырауына жол бермеуі тиіс.
- Шұғыл тежелулерден, жылдамдықты күрт үдетуден және шұғыл маневрлер жасаудан сақтаныңыз; бұл сүйреу құлақшаларының және сүйреу арқанының зақымдалуына алып келуі мүмкін. Жақын жердегі адамдар жарақат алып қалуы мүмкін.
- Ұзақ уақыт бойы ылдифа қарай қозғалған кезде тежегіштер қызып кетуі мүмкін, бұл олардың тиімділігінің төмендеуіне алып келеді. Бұл жағдайда автокөлікті эвакуатор платформасында тасымалдау қажет.
- Егер CVT бар автокөлікті сүйресеңіз, төменде келтірілген максималды жылдамдық және сүйреу қашықтығы мәндерінен асыруға тыйым салынады. Әйтпесе беріліс қорабы зақымданады.

Сүйреу кезіндегі жылдамдық — 40 км/сағ.
Сүйреу қашықтығы — 40 км.


Сүйреу кезіндегі жылдамдық Жол қозғалысы ережелерімен және жергілікті заңнамамен анықталады.

Басқа автокөлікті сүйреген кезде

1. Автокөлікте бар сүйреу құлақшасын, дөңгелек кілтін және домкраттың тұтқасын алыңыз.
«Құрал жиынтығы және домкрат» бөлімін қараңыз, 8-11-бет.
2. Домкрат тұтқасының (С) ұшын шүберекпен орап алып, оның көмегімен артқы бампердегі қақпақты шешіп алыңыз.




3. Дөңгелек кілтіннің (D) көмегімен сүйреу құлақшасын бұрап салыңыз және сенімді етіп қатырыңыз.



4. Сүйреу арканын сүйреу құлақшасына бекітіңіз. Басқа нұсқаулар «Автокөлікті басқа автокөлікпен сүйреген кезде» бөлімінде келтірілген нұсқаулармен бірдей.
5. Сүйреу аяқталғаннан кейін сүйреу құлақшасын бұрап шешіп алыңыз да, орнына салыңыз.
«Құрал жиынтығы және домкрат» бөлімін қараңыз, 8-11-бет.
Қақпақты орнына салу үшін қақпақтың дөңес бөлігін бампердегі ойықпен түйістіріңіз және қақпақты басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Салмағы сіздің автокөлігіңізден асатын автокөлікті сүйреуге тыйым салынады.



Автокөлікті күрделі жағдайларда жүргізу

E00801702531

Су басқан жолда

- Су басқан жолдармен жүруден сақтаныңыз. Су тежегіш дискілеріне кіруі мүмкін, бұл уақытша тежеу тиімділігінің төмендеуіне алып келеді. Мұндай жағдайларда тежегіштер жұмысының тиімділігін тексеру үшін тежегіш педалін сәл басып көріңіз. Тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда тежегіш қыспақтарын кептіру үшін қозғалыс кезінде тежегіш педалін бірнеше рет басыңыз.
- Жаңбырдың астында немесе шалшық сулары көп жолмен жүрген кезде шиналар мен жол жабыны бетінің арасында су қабаты түзілуі мүмкін.

Бұл ретте шинаның жолмен ілінісуі төмендейді, бұл автокөліктің басқарылуының нашарлауына және тежелу тиімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Басқару мүмкіндігін сақтап қалу үшін келесі ережелерді ұстаныңыз:

- A. Автокөлікті төмен жылдамдықпен жүргізіңіз.
- B. Протекторы тозған шиналарды қолданбаңыз.
- C. Шиналарға белгіленген ауа қысымын сақтап отырыңыз.

Қар немесе мұз басқан жолда

- Қар және мұзда жүру үшін қысқы шиналарды қолдануға кеңес беріледі. «Қысқы шиналар» және «Сыргытпайтын шынжырлар» бөлімдерін қараңыз.
- Жоғары жылдамдықпен жүруден, жылдамдықты күрт үдетуден және шұғыл тежелуден, сондай-ақ күрт бұрылу әрекеттерінен сақтаныңыз.
- Қар және мұз басқан жолдарда тежеген кезде дөңгелектер сырғанауы және автокөлік бүйірге қарай сырғуы мүмкін. Егер шиналардың жолмен ілінісу коэффициенті төмен болса, шиналар бос тайғанауы мүмкін. Автокөлікті әдеттегі тежеумен тоқтату қиынырақ болады. Егер автокөлік тежегішті блоктау жүйесімен (ABS) жабдықталған болса, тежегіш педалін қатты басыңыз және басып ұстап тұрыңыз.

- Алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін көбірек арақашықтық сақтаңыз және шұғыл тежелуге жол бермеңіз.
- Тежеу механизмдеріне мұздың жиналуы дөңгелектің блокталуына алып келуі мүмкін. Орыннан қозғалуды автокөлік айналасындағы жағдайдың қауіпсіздігіне көз жеткізіп алып, абайлап бастаңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Акселератор педалін шұғыл баспаңыз. Дөңгелектер қатып қалған мұздың блоктауынан босап шыққан кезде автокөлік кенет қозғалып кетуі, бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Тегіс емес жолда


Тегіс емес жолдармен немесе жабыны бұзылған жолдармен (шұңқырлар, соғылған ойықтар, жарықтар және т.б.) жүргенде тегіс емес жерлерден мүмкіндігінше айналып өтуге тырысыңыз. Міндетті түрде жолдың күйіне сәйкес келетін қозғалыс жылдамдығын таңдаңыз. Тегіс емес немесе жабыны бұзылған жолдармен жүру аспа бөлшектерінің мерзімінен бұрын тозуына немесе автокөліктің зақымдалуына алып келуі мүмкін. Тегіс емес жолдармен жүрген кезде сақ болыңыз, тегіс емес жерлерге шанақты, бамперлерді, бәсеңдеткішті және басқа да бөлшектерді тигізуден сақтаныңыз. Үлкенірек кедергінің үстімен өткен кезде автокөлік зақымдалуы мүмкін.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Оқаптармен және іздермен жүрген кезде шиналарға және дөңгелек дискілеріне берілетін соққылар шиналардың және/немесе дөңгелек дискілерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

Жолдан тыс жерлерде

Сіздің автокөлігіңіз ең алдымен қатты төсемі бар жолдармен жүруге арналған. Толық жетек жүйесі (бар болса) арнайы жабыны жоқ жолдармен, сондай-ақ тегіс қатты беті бар жолдардан тыс жерлермен жүруді жеңілдетеді. Автокөліктің кедергілерді еңсеру мүмкіндіктерінің шегі бар екенін есте ұстаңыз. Бұл автокөлік ауыр жолсыз жерлермен, ойлы-қырлы жерлермен, терең іздермен және т. с. с. жүруге арналмаған. Автокөлік өндірушісі жоғарыда көрсетілген жағдайларда жүру туралы шешім қабылдай отырып жүргізуші ықтимал салдарларды түсінеді және жеке өзінің жауапкершілігімен әрекет етеді деп есептейді.



Автокөлікке күтім жасау

Автокөлікке күтім жасау кезіндегі сақтық шаралары	9-2
Автокөліктің салонын тазалау	9-2
Автокөлік шанағының сыртқы бөлшектерін тазалау	9-3

Автокөлікке күтім жасау кезіндегі сақтық шаралары

E00900100548

Тартымды көріністі сақтау үшін автокөлікке үнемі күтім жасау керек.

Автокөлікке күтім жасаған кезде әрқашан қоршаған ортаны қорғау бойынша қолданыстағы нормаларды сақтау керек.

Жұғыш заттарды және т.б. мұқият таңдаңыз, олардың құрамында коррозиялық белсенді заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Мұндай заттарды таңдауда қиындықтар туындаған жағдайда, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Тазалағыш заттар денсаулыққа қауіпті болуы мүмкін. Әрқашан тазалағыш заттар өндірушісінің нұсқауларын орындаңыз.
- Автокөлікті тазалау үшін келесі заттарды пайдалануға тыйым салынады:
 - газолин,
 - бояуға арналған еріткіш,
 - бензин,
 - керосин,
 - скипидар,
 - ауыр бензин,
 - лакқа арналған еріткіш,
 - төртхлорлы көміртек,
 - тырнақтағы лакты кетіруге арналған сұйықтық,
 - ацетон.

Автокөліктің салонын тазалау

E00900200220

Автокөліктің салонын сумен, тазалағыш заттармен және т.б. тазалағаннан кейін, салонды көлеңке, жақсы желдетілетін жерде сүртіп, құрғатыңыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Салонды тазалау үшін органикалық заттарды (еріткіштер, керосин, алкоголь, бензин және т.б.), сондай-ақ сілтілер мен қышқылдардың ерітінділерін қолдануға тыйым салынады. Бұл химиялық заттар түссізденуге, дақтардың пайда болуына немесе салонды әрлеу бөлшектері бетінің жарылуына әкелуі мүмкін. Тазалағыш немесе жылтыратқыш заттарды қолданар алдында олардың құрамында жоғарыда аталған заттар жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Пластиктен, жасанды былғарыдан және матадан жасалған бөлшектер

E00900300319

1. Бейтарап жуғыш заттың 3 пайыздық сулы ерітіндісіне малынған дәкемен немесе басқа жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз.
2. Матаны таза сумен шайып, жақсылап сығыңыз. Матаның көмегімен жуғыш заттың қалдықтарын алып тастаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Құрамында силикон немесе балауыз бар тазартқыш заттарды, кондиционерлерді және қорғағыш заттарды пайдалануға тыйым салынады. Осы заттарды пайдалану нәтижесінде салон бөлшектерінің бетінде, алдыңғы әйнекте дақтар пайда болуы мүмкін, нәтижесінде айналаны шолу мүмкіндігі нашарлайды. Бұл заттардың электр жабық қосқыштарына енуі ақауларға әкелуі мүмкін.

Қаптауыш

E00900500076

1. Автокөлік салонының қаптауышы тозбауы үшін оны ұқыпты пайдаланып, салонды таза ұстаңыз. Орындықтарды шаңсорғышпен және щеткамен тазалау керек. Дақтар пайда болған кезде винил және басқа синтетикалық былғарыны тиісті тазартқыш заттармен тазалауға болады. Мата қаптауышты тазалау үшін қаптауыш тазартқышын немесе жылы суға қосылған бейтарап жуғыш заттың 3 пайыздық ерітіндісін қолдануға болады.
2. Кілем жабынын шаңсорғышпен тазалау керек, дақтарды кілем тазалағышпен жою керек. Май дақтары мен қоюланған майды кетіру үшін мата мен дақ кетіргішті қолдану керек. Тазалау кезінде қаптауышты боямайтын матаны таңдаңыз.

Табиғи былғары*

E00900600804

1. Бейтарап жуғыш заттың 5 пайыздық сулы ерітіндісіне малынған дәкемен немесе баска жұмсақ шүберекпен ақырын сүртіңіз.
2. Матаны таза сумен шайып, жақсылап сығыңыз. Матаның көмегімен жуғыш заттың қалдықтарын алып тастаңыз.
3. Табиғи былғарының бетіне арнайы қорғағыш қоспаны жағыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Егер су табиғи былғарыға түссе, оны жұмсақ, құрғақ шүберекпен мүмкіндігінше тез сүртіп тастаңыз. Ылғал былғарыда зең пайда болуы мүмкін.
- Былғарының бетіне зақым келтірмеу үшін табиғи былғарыны нейлон щеткамен немесе синтетикалық шүберекпен қатты ысқылауға болмайды.
- Бензин, керосин, спирт және газалин сияқты органикалық еріткіштер, сондай-ақ қышқылдар мен сілтілердің ерітінділері табиғи былғарыны түссіздендіруі мүмкін. Тек бейтарап жуғыш заттарды қолданыңыз.
- Кір мен майлы заттарды табиғи былғарыдан мүмкіндігінше тез кетіріңіз, өйткені олар кетпейтін дақ қалдыруы мүмкін.
- Тікелей күн сәулесінің ұзақ әсерінен табиғи былғарының беті қатайып, мыжылып кетуі мүмкін. Автокөлікті тұрақ орнында қалдырған кезде, оны көлеңкеге қоюға тырысыңыз.
- Жазда салондағы температура жоғары болғанда, табиғи былғары орындықта жатқан винил заттар қаптауышты зақымдауы немесе оған жабысып қалуы мүмкін.

Автокөлік шанағының сыртқы бөлшектерін тазалау

E00900700108

Егер төменде көрсетілген заттар шанақта ұзақ уақыт қалса, олар коррозияға, түссізденуге және дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Олар анықталған жағдайда, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек жуу керек.

- Теңіз суы, көктайғаққа қарсы жол реагенттері.
- Күйе мен шаң, соның ішінде өнеркәсіптік кәсіпорындардың металл шаңы, химиялық заттар (қышқылдар, сілтілер, шайыр және т. б.).
- Құстың қиы, жәндіктердің іздері, ағаштардың шайыры.

Шанақты жуу

E0090090430

Егер автокөлік шанағында кір мен жол шаңының құрамындағы химиялық заттар ұзақ уақыт қалса, олар автокөлік шанағының лак-бояу жабынын және металл бетті зақымдауы мүмкін.

Мұндай зақымданудан ең тиімді қорғаныс — шанақты жиі жуу және оны құрамында балауызы бар қорғағыш қосылыстармен өңдеу. Бұл шаралар автокөлік шанағын атмосфералық жауын-шашыннан (жаңбыр, қар сияқты), ауадағы тұздардан және т. б. қорғауға көмектеседі.

Автокөлікті тікелей күн сәулесі түсіп тұрған жерде жууға болмайды. Автокөлікті көлеңкеде тоқтатып, шаңды кетіру үшін оған су құйыңыз. Содан кейін көп мөлшердегі сумен және щеткамен немесе автокөлікті жууға арналған губкамен автокөліктің шанағын төбесінен бастап төменгі бөліктерін қоса жуыңыз.

Қажет болса, автосусабынның әлсіз ерітіндісін қолданыңыз. Жуғыш заттың қалдықтарын таза сумен мұқият кетіріңіз және шанақты жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Жуғаннан кейін, әдетте кір жиналағын есіктер мен шанақтың ілмектері мен жиектерін және т. б. мұқият тазалаңыз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөліктің астын және дөңгелек дискілерін жуған кезде қолыңызды жарақаттап алмаңыз.
- Автокөлігіңіз жаңбыр датчигі бар эйнектасартқышпен жабдықталғандықтан, шанақты жуар алдында жаңбыр датчигін өшіру үшін эйнектасартқыштың ауыстырып қосқышын OFF (өшірулі) күйіне орнатыңыз. Әйтпесе су алдыңғы эйнекке түскен кезде тазартқыш қосылып, істен шығуы мүмкін.
- Автоматты автокөлік жуғыштарды пайдаланбауға тырысыңыз, өйткені щеткалар лак-бояу жабынын сырып, ол жылтырлығын жоғалтады. Сызаттар әсіресе қою түстермен боялған автокөліктерде байқалады.
- Мотор бөліміндегі электр жабдықтың бөліктеріне судың түсуіне жол бермеңіз, себебі бұл қозғалтқышты іске қосуды қиындатуы мүмкін. Шанақтың астын да абайлап жуу керек; су ағынының мотор бөліміне түсуіне жол бермеңіз.

9

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Жуғыш жабдықтың кейбір түрлерін ыстық сумен қолданған кезде автокөлік жоғары қысымдағы су ағыны мен жылуға ұшырайды. Бұл жылу деформациясына әкеліп, автокөліктің резеңке бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін. Сондай-ақ автокөлік салонына су кіруі мүмкін. Сондықтан келесілерге назар аударыңыз:
- Жуғыш бүріккіш пен автокөлік шанағы арасындағы қашықтық кемінде 70 см болуы тиіс.
- Есік әйнектерін жуу кезінде бүріккіштерді кемінде 70 см қашықтықта және әйнектің бетіне қатысты тік бұрышта ұстаңыз.
- Жұғаннан кейін тежеу механизмдерін кептіру үшін тежегіш педалін бірнеше рет басып, төмен жылдамдықпен біраз жол жүру керек. Ылғал тежеу механизмдері тежелудің жеткілікті тиімділігін қамтамасыз ете алмайды. Бұған қоса, тежеу механизмдерінің қатып қалу немесе коррозияға ұшырау ықтималдығы бар, нәтижесінде автокөлік қозғала алмайды.
- Автоматты жуу орнында пайдалану нұсқаулығына жүгініп немесе жуу орнының операторымен кеңесіп, орындалмауы автокөлікке зақым келтіруі мүмкін келесі талаптарға назар аударыңыз:
- Сыртқы артқы көрініс айналары жиналған болуы тиіс.
- Әйнектазартқыш тұтқалары жабысқақ таспамен бекітілуі керек.
- Егер автокөлікке артқы спойлер немесе төбесіне рейлингтер орнатылған болса, жуу орнына кірмей тұрып жуу орнының операторымен кеңесіңіз.
- Автокөлігіңіз жаңбыр датчигі бар әйнектазартқышпен жабдықталғандықтан, жаңбыр датчигін өшіру үшін әйнектазартқыштың ауыстырып қосқышын OFF (өшірулі) күйіне орнатыңыз.

Суық ауа райында

Қыста кейбір аймақтардағы жолдарға себілетін тұз бен басқа реагенттер автокөлік шанағына зиянды әсер етуі мүмкін. Сондықтан автокөлікке күтім жасау нұсқаулықтарының талаптарын сақтай отырып, автокөлікті мүмкіндігінше жиі жуу керек. Қысқы маусым басталар алдында және ол аяқталғаннан кейін шанаққа қорғаныс жабынын жағу және шанақ астының тоттануға қарсы жабынын тексеру ұсынылады.

Автокөлікті жұғаннан кейін есіктер қатып қалмас үшін есіктердің айналасындағы резеңке тығыздағыштардан су тамшыларын кетіріңіз.



ЕСКЕРТПЕ

- Есіктерде, капотта және т. б. тығыздағыштар қатып қалмауы үшін тығыздағыштарды силиконды аэрозольмен өңдеу керек.

Балауыз жағу

E00901100863

Балауыз жабын жол төсемін өңдеу үшін қолданылатын кір мен реагенттердің шанақтың лак-бояу жабынына жабысуына жол бермейді. Балауыз препаратын судан қорғанысты қамтамасыз ету үшін автокөлікті жұғаннан кейін немесе кемінде үш айда бір рет қолдану керек.

Балауыз жабынды тікелей күн сәулесі түсетін жерде қолдануға болмайды. Балауыз жабын шанақтың беті салқындағаннан кейін қолданылуы керек.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Балауызы бар абразивті қоспаларды қолдануға болмайды. Мұндай пасталар коррозия мен дақтардың іздерін лак-бояу жабынынан жақсы кетіреді, бірақ олар боялған және хромдалған беттердің жылтырлығын азайтады. Сонымен қатар олар радиатор торы, түрлі жиектер, молдингтер және т. б. сияқты жылтыратылған беттерге зиянды.
- Лак-бояу жабынынан гудронды және басқа да ластағыштарды кетіру үшін бензин мен бояу еріткіштерін пайдалануға тыйым салынады.
- Балауызды қара күңгірт жабыны бар жерлерге қолдануға болмайды, өйткені бұл түссізденуге, дақтардың пайда болуына және т. б. әкелуі мүмкін. Мұндай беттерге балауыз түссе, оны дереу жылы суға малынған жұмсақ шүберекпен кетіру керек.

Шанақты жылтыратып өңдеу

E00901100066

Егер лак-бояу жабынында дақтар пайда болса немесе ол жылтырлығын жоғалтса, автокөлікті жылтыратып өңдеу керек. Күңгірт қылып әрленген бөлшектерді және пластмасса бамперлерді жылтыратып өңдемеген жөн. Бұл оларда дақтардың пайда болуына және жабынның зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Пластмасса бөлшектерді тазалау

E00901300707

Губканы немесе күдеріні қолданыңыз. Егер балауыз пастасы бампердің, молдингілердің немесе шамдардың сұр немесе қара бұдыр бетіне жабысып қалса, беті ақ болады. Бұл жағдайда пастаны жұмсақ шүберекпен немесе жылы суға малынған күдерімен сүртіңіз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қатты шеткаларды немесе басқа қатты құралдарды қолдануға тыйым салынады, өйткені олар пластмасса бөлшектердің бетін зақымдауы мүмкін.
 - Пластмасса бөлшектердің бетін зақымдауы мүмкін қоспалары (жылтыратқыш ұнтақ) бар пастаны қолдануға тыйым салынады.
 - Пластмасса бөлшектерге бензиннің, дизель отынының, тежегіш сұйықтығының, мотор майының, жағармай материалдарының, бояу еріткіштері мен күкірт қышқылының (аккумулятор батареясы электролитінің) түсуіне жол берменіз, себебі бұл пластмасса бөлшектердің жарылуына және түссізденуіне, сондай-ақ оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Егер бұл заттар пластмасса бөлшектерге түссе, оларды бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған жұмсақ шүберекпен, күдері немесе ұқсас материалмен сүртіп, содан кейін дереу сумен шайыңыз.

Хромдалған бөлшектер

E00901400098

Хромдалған бөлшектерде дақтар мен коррозия пайда болмауы үшін бөлшектерді сумен жуып, мұқият кептіріп, арнайы қорғаныс қабатын жағу керек. Қыста бұл процедураны жиі жасау керек.

Жеңіл қорытпалы дискілер*

E00901500347

1. Автокөлікке су құйған кезде кірді губкамен кетіріңіз.
2. Егер ластанған жерді сумен кетіру мүмкін болмаса, бейтарап жуғыш затты қолданыңыз. Автокөлікті жуғаннан кейін бейтарап жуғыш заттың қалдықтарын жуып кетіріңіз.
3. Көлікті күдері немесе жұмсақ шүберекпен жақсылап сүртіңіз.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелектерді жуу үшін шетканы немесе басқа қатты құралды пайдалануға тыйым салынады. Бұл дөңгелек дискілерінде сызаттардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Құрамында абразивті заттар, сілтілер немесе қышқылдар бар тазалау қоспаларын пайдалануға тыйым салынады. Бұл дөңгелек дискілері жабынының қабыршақтануына, түссізденуіне немесе оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.
- Дөңгелек дискілеріне жуу қондырғысынан немесе басқа көзден ыстық су ағынын жіберуге тыйым салынады.
- Жолдарды өңдейтін теңіз суының немесе көктайпаққа қарсы реагенттің түсуі дискілердің тоттануына әкелуі мүмкін. Мүмкіндік туа салысымен мұндай заттарды жуып шайыңыз.

Терезе әйнектері

E00901600117

Әдетте терезе әйнектері тек губкамен және сумен тазартылады.

Майды, жағармай материалдарын, жәндіктердің іздерін және т. б. кетіру үшін әйнекті тазалауға арналған қоспаны қолдануға болады. Әйнекті жуғаннан кейін оны таза, құрғақ, жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Лак-бояу жабынын жууға қолданылатын матамен әйнекті жууға тыйым салынады. Боялған беттердегі балауыз пастасы әйнекке түсіп кетуі мүмкін, бұл оның мөлдірлігінің төмендеуіне және айналаны шолу мүмкіндігінің нашарлауына әкеледі.



ЕСКЕРТПЕ

- Артқы әйнектің ішкі бетін тазалау үшін тек жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз. Артқы әйнек жылытқышы мен антеннаның өткізгіштерін зақымдау үшін әйнекті олардың бойымен сүртіңіз.

Әйнектазартқыш шеткалар

E00901700062

Әйнектазартқыш резеңкелерінен майды, жәндіктердің іздерін және т. б. кетіру үшін жұмсақ шүберек пен әйнек тазалағыш қоспаны қолданыңыз. Егер шеткалардың көмегімен әйнекті сапалы тазалау мүмкін болмаса, оларды ауыстыру керек (10-14-бетті қараңыз).

Мотор бөлімі

E00902100308

Мотор бөлімін қыс мезгілінің басында және соңында жуу керек. Жолдарды өндейтін реагенттер, сондай-ақ басқа да коррозиялық белсенді заттар бар кір жиналуы мүмкін жиектерге, саңылауларға және сыртқы тораптарға ерекше назар аудару керек.

Егер сіз тұратын жерде жолдар түзбен және басқа реагенттермен өңделсе, мотор бөлімін кемінде үш айда бір рет жуу керек.

Мотор бөліміндегі электр жабдықтың бөліктеріне судың түсуіне жол бермеңіз, себебі бұл ақаулардың туындауына әкелуі мүмкін.

Пластмасса бөлшектердің күкірт қышқылымен (электролит) жанасуына жол бермеңіз, өйткені бұл олардың жарылып кетуіне және түссізденуіне, сондай-ақ оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Электролит пластмасса бөлшектерге тиген кезде оларды жұмсақ шүберекпен, күдері немесе бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған басқа қолайлы материалмен сүртіңіз, содан кейін дереу сумен шайыңыз.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері	10-2
Каталиттік бейтарапандырғыш	10-2
Капот	10-3
Мотор майы	10-4
Салқындату сұйықтығы	10-5
Жуғыш сұйықтығы	10-6
Тежегіш сұйықтығы / ілініс гидрожетегінің сұйықтығы *	10-7
Аккумулятор батареясы	10-7
Шиналар	10-10
Әйнектасартқыш щеткалардың резенке қырғыштарын ауыстыру	10-14
Жалпы техникалық қызмет көрсету	10-16
Суық ауа райында және қар жауған кезде техникалық қызмет көрсету	10-17
Балқымалы ендірмелер	10-17
Сақтандырғыштар	10-17
Шамдарды ауыстыру	10-22
Фаралар жарығын жасырғыш	10-28


Техникалық қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелері

E01000102553

Дұрыс және жүйелі түрде өткізілетін техникалық қызмет көрсету ұзақ уақыт бойы автокөліктің техникалық сипаттамалары мен сыртқы түрін сақтауға мүмкіндік береді.

Осы нұсқаулықта көрсетілген техникалық қызмет көрсету бойынша кейбір жұмыстарды автокөлік иесі өз бетінше орындай алады, ал қалғандарын (мерзімді тексеру және техникалық қызмет көрсету) MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығының мамандары орындайды.

Ақаулық немесе өзге проблемалар туындаған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз. Бұл бөлімде автокөлік иесі өз бетінше орындай алатын техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстар сипатталған. Жұмыстарды жүргізу кезінде нұсқауларды орындаңыз және қауіпсіздік техникасын сақтаңыз.



A — салқындату жүйесінің желдеткіштері

B — сақтандыруы бар заттаңба

* — автокөліктің алдыңғы бөлігі

⚠ ЕСКЕРТУ

- Мотор бөлімінде тексеруге немесе басқа да жұмыстарға кіріспес бұрын қозғалтқыштың өшірілгеніне және жеткілікті деңгейде суығанына көз жеткізіңіз.
- Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған күйі мотор бөлімінде жұмыстар жүргізу қажет болса, аса сақ болыңыз және киімдеріңіздің, шаштарыңыздың және т. с. с. желдеткішке, жетек белбеулеріне немесе қозғалып тұрған бөлшектерге оралып қалмауын қадағалаңыз.
- Техникалық қызмет көрсету бойынша операцияларды орындап болғаннан кейін мотор бөлімінде ұмытылған құрал-саймандардың немесе сүрткіш шүберектердің жоқтығына көз жеткізіңіз. Қалатын болса, олар өртке немесе автокөліктің зақымдануына алып келуі мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тіпті қозғалтқыш осы сәтте жұмыс істемей тұрса да, желдеткіш автоматты түрде қосылып кетуі мүмкін. Мотор бөліміндегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оталдыру жүйесіндегі кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз.
- Отынның немесе аккумулятор батареясының жанында темекі шегуге, ұшықандар шығаруға және ашық алаумен жұмыс істеуге тыйым салынады. Отын булары, сондай-ақ аккумулятор батареясынан бөлінетін газ жеңіл тұтанады.
- Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген кезде аса сақ болыңыз. Аккумулятордың ішінде улы және коррозиялық белсенділікке ие күкірт қышқылы бар.
- Домкратпен көтерілген автокөліктің астына кіруге тыйым салынады. Автокөліктің астына тіреулер қойыңыз.
- Автокөлікте қолданылатын бөлшектермен және материалдармен дұрыс жұмыс істемей қауіпті болуы мүмкін. Қажетті ақпаратты алу үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Каталиттік бейтараптандырғыш

E01000202642

Каталиттік бейтараптандырғышы бар түгін шығару жүйесі пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендететін ерекше тиімді құрал болып табылады. Каталиттік бейтараптандырғыш газ шығару жүйесіне орнатылады.

Каталиттік бейтараптандырғыштың тиімді жұмысын қамтамасыз ету және оның зақымдалуын болдырмау үшін қозғалтқыштың дұрыс реттелген болуы өте маңызды.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Барлық автокөліктер үшін ортақ ереже: автокөлікпен автокөліктің түтін шығару жүйесінің бөлшектері жеңіл тұтанатын материалдарға, мысалы, құрғақ шөпке немесе жапырақтарға жанасуы мүмкін жерлерде тоқтауға немесе жүруге тыйым салынады, себебі бұл тұтануға алып келуі мүмкін.
- Каталиттік бейтараптандырғышқа төсеме бояу, бояу немесе коррозияға қарсы жабын жағуға тыйым салынады.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Тек «Отын таңдау» бөлімінде көрсетілген отын маркаларын ғана қолдану қажет, 2-2-бет.

Капот

E01000304793


Ашу үшін

1. Капоттың құлпын ашу үшін тұтқаны өзіңізге қарай тартыңыз.



AG0023827

2. Сақтандырғыш ілмек тұтқасын басып, капотты көтеріңіз.




AFA129028

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Әйнектазартқыш щеткалар төменгі жұмыс күйінде тұрғанда ғана капотты ашуға болады. Егер щеткалар басқа күйде тұрса, олар капоттың лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.

3. Капотты көтерілген күйінде бекіту үшін тіреу штангасын ойыққа салыңыз.



AG0021302


⚠ САҚТАНДЫРУ

- Ашық тұрған капот күшті дауылмен көтерілетін болса, тіреу штангасының ойықтан шығып кетуі мүмкін екенін ұмытпаңыз.
- Тіреу штангасын ойыққа салған кезде оның капотты сенімді бекітіп тұрғанына және капоттың үстіңізге құлап кетпейтініне көз жеткізіңіз.

10

Жабу үшін

1. Тіреу штангасын шығарып алыңыз да, ұстағышына бекітіңіз.
2. Капотты жабық күйінен шамамен 20 см биіктікке дейін ақырын түсіріңіз, содан кейін жіберіп қалыңыз.
3. Құлпына сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін капотты жиегінің ортасынан жеңіл көтеріп көріңіз.



⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Капотты жапқан кезде қолдарыңызды немесе саусақтарыңызды қысып қалмауы үшін абай болыңыз.
- Орыннан қозғалмас бұрын капоттың тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз. Толық жабылмаған капот қозғалыс кезінде күтпеген жерден ашылып кетуі мүмкін. Бұл өте қауіпті.


📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер осы кезде капот жабылмаса, оны көбірек биіктіктен жіберіп қалыңыз.
- Капотты қолыңызбен қатты басуға тыйым салынады, себебі бұл оның зақымдануына алып келуі мүмкін.

Мотор майы

E01000405414

Мотор майының деңгейін тексеру және қосымша құю



Қолданылатын мотор майының сапасы қозғалтқыштың техникалық сипаттамаларына, оның қызмет ету мерзіміне және оталу сипаттарына айтарлықтай әсер етеді. Тек

ұсынылған және тиісті тұтқырлығы бар майды ғана қолдану қажет.


Қалыпты жұмыс істеу кезінде барлық қозғалтқыштар майдың біршама мөлшерін шығындайды. Күнделікті жол жүрер алдында қозғалтқыштағы майдың деңгейін тексеріңіз.

1. Автокөлікті беті тегіс көлденең алаңға тоқтатыңыз.
2. Қозғалтқышты өшіріңіз.
3. Бірнеше минут күте тұрыңыз.
4. Май өлшеуіш сүңгіні шығарып алыңыз және оны таза шүберекпен сүртіңіз.
5. Сүңгіні тірелгенше сұғыңыз.
6. Сүңгіні шығарып алыңыз және ондағы екі белгінің ортасында тұруы тиіс майдың деңгейін анықтаңыз.
7. Егер майдың деңгейі рұқсат етілгеннен төмен болса, клапан қақпағының май құятын аузының тығынын ашыңыз да, белгіленген деңгейге дейін май құйыңыз. Мөлшерден артық май құймаңыз, себебі бұл қозғалтқышты зақымдайды. Тек ұсынылған мотор майын қолданыңыз және әртүрлі типті майларды араластырмаңыз.
8. Қосымша май құйғаннан кейін май құю аузының тығынын жабыңыз.
9. 4–6-тармақтарды қайталап, майдың деңгейін тексеріңіз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Автокөлікті ауыр жағдайларда пайдаланған кезде мотор майы өзінің қасиеттерін тез жоғалтады және оны жиірек ауыстырып отыру қажет болады.
- Жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің мерзімін сақтау қажет.
- Пайдаланылған мотор майын кәдеге жарату бойынша нұсқаулар 2-5-бетте келтірілген.

Мотор майының ұсынылатын тұтқырлығы



Төмендегі кластарға сәйкес келетін мотор майын қолдану қажет:

- API жіктемесі бойынша: SM және одан жоғары пайдалану жағдайлары үшін.
- ILSAC бойынша сертификатталған май.
- ACEA жіктемесі бойынша: A3/B3, A3/B4 немесе A5/B5 пайдалану жағдайлары үшін.

ЕСКЕРТПЕ

- Қосымша заттар мен қоспаларды қолдануға кеңес берілмейді, себебі олар мотор майының құрамына кіретін қоспалардың тиімділігін төмендетуі мүмкін. Нәтижесінде қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.


Салқындату сұйықтығы

E01000503697

Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру

Салқындату сұйықтығының жартылай мөлдір кеңейткіш бағы (A) мотор бөлімінде орналасқан.

Қозғалтқыш салқын кезде бұл бақтағы салқындату сұйықтығының деңгейі LOW (минималды деңгей) және FULL (максималды деңгей) белгілерінің арасында орналасуы тиіс.



Салқындату сұйықтығын қосымша құю

Салқындату жүйесі бігеу болады және қалыпты пайдалану жағдайларында салқындату сұйықтығының шығындары елеусіз болады. Салқындату сұйықтығы деңгейінің айтарлықтай төмендеуі оның жылыстауының белгісі болуы мүмкін. Бұл жағдайда салқындату жүйесін мүмкіндігінше тездетіп MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес беріледі.

Егер кеңейткіш бақтағы деңгей LOW белгісінен төмен түссе, қақпақты ашыңыз және салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз.

Егер кеңейткіш бактың іші мүлдем бос болса, радиатордың қақпағын (B) ашыңыз да, деңгейі құю аузына жеткенге дейін салқындату сұйықтығын қосымша құйыңыз.

ЕСКЕРТУ

- Қозғалтқыш қызып тұрған кезде радиатор тығынын (B) ашуға тыйым салынады. Салқындату жүйесінің ішінде қысым болады және атқылап шыққан ыстық салқындату сұйықтығы ауыр күйік шалуларға алып келуі мүмкін.

Антифриз

Салқындату сұйықтығының құрамында этиленгликоль негізіндегі коррозияға қарсы зат болады. Қозғалтқыштың кейбір бөлшектері алюминий қорытпасынан жасалған және бұл бөлшектердің коррозияға ұшырауын болдырмау үшін салқындату сұйықтығын мезгіл-мезгілімен ауыстырып отыру қажет.

MITSUBISHI MOTORS GENUINE SUPER LONG LIFE COOLANT PREMIUM салқындату сұйықтығын немесе оның баламасын * қолданыңыз.

* Балама құрамында силикаттар, аминдер, нитраттар мен бораттар жоқ және ұзақ мерзімді гибриді органикалық қышқыл технологияны қолдана отырып өндірілген этиленгликоль негізіндегі сапасы жоғары салқындату сұйықтығы болуы керек.

MITSUBISHI түпнұсқа салқындату сұйықтығының алюминийді қоса алғанда кез келген металл үшін мінсіз коррозиядан қорғайтын қасиеттері бар және ол радиатордың, жылытқыштың, цилиндрлер блогы басының және цилиндрлер блогының коррозия өнімдерімен бітеліп қалуынан сақтануға мүмкіндік береді.

Салқындату сұйықтығының құрамында коррозиядан қорғайтын зат болуы тиіс, сондықтан салқындату сұйықтығын тіпті жаз мезгілінде де таза суға ауыстыруға болмайды. Салқындату сұйықтығының құрамындағы антифриз концентрациясы қоршаған ауаның болжалды температурасына байланысты.

–35 °С шамасынан жоғары: антифриз концентрациясы — 50 %.

–35 °С шамасынан төмен: антифриз концентрациясы — 60 %.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Спирт немесе метанол негізіндегі антифризді, сондай-ақ спирт немесе метанол негізіндегі антифризбен араластырылған салқындату сұйықтықтарын қолдануға тыйым салынады. Ұсынылмаған антифриз түрін пайдалану алюминий бөлшектердің коррозияға ұшырауына алып келуі мүмкін.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Салқындату сұйықтығындағы антифриз концентрациясын өзгерту үшін суды қолдануға тыйым салынады.
- Антифриз концентрациясының 60 %-дан жоғары көбеюі сұйықтықтың қату температурасы және жылу өткізу қабілеті секілді көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келеді, бұл қозғалтқыштың жұмысына кері әсер етеді.
- Салқындату сұйықтығына суды қосымша құюға тыйым салынады. Су салқындату сұйықтығының коррозиядан қорғайтын қасиеттерін төмендетеді және қату температурасының жоғарылауына алып келеді, сонымен бірге оның қайнау температурасы да әлдеқайда төменірек. Қатқан кезде ол салқындату жүйесінің бөлшектерін зақымдауы мүмкін. Құбырдан алынған суды қолдануға тыйым салынады, себебі бұл коррозияға алып келеді.

Суық ауа райында


Егер автокөлік пайдаланылатын аймақтағы ауа температурасы салқындату сұйықтығының қату температурасынан төмен түсіп кетсе, онда радиатордағы және қозғалтқыштағы салқындату сұйықтығы қатып қалуы мүмкін, бұл қозғалтқыштың және/немесе радиатордың күрделі зақымдануына алып келеді. Салқындату сұйықтығының қатуын болдырмау үшін оған антифриздің тиісті мөлшерін қосу қажет. Суық жыл мезгілі келер алдында антифриздің концентрациясын тексеру және қажет болса, нормаға дейін жеткізу қажет.

Жуғыш сұйықтығы

E01000702487

Жуғыш бағының қақпағын ашыңыз және сүңгінің көмегімен сұйықтықтың деңгейін тексеріңіз.

Егер деңгейі төмен болса, баққа жуғыш сұйықтығын қосымша құйыңыз.



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Әйнекжуғыш сұйықтығынан өзге кез келген сұйықтықты пайдалануға тыйым салынады. Сонымен бірге сабын ерітіндісін, әйнектерге арналған тазартқышты және қозғалтқыштың салқындату сұйықтығын пайдалануға тыйым салынады. Басқа сұйықтықтар автокөліктің боялған элементтері түсінің оңуына, жуу сұйықтығы сорғысының зақымдалуына немесе бүріккіштер саңылауларының бітеліп қалуына алып келуі мүмкін, бұл жуу сұйықтығын әйнекке бүркуді мүмкін емес етеді.
- Жуу сұйықтығына шектен тыс көп су құйып еріту қыс мезгілінде сұйықтықтың алдыңғы әйнек бетінде қатып қалуына алып келуі мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Жуғыш бағындағы сұйықтық алдыңғы әйнекке және артқы әйнекке беріледі.

Суық ауа райында

Ауаның төмен температурасында айналысатын қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін қатпайтын сұйықтық қолданыңыз.


Тежегіш сұйықтығы / ілініс гидрожетегінің сұйықтығы *

E01000801944

Тежеу жүйесі мен іліністің гидравликалық жетегіне ортақ бақ қолданылады.

Сұйықтық деңгейін тексеру

Сұйықтық деңгейі бақтағы MAX (максималды деңгей) және MIN (минималды деңгей) белгілерінің арасында орналасуы тиіс.



AG0009070

Сұйықтық деңгейі қалтқылы датчикпен өлшенеді. Егер тежегіш сұйықтығы MIN белгісінен төмен түсетін болса, тежегіш сұйықтығы деңгейінің бақылау шамы қосылады. Тежегіш қыспақтарының тозу дәрежесіне қарай сұйықтық деңгейі біртіндеп төмендейді, алайда бұл қауаулықтың белгісі болып табылмайды.

Капот астында басқа жұмыстарды жүргізген кезде әрдайым бақтағы тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру қажет. Сонымен бірге тежеу жүйесінің бітеулігін тексеру қажет. Тежегіш сұйықтығы деңгейінің аз уақыт ішінде айтарлықтай төмендеуі тежеу жүйесінде сұйықтықтың ағып тұрған жерінің бар екенін көрсетеді. Бұл жағдайда автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

Ұсынылған сұйықтық типі

DOT3 немесе DOT4 кластарына сәйкес келетін аузы ашылмаған ыдыстағы тежегіш сұйықтығын қолдану қажет. Тежегіш сұйықтығы ылғал тартқыш. Тежегіш сұйықтығының құрамында ылғал көп болған жағдайда тежеу жүйесінің тиімділігі төмендейді.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Тежегіш сұйықтығымен жұмыс істеген кезде абай болыңыз, сұйықтықтың көздеріңізге, теріңізге және лак-бояу жабынына тимеуін қадағалаңыз. Төгілген сұйықтықты дереу жинап алыңыз. Егер тежегіш сұйықтығы теріңізге немесе көздеріңізге тисе, дереу зақымданған жеріңізді судың көп мөлшерімен жуыңыз. Қажет болса, дәрігердің көмегіне жүгініңіз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Тежегіш сұйықтығының ұсынылған типін ғана қолданыңыз. Тежегіш сұйықтықтарының әртүрлі маркаларын араластыруға тыйым салынады, олардың арасында химиялық реакция болуы мүмкін. Тежегіш сұйықтығы мен мұнай өнімдерінің жанасуына немесе араласуына, сондай-ақ соңғыларының тежеу жүйесіне түсуіне жол бермеңіз. Бұл тығыздауыштардың зақымдалуына алып келеді.
- Қалыпты пайдалану жағдайларында тежегіш сұйықтығы сипаттамаларының нашарлауына жол бермеу үшін бактың қақпағын жабық ұстау қажет.
- Бактың қақпағын ашпаш бұрын оны сүрткіп алыңыз, ал қызмет көрсету аяқталғаннан кейін оны тығыздап жабыңыз.

Аккумулятор батареясы


E01001203851

Қозғалтқышты оталдырудың ұзақтығы мен автокөліктің электр жабдықтарының жұмысы елеулі дәрежеде аккумулятор батареясының күйіне байланысты. Аккумулятор батареясын жүйелі түрде тексеріп отыру және оның тиісінше сақталуын (әсіресе суық ауа райында) қамтамасыз ету қажет.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Аккумулятор батареясын ауыстырғаннан кейін қозғалтқышты, автоматтық беріліс қорабын және т. б. басқару электрондық жүйесіндегі деректер өшеді. Нәтижесінде берілістерді ауыстырып қосу кезінде күрт жұлқулар болуы мүмкін. Берілістерді ауыстырып қосу кезіндегі жұлқулар бірнеше рет ауыстырып қосудан кейін басаңдейді.

Аккумулятор батареясындағы электролит деңгейін тексеру



10 Электролит деңгейі батарея корпусының сыртында орналасқан белгілердің ортасында болуы тиіс. Қажет болса, қосымша тазартылған су құйыңыз.

Аккумулятор батареясы бірнеше құтыдан тұрады. Әрбір құтының тығынын бұрап ашыңыз да, үстіңгі белгіге дейін тазартылған су құйыңыз. Суды үстіңгі белгіден асырып құймаған жөн, себебі қозғалыс кезінде төгіліп шашыраған электролит автокөлік бөлшектерін зақымдауы мүмкін.

Электролит деңгейін пайдалану жағдайларына байланысты кемінде төрт аптада бір рет тексеріп отыру қажет.

Егер батарея пайдаланылмаса, уақыт өте келе оның қуаты таусылады.

Оны әр төрт апта сайын тексеріп отырыңыз және қажет болса, шағын токпен қуаттаңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Тазартылған суды қосымша құю үшін үстіңгі қаптама мен ауа өткізгішті шешіп алу қажет. «Үстіңгі қаптама мен ауа өткізгішті шешіп алу және орнату» бөлімін қараңыз, 10-8-бет.

Үстіңгі қаптама мен ауа өткізгішті шешіп алу және орнату


E01010701164

⚠ ЕСКЕРТУ


- Оталдыру жүйесінің құшындағы кілтті LOCK күйіне бұраңыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз. Киімдеріңіз желдеткішке немесе жетек белбеуіне тимеуі үшін қажетті шара қолданыңыз. Бұның салдары жарақатқа әкелуі мүмкін.

Шешіп алу

1. Бекіткіштерді (A) шешіп алыңыз, содан кейін үстіңгі қаптаманы (B) шешіп алыңыз.




2. Бекіткіштерді (C) шешіп алыңыз, содан кейін ауа өткізгішті (D) шешіп алыңыз.




Орнату

1. Ауа өткізгішті (A) орнатыңыз, содан кейін бекіткіштерді (B) бұрап қатырыңыз.




2. Үстіңгі қаптаманы (C) орнатыңыз, содан кейін бекіткіштерді (D) орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Бекіткішті орнату кезінде бекіткіштің (E) бөлігін саңылауға салыңыз, содан кейін бекіткіштің (F) бөлігін тірелгенше басып кіргізініз.



Суық ауа райында

E01010900068

Төмен температурада аккумулятор батареясының сыйымдылығы азаяды. Бұл оның ішінде жүретін химиялық және физикалық процестердің сөзсіз салдары болып табылады. Сондықтан салқын аккумулятор батареясы, әсіресе толық қуатталмаған батарея кәдімгі оталдыру тогының бір бөлігін ғана қамтамасыз етеді.

Суық ауа райында қозғалтқышты оталдырар алдында батареяны тексеруге, қажет болса, оны қуаттауға немесе ауыстыруға кеңес беріледі. Бұл қозғалтқышты сенімді оталдыруды ғана қамтамасыз етіп қоймай, аккумулятор батареясының пайдалану мерзімін ұзартады.


Ажырату және жалғау

E01011001412

Аккумулятор батареясын ажырату үшін қозғалтқышты өшіріңіз, алдымен теріс (-), содан кейін оң (+) сымды ажыратыңыз. Аккумулятор батареясын жалғау үшін алдымен оң (+), содан кейін теріс (-) сымды қосыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Батареяның оң (+) сымын ажыратпас және қоспас бұрын шықпаның қақпағын (A) шешіп алыңыз.
- Сомынды (B) босатыңыз және аккумулятор батареясының оң шықпасының (+) сымын ажыратыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ

- Аккумулятор батареясының жанында темекі шекпейіз, ұшқын шығармаңыз немесе ашық отты пайдаланбаңыз. Бұл оның жарылуына алып келуі мүмкін.

10

ЕСКЕРТУ

- Аккумулятор батареясының электролиті — өте уытты сұйықтық. Электролиттің көздеріңізге, теріңізге, киіміңізге немесе автокөліктің лак-бояу жабынына тиюіне жол бермеңіз. Төгілген электролитті дереу көп мөлшердегі сумен жуу қажет. Электролит тиюінің нәтижесінде көздеріңіз немесе теріңіз тітіркенген жағдайда дереу дәрігерге қаралу қажет.
- Аккумулятор батареясын жабық үй-жайда қуаттаған немесе пайдаланған жағдайда жеткілікті желдетудің болуын қамтамасыз ету қажет.

САҚТАНДЫРУ

- Аккумулятор батареясына балаларды жақындатпаңыз.
- Оталдыру жүйесі немесе ON жұмыс режимі қосылып тұрған кезде аккумулятор батареясының сымдарын ажыратуға тыйым салынады. Бұл кезде электр жабдық элементтері зақымдалуы мүмкін.
- Батарея шықпаларының қысқа тұйықталуына жол бермеңіз. Бұл оның қызып кетуіне және істен шығуына алып келеді.
- Аккумулятор батареясын тез қуаттау қажет болған жағдайда алдымен оның сымдарын ажыратып алу қажет.
- Қысқа тұйықталуға жол бермеу үшін алдымен теріс (-) сымды ажырату қажет.
- Аккумулятор батареясының жанында жұмыс істеген жағдайда қорғаныс көзділігін кию қажет.

САҚТАНДЫРУ

- Пластмасса бөлшектердің күкірт қышқылымен (электролит) жанасуына жол бермеңіз, өйткені бұл олардың жарылып кетуіне және түссізденуіне, сондай-ақ оларда дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін. Электролит пластмасса бөлшектерге тиген кезде оларды жұмсақ шүберекпен, күдері немесе бейтарап жуғыш заттың сулы ерітіндісіне малынған басқа қолайлы материалмен сүртiңiз, содан кейiн дереу сумен шайыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Аккумулятор батареясының шықпаларын таза күйде ұстаңыз. Аккумулятор батареясын жалғағаннан кейін шықпаларға қорғаныс жағармайын жағыңыз. Шықпаларды жылы сумен жуыңыз.
- Аккумулятор батареясының сенімді бекітіліп тұрғанына және қозғалыс кезінде орнынан жылжымайтынына көз жеткізіңіз. Сондай-ақ клеммалардың сенімді тартылғанын тексеріңіз.
- Егер автокөлік ұзақ уақыт бойы пайдаланылмай тұратын болса, аккумулятор батареясын шешіп алыңыз және оны электролиті мұз болып қатып қалмайтын жерде сақтаңыз. Аккумулятор батареясын толық қуатталған күйінде сақтау қажет.

Шиналар

E01001300255

ЕСКЕРТУ

- Тозған, зақымдалған немесе ауасы дұрыс үрленбеген шиналармен жүру апаттарға және ауыр жаракаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Шиналардағы ауа қысымы

E01001404919

Сипаттамасы	Шиналардың өлшемі	Алдыңғы дөңгелек	Артқы дөңгелек	Тіркеме сүйреу кезінде	
				Алдыңғы дөңгелек	Артқы дөңгелек
Толық өлшемді дөңгелек	215/65 R16 98H	2,4 бар (240 кПа)		2,4 бар (240 кПа)	
	215/70 R16 100H	2,6 бар (260 кПа)		2,6 бар (260 кПа)	
	225/55 R18 98V	2,2 бар (220 кПа)		2,2 бар (220 кПа)	
	P225/55 R18 97H	2,3 бар (230 кПа) *		2,3 бар (230 кПа)*	
Шағын қосалқы дөңгелек	T155/90 D16	4,2 бар (420 кПа)		—	
	215/70 R16	2,6 бар (260 кПа)		—	


* Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер.

Қысымын тексеру кезінде шиналар салқын болуы тиіс; қысымы артық немесе жеткіліксіз болған жағдайда оны нормаға жеткізіңіз. Қысымды тексергеннен кейін шиналардың дұрыс күйін және бітеулігін тексеріңіз. Шұраларға қорғаныс қалпақшаларын кигізіңіз.

10


ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автокөлігіңізге орнатуға рұқсат етілген шиналардың сипаттамалары жүргізуші есігінің бүйір жағындағы шанақтың ортаңғы тіреуіне бекітілген стикерде көрсетілген. Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.



Дөңгелектердің күйі

E01001800885



AA0002549

- 1 — протектордың тозу индикаторының орналасуы
2 — протектордың тозу индикаторы

Шиналардың кесілген жерлерінің, жарықтарының және басқа да зақымдарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Егер терең кесілген жерлері мен жарықтары болса, шиналарды ауыстырыңыз. Сонымен бірге шиналарда кептеліп қалған ұсақ металл заттардың және тастардың бар-жоғын тексеріңіз.

Тозған шиналармен жүру өте қауіпті, себебі мұндайда автокөліктің бүйірге сырғу немесе аквакалықтау қаупі ұлғаяды. Протектор бедерінің биіктігі кемінде 1,6 мм құрайтын шиналарды пайдалануға жол беріледі.

Егер шинада тозу индикаторы бар болса, шина тозған сайын ол шинаның бұдан әрі пайдаланылмауы тиіс екенін көрсетіп, протектордың бетінде көріне бастайды. Егер протектордың бетінде тозу индикаторы пайда болса, шинаны жаңасына ауыстыру қажет.

Егер тозу салдарынан толық жетекті автокөліктің шиналарының бірін ауыстыру қажет болса, барлық шиналарды бірден ауыстырыңыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Өлшемдері, типі және өндірушісі бірдей және тозу дәрежесі теңдей шиналарды орнату қажет. Өлшемдері, типі, өндірушілері немесе тозу дәрежесі әртүрлі шиналарды орнатуға тыйым салынады. Бұл жағдайда дифференциалдағы майдың температурасы жоғарылайды, бұл трансмиссияның ақаулығына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге трансмиссияда майдың жылыстауына, бөлшектердің қарысып қалуына және басқа да күрделі ақауларға алып келуі мүмкін жоғары жүктемелер туындайды.

Шиналар мен дөңгелек дискілерін ауыстыру

E01007201891

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Өлшемдері жоғарыда көрсетілгеннен басқа шиналарды орнатуға, сондай-ақ әртүрлі модельді шиналарды бірге орнатуға тыйым салынады, себебі бұл қозғалыс қауіпсіздігіне кері әсер етеді. «Шиналар мен дөңгелек дискілері» бөлімін қараңыз, 11-9-бет.
- Тіпті дөңгелек дискісінің түпнұсқа дискімен бірдей отырғызу диаметрі мен шығысы болса да, оның пішіні оны дұрыс орнатуға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Жаңа дөңгелек дискілерін сатып алмас бұрын MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығы мамандарының кеңесін алуды ұсынамыз.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер автокөлігіңіз шина қысымын бақылау жүйесімен жабдықталған болса, тек MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа дөңгелек дискілерін ғана қолдануға рұқсат етіледі. Басқа дөңгелек дискілерін қолдану ауаның жылыстап шығуына және датчиктердің зақымдалуына алып келуі мүмкін, себебі шина қысымын бақылау жүйесінің датчиктері дұрыс орнатыла алмайды.

Дөңгелектерді алмастырып салу

E01001901317

Шиналардың тозуы автокөліктің күйіне, жол төсемінің күйіне және жүргізу мәнеріне байланысты. Шиналардың тозуын теңестіру және қызмет ету мерзімін ұзарту үшін алдыңғы және артқы дөңгелектердегі шиналардың жоғары тозу дәрежесі немесе олардың тозуының арасында көзге көрінетін айырмашылық байқалған жағдайда дөңгелектерді бірден алмастырып салуға кеңес беріледі.

Дөңгелектерді алмастырып салған кезде шиналардың әрқелкі тозуының және зақымдану іздерінің болмауына көз жеткізіңіз. Жоғары тозу дәрежесі әдетте шиналардағы ауаның дұрыс емес қысымына, дөңгелектерді орнату бұрышының дұрыс реттелмеуіне, дөңгелектің тенгерімсіздігіне немесе шұғыл тежелулерге байланысты. Протектордың әрқелкі тозуының себептерін анықтау үшін бұл параметрлерді MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес беріледі.

Қосалқы дөңгелекті қолданған жағдайда*

Автокөліктің алдыңғы бөлігі

Қосалқы дөңгелекті қолданусыз

Автокөліктің алдыңғы бөлігі

Протекторының бағытталған бедері бар шиналар (айналу бағыты көрсеткімен көрсетілген)

Автокөліктің алдыңғы бөлігі

AA4000149


* Егер қосалқы дөңгелектің шинасы стандартты шинадан өзгеше болса, дөңгелектерді алмастырып салу кезінде қосалқы дөңгелекті қолданбаған жөн.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Дөңгелектерді алмастырып салған кезде шешіп алынған дөңгелектің орнына уақытша қосалқы дөңгелекті орната тұруға болады. Алайда шағын қосалқы дөңгелекті қалған дөңгелектермен бірге пайдалануға болмайды.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Егер шиналардың қапталдарында айналу бағытын көрсететін көрсеткілер (А) болса, онда автокөліктің сол жағындағы алдыңғы және артқы дөңгелектерді және автокөліктің оң жағындағы алдыңғы және артқы дөңгелектерді өзара орындарын ауыстырып салыңыз. Әр дөңгелек автокөліктің бір жағында қалуы тиіс. Шиналарды монтаждау кезінде шиналардың қапталындағы көрсеткілер бағытының автокөлік алға жүрген кезде дөңгелектің айналу бағытымен сәйкес келуін қадағалаңыз. Егер шиналардың қапталындағы көрсеткілер дөңгелектің айналу бағытына қарсы қарап тұрса, шинаның пайдалану сипаттамалары нашарлайды.



⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Автокөлікке әртүрлі шина модельдерін орнатудан сақтаныңыз. Бұл автокөліктің басқарылуына және қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін.

Қысқы шиналар

Қарда және мұзда жүру үшін қысқы шиналарды қолдануға кеңес беріледі. Автокөліктің бағыт тұрақтылығының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық дөңгелектерге өлшемдері және протекторының бедері бірдей шиналар орнатуға кеңес беріледі.

Тозу дәрежесі 50 %-ды құрайтын қысқы шиналарды пайдаланбаған жөн. Автокөлікте қолдануға ұсынылмаған қысқы шиналарды орнатуға тыйым салынады.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Қысқы шиналардың максималды рұқсат етілген қозғалыс жылдамдығын және жергілікті заңдарда белгіленген жылдамдық шектеулерін сақтаңыз.
- Егер автокөлігіңіз шина қысымын бақылау жүйесімен жабдықталған болса, тек MITSUBISHI MOTORS түпнұсқа дөңгелек дискілерін ғана қолдануға рұқсат етіледі. Басқа дөңгелек дискілерін қолдану ауаның жылыстап шығуына және датчиктердің зақымдалуына алып келуі мүмкін, себебі шина қысымын бақылау жүйесінің датчиктері дұрыс орнатыла алмайды.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Қысқы шиналарды қолдану (қозғалыс жылдамдығы, орнату қажеттілігі, типі және т. б.) аймақтың ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болатын ережелермен регламенттеледі. Автокөлік пайдаланылып отырған жерде қолданылатын ережелерді сақтаңыз.
- Егер дөңгелектер фланецті сомындармен бекітілетін болса, онда болат дискілі дөңгелектерді орнатқан кезде оларды конустық сомындарға ауыстыру қажет.

Сырғытпайтын шынжырлар

E01002103642

Сырғытпайтын шынжырларды шынжыр өндірушісінің нұсқаулығын сақтай отырып, тек жетекші (алдыңғы) дөңгелектерге ғана орнату қажет.

Айналдыру моментінің көбірек бөлігі алдыңғы оське бөлінетін толық жетекті автокөліктерде сырғытпайтын шынжырларды алдыңғы дөңгелектерге орнату қажет.

Тек автокөлікке орнатылған шиналарға арналған сырғытпайтын шынжырларды ғана қолданыңыз: өлшемі немесе типі сәйкес келмейтін сырғытпайтын шынжырларды қолданудың салдарынан автокөлік шанағы зақымдалуы мүмкін.

Сырғытпайтын шынжырларды орнатпас бұрын MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан кеңес алыңыз. Сырғытпайтын шынжырдың максималды биіктігі кестеде көрсетілген.

Шиналардың өлшемі	Дөңгелек дискілерінің өлшемі	Шынжырдың максималды биіктігі, мм
215/70 R16 215/65 R16	16 × 6 1/2 J	9 мм
225/55 R18	18 × 7 J	

Шынжырлар орнатылған жағдайда 50 км/сағ шамасынан аспайтын жылдамдықпен қозғалу қажет. Сырғытпайтын шынжырларды қар басқан жол телімінен өткеннен кейін бірден шешіп алу қажет.

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Сырғытпайтын шынжырларды олар қажет болатын жағдайға дейін өз бетіңізе орнатып жаттығыңыз. Суық ауа райында жолдағы басқа адамдардың көмегіне иек артпаңыз.
- Шынжырларды орнату үшін жолдың жиегіне шығып тоқтауға болатындай және басқа жүргізушілерге көрінетін аймақта болатындай жақсы көрінетін түзу аймақты таңдаңыз.
- Сырғытпайтын шынжырларды қажет болатын сәттен бұрын орнатпаңыз. Сырғытпайтын шынжырлармен жүру шиналардың, шынжырлардың және жол төсемінің тозуына алып келеді.
- 100–300 метр жол жүргеннен кейін тоқтаңыз және шынжырларды тартыңқыраңыз.
- Сақ болыңыз және жылдамдықты 50 км/сағ шамасынан асырмаңыз. Сырғытпайтын шынжырларды орнату апаттың алдын алу кепілдігі болып табымайтынын ұмытпаңыз.
- Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан жағдайда олардың автокөлік дискілерін және шанағын зақымдауына жол бермеңіз.
- Уақытша қосалқы дөңгелекке сырғытпайтын шынжырларды орнатуға тыйым салынады. Алдыңғы дөңгелектердің бірі тесілген жағдайда сырғытпайтын шынжырларды орнатар алдында оның орнына артқы дөңгелектердің бірін орнатыңыз, ал шағын қосалқы дөңгелекті артқы дөңгелектің орнына орнатыңыз.
- Сырғытпайтын шынжыр жеңіл қорытпалы дөңгелек дискісін зақымдауы мүмкін. Сырғытпайтын шынжырды жеңіл қорытпалы дискісі бар дөңгелекке орнатқан кезде шынжырдың бөлшектері мен бекітпелерінің дөңгелек дискісіне жанасуына жол бермеңіз.
- Сырғытпайтын шынжырларды орнатар алдында дөңгелек қалпақтарын шешіп алыңыз. Олай етпеген жағдайда олар зақымдалуы мүмкін (8-18-бет).

⚠ САҚТАНДЫРУ

- Сырғытпайтын шынжырды орнатқан немесе шешкен кезде автокөліктің шанағына соғылып жарақат алмау үшін сақтық шараларын сақтаңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ


- Сырғытпайтын шынжырларды қолдану аймақтың ерекшеліктеріне байланысты өзгеше болатын ережелермен регламенттеледі. Міндетті түрде өз еліңізде қолданылатын ережелер мен заңдарды сақтаңыз. Көп елдің жол қозғалысы ережелерінде бетінде қары жоқ жолдарда сырғытпайтын шынжырларды қолдануға тыйым салынған.

Әйнектазарткыш щеткалардың резеңке қырғыштарын ауыстыру

E01002600327

Алдыңғы әйнектазарткыш щеткалар


1. Әйнектазарткыш щетканың тұтқасын алдыңғы әйнектің үстіне көтеріңіз.
2. Бекіткішін (А) қамыттан (В) ажырату үшін резеңке қырғыштан тартыңыз. Резеңке қырғышты әрмен қарай тартыңыз және шешіп алыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Эйнектазарткыш тұтқасының алдыңғы әйнекке қайырылып кетпеуін қадағалаңыз. Құлап кеткен жағдайда ол әйнекті зақымдауы мүмкін.

3. Ұстағыштарды (C) жаңа резеңке кырғыштарға орнатыңыз. Қырғыштарды орнатқан кезде ұстағыштардың суретте көрсетілгендей дұрыс түйістірілгеніне көз жеткізіңіз.




4. Резеңке кырғыштарды щетканың бекіткішке қарсы ұшынан бастап ұстағыштарымен бірге әйнектазарткыш щеткаға салыңыз. Қамыттың (B) кырғыштағы кесіктерге сенімді кіргеніне көз жеткізіңіз.

ЕСКЕРТПЕ


- Егер жаңа кырғыштармен ұстағыштары бірге жеткізілмейтін болса, ескі резеңке кырғыштардың ұстағыштарын қолданыңыз.

5. Қырғышты қамыт (B) бекіткішке (A) сенімді ілінгенше жылжытыңыз.




Артқы әйнектазарткыш щетка

1. Эйнектазарткыш щетканың тұтқасын артқы әйнектің үстіне көтеріңіз.
2. Эйнектазарткыш тұтқасының ұшында орналасқан бекіткіштен (A) босатып алу үшін щетканың кырғышын төмен қарай тартыңыз. Резеңке кырғышты әрмен қарай тартыңыз және шешіп алыңыз.
3. Жаңа кырғышты әйнектазарткыш тұтқасының қамытына (B) сұғыңыз.



ЕСКЕРТПЕ

- Әйнектазартқыш шетка тұтқасының артқы әйнекке құлап кетпеуін қадағалаңыз; ол әйнекті зақымдауы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ

- Егер жаңа қырғыштармен ұстағыштары бірге жеткізілмейтін болса, ескі резеңке қырғыштардың ұстағыштарын қолданыңыз.

Жалпы техникалық қызмет көрсету

E01002700520

Отынның, салқындату сұйықтығының, майдың және пайдаланылған газдардың ағып кетуі

Автокөліктің астына үңіліп қараңыз және отынның, салқындату сұйықтығының, майдың және пайдаланылған газдардың ағып тұрған жерлерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Егер отынның ағып тұрғанынан күдіктенсеңіз немесе отынның ісі сезіліп тұрса, автокөлікті пайдалануға тыйым салынады. MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Сыртқы және ішкі жарықтандыру аспаптарының жұмысы

Барлық жарықтандыру аспаптарының жұмысын тексеру үшін жарықтың құрамдасқан қосқышын қосыңыз.

Егер жарықтандыру аспаптары қосылмаса, бұл сақтандырғыштың күйіп кеткенін немесе шамның ақаулы екенін білдіреді. Алдымен сақтандырғыштарды тексеріңіз. Егер күйіп кеткен сақтандырғыштар анықталмаса, шамдарды тексеріңіз.

Сақтандырғыштар мен шамдарды тексеру және ауыстыру тәртібі «Сақтандырғыштар» (10-17-бет) және «Шамдарды ауыстыру» (10-22-бет) бөлімдерінде келтірілген.

Егер сақтандырғыштар мен шамдар дұрыс калпында болса, автокөлікті тексерту және жөндету үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Бақылау-өлшеу құралдары мен бақылау шамдарының жұмысы

Қозғалтқышты оталдырыңыз және барлық бақылау-өлшеу құралдары мен бақылау шамдарының жұмысын тексеріңіз.

Ақаулар анықталса, MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Ілмектер мен құлыптарды майлау

Барлық құлыптар мен ілмектердің күйін тексеріңіз, қажет болса, оларды майлаңыз.

Суық ауа райында және қар жауған кезде техникалық қызмет көрсету

E01002800361

Желдету саңылаулары

Жылыту және желдету жүйелерінің жұмысындағы бұзылулардың алдын алу үшін алдыңғы әйнектің алдындағы желдету саңылауларын түскен жапырақтардан, сондай күшті жауған қардан тазалап отыру қажет.

Тығыздағыштар

Есіктердің, капоттың және т. б. тығыздағыштары қағып қалмауы үшін тығыздағыштарды силиконды жағармаймен өңдеу керек.

Қосымша жабдық

Қыста автокөлік батып қалған жағдайда қарды тазалау үшін қысқа сабы бар күрек алып жүруге кеңес беріледі. Сондай-ақ автокөліктің үстіндегі қарды сыпыруға арналған шетка және алдыңғы және артқы әйнектерді тазалауға арналған пластик қырғыш алып жүрген пайдалы.

Балқымалы ендірмелер

E01002900564

Балқымалы ендірмелер жеке электр тізбектерінен шектен тыс ток өткен кезде өртенудің алдын алады.

Егер балқымалы ендірме күйіп кетсе, электр жабдықтарды тексерту үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

«Сақтандырғыштардың номиналды тоғы» бөлімін қараңыз, 10-18-бет.

⚠ ЕСКЕРТУ

- Балқымалы ендірмелерді басқа ток өткізгіш заттарға ауыстыруға тыйым салынады: бұл автокөліктің өртенуіне, мүліктің опат болуына және ауыр немесе тіпті өмірге қауіпті жаракат алуға алып келуі мүмкін.

Сақтандырғыштар


E01003003635

Сақтандырғыштар блогының орналасуы

Электр жабдықтарды қысқа тұйықталудың немесе шектен тыс жүктеменің нәтижесіндегі зақымдалудан қорғау үшін әрбір тізбек сақтандырғышпен жабдықталған. Сақтандырғыш блоктары салон ішінде және мотор бөлімінде орналасқан.


Салондағы сақтандырғыштар блогы

Салондағы сақтандырғыш блоктары жүргізуші орындығының алдында, суретте көрсетілген орында, сақтандырғыштар блогы қақпағының артында орналасқан.




A — негізгі сақтандырғыштар блогы
B — қосымша сақтандырғыштар блогы

1. Сақтандырғыштар блогының қақпағына жалпақ ұшты бұрауышты салыңыз, содан кейін абайлап қайыру арқылы қақпақты шешіп алыңыз.




2. Сақтандырғыштар блогының қақпағын орнату үшін қақпақ ілмегін (А) аспаптар тақтасындағы қысқыш тіреумен (В) түйістіріңіз және оны басыңыз.



Мотор бөлімі

Мотор бөліміндегі сақтандырғыш блоктары суретте көрсетілген орындарда орналасқан. Ілмекті (С) басыңыз да, қақпақты ашыңыз.



А — негізгі сақтандырғыштар блогы

В — қосымша сақтандырғыштар блогы*

Сақтандырғыштардың номиналды тогы


Сақтандырғыштардың номиналды тогы және қорғалатын тізбектер салондағы және мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогы қақпағының ішкі жағында көрсетілген.

Салонда орналасқан блоктағы сақтандырғыштардың орналасу кестесі

ЕСКЕРТПЕ

- Қосалқы сақтандырғыштар мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогының қақпағында орналасқан. Ауыстыру үшін күйіп кеткен сақтандырғышпен бірдей номиналды токқа есептелген сақтандырғыш қолданыңыз.

Салонда орналасқан блоктағы сақтандырғыштардың орналасуы



AG4000150

№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
1		Жылытқыш	30 А *1
2	STOP	Стоп-сигналдар (стоп-сигнал шамдары)	15 А
3		Артқы тұман шамы	10 А *2
4		Алдыңғы әйнектасартқыш	30 А
5		Қосымша жабдық тізбектері	10 А
6		Есік құлыптарының электржетегі	20 А
7		Аудиожүйе	15 А
8		Басқару блогының релесі	7,5 А
9		Салонды жарықтандыру шамдары (плафондар)	15 А
10		Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	15 А
11		Артқы әйнектасартқыш	15 А
12		Бакылау-өлшеу құралдары	7,5 А
13		Шылымтұтатқыш / электр қуаты розеткасы	15 А
14		Оталдыру жүйесінің құлпы	10 А


№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
15		Панорамалы төбе	20 А
16		Сыртқы артқы көрініс айналары	10 А
17		Толық жетек жүйесі	10 А
18		Артқа жүру шамдары (артқа жүру жарығының шамы)	7,5 А
19		Электр қуаты розеткасы	15 А
20		Электр әйнеккөтергіштер	30 А *1
21		Артқы әйнек жылытқышы	30 А *1
22		Сыртқы артқы көрініс айналарының жылытқышы	7,5 А
23		Алдыңғы жолаушы орындығының электржетегі	25 (20) А
24		Жүргізуші орындығының электржетегі	25 (20) А
25		Орындық жылытқышы	30 А

*1 Балқымалы ендіріме.

*2 Тіпті автокөлігіңіз артқы тұман шамымен жабдықталған болса да, автокөлікке артқы тұман шамының сақтандырғышы орнатылмаған болуы мүмкін.

- Автокөліктің модификациясы мен жинақтамасына байланысты кейбір сақтандырғыштар болмауы мүмкін.
- Жоғарыда келтірілген кестеде әрбір сақтандырғышпен қорғалатын негізгі тізбектер көрсетілген.

Мотор бөлімінде орналасқан блоктағы сақтандырғыштардың орналасу кестесі



№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
1		Тұман фаралары	15 А
2		Козғалтқыш	7,5 А

№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
3	A/T AMT	Автоматтық беріліс қорабы	20 А
4		Дыбыс сигналы	10 А
5		Генератор	7,5 А
6		Фара жуғыш	20 А
7		Кондиционер	10 А
8		Дроссельді жапқыш / май салқындатқыштың желдеткіші (Twin Clutch SST роботтандырылған беріліс қорабы)	15 А
9		Айдап әкетуге қарсы жүйенің дыбыс сигналы	20 А
10		Руль дөңгелегінің жылытқышы	15 А
11	—	—	—
12	PIGATE	Жүксалғыш есігінің электржетегі	30 А
13	DRL	Күндізгі жүріс жарықтары	10 А


№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
14		Шалғай жарық фарасы (сол жақ) <ul style="list-style-type: none"> ● Жарықдиодты шамымен ● Галогенді шамымен ● Газ-разрядты шаммен 	10 А
15		Шалғай жарық фарасы (оң жақ) <ul style="list-style-type: none"> ● Жарықдиодты шамымен ● Галогенді шамымен ● Газ-разрядты шаммен 	10 А
16		Таяу жарық фарасы (сол жақ) <ul style="list-style-type: none"> ● Газ-разрядты шаммен 	20 А
17		Таяу жарық фарасы (оң жақ) <ul style="list-style-type: none"> ● Газ-разрядты шаммен 	20 А
18		Таяу жарық фарасы (сол жақ) <ul style="list-style-type: none"> ● Жарықдиодты шамымен ● Галогенді шамымен 	10 А

№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
19		Таяу жарық фарасы (оң жақ) ● Жарықдиодты шамымен ● Галогенді шамымен	10 А
20		Қозғалтқыштың электр жабдықтарының қуат тізбегі	10 А
21		Оталдыру жүйесінің шарғысы	10 А
22		Қозғалтқыштың электр жабдықтарының қуат тізбегі	20 А
		Отын магистралінің жылытқышы	25 А
23		Отын сорғысы	15 А
24		Стартер	30 А * ¹
25		Клапандардың көтерілуін басқару жүйесі	40 А * ¹
26		Тежегішті блоктау жүйесі	40 А * ¹
27		Тежегішті блоктау жүйесі	30 А * ¹
28		Конденсатор желдеткішінің электр қозғалтқышы	30 А * ¹

№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
29		Қозғалтқышты салқындату жүйесі желдеткішінің электр қозғалтқышы	40 А * ¹
30	IOD	Кіріс-шығыс құрылғысы	30 А
31		Аудиожүйе күшейткіші	30 А
32		Дизельдік қозғалтқыштың электр жабдықтары	30 А
33	—	Қосалқы сақтандырғыш	10 А
34	—	Қосалқы сақтандырғыш	15 А
35	—	Қосалқы сақтандырғыш	20 А

*¹ Балкымалы ендіріме.



№	Белгісі	Қорғалатын тізбек	Номиналды ток
1		Акумулятор бағарясы қуатының датчигі	7,5 А

- Автокөліктің модификациясы мен жинақтамасына байланысты кейбір сақтандырғыштар болмауы мүмкін.
- Жоғарыда келтірілген кестеде әрбір сақтандырғышпен қорғалатын негізгі тізбектер көрсетілген.

Сақтандырғыштар блогында 7,5 А, 25 А және 30 А қосалқы сақтандырғыштар жоқ. Егер көрсетілген номиналдардағы сақтандырғыштардың бірі күйіп кетсе, оларды келесілерге ауыстыруға болады: **7,5 А — 10 А қосалқы сақтандырғышқа; 25 А — 20 А қосалқы сақтандырғышқа; 30 А — аудиожүйе күшейткішінің тізбегіндегі 30 А сақтандырғышқа.**

Қосалқы сақтандырғыштарды салғаннан кейін алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте оларды қажетті номиналы бар сақтандырғыштарға ауыстырыңыз.

Сақтандырғыштардың түстік кодтары

Номиналды ток	Түсі
7,5 А	Қоңыр
10 А	Қызыл


Шамдарды ауыстыру

Номиналды ток	Түсі
15 А	Көк
20 А	Сары
25 А	Түссіз (ақ)
30 А	Жасыл (пышақты) / қызғылт (балқымалы ендіріме)
40 А	Жасыл (балқымалы ендіріме)


Сақтандырғыштарды ауыстыру

E01007800630

1. Сақтандырғышты ауыстырар алдында тиісті электр тізбегін өшіріңіз және оталдыру жүйесінің құлпындағы кілтті LOCK күйіне бұрансыз немесе OFF жұмыс режимін қосыңыз.
2. Мотор бөліміндегі сақтандырғыштар блогынан сақтандырғыштардың алғышын (А) суырып алыңыз.



3. Сақтандырғыштардың номиналды токтарының кестесімен салыстыра отырып, ақаулы тізбекке қатысты сақтандырғыштың күйін тексеріңіз.




- В — жарамды сақтандырғыш
С — күйіп кеткен сақтандырғыш

ЕСКЕРТПЕ

- Егер автокөліктің қандай да бір электр жабдығы жұмыс істемесе, ал оған қатысты сақтандырғыш жарамды күйде болса, электр жабдықта немесе басқа бір жерде ақаулық болуы мүмкін. Автокөлікті MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

4. Сақтандырғыштардың алғышымен күйіп кеткен сақтандырғыштың орнына дәл сондай номиналды токқа есептелген жаңа сақтандырғышты салыңыз. Сақтандырғыштың дәл сол жерге салынғаны көз жеткізіңіз.



⚠ САҚТАНДЫРУ

- Егер жаңа сақтандырғыш аз уақыттан кейін қайтадан күйіп кетсе, автокөліктің электр тізбегін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес беріледі.
- Көбірек токқа есептелген сақтандырғышты, сондай-ақ сымдардан, жұқалтырдан және т. б. қолдан жасалған қосылыстарды орнатуға тыйым салынады. Бұл сымдардың қызып кетуіне және өртке алып келуі мүмкін.

Шамдарды ауыстыру

E01003102248

Шамды ауыстырмас бұрын бұл жарық аспабының өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Жаңа шамның шыны қолбасын саусақтарыңызбен ұстамаңыз. Шыны бетінде қалған май шам қызған кезде буланады және шағылыстырғышқа барып шөгеді, нәтижесінде оның беті көмескіленеді.

⚠️ САҚТАНДЫРУ

- Өшіргеннен кейінгі сәтте шамдардың температурасы өте жоғары болады. Шамнан ұстамай тұрып, оның суығанын күтіңіз. Әйтпесе ол күйік шалуы мүмкін.
- Сатылымда бар LED шамдарды орнатуға тыйым салынады. Еркін сатылымдағы LED шамдар автокөліктің басқа шамдары мен жабдықтарының қалыпты жұмысын бұзып, автокөліктің жұмысына кері әсер етуі мүмкін.

Шамдардың орналасуы және номиналды қуаты

E01003201574

⚠️ САҚТАНДЫРУ


- Ауыстыру үшін типі де, қуаты да және түсі де дәл сондай жаңа шамды қолдану қажет. Сәйкес келмейтін шамды орнатқан жағдайда шам істен шығуы немесе қосылмауы немесе автокөліктің өртенуіне алып келуі мүмкін.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Егер ауыстыруды дұрыс орындайтыныңызға сенімді болмасаңыз, оны MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығының мамандарына тапсырыңыз.
- Шамдарды және шашыратқыштарды шешіп алған кезде автокөліктің лак-бояу жабынын сызып алмау үшін абай болыңыз.
- Жаңбыр кезінде немесе автокөлікті жуғаннан кейін фаралардың шашыратқыштарының іші булануы мүмкін. Бұл құбылыстың себебі дымқыл ауа райында терезе әйнектерінің буланып кетуімен бірдей және бұл ақаулықтың белгісі болып табылмайды. Фараларды қосқан кезде ылғал жылудың әсерінен буланып кетеді. Алайда фаралардың ішіне су жиналатын болса, оларды MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығында тексертуге кеңес береміз.

Сыртқы жарық аспаптары

E01003305818



- 1 — күндізгі жүріс жарықтары; габарит жарықтары
- 2 — шалғай жарық фаралары
- 3 — алдыңғы бұрылыс көрсеткіштері: 21 Вт (PY21W)
- 4 — тұман фаралары *1
- 5 — таяу жарық фаралары
- 6 — бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары (қанаттарда) *1, *2: 5 Вт

7 — бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары (сыртқы артқы көрініс айналарында) *1

*1 Бар болса.


*2 Шамдарды ауыстыру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Жақша ішінде шамның типі көрсетілген.

📖 ЕСКЕРТПЕ

- Төменде келтірілген жарық аспаптарында қыздыру шамдарының орнына жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарындағы шамдарды жөндеу немесе ауыстыру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Күндізгі жүріс жарықтары / алдыңғы габарит жарықтары.
- Фаралар.
- Тұман фаралары.
- Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары (сыртқы артқы көрініс айналарында).
- Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарының (қанаттарда) шамдары жөнделмейді және бөлек ауыстырылмайды. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөліктің артқы бөлігі



AFA129305

- 8 — жоғарғы стоп-сигнал
- 9 — тіркеу белгісінің жарықтандыру шамдары: 5 Вт (W5W)
- 10 — артқы тұман шамы: 21 Вт (W21W)
- 11 — артқа жүру шамдары
- 12 — артқы габарит жарықтары (жүксалғыш есігінде)
- 13 — артқы бұрылыс көрсеткіштері: 21 Вт (WY21W)
- 14 — артқы габарит жарықтары (артқы құрама шамдарда)
- 15 — стоп-сигналдар

Жақша ішінде шамның типі көрсетілген.

ЕСКЕРТПЕ

• Төменде келтірілген жарық аспаптарында қыздыру шамдарының орнына жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарындағы шамдарды жөндеу немесе ауыстыру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


- Жоғарғы стоп-сигнал.
- Артқа жүру шамдары.

ЕСКЕРТПЕ

- Артқы габарит жарықтары (жүксалғыш есігінде).
- Артқы габарит жарықтары (артқы құрама шамдарда).
- Стоп-сигналдар.

Автокөліктің ішінде орналасқан жарық аспаптары

E01003404014



AFA124182

- 1 — артқы салонды жарықтандыру шамы*: 8 Вт
- 2 — косметикалық айна көмескі жарығының шамдары*: 2 Вт
- 3 — алдыңғы салонды жарықтандыру шамы және жергілікті көмескі жарық шамдары: 8 Вт
- 4 — жүксалғышты жарықтандыру шамы: 5 Вт
- 5 — орталық консольдың төменгі жағы көмескі жарығының шамы
- 6 — аспаптар тактасындағы ұсақ-түйек жәшігі көмескі жарығының шамы: 1,4 Вт

* Бар болса.

ЕСКЕРТПЕ

- Орталық консольдың төменгі жағы көмескі жарығының шамында шам емес жарықдиод қолданылады. Бұл жарық аспаптарындағы шамдарды жөндеу немесе ауыстыру үшін MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Фаралар

E01009301724

ЕСКЕРТПЕ

- Фараларда шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Күндізгі жүріс жарықтары / алдыңғы габарит жарықтары

E01012400126


ЕСКЕРТПЕ

- Күндізгі жүріс жарықтарында / алдыңғы габарит жарықтарында шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Алдыңғы бұрылыс көрсеткіштері


E01003802782

1. Ресейге, Қазақстанға, Белоруська, Украинаға және Молдоваға арналған модификациялардан өзге сол жақ фараның шамын ауыстыру үшін болтты (A) бұрап шығарыңыз, содан кейін қосымша сақтандырғыштар блогы мен кронштейнді автокөліктің оң жағына қарай ысырыңыз.




* — автокөліктің алдыңғы бөлігі

2. Ілмекті (B) басыңыз және ағытпаны (C) ажыратыңыз.




* — автокөліктің алдыңғы бөлігі

3. Шам патронын (D) теріс бағытта бұраңыз және оны ажыратыңыз.



* — автокөліктің алдыңғы бөлігі

4. Бір мезгілде шамды баса және сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, шамды шығарып алыңыз.



AFA129145

5. Шам шешу тәртібіне қарсы тәртіппен орнатылады.

Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары (қанаттарда)*

E01003900516

ЕСКЕРТПЕ


- Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарының (қанаттарда) шамдары жөнделмейді және бөлек ауыстырылмайды. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштары (сыртқы артқы көрініс айналарында)*


E01003900529

ЕСКЕРТПЕ

- Бұрылыс көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағыштарында (сыртқы артқы көрініс айналарында) шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.




2. Патронды (B) сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз да, шешіп алыңыз, содан кейін одан шамды шешіп алыңыз.



3. Шам шешу тәртібіне қарсы тәртіппен орнатылады.

ЕСКЕРТПЕ


- Шамды орнатқан кезде ілмекті (C) шанақтағы ойыққа (D) салыңыз, содан кейін орнына бекітілуі үшін шамды итеріп басыңыз.



Артқы құрама шам

E01004203227

1. Жұқсалғыш есігін ашыңыз.
2. Қаптың кертiгiне (A) шүберек оралған жалпақ ұшты бұрауышты сұғыңыз, содан кейін суретте көрсетiлгендей қайыра отырып қапты шешіп алыңыз.



10 Тұман фаралары *

E01004003847

ЕСКЕРТПЕ


- Тұман фараларында шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Артқы тұман шамы


E01004101831

1. Бампер мен шамның оң жақ жиегінің (A) арасына шүберек оралған жалпақ ұшты бұрауышты сұғыңыз, содан кейін суретте көрсетілгендей қайыра отырып шамды шешіп алыңыз.

3. Арткы құрама шамның болттарын (B) бұрап шығарыңыз да, шамды шешіп алыңыз.



4. Сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып, шамымен бірге патронды шығарып алыңыз.




- C — жарықдиодтары бар стоп-сигнал және арткы габарит жарығы ауыстырылмайды
D — арткы бұрылыс көрсеткіші

ЕСКЕРТПЕ

- Стоп-сигналдарда және арткы габарит жарықтарында шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


5. Тарту арқылы шамды шығарып алыңыз.



6. Шам шешу тәртібіне қарсы тәртіппен орнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Шамды орнына орнатқан кезде шамдағы ойықты (E) шанақтағы бекіткішпен және шамдағы бағыттауыш штифтті (F) шанақтағы саңылаумен түйістіріңіз.



Арткы габарит жарықтары (жүксалғыш есігінде)

E01004301093

10

ЕСКЕРТПЕ

- Арткы габарит жарықтарында (жүксалғыш есігінде) шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Артқа жүру шамдары

E01004401485


ЕСКЕРТПЕ

- Артқа жүру шамдарында шамдар емес, жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.


Тіркеу белгісінің жарықтандыру шамдары

E01004602093


1. Автокөлік шанағының сол жағына қарай тарта отырып, шамды (A) шешіп алыңыз.



2. Шамы бар патрон (B) сағат тіліне қарсы бағытта бұрау арқылы шығарылады.




3. Тарту арқылы шамды шығарып алыңыз.



4. Шам шешу тәртібіне қарсы тәртіппен орнатылады.

ЕСКЕРТПЕ

- Шамды орнына орнатқан кезде алдымен (C) ілмегін сұғыңыз, содан кейін (D) ілмегін біріктіріңіз де сұғыңыз.



Жоғарғы стоп-сигнал

E01004500593

ЕСКЕРТПЕ

- Жоғарғы стоп-сигналда жарықдиодтар қолданылады. Бұл жарық аспаптарын жөндеу немесе ауыстыру қажет болған жағдайда MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.

Фаралар жарығын жасырғыш

E01011601173

Көлік қозғалысы жолдың кері жағымен жүзеге асырылатын ел аумағына кірген кезде автокөлігіңіздің жарығы қарсы келе жатқан көлік жүргізушілерінің көздерін қарықтырмауы үшін қажетті шаралар қолдану қажет.


Фаралардың жарығын келесі жолмен жасырыңыз:

1. Негізгі жарық фараларын өшіріңіз және суығанын күтіңіз.
2. Суретке сәйкес жапсырма (А) дайындап алыңыз және оны фараның оң және сол жағына жабыстырыңыз.

ЕСКЕРТПЕ

- Жарық өткізбейтін жапсырма қолданыңыз. Олай етпеген жағдайда қажетті нәтижеге қол жеткізілмейді.

3. Жапсырманы оның үстіңгі жиегі фарадағы орталық белгінің (В) үстінде 10 мм жерде орналасатындай, ал сол және оң жақ жиектер шағылыстырғыш беттің жиектерімен (С) сәйкес келетіндей етіп бекітіңіз.





Техникалық сипаттамалар


Сәйкестендіру тақтайшалары және жазбалар	11-2
Автокөліктің габариттік өлшемдері	11-3
Автокөліктің пайдалану сипаттамалары	11-5
Автокөліктің салмақ параметрлері	11-5
Қозғалтқыштың техникалық сипаттамалары	11-8
Электр жабдық	11-8
Шиналар мен дөңгелек дискілері	11-9
CO ₂ шығарындылары	11-9
Құйылатын отын мөлшері	11-10

Сәйкестендіру тақтайшалары және жазбалар

E01100105861


VIN (автокөліктің сәйкестендіру нөмірі)

VIN мотор бөлімі мен салон арасындағы қалқада соғылған (суретті қараңыз).




Автокөлік деректері бар ақпараттық тақтайша

Автокөлік деректері бар ақпараттық тақтайша суретте көрсетілген жерге бекітілген.



Тақтайшада автомобиль моделінің коды, қозғалтқыш моделі, беріліс қорабының моделі, шаңақ түсінің коды және т. б. көрсетілген. Қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде көрсетілген код нөмірлерін пайдаланыңыз.




- 1 — автокөлік моделінің коды
- 2 — қозғалтқыш моделінің коды
- 3 — беріліс қорабы моделінің коды
- 4 — шаңақ түсінің коды
- 5 — салон қаптауының коды
- 6 — қосымша жабдық коды

7 — шаңақтың сыртқы жабдығының жинақтама коды

Қозғалтқыштың моделі/нөмірі


Қозғалтқыш моделі мен нөмірі қозғалтқыш цилиндрлерінің блогында соғылған (суретті қараңыз).

1600 қозғалтқышы бар модификациялар



* — автокөліктің алдыңғы бөлігі

2000 қозғалтқышы бар модификациялар




* — автокөліктің алдыңғы бөлігі


Автокөліктің габариттік өлшемдері

E01100205572

Дөңгелек қуыстарының қаптамаларымен жабықталған автокөліктерден басқа



Дөңгелек қуыстарының қаптамаларымен жабықталған автокөліктер



AFM111469

Сипаттамасы		Ресей, Қазақстан, Белорусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер		Ресей, Қазақстан, Белорусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктерден басқа		
		Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер	
1	Алдыңғы дөңгелектердің жолтабаны	1525 мм	1540 мм	1525 мм	1545 мм	
2	Габариттік ені	дөңгелек қуыстарының қаптамаларынсыз	—	—	1770 мм	—
		дөңгелек қуыстарының қаптамаларымен	1810 мм		—	1810 мм
3	Алдыңғы шығу бұрышы	930 мм				
4	Дөңгелек базасы	2670 мм				
5	Артқы шығу бұрышы	765 мм				
6	Габариттік ұзындығы	4365 мм				
7	Клиренсі (жүктемесіз)	195 мм	215 мм	190 мм	190 мм	
8	Габариттік биіктігі (жүктемесіз)	1630 мм	1645 мм	1640 мм	1640 мм	
9	Артқы дөңгелектердің жолтабаны	1530 мм	1540 мм	1530 мм	1545 мм	
Минималды айналу радиусы		шанақтық сыртқы габариті бойынша	5,7 м			
		сыртқы дөңгелек жолтабаны бойынша	5,3 м			

ЕСКЕРТПЕ

- Габариттік ені автокөліктің дөңгелек қуыстары қаптамаларымен жабдықталғанына байланысты. Дөңгелек қуыстарының қаптамалары туралы ақпарат «Шанақтың сыртқы жабдығы» бөлімінде келтірілген, 1-6-бет.

Автокөліктің пайдалану сипаттамалары

E01100304664

Максималды жылдамдығы	1600 қозғалтқышы бар модификациялар		183 км/сағ
	2000 қозғалтқышы бар модификациялар	Алдыңғы жетекті автокөліктер	190 км/сағ, 193 км/сағ*
		Толық жетекті автокөліктер	190 км/сағ, 191 км/сағ*

* Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер

Автокөліктің салмақ параметрлері

E01100410338

Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер

Сипаттамасы		1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2000 қозғалтқышы бар модификациялар		
			GA2WXTSHL6Z	GA2WXTMHZL6Z/ GA2WXTSHZL6Z	GA2WXTXHZL6Z/ GA2WXTHHZL6Z
Жабдықталған салмағы	қосымша жабдықысыз	1290 кг	1380 кг	1445 кг	1450 кг
	қосымша жабдыкпен толық жинақтама	1304 кг, 1314 кг * ¹	1405 кг	1467 кг, 1468 кг * ¹	1474 кг, 1509 кг * ¹
Рұқсат етілген максималды салмағы		1870 кг, 1825 кг * ²	1970 кг, 2035 кг * ²		
Оське түсіруге болатын максималды жүктеме	алдыңғы	930 кг	1030 кг		
	артқы	1000 кг, 1070 кг * ²	1000 кг, 1085 кг * ²		
Сүйретілетін тіркеменің максималды салмағы	тежегіштермен жабдықталған	1200 кг	1300 кг		
	тежегіштермен жабдықталмаған	670 кг	745 кг		
Тарту-ілінісу құрылғысына түсетін максималды салмақ		60 кг	65 кг		

11

Автокөліктің салмақ параметрлері

Сипаттамасы	1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2000 қозғалтқышы бар модификациялар		
		GA2WXTSHL6Z	GA2WXTMHZL6Z/ GA2WXTSHZL6Z	GA2WXTXHZL6Z/ GA2WXTHHZL6Z
Төбеде тасымалданатын жүктің максималды салмағы	80 кг			
Орындар саны	5			

*1 Молдова мен Украина елдеріне арналған автокөліктер.

*2 Тіркеме сүйреу кезінде.

ЕСКЕРТПЕ

- Тіркеменің техникалық сипаттамалары өндірушісінің нұсқаулығында көрсетіледі.

Ресей, Қазақстан, Белорусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктерден басқа

Сипаттамасы		MT		CVT			
				Алдыңғы жетекті автокөліктер		Толық жетекті автокөліктер	
		Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер
Жабдықталған салмағы	қосымша жабдықсыз	1355 кг	1375 кг	1385 кг	1405 кг	1450 кг	1470 кг
	қосымша жабдықпен толық жинақтама	1375 кг	1430 кг	1405 кг	1460 кг	1470 кг	1525 кг
Рұқсат етілген максималды салмағы		1970 кг, 2035 кг*					

Сипаттамасы		MT		CVT			
				Алдыңғы жетекті автокөліктер		Толық жетекті автокөліктер	
		Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 16 дюйм болатын автокөліктер	Дөңгелектерінің диаметрі 18 дюйм болатын автокөліктер
Оське түсіруге болатын максималды жүктеме	алдыңғы	1030 кг					
	артқы	1000 кг, 1090 кг *					
Сүйрегілетін тіркеменің максималды салмағы	тежегіштермен жабдықталған	1300 кг					
	тежегіштермен жабдықталмаған	710 кг	720 кг	730 кг	740 кг	750 кг	750 кг
Тарту-ілінісу құрылғысына түсетін максималды салмақ		65 кг					
Төбеде тасымалданатын жүктің максималды салмағы		80 кг					
Орындар саны		5					

* Тіркеме сүйреу кезінде.

ЕСКЕРТПЕ

- Тіркеменің техникалық сипаттамалары өндірушісінің нұсқаулығында көрсетіледі.

Қозғалтқыштың техникалық сипаттамалары

E01100605071

Сипаттамасы	1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2000 қозғалтқышы бар модификациялар	
Қозғалтқыш моделі	4A92	4B11	4J11
Цилиндрлер саны мен орналасуы	4, қатарлы	4, қатарлы	4, қатарлы
Жұмыс көлемі	1590 см ³	1998 см ³	1998 см ³
Цилиндр диаметрі	75,0 мм	86,0 мм	86,0 мм
Поршень жүрісі	90,0 мм	86,0 мм	86,0 мм
Үлестіру білігі	Жоғарыда орналасқан екі үлестіру білігі	Жоғарыда орналасқан екі үлестіру білігі	Жоғарыда орналасқан бір үлестіру білігі
Отын беру	Электрондық түрде басқарылатын бүрку жүйесі	Электрондық түрде басқарылатын бүрку жүйесі	Электрондық түрде басқарылатын бүрку жүйесі
Максималды қуаты (нетто, ЕЭҚ нормаларына сәйкес)	6100 айн/мин болғанда 86 кВт	6000 айн/мин болғанда 110 кВт	
Максималды айналу сәті (нетто, ЕЭҚ нормаларына сәйкес)	4000 айн/мин болғанда 154 Н·м	4200 айн/мин болғанда 197 Н·м	4200 айн/мин болғанда 195 Н·м

11

Электр жабдық

E01100805259

Сипаттамасы		1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2000 қозғалтқышы бар модификациялар
Аккумулятор батареясы	Желі кернеуі	12 В	
	Түрі (JIS стандартына сәйкес)	75D23L	75D23L
	Сыйымдылығы (5 сағ)	52 А сағ	52 А сағ
Генератор тогының максималды күші		85 А	105 А
Оталдыру бітелерінің түрі	NGK	LZFR5BI-11	FR5EI* ¹ , FR6EI
	DENSO	—	K20PSR-B8* ²

*¹ Ауыстыру үшін FR5FI оталдыру бітелерін қолданыңыз (Ресей, Қазақстан және Беларусь елдеріне арналған автокөліктер).

*² Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер.

Шиналар мен дөңгелек дискілері

E01100905423

Шиналар		215/65 R16 98H	215/70 R16 100H	225/55 R18 98V	P225/55 R18 97H
Дөңгелек дискілері	Өлшемі	16 × 6 1/2 J		18 × 7 J	
	Шығыс	46 мм		38 мм	

ЕСКЕРТПЕ

- Сіздің автокөлігіңізге орнатуға рұқсат етілген шиналардың сипаттамалары жүргізуші есігінің бүйір жағындағы шанақтың ортаңғы тіреуіне бекітілген стикерде көрсетілген («Шиналардағы ауа қысымы» бөлімін қараңыз, 10-11-бет). Толығырақ ақпаратты MITSUBISHI MOTORS өкілетті сервис орталығынан алуға болады.

CO₂ шығарындылары

E01102800128

Сипаттамасы		Аралас цикл	
		CO ₂ , г/км	
		NEDC ^{*1}	WLTC ^{*2} , 14 °C
М/Т бар автокөліктер		154, 161 ^{*3}	161, 171 ^{*3}
CVT бар автокөліктер	Алдыңғы жетекті автокөліктер	149, 156 ^{*3}	167, 176 ^{*3}
	Толық жетекті автокөліктер	162, 167 ^{*3}	179, 185 ^{*3}

*1 Жаңа еуропалық қозғалыс циклі.

*2 Жеңіл автокөліктерге арналған халықаралық бірыңғай сынақ циклі.

*3 18 дюймдік шиналары бар автокөліктер.


ЕСКЕРТПЕ

- Кестеде келтірілген CO₂ шығарындыларының сіздің автокөлігіңіздің көрсеткіштеріне нақты сәйкестігіне кепілдік берілмейді. Тіпті бір модельдегі жеке автокөліктер арасында да айырмашылықтар болуы мүмкін. Сонымен қатар автокөлік құрылымына кейбір өзгерістер енгізілуі мүмкін. Бұған қоса, CO₂ шығарындыларына жүргізу мәнері, жол жағдайлары және көлік ағынының тығыздығы, сондай-ақ автокөліктің тозу дәрежесі мен техникалық қызмет көрсету сапасы әсер етеді.

Құйылатын отын мөлшері


E01101308236

1600 қозғалтқышы бар модификациялар



11

2000 қозғалтқышы бар модификациялар



AF5105828

№	Сипаттамасы		Құйылатын отын мөлшері	Ұсынылатын жағармай материалдары мен пайдалану сұйықтықтары	
1	Мотор майы	1600 қозғалтқышы бар модификациялар	Картер табандығы	4,0 л	10-4-бетті қараңыз
			Май сүзгісі	0,2 л	
		2000 қозғалтқышы бар модификациялар	Картер табандығы	4,0 л	
			Май сүзгісі	0,3 л	
			Май салқындатқыш *1	0,1 л	
2	Тежегіш сұйықтығы		Қажеттілікке қарай	DOT3 немесе DOT4 тежегіш сұйықтығы	
	Ілліс гидрожетегінің сұйықтығы				
3	Жұғыш сұйықтығы		4,3 л	—	
4	Салқындату сұйықтығы		1600 қозғалтқышы бар модификациялар	6,0 л (кеңейткіш бақтағы 0,65 л қоса алғанда)	MITSUBISHI MOTORS GENUINE SUPER LONG LIFE COOLANT PREMIUM немесе баламасы *2
			2000 қозғалтқышы бар модификациялар	7,5 л (кеңейткіш бақтағы 0,65 л қоса алғанда)	
5	Сатысыз CVT вариаторына арналған сұйықтық		6,9 л	MITSUBISHI MOTORS GENUINE CVTF-J4 немесе MITSUBISHI MOTORS GENUINE CVTF-J4+	

⚠ САҚТАНДЫРУ

- CVT үшін тек MITSUBISHI MOTORS GENUINE CVTF майын қолданыңыз. Көрсетілгеннен басқа майды қолдану беріліс қорабының бұзылуына әкелуі мүмкін.

№	Сипаттамасы		Құйылатын отын мөлшері	Ұсынылатын жағармай материалдары және пайдалану сұйықтықтары
6	М/Т майы	1600 қозғалтқышы бар модификациялар	2,0 л	MITSUBISHI MOTORS GENUINE NEW MULTI GEAR OIL ECO API GL-4, SAE 75W-80 немесе
		2000 қозғалтқышы бар модификациялар	2,5 л	MITSUBISHI MOTORS GENUINE NEW MULTI GEAR OIL API GL-3, SAE 75W-80
7	Үлестіру қорабының майы		0,5 л	MITSUBISHI MOTORS GENUINE Super Hypoid Gear Oil API GL-5 SAE 80

Құйылатын отын мөлшері

№	Сипаттамасы		Құйылатын отын мөлшері	Ұсынылатын жағармай материалдары және пайдалану сұйықтықтары
8	Артқы ось дифференциалының майы		0,4 л	MITSUBISHI MOTORS GENUINE Super Hypoid Gear Oil API GL-5 SAE 80
9	Тоңазытқыш агент (кондиционер)	Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктерден басқа	480–520 г	HFO-1234yf
		Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктер		HFC-134a

*1 CVT-мен жабдықталған автокөліктер (Ресей, Қазақстан, Беларусь, Молдова және Украина елдеріне арналған автокөліктерден басқа).

*2 Балама құрамында силикаттар, аминдер, нитраттар мен бораттар жоқ және ұзақ мерзімді гибридті органикалық қышқыл технологияны қолдана отырып өндірілген этиленгликоль негізіндегі сапасы жоғары салқындату сұйықтығы болуы керек.



Федералдық қауіпсіздік қызметінің 2020.30.06 күнгі № RU0000048460 нотификациясы, 2025.16.06 күнге дейін қолданылады, РФ Федералдық қауіпсіздік қызметінде тіркелген. 2018.26.10 күнгі № Д-МДРТ-11741 Байланыс құралының сәйкестік туралы декларациясы, 2023.23.10 күнге дейін қолданылады, РФ Федералдық байланыс агенттігінде тіркелген. 2020.09.12 күнгі № ТС № RU Д-JP.МЛ26.В.00126/20 020/2011 Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкестік туралы декларация, 2025.08.12 күнге дейін қолданылады, «СЦ Связь-сертификат» АКЕҰ өнімдерді сертификаттау органында тіркелген (RA.RU.11МЛ26 аккредиттеу аттестаты, тіркелген күні 2015.10.02). 2018.24.10 күнгі № РОСС RU Д-JP.АД37.В.01289/18 FT0098А аккумулятор батареясының сәйкестік туралы декларациясы, 2023.23.10 күнге дейін қолданылады, «ИД Контроль» ЖШҚ «Красно Дар» өнімдерді сертификаттау органында тіркелген (RA.RU.11АД37 аккредиттеу аттестаты, тіркелген күні 2016.03.11).